

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

А.Ш. Асқарова

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫНЫ
ТЕОРИЯ, ТАРИХИ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӘНЕ ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2019

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 83.3(5қаз)

А 88

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы ҚР БжҒМ-нің жоғары және жоғары білім беруден кейінгі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің «Жаратылыстану ғылымдары», «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес», «Техникалық ғылымдар және технология», «Өнер» мамандықтары тобы бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі мәжілісінің шешімімен (№2 хаттама 7 маусым 2018 жыл); филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен (№4 хаттама 16 сәуір 2019 жыл) ұсынылған

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Д. Ысқақұлы**
филология ғылымдарының докторы, профессор **С. Ержанова**

Асқарова А.Ш.

А 88 Қазақ әдеби сыны. Теория, тарихи мәселелері және оқыту методикасы: оқу құралы / А.Ш. Асқарова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 209 б.

ISBN 978-601-04-4097-5

Оқу құралында қазақ әдебиеті сыны тарихын жасау мәселелері тұңғыш рет кең көлемде арнайы қарастырылады. Еңбекте әдеби сын, сын мен әдебиеттану ғылымы, сын тарихын дәуірлеу мәселелері, сынның ұлттық және аймақтық ерекшеліктері зерттеліп, ұғымдардың мәні салыстырмалы әдіс арқылы біршама соны тұрғыдан пайымдалады. Шетел әдебиеті сыны тарихына ғылыми-талдамалық шолу жасалып, қазақ әдебиеті сынымен салыстырыла қарастырылды. Қазақтың сыншы-ғалымдарының зерттеулері жан-жақты талданып, қазіргі заман талабына сай өскелең әдеби-эстетикалық таным тұрғысынан бағаланды. Әдеби сынды оқыту методикасы тәжірибелерге сүйене қамтылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға, докторанттар мен филолог мамандарға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 83.3(5қаз)

ISBN 978-601-04-4097-5

© Асқарова А.Ш., 2019

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

КІРІСПЕ

XXI ғасырға аяқ басқан қазақ әдеби сыны жан-жақты өсіп, жанрлық жағынан жетілген, мақсат-мұраты мен атқарар қызметі айқындалған, кез келген елдің әдебиет сыны саласымен иық теңестіре алатын, кей сәтте талдау мен ой-толғау жағынан ағалық жасайтын парасатты да байсалды, салмақты да саликалы сипатымен ерекшеленеді. Ол – «әдебиеттік қана емес, ең алдымен, әлеуметтік мәселелерді сөз етуге тиіс сөз өнерінің философиялық сипаттағы күрделі түрі» (15, 342-б.) дәрежесіне дейін көтерілді.

Бүгінгі сыншылар көркем шығарманы талдау барысында тек туындыдағы образдар жүйесін, кейіпкерлердің сомдалу жайын, мазмұндық-пішіндік ізденістерін ғана қарастырумен шектеліп қалмай, жазушы концепциясын тап басу, жазушы мен оқушыға уақыт рухына сай концептуалды идеялар ұсыну, қоғамдық, адамдық құбылыстардағы әлеуметтік салдардың себебін ашу, секілді сапалық биіктерге қол жеткізгенін ризашылықпен атауға болады.

Сол сияқты, әдеби сынның да жеке ғылым, өнер деңгейіне көтерілуіне орай оның өзіндік ерекшеліктері, мазмұны мен түрі, жазылу стилі, басқа да заңдылықтары, яғни теориялық сыр-сипат, айырым-белгілері болатындығы ескеріліп, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуы жайлы зерттеулер жасалып, еңбектер жазылуы – сөз жоқ, игі нышан. Сондай-ақ сынның туу алғышарттары, қалыптасу жағдайлары, даму ерекшеліктері жайын, бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиеті сыны тарихын жүйелеу, дәуірлеу, бел-

гілі арнаға түсіру мәселесін ғылыми тұрғыда сараптаған көлемді де салмақты еңбектер жарық көрді. Қазақстанда сынтану ілімі еленерлік деңгейге жетіп отыр. Бұл орайда, әлбетте, танымал ғалым, көрнекті әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми ізденістері мен еңбектерін алдымен атаған ләзім. Олай болуы заңды да. Өйткені ол қазақ әдебиеті сыны тарихы туралы алғашқылардың бірі болып қалам жебеп, сыншыл ойдың туу арналары мен бастау-бұлақтарын ауыз әдебиеті үлгілерінен тартса, оны жәй ғана айтып қоймай ғылыми негізде дәлел-дәйектермен негіздесе, көне заман ғұламаларының ой ұшқындарын, қазақтың ұлы ағартушы-демократ жазушыларының сүбелі пікірлерін, эстетикалық танымдарын пайымдап, сынның одан әрі қалыптасу, даму, толығу, кемелдену сатыларын көрсетіп, ол жайындағы қисынсыз да кереғар пікірлердің жалғандығын ашып, әділ де салиқалы бағасын берсе, онда қазақ әдебиеті сыны тарихын жасау мәселесі көтерілгенде Т. Кәкішұлының есімі аталуы ешқандай да кездейсоқтыққа жатпайды.

Ғылыми жұртшылыққа жақсы таныс, жалпы көпшілікке кеңінен белгілі жайларды айтқанда, біз мынадай мәселені көздеп отырмыз. Әрине, қазіргі қазақ сыны бірден осындай қалыпқа жеткен жоқ. Бұл жолда сан қилы өсіп, жетілу сатыларынан өтті. Кейде қанатын кең жайып, қарыштай өркендесе, енді бірде тоқтамаса да тоқырап, саясат сойылын соғып, соның ығына жығылған кездері де болды. Бұл процесс – сөз жоқ, тарих. Ал тарих үнемі түзу сызықпен жүре бермейді және ол мүмкін де емес.

Сондықтан да әркез қазақ әдебиеті сынының жеткен биігі мен бүгінгі деңгейін, кемшіліктері мен олқы тұстарын саралап, салмақтап отырудың маңызы зор. Мұның ұлттық сөз өнерінің даму жолдары мен эстетикалық, көркемдік-идеялық мұраттарын айқындап, болашақ бағытын белгілеп беріп отыруға тигізер септігі айрықша.

Қазақ әдеби сынының жеке сала ретінде қалыптасуы мен өркендеуіне үлес қосқан, оның тарихын жүйелеп шыққан сыншы-ғалымдар тұлғасы мен шығармашылығын зерттеп білудің қажет екендігі талас тудырмайды. Олардың еңбегін зерттеу арқылы

сыншылдық-эстетикалық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық білімдер жиынтығы мен тәжірибелер қоржынын толықтыра түсеміз.

Тағы да көңіл аударар жәйт: осы саладағы табыстарымыз бен ғылыми биік өремізді әлемдік әдебиеттану ғылымы деңгейімен өлшеп, салыстыра-салмақтап отырған абзал. Мәселенің мәнжайын осы тұрғыдан қарастырғанда ғана оның бар қыр-сыры ашылмақ. Бұлай болмаған жағдайда, «жеке шапқан ат жүйрік» болуы мүмкін. Бұл сияқты өзіншіл принцип ғылымның дамуына тұсау болып, кедергіден басқа ешқандай пайда келтірмейтіндігі өз-өзінен түсінікті. Сондықтан жұртшылыққа ұсынып отырған осы оқу құралымызда жоғарыда айтылған жәйларды шама-шарқымызша ескеріп, мүмкіндігінше кеңірек қамтуға тырыстық.

Оқу құралының бірінші тарауында әдеби сын тарихының жалпы әлемдік әдебиеттану ғылымында қарастырылуының жайкүйін, сын саласына қатысты пікірлердің эволюциясын, кейбір даулы ұғымдар мен терминдердің мәнін байыптауға талпыныс жасалса, екінші тарауда әлемдік әдеби сын тарихына шолу жасалған, үшінші тарауда қазақ әдеби сыны тарихы, көрнекті ғалым, қазақ әдебиеті сыны тарихын тұңғыш ғылыми негізде жүйелеуші Т. Кәкішұлының ұстанған ғылыми-эстетикалық бағдары, ал төртінші тарауда әдеби сынды оқыту методикасы жан-жақты сөз болады.

Әдебиет сыны тарихына арналған еңбектер отандық және шетелдік әдебиет туралы ғылымда баршылық. Тіпті олардың ұзын-ырғасын түгендеп, тізіп шығудың өзі біршама уақыт пен кең көлемді қажет етеді. Сондықтан біз олардың ішінен өзіміз қарастырғалы отырған мәселеге жанасатын сүбелі-сүбелілерін ғана іріктей атап шығумен ғана шектелеміз.

Мысалы, орыс әдебиеті сыны XVIII ғасырдың екінші жартысында әдебиет теориясынан ақырындап жекелене бастаса, XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап орыс әдебиеті сыны тарихын зерттеу ісі басталған көрінеді. Ол А. Пушкин есімімен байланыстырылған. Ақын туралы зерттеу еңбектерде оның орыс әдебиет сыны тарихын жазып шығу жайында Гогольге ұсыныс жасағаны

туралы айтылады. Алайда ақын аманатының орындалған-орындалмағаны белгісіз. Сын тарихына арналған еңбек еш жерде кездеспейді. В.К. Трелиаковскийдің 1750 жылы жазған хатында («Письме, в которым содержится рассуждение о стихотворении, поныне в свет изданном от автора двух од, двух трагедий и двух эпистол, писанном от приятеля к приятелю») оның «бізде әлі күнге ортаңқол жазушының шығармасы туралы сын жоқ» деген пікір айтылады. XVIII ғасырдың екінші жартысында алғашқы орыс сыншылары В.К. Трелиаковскийдің, М.В. Ломоновың, А.П. Сумарованың сыни еңбектері шыға бастады. (Недзвецкий В.А., Зыкова Г.В. Русская литературная критика. – М.: Аспект Пресс, 2008. – С. 13).

Бұдан кейін бұл істі қолға алғандардың қатарына орыстың атақты сыншылары – В. Белинскийдің эстетикалық сыны, А. Бестужевтің романтикалық сыны, А. Добролюбовтың, Г. Плехановтың, Н.Г. Чернышевскийдің реалистік сыны, Ф. Достоевский, А. Луначарскийдің тарихи сындарын т.б. (12) жатқызуға болады. Олар орыс әдебиеті сыны тарихын тұтас күйінде зерттеп, жүйелеп шықпаса да, сын тарихы туралы көптеген құнды пікірлер айтқан. Осылардың арқасында орыс сыны үлкен бір белеске көтерілген.

Орыс әдебиеті сыны тарихына арналған еңбектердің ішінде 1958 жылы жарық көрген «История русской критики» деген 2 томдық фундаментальды еңбекті айрықша атаған орынды. Оны жазуға орыстың ірі-ірі сыншы-ғалымдарының баршасы тартылған. Онда орыстың сыншылдық ойының сілемдері сонау қадым замандардағы ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетіндігі дәйектеліп, XX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі тарихы бірнеше кезеңге бөлініп жүйеленіп берілген.

Содан кейін 1958 жылдан бастап 2017 жылға дейін, әр жылдары жарық көріп тұрған Г.А. Гуковский «Русская литературно-критическая мысль в 1730–1750-е гг.» // XVIII, В.И. Кулешов «Русская литературная критика XVIII–XIX веков.» – М. 1978, «Проблемы литературной критики», «Проблемы развития литературной критики», В.А. Недзвецкий, Г.В. Зыкова «Русская

литературная критика. XVIII–XX веков.», М.М. Голубков «История русской литературной критики XX века», А.П. Казаркин «История русской литературной критики XX века», «Русская литературная критика 70–80 гг. XIX века», (В.Н. Коновалованың редакциямен шыққан монография), Литературно-критическая деятельность русских писателей XIX в., Русская литературная критика: (Вопросы истории, теории, методологии), Прозоров В.В., Милованова О.О. «История русской литературной критики» атты ұжымдық еңбектерде орыс әдебиеті сыны тарихының сан қилы мәселелері жан-жақты қарастырылады. Сыншы-ғалымдардың сын тарихын түзген жекелеген монографиялар және сыншылардың шығармашылығына арналған еңбек саны да молыға түсті. Бұл еңбектерді 200-ден асады деп айтсақ қателеспейміз. Олардың ішінде В.И. Кулешовтің, В.П. Муромскийдің, Б. Егоровтың т.б. еңбектері және посткеңестік кезеңде жарық көрген еңбектер В.Н. Крылов, Г.А. Белая, С.А. Кормилов жоғары бағалануға лайық. Әсіресе сын тарихына қатысты шешімін таппаған проблемалар мен көкейкесті мәселелерді қарастыруға бағытталған «Русская литературная критика: История и теоретические подходы» деген В.В. Прозоровтың жетекшілігімен шыққан еңбектің маңызы айрықша. Мұнда сын тарихын дәуірлеу, сын мен әдебиеттану ғылымының аражігі, сынның аймақтық және ұлттық ерекшеліктері, қазіргі міндеттері мен проблемалары туралы алдыңғы қатарлы ғалымдардың ойлы да орнықты пікірлері келтірілген.

Батыс Еуропа әдебиеті сыны мен әдебиеттануының тарихы XIX ғасырдың ортасынан бастап зерттеле бастады. Олардың ішінен А. Эдгердің «История древнегреческой критики» (Париж, 1849) Э. Грукердің «История литературных и эстетических доктрин в Германии» (Париж, 1889), Э. Тиссоның «Эволюция французской критики» (Париж, 1890), т.б. монографияларды атауға болады. Ал XX ғасырдың алғашқы ширегінде Дж. Спингарнның «Об истории литературной критики Ренессанса» (Нью-Йорк, 1908), Ф. Брюнстьераның «Эволюция критической мысли от Ренессанса до современности» (Париж, 1910), Дж. Сэнтсберидің үш томдық «История критики» (Эдинбург – Лондон, 1900–1904) деген еңбегі жарық көрген.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ әдебиетшісі Рене Уэллектің құрастыруымен төрт томдық «История современной критики, 1850–1950» деген көлемді еңбегі басылып шықты. Ресейде 1917 жылғы революцияға дейін шетел әдебиеті сыны тарихына арналған арнаулы еңбек болған жоқ. Бұған қатысты мәліметтерді арақідік Г.В. Плеханов еңбектерінен ұшыратамыз. Кеңестік кезеңде аталмыш мәселеге қатысты ірі ғалым А.В. Луначарскийдің әдебиет энциклопедиясына енген «Критика» деген очеркі осы кезге дейін өз маңызын жоғалтпаған.

Сонымен бірге әр кезеңде ретіне қарай үздік-создық жарияланып тұрған «История эстетической мысли» (1985), «Современная литературная критика» (1977), Н.Т. Нефедовтің «История зарубежной критики и литературоведения» (1988); «Зарубежное литературоведение и критики в 1988 году» т.б. еңбектер де маңызды әрі құнды зерттеулер қатарына қосылады. Сынның теориялық жақтарын қаузап, оның жанрлық жіктелу процесін, тарихи дәуірлеу мәселелерін өз заманы талабына сай қарастыра білуімен ерекшеленеді. Түркі тілдес халықтардың да әдебиет сыны жабулы күйінде жатқан жоқ. Әзірбайжан ғалымы Камал Талыбзадениң 50-жылдарда «Әзербайжан әдебиет сынының тарихын» жазып, одақ көлемінде үлгі көрсетуін айрықша атаған жөн. Көршілес өзбек ғалымдары 70-жылдардың аяқ шенінде ғана ұтымды жинақ шығарған болатын. Қазақ әдебиеттануында тікелей әдебиет сынын арнайы зерттеу ісі 60-жылы басталды. Оның тарихын жасауға Т. Кәкішұлы біраз еңбек сіңірді. Рас, Т. Кәкішұлының алдында да әдебиет сынына арналған ойлар тамтұмдап А. Байтұрсынов, М. Әуезов, Е. Ысмаилов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Тоғжанов, Е. Бекенов, Б. Кенжебаев, М. Қаратаев сынды ғалымдар еңбегінде кездеседі. Бірақ бұлардың еңбегінде сын тарихына қатысты жайттар жүйелі баяндалмаған, тек кейбір мәселелері ғана ой аңғарына іліккен.

Ал осы тың жатқан саланы зерттеп, қазақ әдебиеті сыны тарихын жасап шыққан ғалым – Т. Кәкішұлы. Сондықтан да біз алдымызға қойған мақсатымызға орай Т. Кәкішұлы еңбектері бойынша қазақ әдебиеті сыны тарихын жасау мәселелеріне көңіл аударғанда, осы тақырыпқа жанасымы бар өзге де зерттеу-

лерді шолып шығуды естен шығармадық. Мұндай зерттеулердің қатарына қазақ әдебиеттануында өзіндік орны мен ойы бар әдебиетші ғалымдар Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаевтың өмір жолы мен шығармашылығын, М. Әуезов, М. Қаратаев, Е. Ысмаиловтардың сыншылдық-эстетикалық көзқарастарын қарастырған еңбектерді атауға болады.

Алайда қазіргі таңдағы жаңа талаптар мен өскелең ұлттық әдебиеттану тұрғысынан қарағанда, ертеректе жазылған зерттеулер саны аздық етуінің үстіне, аталған ғалымдардың идеология талабынан шыға алмай бұлқынғандарын да естен шығармаған абзал. Дей тұрғанмен жекелеген сыншы-ғалымдардың шығармашылығын, әдебиеттану ғылымына қосқан үлесін жоққа шығаруға болмайды.

Сол сияқты әдебиеттану ғылымына 70-80 жылдары келіп қосылған З. Қабдоловтың, З. Ахметовтің, М. Дүйсенов, С. Қирабаевтың, Р. Бердібаевтің, Т. Қожакеев, Ә. Нарымбетов, М. Базарбаев, С. Әшімбаевтың, Р. Нұрғалиевтың, З. Серікқалиев, Б. Майтановтың, Д. Ысқақовтың, сондай-ақ тағы да басқа бір топ талантты сыншылардың да зерттеу еңбектерінде құнды пікірлер мол. Сонымен қатар белгілі ғалым Ш. Елеуқеновтің 1998 жылғы «Ақиқат» журналында көтерген «сынтану» жөніндегі еңбегін атап кеткен абзал.

I тарау

ӘДЕБИ СЫН ТАРИХЫ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДА

Қазақ әдебиет сыны тарихын жасау, жүйелеу, дәуірлеу мәселесін зерттеуге кіріспес бұрын, біздіңше, осы кезге дейін әлемдегі әдебиетші-сыншы ғалымдар арасында дау тудырып, ортақ шешімін таба алмай жүрген кейбір мәселелердің басын ашып, байыбына барып алған жөн секілді. Ол үшін, ең алдымен, «әдеби сын», «әдебиеттану» ұғымдарының өзіндік ерекшеліктері мен арақатынастарын ажыратып алу шарт. Сондай-ақ, бұған қоса, белгілі деңгейде әдеби сынның мақсаты мен шегін, әдеби процестегі алар орнын, ұлттық және аймақтық ерекшеліктерін анықтаудың да маңызы айрықша. Біздіңше, бұның барлығы да белгілі бір халықтың әдебиет сыны тарихының қалыптасу, даму жолдарын көре білді, әр дәуірдің ғалымдары аталмыш проблемаларды қалай шешті, қай тұрғыдан қарастырды, қандай тұжырымдарды ұсынды деген түйінді жағдаяттарды түсініп алуға мүмкіндік береді.

Сынға ғылыми сипат тән бе, әлде көркемдік публицистикалық сипат тән бе деген мәселе үнемі күн тәртібіне қойылып келеді. Бұл мәселеге арнап қалам тартпаған орыс сыншылары сирек. Мысалы, И. Груздев: «сын – іскерлік және көркем проза арасындағы аралық жанр» десе, В. Майльч: сын – «ғылым, өйткені ол таниды және тануға мүмкіндік береді, ол – өнер, өйткені ол

бейнелі» – деп түйеді. Бұл пікірлерді Б.С. Рюриков бүкілодақтық кеңес жазушыларының II съезінде жасаған баяндамасында: «Біздің сынның ғылыми екендігі ақиқат. Бірақ сонымен бірге бұл – әдеби шығармашылықтың ең бір ерекше, дара және өте күрделі түрі», – деп қуаттай түседі де, сынның кейбір кемшіліктерін де былайша көрсетеді. «Өнерді терең түсіну, көркем бейнені сезінуге қабілетті өткір сезім – мұның барлығы да сыншыға қажетті қасиеттер! Біз сынның әдеби шығармашылықтың ерекше түрі екендігін ұмыта отырып, біз, атап айтқанда, сында ненің айтылғаны ғана емес, сонымен бірге қалай айтылғаны да маңызды екендігін ұмыттық. Сын кітаптардағы сұрқайлық пен жабырқаушылықпен күреседі, бірақ сыншылардың өзінің де құрғақ, көңілсіз әрі біркелкі жазуға құқығы жоқ». Бұдан шығатын қорытынды, кәсіби сынға ғылымилық пен көркемдік екеуі бірдей тән екен. Бұл екі қасиет құстың қос қанатындай сынды шырқау биіктерге самғатып, зерттегелі отырған объектісін әрі ғылыми тұрғыдан, әрі көркемдік жағынан игеріп, терең де байсалды талдау жасап, баға беруге таптырмас көмекші болады.

Бұл айтылып отырған жәйттер тікелей сынның теориясына қатысты болса да, одан әдебиет сыны тарихы шет қала алмайды. Сынның теориясы, методологиясы және тарихы үшеуі ошақтың үш бұтындай біріге, бірін-бірі толықтыра, өзара байланыса қызмет еткенде ғана толыққанды ғылыми зерттеулерге жол ашылмақ. Яғни сынның теориясына, методологиясына қатысты шешімін таппаған мәселелерді де қатар қозғап, сол жолдағы әр алуан ізденістерді әңгімелей отырып, қазақ әдебиеті сыны тарихының қалыптасу жолындағы бел-белестер мен іркіліс-ізденістерінің даму тарихының біртұтас толыққанды бейнесін жасай аламыз.

Енді біз әдеби сынның туу алғышарттары мен негізгі арналарына, қайнар-бұлақтарына тоқталып өтейік. Бұл проблеманың өзі де әлі күнге ғалымдар арасында сан-саққа жүргізіліп, ортақ бір шешімін таба қойған жоқ. Солай бола тұрса да, олардың бәрінің жиылып келіп жасаған ортақ байламы – сынның әдебиетпен бірге туып, қосыла өмір сүретіндігі. Яғни әдебиет бар жерде, көр-

кем сын да бар. Сынның тууы да, қалыптасып дамуы да тікелей көркем әдебиетке байланысты. Өйткені әдебиет – сынға талдау объекті, материал болып табылады. Сын әдебиетті зерттейді, түсіндіреді және бағалайды. Сонымен қатар жазушы мен оқырман арасында дәнекер болады, кейде реті келген жерінде сот орнына да жүріп, үкім шығарады. Сын деген сөздің өзі гректің «критикус», яғни «соттау» деген сөзінен шыққан. Б.з.д. VI ғасырдың өзінде Ксенофон Гомерді кейбір шалағай, ұшқары пікірлері үшін сынаған екен.

Демек, көркем әдебиет пен сынды бір-бірінен айыруға болмайды. Сынның пайда болу тарихын әдебиеттің пайда болу тарихынан таратқан жөн. Ал әдебиеттің нақты қай кезеңде пайда болғанын тап басып айту қиын. Дегенмен мұнда бұлтаруға болмайтын бір ақиқат бар. Ол – адам баласының мәдени болмысындағы тәндік және рухани бастаулардың бар екендігі және сол адам рухының ашылуы нәтижесінде рухани дүниелер – көркем әдебиет үлгілерін тудырмай тұрмайтындығы. Қазіргі кездегі біз ел аузынан жиып, жинақ етіп бастырып жүрген ауыз әдебиеті үлгілері – аңыздар, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, бақсы сарындары, жырлар, т.б.– бәрі де сол есте жоқ ерте замандардан бүгінгі күнге көктей өтіп келген асыл жәдігерліктер. Міне, әдеби сынымыздың түп тамырлары, алғашқы нышан белгілері де сол әдеби үлгілер өмірге келген бағзы замандарға барып бір-ақ тіреледі. Бірақ ол кезеңдегі сыни ой-пікірлерге бүгінгі ғылымның жеткен биігінен қарап, бағалауға болмайды. Оларды өз заманының талап-тілегіне жауап берерлік өрелі дүниелер деп пікір түйген жөн болмақ.

Жоғарыда да айтып өткеніміздей, «ғалымдар тарапынан сын көркем әдебиеттің бір саласы деген де пікірлер естіліп қалып жүр. Бірақ мұнымен келісе қою қиын. Мұны белгілі ғалым Д. Ысқақұлы да жақсы дәлелдеп берген. Ол туралы ғалым: «шындығында, әдеби сын көркем әдебиет емес. Алдымен, екеуінің мақсаты екі түрлі. Әдебиеттің объектісі өмір болса, басты мұраты – сол өмір құбылыстарын көркемдік тұрғыдан бейнелеу. Бұл мақсатына түрлі көркемдік тәсілдерді пайдалану арқылы же-

теді. Ал сынның объектісі – әдебиет, сол арқылы барып өмірді зерттейді. Әдеби сынның негізгі мақсаты – бүгінгі күн әдебиетінде, әдеби процесте болып жатқан соны құбылыстарды, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерді уақтылы саралап отыру», – деп, олардың өз алдына қойған мақсаттарының екі басқа екендігін және оған жету жолдары түрліше болатындығын ашық жазған.

Осындай басты қасиеттері әдебиет пен сынның бір емес, екі бөлек нәрсе екендігін дәлелдеп беретінін қадай көрсеткенімен, солай бола тұрса да, сынның әдеби сипаты айқын екендігіне мән береді. Бұл ойын: «сыншыны да белгілі бір дәрежеде суреткер деуге болады. Бірақ оның суреткерлігі жазушынікіндей емес. Ол шығарманы талдау үстінде өз пікірін дәлелдеу мақсатында мұрат тұтқан адам бейнесінің немесе табиғат көрінісінің әсем бедерін жасауы мүмкін. Дегенмен бұл суреттер аяқталмаған қалпында болады. Ал әдеби шығармада барлығы да жан-жақты көрініп, тұтас бір көркем сөз көрмелері жасалуы тиіс. Сыншы да өмірді образды түрде көріп, табиғаттың әсем бояуларын сол қалпында бейнелі түрде қабылдап, сезіне біледі, бірақ өмір шындығын біртұтас күйінде образды түрде суреттеуге шамасы жете бермеуі де мүмкін және оның аса қажеттілігі де шамалы», – деп өрбітеді де, бұл тұрғыда да көркем әдебиет пен сын екеуінің елеулі айырмашылықтары бар екендігін дәлелді көрсете біледі.

Сол сияқты сын мен әдебиеттің арақатынасы, яғни сын дербес ғылым саласы ма, әлде әдебиеттің көлеңкесі ме, оның өзіндік ішкі даму заңдылықтары бар ма деген мәселелер де отандық және шетелдік ғалымдарды көп толғандырды. Әсіресе осы мәселені самарқандтық сыншы-ғалым, профессор Р.П. Шагинян арнайы зерттеді. Ол, негізінен, орыс әдебиеті сыны тарихының орыс әдебиетінің даму кезеңдерінен дербес, «ішкі» даму ерекшеліктерін, сынның өзіндік потенциясын бөліп көрсетуге күш салды. Мұнда да логика жоқ емес. Алдыңғы абзацта да айтып өткеніміздей, әдебиет пен сынды жақындастыратын да, бір-бірінен ерекшелейтін де айырым белгілер бар. Осы жағынан келіп қарағанда, оларды өзара дербес, бірақ бір-бірімен бірлікте дамитын қос сала деп санауға болады.

Ендігі сөз сын мен әдебиеттану ғылымының аражігіне қатысты өрбімек. Бұлардың екеуі бір нәрсе ме, әлде өзіндік айырмашылықтары бар ма? Бұл да басын ашуды қажет ететін проблеманың бірі. Екеуінің зерттеу объектісін алып қарасақ, бір-ақ нәрсе, ол – әдебиет. Бұл – сын мен әдебиеттануды байланыстыратын белгі. Алайда екеуі бір нәрсе емес. Бұлардың арасындағы айырмашылық өз объектісін талдау, зерттеу, бағалау тәсілі мен әдісінен көрінеді. Әдеби сын белгілі бір шығарманың құндылығы мен кемшіліктері жөнінде алғашқы пайымдаулар жасайды. Сынның мұндай қасиетін В.Е. Хализев былайша мейлінше нақты көрсетіп білген: «Сын әдеби шығарманы қоғамдық тұрғыдан бағалайтын «лаборатория». Бұл – әдебиеттану ғылымының тартымды әрі ғажайып әсерге толы бір түрі... Мұнда таным еркін, әлі де ешкім иеленбеген орында жүзеге асырылады». Бұдан байқалатыны – әдеби сынның әдебиеттану ғылымына алғышарт болатындығы. Әдеби сын жасаған түйіндерді әдебиет туралы ғылым әрі қарай дамытып, теориялық тұрғыда тереңдете түседі. Әдеби сынға, негізінен, публицистикалық қасиет тән. Ол көркем туындыны бағалап қана қоймайды, сонымен бірге кезең әдебиетінің күрделі проблемаларын аумағымен көтереді, болашақ даму бағыттарын айқындайды, әдеби бағыттар мен ағымдардың көркемдік-теориялық бағдарламаларын қалыптастыруға қатысады.

«Әдебиеттану» термині салыстырмалы түрде бертінде, XX ғасырдың басында Германияда туды да, кеңінен танымал болды. Оны неміс зерттеушілері О. Вальцель, Э. Эльстер, т.б., кейіннен орыс ғалымдары П.Н. Сакулин, П.Н. Медведев XX ғасырдың 20-жылдары ғылыми айналымға енгізді. Ал Қазақстандағы әдебиеттану ғылымының қалыптасуы А. Байтұрсынов есімімен тікелей байланысты. А. Байтұрсыновтың 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымының бастауы болып табылады. Бұдан кейін әр кезеңде жарық көрген Е. Ысмаилов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, т.б. ғалымдардың әдебиеттану ғылымы туралы еңбектері бұл ғылым саласының өз алдына отау көтеріп, жеке ғылым саласы ретінде қалыптасып, дамуына қолайлы мүмкіндіктер ашты. Қазіргі кезде әдебиеттану

ұғымының нақты анықтамасы негізделіп, зерттеу объектісі мен әдіс-тәсілдері жүйеленіп, қалыптасқан. Әдебиеттану – көркем әдебиеттің тууын, ерекшеліктерін, қоғамдық байланыстарын, тарихи дамуын, құрылымы мен функциясын, көркемдік сипаттарын, жекелеген және жалпылама заңдылықтарының бәрін қамти зерттейтін ғылым саласы. Әдебиеттану бір-бірімен өзара байланысты ғылым бөлімдері: әдебиет тарихы, теориясы, сыны, методологиясы жиынтығынан тұрады.

Жалпы әдебиет туралы еңбектерде әдеби сынды әдебиеттану ғылымының бір саласы ретінде қарастыру үрдісі орныққан. Солай бола тұрса да, олардың арасындағы ұқсас жақтардың көп болуына қарамастан, бір-бірінен елеулі айырмашылықтары да бар екендігі ескеріліп, соңғы кездері бұл мәселені қайта қарастыру мәселесі де жиі-жиі күн тәртібіне қойылып жүр. Мысалы, Ю. Суровцев сын әдебиеттану ғылымы аясында туғанымен бірте-бірте одан алшақтап, өзіндік табиғатын қалыптастырған. Ол көбіне көркем әдебиет пен публицистикаға жақын – деп санайды. Мұны Б.И. Бурсов та қуаттайды. Ал қазақ ғалымы Ш. Елеуке-нов болса, бұл мәселені тіпті тікесінен қояды. Автор сынды әдебиеттанудан бөлек, өзіндік зерттеу жүйесі бар дербес ғылым саласы деп санайды. Бұл ғылымның атын сынтану деп атап, оның мынадай құрамдас бөліктерін: теориясын, тарихын, методологиясын бөлек алып әдебиеттанудан оқшау ғылым саласын жасайық деген ұсыныс тастады. Белгілі ғалымның бұл пікірі ТМД елдері арасында тұңғыш рет айтылып отыр және өзінің қиындылығымен назар аудартады.

Сынның жеке өзінің теориясы, тарихы және методологиясы бар екендігіне ешкім де таласпаса керек. Олай болса, соның бәрін топтастырып сынтану ғылымына жеке отау көтеріп, өз алдына бөліп шығарса, ешқандай да ерсілік болмайды ғой деп санаймыз. Біздіңше, әдебиеттану ғылымы мен әдеби сын – бір нәрсе емес, екеуінің өзіндік зерттеу тәсілдері мен әдістері бар өзара жақын эстетикалық ойлау саласы.

Т. Кәкішұлы халықтық эстетикаға тоқталып, халықтық шығармалардың рухы таза, ойы анық, тілі көркем деп есептейді.

Сонымен бірге халықтық эстетика – сыни ойдың бастауы, яғни халықтың көркемдік түсінік-танымы мен талап-талғамының өресін байқатады деп тұжырымдайды.

Т. Кәкішұлы: «Әдебиет халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан этикет, эстетикасы болса, сын – сол халықтың эстетикасы. Сын – даму, қозғалыс үстіндегі эстетика».

«... әсемдікті танып білу, оны ардақтау, сұлулықтың сырын ашып, ажарсыздық пен келіссіздікті мінеу сияқты эстетикалық түсініктер халық творчествосына, оның ауыз әдебиетіне жат па? Әрине, жоқ. Жазба әдебиетке дейінгі немесе жазба әдебиетпен қатар дамыған, күні бүгінге дейін өркендеп келе жатқан ауыз әдебиетінде оның озық үлгі-өрнектерінде эстетикалық талап-талғамның элементтері молынан кездеседі», – дей келе, қазақ ауыз әдебиетінің барлық жанрларынан халықтық эстетиканы тауып, қазақ халқы қашаннан бері сұлулықты, әдемілікті дәріптегенін, сол сұлулықты сөз өнерімен қастерлегенін көрсетеді.

Әдебиеттану ғылымына қарағанда әдеби сынның қарымы – ұзын, қамтитын мәселесі – мол. Сын тек әдебиеттік мәселелермен ғана шектеліп қалмай, сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге де еркін араласады, қоғамдық ой-пікірді қалыптастыруда, жұртшылықтың саяси, діни, көркемдік, эстетикалық, т.б. санасын қалыптастыруға да көп күш салады. Бұл – сынның өзіндік ерекшелігінен туындап отырған құбылыс. Қазақтың белгілі сыншысы С. Әшімбаевтың тілімен айтқанда: «сынның беделі көркемдік-идеялық күресте ғана көрінбейді. Сын қай кезде де қоғамдық-әлеуметтік ойдың жаршысы болған жағдайда ғана өз беделін биік ұстайды. Сыни шығарма қоғамдық-әлеуметтік, философиялық, эстетикалық ойдың шырқау шыңы болған кезде шын мәніндегі өнер шығармасы қатарынан орын алады». Орыстың XIX ғасырдағы классикалық сыны – С. Әшімбаев айтқан осы ерекшеліктерге ие.

Сынның мағыналық тереңдікте философиямен, эстетикамен астасып жатыр. Әлемге, тарихқа, дүниетанымдық тұғырларға деген ортақ көзқарас сынның тереңдігін, критерийлерінің жүйелілігін белгілейді.

Өнер философиясында Шеллинг көркем шығармашылықтың еркіндігін, суреткердің заман еркінен тәуелсіздігін, ал оның туындыларының қандай да бір нақты мақсатқа қызмет етуден азаттығын атап көрсетеді. Шеллингтің пікірінше, суреткер – ақиқаттың жаршысы, өйткені ғылымға қарағанда өнер өмір, адам және оның мақсаты туралы терең білім бере алады.

Діни-философиялық сынның басты ерекшелігі оның негізгі қағидаттарының шарттылығында, бұл өнер мен әдеби сынды философия мен діннің бөлігі деген түсінікке жетелейді, өйткені олар «өмірді қайта құруға» бағытталған.

В.Н. Коновалов әдеби сынның бір бөлігі ретінде философиялық сынға типологиялық сипаттама берген: «Әдеби сын көркем шығарманың барлық аспектісін шындықтың образды жаңғыртылуы ретінде талдайды және түсіндіреді. Олардың бірі – әлем мен адам болмысының бейнесін көркемдеп қайта жасау. Сондықтан да шынайы көркем шығарма – өмірдің философиялық концепциясы. Философиялық сын ең алдымен жалпыфилософиялық жүйелерді анықтауға ұмтылады. Мәселе – ненің талданатынында емес, талдау әдісінде. Философиялық сында философиялық ұстаным жүйе құраушы болып табылады, ол материалды іріктеуді, оны түсіндіруді және дәлелдеуді, мақаланың композициялық құрылымын анықтайды. Сөйтіп, «философиялық сын» термині кең мағынада әдеби сынның тегін білдіреді, осы жағынан алғанда ол «публицистикалық және эстетикалық сын» деген терминдермен бір қатарда тұра алады» (В.Н. Коновалов. «Философская критика» как термин литературоведения // Ученые записи Казанского гос. университета. Т. 131. – Казань, 1995. – С. 105).

Сын – сонымен қатар қоғам өмірінің қозғаушысы да. Сыншылдық ойлау тоқтаған жерде саналы түрде даму атаулы да өз өсуін тежейтіндігі – дәлелденген ақиқат. Осы тұрғыдан келгенде, сынның туу, қалыптасу, даму тарихы бүкіл адамзаттың даму тарихымен бірге өріле, сабақтасып жатыр. Әр халықтың өзіндік таным, көзқарас ерекшеліктеріне орай сынның да даму дәрежесі мен қалыптасу сипаты – әр алуан. Қай халықтың болмасын дүниетанымының, өзін қоршаған дүниеге көзқарасының қалып-

тасуына табиғи-географиялық, шаруашылық, нәсілдік-биологиялық факторлардың елеулі түрде ықпал жасайтыны сөзсіз. Бұл ықпалдардың бәрі де ұлттың материалдық және рухани мәдениетінде көрініс табады. Мәдениеттің генотипін діни-руханилық және экономикалық архетиптердің тоғысқан біртұтастығы ретінде айқындаған жөн. Бұл айтылғандарды Қазақстан жағдайында алып қарағанда, отырықшылық, жартылай отырықшылық және көшпенділік өмір салтын ұстанған, аңшылық, егіншілік және негізінен, мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқының да ғасырлар бойы қалыптасу, шындалу сатыларынан өткен өзіндік дүниетанымы бар екендігіне куә боламыз. Өмірді көркемдік тұрғыдан игерудің, эстетикалық талап-талғамның дәстүрлі үлгілерін қалыптастырған. Мұндағы сөз етілгендердің бәрі де сынның ұлттық та сипаты болатындығы туралы ойға жетелейді.

Сындағы ұлттық ерекшелік тақырыбы – әрі қиын, әрі қызықты тақырып. Мұнда шешімін таппаған мәселелер де жетерлік. Тіпті оны айтасыз, бұл жайында қазақ тілінде жазылған еңбектер жоқ десе де болады. Бірақ мәселенің өмірде бар екендігіне орай, оның аты аталып, түсі түстелмесе де қазақ әдебиеті сыны тарихына, теориясына арналған еңбектерде аталмыш жәйттер стихиялы түрде айтылған. Біздіңше, ендігі кезекте бұл мәселені сынның теориясы және тарихы тұрғысынан келіп қарастырудың уақыты жетті ғой деп санаймыз. Олай болатыны, белгілі бір халықтың өзіне тән төл ұлттық дүниетанымының шеңберін қамтитын қасиеттерін зерттеп тану үшін, оның ғылымы, әдебиеті мен мәдениеті өсіп, кемеліне келуі тиіс. Сонда ғана қойылып отырған мәселенің байыбына бару, бүге-шігесін жіті аңғару, түп-төркінін танып білу мүмкіндігіне кеңінен жол ашылады. Осы жағынан келгенде, біздің бұл тақырыпқа қазақ әдебиеті сыны тарихының қалыптасуы тұрғысынан сыналай кіріп, сөз қозғауымыз – толығынан заңды.

Бұл мәселелерді зерттеуде көрші ғалымдары көш ілгері кеткен. С.А. Венгеров, Б.И. Бурсов, Н.Я. Берковский, Е.Н. Купрянова, Г.П. Макогоненко, Г.М. Фридлендер, Б.Ф. Егоров, т.б. ғалымдардың еңбектерінде орыс әдеби сынына тән ұлттық ерек-

шеліктер туралы көшелі ойлар мен байсалды байыптаулар мол-ак. Олар бұл пікірлерін орыс әдебиетінің ұлттық ерекшеліктерінің шапанына орап жеткізуде. Сол арқылы ашуда. Соңғы жылдары орыс әдеби сынының шетелдік сыннан өзгешеліктері неде деген мәселені де зерттеуге қарай ойыса бастады.

Б.Ф. Егоров: «орыс сыншылары орыс баспасөзінде сыни жұмыстар, атап айтқанда, Батыстың үш ірі ұлттық мәдениетінің: Францияның, Германияның, Англияның, ара-тұра – Польша, АҚШ, Италия, Скандинавия елдерінің сыни еңбектері аударылғанын немесе баяндалғанын (мысалы, Батыстың көптеген сыншылары – Сент-Бев, Гюго, Назар, Планш, Шаль, Готье, Тэн, Золя, Эннекен, Гете, Шиллер, Шлегели, Тик, Вакконродер, Берне, Гейне, Менцель, Ретшер, Фишер, Гайм және басқаларының кітаптары мен мақалалары аударылды) білді. Шындығында, XIX ғасыр бойы француз, ағылшын, неміс сыншылары әдеби сынның жетекшілері болды. Олардың әдістері мен идеялары жалпы батыстық сыни мәдениеттің жиынтығы ретінде қарастырылды. Сондықтан орыс сыншылары білген шетелдік материал да типологиялық салыстырма да бірінші сатыда тұрды», – дей тұрса да, «шетел сынының орыс сынына тигізген тікелей әсері соншалықты күшті болған жоқ, көрсетілген қызмет аясы тек типологиялық салыстырма үшін ғана қажет», – деп олардың әсер-ықпалына құлай жығылып, мойындай қоймайды.

Біздіңше, сындағы ұлттық ерекшелік, жоғарыда да айтып өткеніміздей, ең алдымен, белгілі бір халықтың ғасырлар бойғы ұстанған кәсібі, шаруашылық тіні, тіршілік салты, қоршаған ортасы, табиғатпен қарым-қатынасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрып төл өнері, материалдық және рухани мәдениеті, бір сөзбен айтқанда, ұлттық дүниетанымы аясына тікелей байланысты. Әдемілікті сезінуі, сұлулықты бағалауы, көркемдікті тануы да ұлттық дүниетаным шеңберінен шығып жатады. Өзге халықтармен араласқұраластықтың нәтижесінде ауыс-түйіс, тәжірибе алмасулар болуы мүмкін. Мұндай жағдайда форма, шеберлік, әдіс-тәсілдер, яғни сыртқы қалыптар ортақ болғанымен, ішкі қалып, – мазмұны ұлттық сипат иеленеді. Қаншалықты аймақсыздану, глобальдану,

еліктеу, космополиттік санаға икемделу процесі жүргенімен өнердегі, рухани дүниедегі, сыни ой-пікірлердегі ұлттық бояулар мен нақыштар, бедерлі өрнектер өз бейнесін жоғалтпайды. Ұлттық мәдени дәстүрдің тамырынан үзілген туындының ғұмыры ұзаққа бармайды. Бұл – әлемдік тәжірибеде сан рет дәлелденген құбылыс.

Ал қазіргі назар аударатын мәселеміз, жалпы «әдеби сын тарихының қалыптасу мәселесі» дегенді қалай түсінген жөн деген проблемаға қарай ойысады. Әлбетте, бұл мәселе бойынша сөз қозғалғанда тек сынның тарихы туралы айтыла ма, әлде сынның тарихына қатысты зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдар мұрасы сөз бола ма, не болмаса тікелей әдеби-сыни еңбектер жазумен шұғылданған әр дәуірдегі жекелеген сыншы-ғалымдар мен ойшылдар жөнінде әңгіме бола ма деген сауалдар бірден-ақ алдымызға тартылары сөзсіз. Бұған не деп жауап беруге болады. Біздіңше, сын тарихының қалыптасу мәселесіне осында келтірілгендердің барлығы да кіреді. Неге? Негесі сол, сын тарихының қалыптасуы аясында оның тарихының, сол тарихты құрайтын халықтың сыншылдық ой-пікір мұралары мен жекелеген сыншылары, осының бәрінің басын қосып жүйелейтін, оны дәуірлеп, әртүрлі ағымдар мен бағыттардың аражігін ажыратып, ақыр соңында сынның ғылыми тұрғыда сараланған тұтас тарихын жүйелеуші ғалымдар еңбегі туралы сөз етпеу мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес. Бірақ мұнда тағы да бір ескеретін жағдай, осылардың ішінде бүкіл сын тарихын ғылыми тұрғыда жүйелеп шыққан ғалымдар қызметінің бәрінен де салмақты әрі айрықша маңызға ие екендігі. Сондықтан да, біздіңше, бұл мәселені зерттеуде негізгі басымдықты сынның тарихын бір ізге түсіруші зерттеушілерге салған жөн болатын сияқты. Ал алдыңғы екеуі соңғы мәселені жан-жақты аша түсу үшін тиісті жерінде, қажетті мөлшерде ғылыми талдау нысанына айналдырылады.

Әдеби сын тарихы тек белгілі бір халықтың рухани мәдениетіндегі, жазба жәдігерліктеріндегі сыншылдық ой сілемдерінің көріністері мен ұшқындары туралы, кәсіби сынның алғашқы үлгілері туралы, баспасөз бетінде көрінген сыни еңбектері

туралы және сыншы-ғалымдар туралы бірыңғай хронологиялық тәртіппен жалаң ғана пайымдаулардан тұрмайды. Сонымен бірге мұнда сын тарихын жазушы ғалымның жеке басының көркем туындыны эстетикалық тұрғыда талдау қабілеті, сұлулық пен құндылықты талғау деңгейі, белгілі бір оқиғаларды бағалай білу өресі, өзіндік парасат-пайымы мен азаматтық тұлғасы да көрінеді. Жазылған тарихтың қаншалықты ақылға сыйымды, көңілге қонымды болуы да ғалым бойындағы жоғарыда аталған қасиеттердің деңгейіне тікелей қатысты. Ал ойы шалақ, қабілет-қарымы төмен жандардың «ерінбеген етікші болады» принципімен бұл секілді қасиетті де жауапкершілігі мол жұмысқа кірісуі ғылымның дамуына ғана тежеу әрі кесел келтіріп қоймайды, сонымен бірге қаншама оқырманды, талапкер шәкіртті теріс бағытқа сілтейді, адастырады. Сондықтан да, сыншы болу, сын тарихын жазу ісі – ар мен ақылдың, пайым мен парасаттың, білім мен біліктің сыналар, таразыға түсер тұсы. Бұл – көлденең көк аттының, немесе ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп олжаға кенелуді тілеген жанның қолы емес.

Сын – қажырына қайраты, ақылына парасаты тең, сегіз қырлы бір сырлы жанның ғана айналдырар шаруасы. Бұл үшін жалпыдан жалқыны шығару, даралықтан жалпылық қасиет табу және жүйелі хәм қисынды ойлай білу қабілеттері қажет. Сонда ғана төрт аяғынан тең басқан, толыққанды ғылыми дүниелер туады. Сондықтан да болар орыс әдебиеті сыны тарихын жазу мәселесі көтерілгенде, оның тұтас бейнесін сомдап шығу үшін өз кезеңіндегі орыстың маңдай алды сыншы-ғалымының барлығы да бұл іске тартылды. Олар әрқайсысы сын тарихының әр кезеңін бөліп-бөліп алып, біртұтас көлемді екі томдық сүбелі еңбек жасап шығарды. Содан кейін барып қана сол еңбектің негізінде жекелеген ғалымдар тұтас орыс әдебиеті сыны тарихына арнап қалам тартып, ғылыми-зерттеу монографиялар, оқу құралдарын шығара бастады. Ал бұл ғалымдардың аталмыш мәселеге топтаса кіріспей-ақ, оны жекелей-ақ жазып шығуға қабілеті де, білімі де олқы соқпас еді. Бірақ «кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген принципті айқын ұстанатындықтан да олар мұндай іске бармады.

Әмбе, бұл – жауапкершілігі де мол жұмыс еді. Ғалымдар тобының осылайша бірлесе, ұжымдаса әрекет етуінің нәтижесінде ғана орыс әдебиеті сыны тарихын, теориясын, методологиясын жазу, зерттеу ісі жүйелі түрде жолға қойылып, көп елдерге үлгі өнеге көрсетті.

Ал қазақ әдебиеті сыны тарихын тұтастай жазып шығу ісі Тұрсынбек Кәкішұлына бұйырыпты. Ғалымның бұл сияқты күрделі де қиын, жауапкершілігі мол жұмысты тайсалмай қолға алуын, біріншіден, өз білігі мен біліміне деген сенімімен, екіншіден, ғылыми қажеттілікпен байланыстырған орынды. Автордың бұл ауыр да абыройлы міндетті қаншалықты орындап шыққандығын, ғылым қазынасына не қосқандығын қал-қадарымызша оқу құралы ретінде ұсынып отырған зерттеу еңбегіміздің екінші тарауында ашып көрсетуге тырысамыз. Бұл ретте әдебиет сынына және оның тарихына жанасты күрмеулі мәселелердің шешімін табу жолдары жайында ой өрбітеміз. Назар аударатын жайт, осы күнге дейін қазақ әдебиеті сыны тарихының қалыптасу тарихы туралы арнайы әңгіме етіліп, жекелеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылмапты. Көбіне, сынның тарихының кейбір мәселелері ғана зерттеу объектісіне алынады да, сол сын тарихының тарихы деген мәселе назардан қағыс қалады. Міне, жазылып отырған бұл еңбек сол олқылықтың орнын толтыруға талпыныс жасайды.

Әдеби сынның қалыптасып, дамуының өзі қазіргі кезеңде сынның жүріп өткен жолдарын, жинақтаған тәжірибесін тереңдей үңіле зерттеуді талап етеді. Әсіресе айрықша өзектілік танытып отырған мәселенің бірі – сынның ықпал ету әсерін күшейту, ғылыми-кәсіптік деңгейін көтеру және осы салада еңбектенген сыншы-ғалымдардың қол жеткен жетістіктері мен олқы тұстарын саралап, сынның болашақ даму бағыттарын айқындау болып табылады. Сынның зерттеу тәсілдеріне қойылатын критерийлерді де жетілдіре түсу – заман талабы. Бүгінде бұндай күрделі мәселені сынның тарихи тәжірибелерін терең игермей тұрып шешу мүмкін емес. Оның үстіне қазақ әдебиеттануы ғылымында Т. Кәкішұлы мен Д. Ысқақұлы зерттеулерін қоспағанда, қазақ әде-

биеті сыны тарихының әрбір кезеңіне арналған толымды еңбектер жоққа тән. Бұл ретте тек өз кезеңіндегі әдеби-сыни процеске шолу жасап, баға беріп отырған талантты сыншы С. Әшімбаевтың мақалалары көзге түседі. Ал жазушылар одағының жыл сайынғы өткізетін әдеби жыл қорытындысын әдеби сын тарихының бір жылдың процесіне берілген салмақты баға дегеннен гөрі, оны осы жылы анау шықты, мына еңбек жарық көрді деген жалаң шолу, ақпар беру деп таныған лайықтау болатын секілді. Осы тұрғыдан алғанда, орыстың сыншы-ғалымдарының тындырғаны көп.

Бір ғана орыс әдебиеті сын тарихының кеңестік кезеңінің өзіне қыруар еңбектер арналған. Әйтсе де бұлардың бәрінде сынға қатысты мәселелердің бәрі өз шешімін таба қойды деп айту қиын. Әмбе, әр ғалымның өзіндік пікірі, ұстанған бағыты мен көзқарасы бар. Осыдан келіп сынның проблемаларына қатысты түрлі тұжырымдар мен тенденциялар туындады. Олардың ішінен мыналарды бөліп алуға болады. Әсіресе сынды тек әдебиеттану ғылымымен ғана емес, әдебиетпен де жақындастыру тенденциясы әлі де жалғасуда. Және сынның өзіндік анықтамасын табу, оның өз орны мен зерттеу ерекшелігін айқындау тенденциясы күшеюде. Мұнда, біріншіден, сынның әдеби ғылымдар арасындағы орны мен ерекшелігі, екіншіден, әдеби емес ғылымдар – философия, социология, психология, т.б. арасындағы өзіндік бет-бедері мен айрықшалығын анықтау мәселесі зор маңызға ие болып отыр. Бәрінен де бұрын сынның өз ішінен бірте-бірте оның тарихы, теориясы және методологиясының бөлініп шығып, дербес ғылым саласына айналу мүмкіндігі туралы тұжырымдар ақырындап орныға түсуге бет алып келе жатқаны көңіл толтырады.

Аталмыш проблемалардың позитивті де, негативті де жақтары жеткілікті. Бірақ қалай дегенде де олар заманның объективті қажеттілігінен туындауда. Әсіресе бұл процестің қарқын алуына атақты «Әдеби-көркем сын туралы» КОКП-ның 1972 жылғы қаулысының ықпалы зор болды. Бұл қаулы тек орыс әдебиеті сынына ғана қозғау салып қойған жоқ, сонымен бірге бұрынғы КСРО құрамындағы барлық елдердің әдебиет сынына да айрықша қарқын берді. Көптеген сыни еңбектердің жазылуына түрткі бол-

ды. Бірақ олардың көбі партия талаптарын орындау, коммунистік идеологияны өрістету бағытында жазылды.

Осы кезеңде сын тарихына қатысты мынадай мәселе күн тәртібіне қойылды. Әдебиет сынының тарихы ғылым ба, әлде жоғары оқу орнында өтілетін пән бе? Бұның, айталық, болашақта сыншы болмақ жан үшін кәсіби бағдар беруде ерекше маңызға ие екендігі, әрине, ешқандай күмән тудырмайды. Бірақ бұл мәселеге тар шеңбердегі көзқарас тұрғысынан қарауды да аса құптай қоюға келмейді. Қалай десек те басты мәселе – бұл емес. Әдебиет сыны тарихын жоғары оқу орнында оқытудың маңызы, ең алдымен, филологиялық білімнің болашақ даму қажеттілігімен түсіндіріледі. Әдеби сын тарихын жеткілікті дәрежеде білмейінше әдебиет саласының толыққанды маманы болу мүмкін емес.

Сын тарихын оқып білу – ақиқатқа қандай жолмен жетуге болатындығын игеру. Міне, сын тарихының қаншалықты маңызға ие екендігі осыдан-ақ көрініп тұр. Осы мәселеге орай Н.И. Соколов: «филологиялық білімнің өзі мазмұнына әдебиет пен сынның көптеген болашақ қайраткерлерін зерттеу нысанасы етіп енгізгенде байи, түрлене түседі», – деп дұрыс қорытынды жасай білген. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ әдебиеті сыны тарихының қалыптасуы мәселесінің зерттеу объектісі ретінде де, оқу пәні ретінде де ашылмаған, әлі күнге пайдаланылмаған мүмкіндіктері мол. Мұның бәрін зерттеп білу әдебиет сыны тарихының міндетіне кіреді.

Әдебиет сыны тарихының қалыптасу мәселесін зерттегенде, оны бірнеше ғылым салаларымен байланыста, тоғыстыра қарастырғанда жемісті болатындығы айқындалады. Ең алдымен, ол әдебиет тарихымен тоғысады. Аталмыш пәнмен өзара қарым-қатынастары айрықша негіздей түсуді қажет етпейді. Тек олардың ықпал ету аймағының аражігін ажырату ғана қиыншылықтар тудыруы мүмкін. Қазақ әдебиетінің тарихы белгілі дәрежеде сын тарихын да қамтиды. Бұл сынның жеке дара өмір сүруі туралы пікірге күмән білдірушілердің қатарын біршама көбейтуде. Алайда қазақ әдебиеті сынының тарихын әдебиет тарихына қосымша, оны толықтыратын сала ретінде қарастырудың реті жоқ.

А.И. Метченконың әділ атап көрсеткеніндей, «бұл екі пәнді бір-біріне қарсы қоюға, ұқсастыруға болмайды» .

Сондай-ақ сын тарихы теория, эстетика мәселелерімен де қиысады. Бұл – әбден заңды да. Өйткені олардың арасында ешқандай да «қытай қорғаны» жоқ. Қарапайым түрде айтқанда, «илейтіндері – бір терінің пұшпағы». Бірақ бұларды бір-бірін қайталайтын, көшірме ғылым салалары деп ұқпау керек. Сын тарихында тек белгілі бір кезеңдегі әдеби процесс, көркем туындыға баға беру нәтижесі ғана қамтылмайды, ол сыни ой-пікірлердің туу, қалыптасу, кемелдену сатыларының тұтас кезеңдерінің барлығын қамтиды.

Сын тарихымен журналистика тарихы да көп ретте тоғысып жатады. Оның мәнісі: кәсіби сынның негізгі өмір сүру ортасы – баспасөз беті. Ол, ең алдымен, мерзімді баспасөз беттерінде көрініс тауып, өз оқырмандарына жол тартады. Өз қарсыластары мен жақтаушыларын табады, сұхбаттасу, пікір алысу, талқылау мәселелеріне кең жол ашады. Осыдан келіп журналистика тарихының сын тарихын елеулі түрде ығыстыру қаупі бой көрсетеді. Бұндай көзқарас төрт томдық «История русской советской литературы» (1967–1971) атты академиялық еңбекте айқын байқалады. Осы секілді еңбектердің шеңберінде алғаш рет әр кезеңнің әдебиет сыны және журналистикасы бірге, қатар әңгімелену тәжірибесі қолданыс тапты. Бұнда әдеби сын тарихын журналистика тарихының ішінен шығару тенденциясы үстем түсіп жатты. Бірақ бұл тенденцияға еріп, аталмыш пікірді қолдай қою қисынға келмейді. Сынның аталмыш ғылым салаларымен тоғысып жатуы – өзіне тән өзгеше табиғатынан туындап отырған құбылыс. Алайда барлық түйінді мәселелер де осы жерден шығып жатыр. Ол бірде әдебиет тарихының, бірде эстетика тарихының, енді бірде қоғамдық ой тарихының құрамдас бөлігіне айналып кетеді. Бұның сыртында сын тарихының жалпы мәдениет тарихымен астасып кету қаупі де жоқ емес. Осының бәрін есепке алсақ, ғылым үшін сын тарихының шегі мен спецификалық мазмұнын анықтау күрделі проблемаға айналып отыр.

Сын тарихы – ең алдымен әдебиеттің дамуы нәтижесінде алға тартылған проблемалардың туу және оны байымдау, шешу тарихы. Сонымен бірге сынның да өз шешімін табуын күтетін проблемалары, әсіресе методологиялық проблемалары туындайды. Тарихи даму қарқынына орай сын өзіндік методологиясын, көркем шығармашылықты зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсілдердің критерийлерін қалыптастырады. Бұл процесстің алғышарттары сонау ауыз әдебиеті үлгілерінде, халықтық эстетика мен сыни ой-пікірлерде нышан көрсетіп, баспасөздің пайда болуына орай кәсіби ерекшеліктері қалыптасып, нығаяды.

Сынның методологиялық ізденістері – оның тарихи дамуындағы ажырамас бір бөлігі. Сын нақты әдеби-көркем процессте өзін түрлі қырынан көрсетіп, әр қилы функциялар атқарады: ол жазушыға көмекшілік рөл атқарады, онымен оқырманның арасында дәнекер болады; ол үнемі қоғамдық психология мен идеологиядан жылт етер жаңалық іздестіру үстінде болады, әдебиеттің ағымдағы проблемаларын талдайды, оның дамуын ынталандырады және т.б. Мұның бәрін зерттеп, тексеру әдебиет сыны тарихының негізгі міндетіне жатады. Қазақ әдебиеті сыны тарихының пайда болу ғұмыры әдебиеттің туу кезеңімен тұстас болса, сыни ой-пікірдің тарихы жазылып, жүйеленгеніне жарты ғасырға жуықтап қалды. Бұл саланың аяғынан тұрып, қалыптасуы – тікелей көрнекті ғалым, профессор Т. Кәкішұлының есімімен тығыз байланысты. Ол әдебиет туралы ғылымның осы бір саласының кенжелеу туып, ғылыми жұртшылық назарынан қағыс қалып бара жатқанын аңғарып, оны зерттеуге кіріскен. Ғалым еңбегінің нәтижесі – сын тарихына, оның өзекті мәселелеріне, жекелеген қайраткерлеріне арналған жүздеген ғылыми мақалалар, ондаған монографиялық еңбектер, оқу құралдары және ҚазҰУ-дің филология факультетінде «оңаша отау» тіккен «Қазақ әдебиеті тарихы мен сыны» кафедрасы. Бұл бір адам үшін де, ғылым үшін де аз олжа емес.

Енді осында көтерілген жәйттарды, жалпы қазақ әдебиеті сыны тарихына қатысты мәселелерді Т. Кәкішұлы шығармашылығы аясында қарастырса, көптеген түйінді һәм көмескі мәселелердің

шешімін табуына оң ықпал етуі тиіс деп санаймыз. Мұндай үрдіс өнері озық, ғылымы ілгері кеткен елдер тәжірибесінде көптеп кездеседі. Біздің мақсатымыз сол дайын қалыпты әкеліп қазақ ғылымына кигізе қою емес, оны өз топырағымызға лайықтап қолдану, ұлттық ойлау жүйеміздің ерекшеліктерін ескере отырып сөз қозғау, сыртқы қалыбын, әдіс-тәсілін меңгеру болмақ. Әлемдік ғылымдағы іргелі жетістіктерден, озық тәжірибелерден үйренудің пайдасы болмаса, ешқандай зияны жоқ. Оның үстіне, ғылым ұлттық сипат иеленбейді, ол – адамзаттың ортақ асыл қазынасы. Бұл ретте сол ортақ рухани қазынаға қазақ халқы, қазақ ғалымдары қаншалықты үлес қосты деген мәселе жайы түбегейлі сөз етілуі тиіс. Ал ол үшін, ең алдымен, осы саладағы өзге елдердің бітірген ісі, жеткен биіктерімен танысып алған ләзім. Сондықтан да біз, алдымен, әлемдік әдебиеттану ғылымындағы осы мәселенің қойылу, қарастырылу, шешімін табу жайын зерделеуді жөн санап отырмыз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Әдеби сынның өзіндік ерекшеліктерін айқындаңыз және әдебиеттану ғылымымен байланысын ажыратыңыз.
2. Сындағы ұлттық ерекшелік пен аймақтық дүниетаным дегеніміз не?
3. Жалпы әдебиет сыны тарихын жасау проблемалары мен оның ғылыми-методологиялық негіздеріне өзіңізше қорытынды жасаңыз.
4. Жаңа ғылыми негіздерді және әдебиеттануға берілген техникалық саралауды қарастырыңыз, жаңа берілген талдауларды жазып алыңыз.
5. «Әдебиет сыны тарихын жасау проблемалары және оның ғылыми-методологиялық негіздері» бөлімін тезис түрінде қысқаша жазып алыңыз.
6. Әдеби сынның басқа ғылымдармен байланысы, мақалалар арқылы негіздеңіз.

1.1. Сынның журналистикамен байланысы

Сын – өзінің даму, қалыптасу және көрініс табу арнасы тұрғысынан журналистика саласымен тығыз байланыста. Әдеби сынның жеке сала ретінде жетілуі мен оның тұрақты оқырмандар ортасымен қамтамасыз етілуі – журналистика саласының дамуымен тікелей байланысты. Өйткені әдеби сын көркем шығарма

тәріздес жеке басылым ретінде әрекет етуі мүмкін емес, яғни сынның негізгі көрінер арнасы – баспасөз. Бұл қажетті контексті сынға журнал, газет және қазіргі таңда интернет жасайды.

Әдебиет сынының негізгі қызметі мен міндетін, белгілі мөлшерде шарттылыққа барып, үш түрге жіктеуге болар еді: алдымен, сын әдебиеттің мән-жайын, маңыз-мағынасын оқырман-жұртшылыққа түсіндіріп, оны үгіттеп, насихаттау; екінші, әдебиеттің өсіп өркендеуіне әсер-ықпалын тигізер кеңесші, жанашыр қамқоры болу; үшінші, суреткердің өз еңбегіне «өзгенің көзімен қарап», іштей ширығып шыңдалуына септігін тигізу. М. Әуезовтің белгілеген осы жоғарыда аталған шарттылықтарды іс-жүзіне асыратын – газет-журнал.

Сынды тек эстетикалық құбылыс деп қана санауға болмайды. Ол сонымен қатар қоғам мен заман ыңғайына бейімделеді. Сондықтан оның қоғамдық-әлеуметтік мәні ерекше, әрі ой өсіру мен сана-сезім тәрбиелеудің құралы да болып табылады. В.Г. Белинский: «Газет-журналдың айбары да, беделі де сын екенін ұмытпайық», – деуі де содан. Баспасөз болған жерде сын болатыны мәлім. Ал баспасөздің жарық көруі жазба әдебиеттің тез арада өсіп, дамуына септігін тигізеді. Сондықтан жазба әдебиет болғандықтан, оған деген сыни көзқарастың болуы әбден мүмкін. Белгілі сыншы-ғалым Т. Кәкішұлы: «Қазақтың әдеби сынының тууына бір-бірімен іштей байланысып, бір-біріне творчестволық ықпал жасаған үш сала, атап айтқанда, қазақтың жазба әдебиеті, публицистикасы және баспасөзі айрықша әсері еткені аян» дегеніне құлақ асқан орынды.

Ғалым Д. Ысқақұлының «Сын өнері» еңбегінің «Сынның публицистикалық сипаты» тарауындағы: «... Сынның негізгі өмірі – баспасөзде. Баспасөз бар жерде әдеби сын да бар. Сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланысты. Баспасөз жоқ кезде шын мәніндегі әдеби сын да болмайды. Баспасөз – сынның өмір сүру формасы, даму арнасы», – деп анықтама берген.

1936 жылы В.Г. Белинский: «Журнал өзінің айбындылығына сын алдында тәуелді. Сынсыз журнал – бетсіз образ, тірі органикалық бірлік емес, анатомиялық құрал», – деп анықтама берген

екен (Белинский В.Г. Собр. соч.: В 3-х томах. Т. I. Статьи и рецензии. 1934–1841. – М., 1948. – С. 227).

Қазақ журналистикасы тарихында әр жанрдағы шығармалар жинағы болған басылымдар көпшілік, яғни әдеби үрдістің бір шырағы тәріздес. Алғашқы шығармалар нұсқасын оқырман қауым журналдардан оқиды. Журналдың энциклопедизмі әдеби-қоғамдық және ғылыми өмірдің барлық қырларын қамтиды деп айтуға болады. Сын әдеби үдерістің бір тамыры ретінде газет-журнал бетінде өрістейді. Яғни екі сала бір-бірін өз қажеттеріне қарай кеңінен қолданады. Сын жанрларының сыртқы формасы баспасөздікі де, ішкі мазмұнына сынның міндеті жатады.

Әдеби сын баспасөзге байлаулы жанр, соларқылы қалыптасып, әдебиеттану ғылымының жеке саласына айналғанын ескерсек, бұл орайда қазақ әдеби сынының тууы мен қалыптасуында ХІХ ғасыр соңынан бастап жарық көре бастаған қазақ тіліндегі «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» газеттерінің және ХХ ғасыр басындағы «Айқап» журнал мен «Қазақ» газетінің тарихи маңызы ерекше екендігі сөзсіз. Олар жарық көргеннен бастап әдебиетімізге қатысты дүниелерге ерекше назар аударылды. Өлең-жыр, әңгіме, жолжазба, очерк, сыни-танымдық мақала, портрет, ғұмырнамалық шығармаларға өз бетінен үнемі орын беріп отырды.

Т. Кәкішұлы «Айқап» бетіндегі сын екертпелер мен мақалаларды екі салаға бөліп қарастырған: біріншісі, педагогикалық сипаты айқын сыншылық ой-пікірлер; екіншісі, әдебиетке тікелей қатысты жайлардан өрбитін сыни ойлар. Бұлайша екі топқа бөліп, жіктей қарастыруда қисын жоқ емес.

Ғасыр басында қазақ халқының алдында тұрған күрделі мәселе – ұлттың ұйысып, бет-бейнесін айқындауына кепіл болар қазақтың я өлі, я тірі болу мәселесі – оқу білім, ағарту мәселесі екені белгілі. Қай кезеңде де қазақтың бас дұшпаны болған надандықтан арылу тек қана оқу-білім арқылы ғана жүзеге асатындығын ел-жұрт түсінуі тиісті болды және оларды түсіндіретін, оң жолға бастайтын зиялылардың төбесі көрініп, баспасөзі канат жая бастады.

Сондықтан жалпы қазақты оқу-білімге жалаң үндеп қана қоймай, білім алудың кілті – оқу құралдарын жазу, емле мәселесін бір жүйеге түсіру, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес грамматика түзу, оқытудың әдіс-тәсілдерін жасау сияқты керекті жұмыстар да қосыла атқарылып жатты. Мұндай келелі істерге ұйытқы болып, артық-кем тұстарын жіті бақылап, оларды әділ таразыға салып, жолбасшылық көрсетуде «Айқап» қызметі ерекше болғанын ғалым жан-жақты танытқан.

Журналдағы педагогикалық сипаттағы сын-пікірлердің бір парасы оқу құралдары – әліпбилерге арналды.

«Айқаптың» 1911 жылғы №4 нөмірінде «Кітаптар жайынан» деген тақырыпта медресе «Ғалия» шәкірттері бастырып шығарған әліпбиге тоқталған. Шәкірттердің игілікті ісін, оңды бастамаларын қуаттай келіп, шәкірттердің тағы бір ыждағаты бұл «Әліппеден» соң қазақ балалары оқу үшін тағы бір кітап жазып шығармақ екен. Біздің білуімізше, Торғай облыстық инспекторы болып тұрған Ибраһим Алтынсариннің орыс ғарпімен бастырған «Хрестоматия» деген кітабын орталарынан рұқсат алып, араб ғарпымен қайта бастырған мақұл болар еді. Алтынсарин 10 жылдан артық учитель болып, тәрбие көрген адам болғандықтан оның жазған «Хрестоматиясы» ғылыми-педагогикаға бет бұрмақ. Ашық қазақ тілінде жазылған. Ішінде ғибратлы хикаялар, өлең-жырлар, мақалалар орны-орнымен», – бар деп, тағы біркелелі мәселені көтерді. Мақала авторының Ы. Алтынсариннің оқу кітабының қадір-қасиетін, артықшылықтарын дұрыс бағалай білуінің өзі жан-жақты терең ғылыми көзқарас жемісі екенін Т. Кәкішұлы орынды көрсете білген.

«Айқап» журналы оқу құралдарына, «Әліппе» кітаптарына жарнама сын жариялаумен қатар, қазақ тілінің грамматикасына, емле мәселелеріне де назар аударған.

«Айқаптың» қазақ тіл білімінің негізін қалап, оның жеке ғылым саласына айналуына үлес қосқанын, А. Байтұрсыновтың 1912 жылғы «Айқаптың» 4-5 сандарында жарияланған «Жазу тәртібі» мақаласы журнал бетінде ұзақ уақытқа созылған қызу айтысқа өзек болғанын, сөйтіп, бұл мәселе журнал бетінде

кең көлемде әңгіме етілгенін тілге тиек еткен. А. Байтұрсыновтың мақаласына қарсы Ш. Жияшев «Бірге қозғалайық» деген мақала жариялап, онда А. Байтұрсыновтың қазаққа ыңғайлай ұсынған жазу тәртібін қолдамайды. И. Гаспринский негізін салған жолдан, әлемдік түркілер қолданып отырған әліпбиден бұра тартып барасың деп айып тағады. Бұған А. Байтұрсынов «Шаһзаман мырзаға» атты мақаласында да жауап беріп, өз пікірін дәлелдеген. Бұл мәселе жайындағы айтысқа М. Дулатов та қатысып, «Айқапта» жарияланған «Жазу тәртібі» мақаласында А. Байтұрсынов пікірінің дұрыстығын қолдап шықты.

Әдебиетке қатысты жайлардан өрбитін сыни ой-пікірлерге жарнамасын, рецензияларды, әдеби шолуды жатқызады. «Айқап» бетінде отызға тарта өлең жинақтары азды-көпті сөз болып, сыни пікір айтылды. О. Қарашевтің «Бала тұлпар», «Өрнек», «Қарлығаш», Ә. Ғалымовтың «Жастық жемістері», Ш. Құдайбердиевтің «Қалқаман-Мамыр», С. Көпеевтің «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржіме», «Қалың мал», М. Тұяқбаев жинап бастырған «Қобланды батыр» жыры тағы басқа шығармаларға әр қилы ой-пікірлер айтылған. Жарияланған туындыларды эстетикалық талап-талғам биігінен ақтара қарап, аударма тексеруге келгенде, енді-енді бауыр көтеріп келе жатқан әдеби сынымыздың қауқары жетпей жатқанын да журнал бетінен байқауға болады. Осы олқылықтың орнын толықтыруды «Айқап» журналы өзінің алдына мақсат етіп қойып, сол тұста баспа жүзін көрген шығармалардың барлығына дерлік белгілі дәрежеде ой-пікірін білідіріп отырғанын нақты деректермен дәлелдейді. Осы жинақтарға жазылған мақалалардың, аннотация мен жарнама-сындардың, рецензиялардың пікірі нақты, ойы өткір болған.

Бұл жазылғандардан сыншылдық ой-пікірлер осы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінде жандана түскенін байқатады. Қазақ әдеби сын тарихына қосқан үлесі мол екенін, сын жанрларының қалыптасып, дамуынан-ақ аңғаруға болады.

Осындай журнал қатарына, ғасырға жуық тарихы бар 1922 жылдан бастап жарық көрген әдеби-көркем, қоғамдық-әлеуметтік тақырыбын қамтыған «Жұлдыз» журналы жатады. «Жұл-

дыз» журналы ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап әр тақырыптағы туындылар жинағы болуымен қатар, әдеби үдерістің бір бөлігі ретінде тұтасқан және аяқталған әдебиет шежіресі тәріздес басылым деп айтуға болады.

Ол «Шолпан» (1922), «Ган» (1924) журналдарының ізбасары саналады. Алғашқы саны 1928 жылы жарық көрген. Әр жылдары «Жаңа әдебиет» (1928–1932), «Жыл құсы», «Әдебиет майданы» (1932–1939), «Майдан» (1941–1945), «Әдебиет және искусство» (1939–1941; 1945–1957) атауымен шығып тұрған. 1957 жылдан «Жұлдыз» деген атпен шығады. Журналдың қалыптасуына қазақ әдебиетінің классиктері Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов көп еңбек сіңірді. Алғашқы редакторы С. Сейфуллин журналға белсенді еңбек сіңірген. Журналға Ғ. Мүсірепов, З. Қабдолов, Ә. Нұрпейісов, С. Мәуленов, Ш. Мұртаза, Б. Тілегенов, М. Мағауин әр жылдары бас редактор қызметін атқарған. Журналдың «проза», «поэзия», «Ислам тағылымы», «әдеби мұра», «зерде», «әдебиеттану», тағы басқа бөлімдерінде қазақ ақын-жазушыларының жаңа шығармалары, өнер туындылары, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, өнері мен әдебиетіне қатысты мақалалар жарияланып келеді. Қазақстан суретшілерінің шеберханасынан алынған суреттер жеке беттерде беріледі.

«Жұлдыз» журналының алғашқы шығарылымы «Шолпан» журналы – Ташкентте 1922 жылдың қазан айынан 1923 жылдың маусымына дейін жарық көріп тұрған «саясат-шаруашылық, білім-әдебиет туралы айында бір шығатын «қырғыз-қазақ» басылымы. Журналдың бар болғаны 8 басылымы жарық көрген. Шығарушысы (бас редактор) – Иса Тоқтыбаев. Журнал маңына алаштың ұлтжанды азаматтары шоғырланған. Олар: Н. Төрешұлов, О. Жандосов, С. Қожанов, М. Дулатов, К. Бөриев, Х. Досмұхамедов, Ә. Диваев, М. Жұмабаев, М. Әуезов т.б.

Журналдың алғашқы саны ғана жеке басылған, кейінгі сандары 2-3, 4-5, 6-7-8 болып бірге шыққан. Бұдан ары журнал шықпай қалады. Бұның себебі «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» 4-томында былай көрсетілген: «... жеке мақалаларында буржуазияшыл-ұлтшылдық кате тұжырымдарға жол берілген деп

есептеліп, осыған байланысты журнал 8 саны шыққаннан кейін 1923 жылдың мамыр айында жабылды».

Журнал мынадай бөлімдерден тұрады:

I. Саясат бөлімі

II. Білім бөлімі

III. Әдебиет бөлімі

IV. Тарих бөлімі

V. Шаруашылық бөлімі

VI. Оқу бөлімі

Журналдың алғашқы саны 1922 жылдың 15 қараша күні жарияланды. Алғашқы басылымдағы бөлімдер: Саяси һәм жалпы бөлім, шаруашылық, партия тіршілігі, білім бөлімі, әдебиет бөлімі, бұйрық-жарлықтар. Бұл санда әдебиет бөлімінде жарық көрген мақала, шығармалар: «Әділ би» Ә. Диваев, «Тау асар есепші» Төлешұлы, «Шолпанға» Балақадырұлы, «Азия» Сәкен, «Түркістанда халық ағарту ісі» Сұлу батыр. Журналдың 2-3 саны 1922 жылы қараша-желтоқсан айларында жарық көрді. Бұл санда «Қоңыр» бүркеншік атымен М. Әуезовтің «Қызыл сұңқарлар» атты сыни мақаласы жарық көрді. Ал төртінші саны 1923 жылы қаңтар айында жарық көрген. Бірақ бұл сан тек 3 бөлімнен тұрады. Олар: саяси һәм жалпы бөлім, ғылым бөлімі, әдебиет бөлімі. Жалпы аталған сандарда «Қорқыт», «Батыр Баян», «Ләйлі-Мәжнүн», «Оқыған азамат», «Шолпанның күнәсі», «Қысқы түн» сияқты шығармалар жарық көрді.

«Жұлдыз» журналының 1976–2000 жылдар аралығындағы басылымдары. Журналдың «Жұлдыз» болып жарық көруі 1976 жылдан басталады. Журнал мұқабасында 1999 жылға дейін 1928 жылдан бастап жарық көргендігі жазылса, 1999 жылдан бастап 1922 жылы деп жазылған. Журнал айына бір рет шығып, жылына 12 саны жарық көріп тұрды. Желтоқсан айында жарық көрген санында барлық жылдың қорытындысы беріліп отырды. Журнал мынадай бөлімдерден тұрады:

1. Роман, повесть, әңгіме
2. Өлең, поэма, дастан
3. Очерк және публицистика

4. Өнер және ғылым
5. Сын және библиография
6. Жаңа кітап жайлы

Журналдың бас редакторы – Бекежан Тілегенов. Кейіннен біршама жылдар бұл қызметті Мұхтар Мағауин атқарды. Редакция алқасы қатарында біршама ақын-жазушылар болды. Олар: Рахманқұл Бердібаев, Ахат Жақсыбаев, Сәкен Жүнісов, Ғафу Қайырбеков (бас редактордың орынбасары), Мұхамеджан Қаратаев, Сабыл Мәмбеев, Сайын Мұратбеков, Қадыр Мырзалиев, Қалаубек Тұрсынқұлов, Шаим Шаваев. Бұл журналда белгілі ақын-жазушылардың өлеңдері, әңгімелері, роман, повесть, сыни мақалалары жарық көріп тұрды. Повесть, романдар әрбір санда бөлім-бөлім болып жарық көрді. Мәселен, 1988 жылғы басылымдарда Ш. Айтматовтың «Жан пиди» романы 7,8,9-санда, Қ. Жұмаділовтің «Тағдыр» романы 4,5-санда, Т. Жұртбаев «Бесігінді аяла» роман-эссесі 7,8-санда жарияланды. Сондай-ақ осы жылғы басылымда мынадай сыни мақалалар жарық көрді: Ерік Асқаров «Айтыс – асыл мұрамыз», И. Қобышұлы «Ел есіндегі есімдер», Мұхтар Мағауин «Абайдың ақын інісі», «Шәкәрімнің шеберлігі» т.б.

1990 жылдардан бастап шыққан басылымдарда жоғарыдағы редакция алқасының қатарындағы адамдарды «ақылдастар алқасы» деп көрсеткен. Редакция алқасына журнал қызметкерлерін жазған. Олар: Асқар Алпысбаев (әдеби сын бөлімінің меңгерушісі), Ахат Жақсыбаев (жауапты хатшы), Мырзан Кенжебаев (өнер бөлімінің меңгерушісі), Рафаэль Ниязбеков (поэзия бөлімінің меңгерушісі), Қыдырбек Рысбеков (очерк публицистика бөлімінің меңгерушісі), Рамазан Токтаров (бас редактордың орынбасары). Журналдың соңында редакцияға жолданған хаттар беріледі. Сондай бір хаттардың бірінде «құранды толық бассаңыздар» деген өтініш қалдырылған. Сол өтініш бойынша 1991 жылдың сандарында Құраннан үзінді беріліп отырады. Осы жылғы басылымдарда Абайдың, Дулаттың тағы басқа ақын-жазушылардың мерей тойларына орай мақалалар жарияланып тұрды. Мысалы, Дулат ақынның 190 жылдығына орай Х. Сүйіншалиевтің «Дулат

ақын» мақаласы, Абайдың 150 жылдығының қарсаңында Нығмет Ғабдуллиннің «Абайдың назира үлгісі» мақаласы, М. Әуезовтің 100 жылдығы кезінде Валентина Ауезованың «Қастерлі қазына» мақаласы жарық көрді.

Журналдың бөлімдер қатарына 1995 жылдардан бастап шетелдегі қазақ әдебиеті қосылды. 1999 жылдан бастап әдеби-әлеуметтік журналға айналды. Осы жылғы басылымдарда журналдың соңында алдағы уақытта жарияланатын поэтикалық шығармалардың тізімі беріліп тұрды.

Журналдың 2000–2018 жылдар аралығында шыққан басылымдары. Журналдың 2000 жылғы басылымдарына біраз өзгерістер енгізілді. Бөлімдер саны, мазмұны алмастырылды. Олар:

1. Проза, поэзия
2. 2000 – мәдениетті қолдау жылы
3. Әдеби мұра
4. Әдебиеттану
5. Саясат және әлеумет
6. Алтыншы дәптер
7. Хат-хабар, ой-толғам

Осы жылғы басылымдарда әлем әдебиетінен аудармалар жариялана бастады. «Дін-ислам дәрістері» атты тарау жарияланды. Мұхтар Мағауиннен кейін бас редакторлық Ұлықбек Есдәулетке көшті. 2010 жылдардан бастап Қазақстан жазушыларының әдеби әлеуметтік журналы атанды. Қазіргі кезде журналдың бас редакторы – Ғалым Жайлыбай. Журнал мұқабасы өзгергенмен бөлімдер, мазмұны сол алғашқы басылымдардан көп айырмашылығы жоқ. Журнал қазірде айына бір рет жарияланып тұрады. Журналдың ресми сайты: www.writerhouse.kz

Тәуелсіз «Жұлдыз» журналында жазушы Мұхтар Мағауиннің замандас қаламдас тарулы естелік мақалалары үзбей жарияланып келеді. Сонымен қатар Тұрсын Жұртбаевтың көлемді мақала, әңгімелер, өлеңдер топтамасы оқырман назарына ұсынылған. Классикалық әңгімелер, әдеби сын мақалалар, тәрізді танымды-тағылымдық мақалалар жарияланған. Қазақ әдеби сынының кәсіпқой деңгейде қалыптасып, дамуына «Жұлдыз»

журналының қосқан үлесі зор. Басылым тек жазушылардың көркем туындыларын ғана басып қоймай, олар жайындағы сыни туындыларға да мол орын берген. Әйгілі қаламгер М. Әуезовтің 1928 жылы жазған өз өмірбаянында: «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталды» [2. 382-п., 7-б.], – деп атап көрсетуінің өзі баспасөздің әдеби шығармашылық пен сыни ой-пікірдің өсіп-өнуіне қаншалықты ықпал ететінін аңғартқандай.

Осы орайда басы XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап шыға бастаған, соңы XX ғасырдың 90-жылдарынан кейін пайда болған бірқатар әдеби журналдарға тоқталайық:

«*Абай*» – республикалық фольклорлық-этнографиялық, тәуелсіз әдеби-көркем журнал. 1992 жылы жарық көрген. Меншік иесі – «Парыз» шығармашылық тобы мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі. Таралымы – 1000 дана (2013 жылы).

«*Айбергенов әлемі*» – республикалық әдеби-мәдени журнал. 2010 жылы жарық көрген. Жылына төрт рет шығады. Таралымы – 3000 дана (2013).

«*Айлапат*» – аймақтық әдеби-мәдени журнал. 2013 жылы жарық көрген. Таралымы – 633 дана (2013). Меншік иесі – «Балқаш басылымы» ЖШС.

«*Әдебиет Қазақстан мектебінде – Литература в казахстанской школе*» – ғылыми-әдістемелік журнал (2007). Таралымы – 2000 дана (2013). Жылына 6 рет шығады.

«*Әлем әдебиеті*» – әдеби-көркем және публицистік журнал. 2006 жылы жарық көрген. Таралымы – 3000 дана, жылына 4 рет шығады. Меншік иесі – «Фолиант» баспасы.

«*Жалын*» – әдеби-көркем және әлеуметтік журнал. 1969 жылы жарық көрген. Таралымы – 1583 (2013). Айына бір рет шығады.

«*Жамбыл*» – әдеби-көпшілік, танымдық журнал. 2004 жылы жарық көрген. Құрылтайшысы – Жамбыл облыстық әкімдігі. Жылына 4 рет жарық көреді. Таралымы – 3250 (2013).

«*Жұлдыз*» – әдеби-көркем, қоғамдық-әлеуметтік журнал. 1922 жылы жарық көрген. Құрылтайшысы – Қазақстан Жазушылар одағы. Таралымы – 5330. Ай сайын жарық көреді.

«Қазақ және әлем әдебиеті – Казахская и мировая литература» – республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. 2004 жылы жарық көрген. Таралымы – 1500 дана (2013), жылына 6 рет шығады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» – республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал. 2004 жылы жарық көрген. Таралымы – 4531 дана (2013), жылына 12 рет шығады.

«Қаламгер» – халықаралық ақпараттық, танымдық-талдамалық, көркем-әдеби журнал. 2013 жылы жарық көрген. Айына бір рет шығады. Меншік иесі – «Ан Арыс» ЖШС. Таралымы – 1000 дана.

«Қасым» – республикалық әдеби-қоғамдық журнал. 2011 жылы жарық көрген. Меншік иесі – Қарағанды облыстық әкімдігі және «Ақсораң». Таралымы – 3000 дана (2013), жылына 6 рет шығады.

«Мұқағали» – республикалық әдеби-мәдени журнал, 2006 жылы жарық көрген. Таралымы – 6930 дана (2013). Меншік иесі – «Саржайлау».

«Простор» – көркем-әдеби журнал. 1933 жылы жарық көрген. Құрылтайшысы – Қазақстан Жазушылар одағы. Таралымы – 1104 дана (2013), ай сайын шығады.

«Тұмар» – республикалық әдеби-көркем журнал. 2008 жылы жарық көрген. Таралымы – 1000 дана (2013). Жылына 6 рет шығады.

«Үркер» – жастардың әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси журналы. 2009 жылы жарық көрген. Меншік иесі – «Қазақ газеттері» ЖШС. Таралымы – 2465 дана (2013), жылына 12 рет шығады.

Егер 1990 жылға дейін Қазақстанда үш әдеби-көркем журнал (Жұлдыз, Жалын, Простор) жарық көрсе, тәуелсіздік жылдарында олардың саны артты. Алайда олардың саны көбейгенімен, барлығының жиынтық таралымы «Жұлдыздың» 1990 жылғы таралымына жетпейді. Мысалы, «Жұлдыз» журналы 1980–1990 жылдар аралығында 3000 мыңдай данамен таралған.

Баспасөзде жарық көретін әдеби сын мақалалар журналдың қоғамдық-саяси бағытына орайласатыны байқалады. Мысалы,

XX ғасырдың басындағы журнал-газеттердің бағыты, ең алдымен, әлеуметтік-саяси тақырыптарды игеріп, одан кейін әдеби-эстетикалық көзқарастағы мақалалар қамтылған.

XX ғасырдың 1920–1990 жылдары жарық көрген шығармалардың көпшілігі, ең алдымен, журналдарда басылған, немесе оларға журнал бетінде рецензия жазылатын болған.

XIX ғасырдан бастап әдеби сынның тарихында газеттер де елеулі орын алады. Әдеби сын баспасөз бетінде өмір сүреді. Сондықтан да әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланысты. Қазақ даласында «Түркістан уалаятының газеті» (1870–1882), «Дала уалаятының газеті» (1888–1992) газеттерінің шыға бастауымен бірге олардың беттерінде әдеби ой-пікірлер де көрініс тапты.

Бұл газеттерде саяси-экономикалық мәселелермен қатар, оқу-ағарту жұмысының жай-күйін, өнер-білімнің пайдасы, орыс ғылымы мен мәдениетінің жетістігі туралы мақалалар жарияланған, бұл газеттер халықтың әлеуметтік сана-сезімін оятып, сонымен бірге қазақ әдебиет сынының тууына дайындық мектебі болған.

Біраз кітаптарға жазылған мақалалар арқылы сыни ой-пікірдің туа бастағаны аңғарылады. «Қисса Қожа Ғафан һәм Садуақас» деген кітапқа жазылған мақалада «Қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны бөтен, түсініксіз сөздермен шұбарламау» жайында ой айтылғанын ауыз әдебиет үлгілерін іріктеу, жүйелеу, құндыларын жариялау мәселесіне назар аударулары, оның ішінде сыншылдық ой-пікірге қатысы бар материалдардың болуы, көркемдік сапасы төмендеу болса да белгілі пікірлер айтылуы – сыни ойдың оянуына әсер еткенінің нақты көрсеткіші.

«Дала уалаяты газетінің» әдебиет пен өнерге, аңыз бен жырға, тарихи шежірелерге байланысты материалдары елдің санасын ояту бағытында үлкен еңбек сіңірген.

Мысалы, А. Құрманбаевтың «Қазақ тілі хақында» мақаласындағы қазақ тілінің тазалығын сақтау жайында жариялаған материалдарында Ы. Алтынсарин идеясын дәйекті қорғап, әрі дамытуы, Д. Сұлтанғазиннің қазақ тілі жайында жазған мақалалары сыншылық ойдың өркендегенін байқатуға мәнді дерек бола алады.

«Дала уалаяты газетінде» жарық көрген Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Абай өлеңдері жайлы мақаласы – қазақ әдебиеті тарихында Абай атының аталуына себеп болуымен қатар оған көтеріңкі баға берушілердің тұңғышы екенінің де көрсеткіші. Сонымен қатар бұл мақаланы Т. Кәкішұлы әлеуметтік-қоғамдық мәселемен араласып жазылған қазақ әдеби сыны деп те бағалаған. Ғалым аталған газетте жазылған мақалалардың кейбіреулерін рецензия дәрежесіне дейін көтерілгенін байқауға болады деп тұжырымдаған.

Қазақ әдеби сынының дамуына үлес қосқан газеттердің бірі – ХХ ғасыр басында жарық көріп тұрған «Қазақ» газеті. Сыншы Т. Кәкішұлы «Қазақ» газеті осы проблемаларды А. Байтұрсыновтың ағартушылық идеясын насихаттаумен қатар, нақты практикалық тұрғыдан шешуге, іске айналдыруға тырысқандығымен дараланады деп көрсетеді.

«Қазақ» газеті қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жазу арқылы үлкен эстетикалық өреге көтере білді. Газет бетінде сынның жарнама, аннотация түрлерінен басқа, көлемді, мағыналы рецензиялар, ғибратты ғұмырнамалар, ойлы сын мақалалар, қарымы кең ғылыми зерттеулер кездеседі.

Басылымдар жекелеген тұлғаларға, оның ішінде тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тілдес елдердің ұлы перзенттеріне арналған ғұмырнамалық құнарлы мақалалар мен мәнді зерттеулер десе де болғандай. Осы бір арнадағы өнімді еңбек журналдың сыни ой-пікірлерін қалыңдата түскенін де атап айтқан жөн. Бұл салада тарихи танымды мақалалар, әсіресе М. Сералин қаламынан көбірек туған. «Маржани», «Ғабдолла Тоқаев», «Жуырда орны толмастай өлім», И. Гаспринскийдің 1914 жылы 1 қыркүйекте қайтыс болғанына байланысты оның өміртарихы мен шығармашылық еңбегіне тоқталған.

«Ноғай бауырларымыздан кемге санамай жүрген біз Алаш ұранды қазақ жұрты не ғып жүрміз? Өткен 1914 жылы он бесінші июльде алтыбас Ы. Алтынсариннің дүниеден қайтқанына жиырма бес жыл толып өтті. Қазақ жұрты үшін Алтынсариннің өткен қызметі көп еді. Соны есіне алған қазақ болды ма?!» – деп

әлеуметті өз халқымыздың ардақты ұлдарының еңбегін бағалап, лайықты сый-құрмет көрсетуге шақырды.

Журнал осы секілді тұғырлы тұлғаларды насихаттап, өз кеменгерлерімізден алшақтамай, қайта олардың озық ой, құнды пікірлерін жалғастыруға талпынды. Алайда кеңес өкіметі тұсындағы кейбір жалған көзқарастың ызғарынан қорқып, артық сілтеген ғалымдар да болмай қалмады. Өзі айрықша зерттеп, үлгі-өнеге көрсеткен профессор Б. Кенжебаевтың, «Айқап» сол кездегі татар мәдениетіне де, татар әдебиеті арқылы шығыс мәдениетіне де иек сүйеді. Ал оның мұнысы үлкен қате болды. Өйткені шығыс мәдениеті ескі, мешеу еді, капитализмнің өркендеуіне байланысты шығыста, Россия мұсылмандары арасында болған діни оянушылық-жәдитшілдік бұл кезде, империализм тұсында, үстем таптардың арандатушылық әрекеттері арқасында ескілікке, керітартпалыққа, панисламизм, пантюркизмге, түрлі ұлтшылдыққа қарай бет бұрған еді» – деген пікірін осы мәселені қойма ақтарғандай қарап, арши зерттеген профессор Т. Кәкішұлы дәлелді сөз, уәлі уәжбен басқаша баяндайды. «Россия мұсылмандарына аты мәшһүр болғандарды ауызға алдың деп, оның ішінде пайдалы мәселелеріне назар аудардың деп кінәлау қаншалықты орынды бола қоймақ.

Сондай-ақ жадитизм бұл кезеңде шығысқа ден қойып еді деп, бүкіл шығыстың мәдениеті керітартпашыл еді деудің жөні келе бере ме?» – деп ірі ғалымның жаңсақ басқан қадамын сол қытымыр кездің өзінде жасқанбай ашық айтуы жұртшылық түсінігінің дұрыс бағытқа бұрылуына ықпал еткені сөзсіз.

«Қазақ» газетінің бетінде, түркі тілдес елдердің ұлы перзенттеріне арналған тарихи танымдық дүниелер М. Дулатовтың қаламынан көбірек туған. «Тоқай», «Ахмет Иасауи», «Абай», «Шоқан» сияқты мақалалары тарихи құндылығымен ерекшеленетінін жазған. А. Байтұрсыновтың «Исмаил Гаспринский» атты мақаласында жалпы түркі үшін еткен еңбегі бағаланса, Г.Н. Потанин туралы Бөкейхановтың, М. Шоқаевтың Әбубәкір Диваев жайында жазған мақалалары таныстыру-таныту мақсатын көздеген. Осы шығармаларға тән қасиет ел көсегесін көгертуге

бар өмірін арнаған халық ұлдарын жұртқа таныстырып, кейінгіге үлгі, болашаққа аманат ету ниетінің басым болғандығын көрсетеді.

Жоғарыдағы дәйектер баспасөздің қазақтың қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятып қоймай, оған жол ашқандығын, баспасөз бетіндегі материалдар қазақ әдебиет сынының кең арна тауып кетуіне мүмкіндік бергендігін көрсетеді.

Сонымен, әдеби сын баспасөзге байлаулы жанр, сол арқылы қалыптасып, әдебиеттану ғылымының жеке саласына айналғанын ескерсек, бұл орайда қазақ әдеби сынының тууы мен қалыптасуында ХХ ғасыр басындағы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің тарихи маңызы ерекше екендігі сөзсіз. Олар жарық көргеннен бастап әдебиетімізге қатысты дүниелерге ерекше назар аударылды. Өлең-жыр, әңгіме, жолжазба, очерк, сыни-танымдық мақала, портрет, ғұмырнамалық шығармаларға өз бетінен үнемі орын беріп отырды.

Әдеби газеттер мен журналдардың әдебиет тарихынан алатын орны ерекше. Ақын-жазушылардың өлеңдері және шығармалары, оқырманының қолына жету үшін ертеректе газет беттерін пайдаланған. «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Жас Алаш», «Абай» т.б.газеттер ағартушылық ойды кеңге салуға зор мүмкіндік берді.

Ақ Жол газеті – Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының және мәдени-ағарту ісінің дамуына ықпал еткен газет. Ол 1920–25 жылдары Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК мен ТүркАКСР-ы ОАК-нің органы, 1925–26 жылдары Шымкентте БК(б)П Сырдария губкомының органы ретінде шығарылды. Алғашқы редакторы – С. Қожанов. Кейін газетті шығарушы, редакторлардың ішінде Н. Төрешұлов, С. Оспанов, И. Токтыбаев т.б.болды. Оның жұмысына М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, І. Жансүгіров, А. Байтұрсынов, Б. Сүлеев, Т. Шонанов т.б.қазақ зиялыларының үлкен шоғыры араласқан.

Басылым беттерінде Алаш қозғалысының қайраткерлері қазақ халқының мүддесіне қатысты тақырыптарды қозғап, құнды мақалалар жариялады. Газеттің саяси-идеялық бағыты құ-

рылтайшыларына ұнамады. Оның жұмысына көп кедергілер жасалды. Коммунистер «қызыл» деген сөзі бар атауды алмай, газеттің «Ақ жол» атануының өзінен күдікті мән іздеді. Осыған орай С. Қожанов «Ақ жол» біздің ақ батамыз, ақ жүрегіміз, ақ көңіліміз екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылымен біліп, жүрегімен сезеді» деп жазды. 1925 жылы 29 мамырда И.В. Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған «Қазақ баспасөзі туралы» хатында «Ақ жол» мен «ақ гвардияшыл эмигрант» М. Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазып, партияда жоқ интеллигенттерді коммунистік басылымға жолатпауды талап етті. Сталиннің хаты ескі интеллигенцияны қуғындауға жол ашып, 20-жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда жарық көрген ұлттық басылымдарға үлкен соққы болып тиді және жариялық пен демократиялық атаулыны әміршіл-әкімшіл жүйемен ауыстыруға негіз берді. «Ақ жол» газеті халық алдындағы борышын адал орындаған, ұлттың рухын көтеретін басылымдардың бірі болды (Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010).

«Жас Алаш» газеті – жастарға арналған ең байырғы және беделді республикалық басылым. Алғашқы саны 1921 жылы 22 наурызда Ташкент қаласында жарық көрді. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы Ұ. Мұратбаев, жауапты хатшысы І. Жансүгіров болды. Сол кездегі қаржы тапшылығына, т.б.себептерге байланысты басылым «Жас қайрат», «Өртен», «Жас қазақ» газеттері және осы аттас журнал түрінде шығып тұрды. Газеттің жабылып қалмауын ойлаған С. Садуақасов, А. Байтұрсынов, Б. Майлин, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ж. Аймауытовтар «Еңбекші қазақтың» бір бетін «Лениншіл жас» деген атпен де шығарған. Газет 1927 жылы 22 қыркүйектен «Лениншіл жас» деген атпен шыға бастады. Бұл басылым қай кезде де қазақ жастарының азамат болып қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. (Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010).

«Қазақ әдебиеті» газеті – Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер газеті. Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шыға бастады. Газет беттерінде қазақ ақын жазу-

шыларының өлең, жыр, дастандары, әңгіме, очерктері, роман, повестерінен үзінділер, байырғы мәдени қазынамыздың ел аузында жүрген асыл үлгілері, көне тарихымызға қатысты деректер мен археологиялық-этнографиялық мұралар, қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні және келешегі жайлы байыпты әдеби-сын мақалалар; елдік елеулі мәселелер – қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени оқиғалар жөнінде публицистік өткір ой-толғаулар, дүниежүзі классиктерінің үздік туындыларынан аудармалар жарияланады.

Сонымен бірге оқу-ағарту, білім, ғылым саласындағы әр алуан көкейкесті мәселелерді сөз етеді. Кино, театр, сымбат, қолөнерінің келелі тақырыптарын кеңінен толғап, белгілі әдебиет, өнер қайраткерлерімен сұхбат жүргізіп, олардың жаңа шығармашылық туындыларын оқырмандарға таныстырып отырады (Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010).

«Ана тілі» – ұлт газеті. Алғаш жарық көруі: Республикалық «Ана тілі» газеті тәуелсіздіктің жылымығы есе бастаған 1990 жылы, Ұлыстың ұлы күні наурыздың 22-сінде жарық көрді. Бағыты: «Ана тілі» – Мемлекеттік тілдің бірден-бір жоқшысы, үні айбары. Республикадағы тіл тақырыбында шығатын ресми жалғыз басылым. «Ана тілі» тек Мемлекеттік тіл ғана емес, ұлтқа қатысты кез келген күрмеулі мәселелерді көтеріп келеді. Қазақтың тілі, қазақтың ауылы, қазақ мектебі, балабақшасы, қазақ жастары, қазақ ғылымы, т.б.көптеген тақырыптар басылым беттерінен түсіп көрген емес (Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010).

Әдеби газеттердің әдеби сынды дамытуға әсер-ықпалы зор болғанымен, кейде мүмкіншілігінің де шектеулі екендігін жасыруға болмайды. Өйткені белгіленген көлемі шектеулі болғандықтан, сыни мақалаларға көп орын бере алмайды.

Сыни мақала әдеби шығармалар, жазушы шығармашылығынан басқа, сол туынды өмірге келген мәдени-тарихи, қоғамдық мәселелерді де қарастырады. Тікелей газет, журнал контексімен байланыстыратын әдеби сынның бұл қасиеті публицистикалық сын деп

аталады. Публицистиканың өзіне тән қасиеті оның жылдамдығында, өмірге және қоғамдық көзқарасқа дер кезінде әсер етуінде. Автордың замандасы болып табылатын сыншы үшін әдетте шығармада уақыттың нақты, шынайы бейнесінің көрініс табуы маңызды. Сондықтан сыншы заман сипатына, қоғамдағы көркем мәдениеттің деңгейіне, шығарманы талдауда өзі қызығушылық танытқан мақсатқа қарай шығарманы талдау нысанына айналдырады.

Сыни интерпретация жасаудың маңызды принципі – көркем шығарманы нақты қоғамдық-мәдени ахуалға орай өзектендіру. Әдеби сынның публицистикалық сипаты жазушының шығармада көрініс тапқан тарихи-әлеуметтік аясына орай бағалауынан байқалады. Дегенмен қоғамдық өмір құбылыстары әдеби сынның тікелей объектісі болмауы керек. Қазақ әдеби сыны әрқашанда әдебиетті тану ғана емес, сонымен қатар қоғамның да өзін-өзі тануы болады десек, артық айтқандық болмайды. Сондықтан да сыншы-публицистер әдебиет пен өнерге көбінесе ақиқатты танудың құралы ретінде қарайды.

В.В. Розанов былай деп жазады: «Әдебиетке өмірлік мән дарытатын, оған барынша қызығушылықты туындататын, оның тарихи аяда дамыған қоғамның рухымен үндестіретін қуат сыйлайтын сыншы болмаса, мұны атқару мүмкін болмас еді. Тап осы сынның әсерімен әдебиет біздің өмірімізде елеулі мән-ге ие болды. Жазушы біздің қоғам мен тарихта жұртшылық пікіріне құлақ асатын маңызды тұлғаға айналды» (В.В. Розанов Собр. соч. Легенда о Великом инквизиторе Ф.М. Достоевского. Литературные очерки. О писательстве и писателях. – М.: Республика, 1996. – С. 236).

Публицистикалық сынның мән-мағынасының салмақтылығы қоғамдағы елеулі өзгерістердің, саяси ахуалдың күрт өзгеруіне байланысты болады. Мәселен, сыншыны қоғамдық-саяси мәселелер ғана алаңдатпайды, сонымен қатар ол моральдық мәселелерді де қарастырады және оқырманның эстетикалық талғамын қалыптастырады. Көркем шығармада автор оқырманмен сырттай сыр-сұхбат құра алмаса, сыншылар оқырмандармен тікелей диалогке түсіп, белгілі аудиторияға ие бола

алады. Мақаланың композициялық құрылымын анықтау, диалог формасында ұйымдастыру – сыншының өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Баспасөздің әдебиет сынының қалыптасуы мен дамуындағы роліне сипаттама беріңіз.
2. «Қазақ» газетіндегі сыншылдық ой көріністеріне және авторларға тоқталыңыз.
3. «Дала уалаятының газетіндегі» әдеби ой-пікірлерге тоқталыңыз.
4. «Түркістан уалаятының газетіндегі» алғашқы сын жанрларының өзіндік ерекшеліктерін көрсетіңіз.
5. «Айқап» журналындағы айтыс және полемикалық мақалалардың мазмұнын сипаттаңыз.
6. Тәуелсіздік кезеңдегі журналдардағы әдебиеттің жетістіктері мен кемшіліктері жайлы мақалалар.
7. «Қазақ әдебиеті» газеті: қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні және келешегі тақырыпта мақала жазыңыз.

1.2. Әдеби сын типологиясы

Көркем әдебиетпен және заманауи өмірмен қоян-қолтық араласа отырып, әдеби сын тек шығарма айналасында қоғамдық пікір қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар әдеби бағыттардың әлеуетті мүмкіндіктерін анықтауға, біртіндеп пайымдауға жол ашады, соған сәйкес өзі де бағыттар, ағымдар, мектептер ретінде қалыптасады. Бұл құбылыстарды анықтауда зерттеушілер әдеби процесс теориясының қол жеткізген нәтижелеріне жүгінеді.

Бұл ретте әдеби сын бағыты мен ағымының айырмасын ажыратып алудың маңызы зор. Әдетте, әдеби сын бағыты әдебиетке деген нақты тарихи сәйкестік немесе әдебиетке деген тәсілдерінде ортақ қағидаттардың болуы әдеби сынның белгілі бір бағытын айқындайды (классикалық, романтикалық, реалистік, модернистік т.б.).

Ал ағым болса, сыншылардың өзін өзі белгілеуін нақты межелейді. Көбінесе ағым сыншылар қауымының идеологиялық бағдарламалары мен эстетикалық көзқарастары тұрғысынан жақындықтарын айшықтайды.

Сын тарихында әдеби бағыттардың ауысу кезеңдеріне қарай құру қағидаты қолданылады. Алайда сынның өз жеке дербестігін де естен шығаруға болмайды. Сынның әрбір бағыты өз әдеби бағытын негіздеп қана қоймайды, сонымен қатар өз міндеттерін де шешеді, өз тәсілдері мен жанрлық-композициялық құрылымын да түзеді.

Типологиялық тәсіл сын тарихындағы қайталанба құбылыстарға негізделген. Өйткені әртүрлі тарихи кезеңдегі, әдеби проблематикаға сәйкес келмейтін түрлі идеологиялық ұстанымдағы әдеби сыншылар әдістерінде бізде сыншылардың осындай құндылықтық ұстанымдарымен, олардың әдебиеттің қоғам өмірі мен мәдениетіндегі орны мен маңызы туралы түсініктерімен байланысты қайталанбалы құбылыстарды аңғарамыз. Осыған орай сын тарихын зерттеушілер әдеби сын тарихында сынның мынадай үш жетекші типін бөліп көрсетеді: *филологиялық (эстетикалық)*, *философиялық*, *публицистік*. Осылардың ішінде қазақ әдеби сын тарихында филологиялық және публицистік сын басым түрде дамыған.

Әрине, сынды мұндай типтерге бөлу шартты әрі ол құбылыстың толыққанды мәнін ашып бере алмайды. Дегенмен бұл белгі әдеби сынның бойында ұшырасатын белгілі бір ерекшеліктің немесе бастаудың басымдығын ғана көрсетеді. Аталған типтердің әрқайсысы белгілі бір даму кезеңінде пайда болған, яғни оның дамуына қолайлы тарихи-әдеби жағдайларға орай қалыптасқан.

✓ *Филологиялық сын* әдеби шығарманы таза көркемдік тұрғыдан өнер туындысы ретінде қарастырады.

✓ *Философиялық сын*, негізінен, әлемдік сыни ой тарихында ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінде пайда болды. Г. Флоровскийше айтқанда, «қоғамның философиялық оянуы» кезінде туындады. Ол әрбір әдеби құбылысты жалпыфилософиялық және эстетикалық проблема ретінде қарастырады.

✓ *Публицистикалық сын* әдеби шығарманы бағалауда өмір шындығына сүйенеді, ол ең алдымен, оның қоғамдық маңызын алға шығарады. Сыншы-публицистер әдебиет қоғамдық өмірмен байланысты құбылыс және қоғамдық күрес қаруларының бірі де-

ген тұжырымға сүйенеді. Олар әдебиетті сөз өнері ретіндегі емес, қоғамдық идеологияның бір түрі ретіндегі рөліне көбірек мән береді.

Қазіргі ғылымда сын тарихын әдеби-сыни қызмет субъектісі тұрғысынан *кәсіпқой, жазушы және оқырман сыны* деп жіктеу қолданылып жүр. Бұл ретте, әдеби сын теоретигі Д. Ысқақұлы қазақ әдеби сынының теориялық негіздерін ғылыми тұрғыда кеңінен қарастырған «Сын өнері» атты оқу құралындағы «Әдеби сынның түрлері тарауында: «Әдетте бізде «терең ойлы философиялық (немесе эстетикалық) сындар жоқ» дегенді естиміз. Тәжірибеде «сын» сөзінің алдында қойылған анықтауыштар оның қандай түрі екендігін аңғартады. Ал әдеби сын ғылыми түрде қалай жіктеледі, бөліну шарттары қандай деген мәселелердің төңірегінде де ойланарлық жәйттер бар. Ең бастысы – түрлерге бөлу шарттарының нақтылы еместігі. Сынды түрлерге бөлгенде бірнеше өлшемдер алынып жүр. Олардың бастылары: сынды кімнің жазып отырғандығы, қандай әдісті қолданғандығы, шығарманың қандай сипаты талданатындығы, қандай жанрда жазылатындығы, т.б.» деп анықтама бере, «Әдеби туынды хақында кімнің пікір білдіріп отырғандығына, жазылу мәнеріне (стиліне) орай жазушы сыны, сыншы сыны, оқырман сыны» деп үш түрге бөліп қарастырған. Әдеби сынның түрлерін үш түрге бөлу процесі – алыс-жақын елдер әдебиетінде де қалыпқа енген теориялық үрдіс. Орыс әдебиеттанушы В.Н. Крылов 2016 жылы жарық көрген «Орыс әдеби сыны» атты монографиясында әдеби сынды түрге бөлуде В.В. Прозоров, О.О. Милованова және т.б.авторлардың 2006 жылғы басылып шыққан «Орыс әдебиет сынының тарихы» атты еңбегіне сүйенген.

Кәсіпқой сын – автор үшін негізгі, басқа қызметтерінен басым түсетін шығармашылық қызмет. Сыни мақаланың ғылыми талдауы, өзіндік тұжырымы, ғалымдық қабілет және дәлелі басым болады. «Әдебиеттану ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, талдаушылық, сол негізде пікірлер ұсыну басты ие болады» (Д. Ысқақұлы). Әдеби сынның бастау алар қайнар көзі Әбу Насыр Әл-Фарабидің, Махмұт Қашқаридің, Жүсіп Баласұғын-

ның сөз өнері жайлы жазған пікірлері мен Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың әдебиетке қатысты айтқан ойлары және XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттерінің бетінде жарияланған мақалалар деп негіздесек те, кәсіпқой сыни мақалалар қазақ тарихында XX ғасырдың 20-жылдары жазыла бастады.

Жазушы сынына әдебиетші-қаламгерлердің шығармашылық үдеріске, жекелеген әдеби туындыларға қатысты әдеби-сыни және публицистикалық пікірлері мен баяндамалары, мақалалары жатады.

Жазушының әдеби сынының ерекшелігі оның шығармалық процестің қыр-сырын ішінен танып-білуінде, өз шығармашылығының заңдылықтарын теориялық пайымдауының маңызды құралы болуында. Жеке шығармашылығын сыни пайымдау процесі – көркем шығармашылық қызметпен ажырамас бірлікте. Жазушы сыншылық жұмыспен айналыспаған күннің өзінде де сыншы болып қала береді. Өйткені оның көркем шығарма бойынша жұмысы барысында оның түрлі нұсқаларын жасауы, өз туындысын қайта-қайта өңдеуі, жетілдіруі автосынның көрінісі болып табылады.

Оқырман сыны – кәсіпқойлық тұрғыда әдеби іспен байланысы жоқ оқырманның қазіргі әдебиет өнеріне қатысты әртүрлі көзқарастары, пікірлері, бір сөзбен айтқанда, реакциясы. Әлбетте, ол кәсіпқой сыннан қарапайымдылығымен, эмоционалды сипатының басымдығымен ерекшеленеді.

Оқырман сынының кең тараған жанры – оқырманның шығарма авторына, кәсіпқой сыншыларға, шығарушыға жолдаған хаты. Сондай-ақ оқырман сыны рецензия, реплика, жазба, фелетон және т.б. пішінінде де болуы мүмкін. Оқырман сынының ауызша түріне әдеби кездесулер мен пікіралысулар барысында оқырманның сөйлеген сөздері, білдірген лебізі де жатады. Кең мағынасында алғанда, оқырман сыны – қазіргі әдеби өмір туралы барлық пайымдаулар (жазба және ауызша түрде, әдеби пікір, қауесет, анекдот және т.б. қамтиды).

Әдеби-сыни мәтіннің поэтикасы

«Әдеби сынның поэтикасы» түсінігін анықтау үшін поэтиканың әдеби тұрғыдағы түсінігіне назар аударайық.

«Поэтика» пәні – кең мағынасында кез келген жанрдағы шығарманың тілдік ерекшелігін, құрылымы мен формасын зерттеу. Кез келген шығармаға тән поэтика тілі бар. Мысалы: көркем әдебиет поэтикасы, публицистика поэтикасы, сын поэтикасы, фольклорлық поэтика және т.б. Әдебиеттегі «поэтика» ұғымы «әдеби шығармалардағы тілдік ерекшеліктерді зерттеу жүйесі». Кеңейтілген мағынасын ашып қарайтын болсақ, онда ол әдебиет теориясымен, әдеби поэтикамен тығыз байланыста қаралады.

Әдеби-танымдық мәтін құрылымын зерттеу келесі ережелерге негізделуі мүмкін: әдеби-сыни мәтін (ӘСМ) жалпы мәтіндік үлгілерге бағынады. Мәтіндер типологиясы аясында (ниеті тұрғысынан) ӘСМ түсіндірме, аргументальды мәтінге жатады. Чех лингвисті К. Глаузенблас ұсынған мәтін түрлерінің жіктелуіне сәйкес, ӘСМ күрделі құрылымы бар мәтін топтарының бір бөлігіне жатады. Ол ғылыми және көркем мәтін арасында орналастырылуы мүмкін. Ғылыми жұмыс әдетте көңіл-күйді, автордың «физиономиясын», оқырманға деген көзқарасын, айтылғандарды бағалауды ұсынбайды.

Ғылымда көркем әдеби мәтін мен көркем әдеби стильге жатпайтын мәтіннің арасындағы шекара бұрыннан бері нақтыланып келе жатыр. Бір жағынан алып қарасақ, көркем әдеби мәтін дегеніміз – эстетикалық қызмет атқара алатын, сөз мәдениеті тұрғысынан баяндауға келетін мәтін. Екінші жағынан, заманауи мәтін стилистикасында көркем әдеби мәтінде кездесетін құрылымдар мен категориялар көп жағдайда көркем әдеби емес мәтіндерде де кездесіп жататынын байқаймыз. Әсіресе автордың образы, мәтін арасындағы бөлімдер, композиция, сюжет, уақыт, жанр және т.б. сияқтыларда кеңінен көруге болады.

Мәтіннің әдеби-сыни поэтикасы сынның бірнеше функционалдық қасиеттеріне ие: 1) сынның негізгі пәні – әдебиет. Демек, бұл сатыда әдебиет пен сынның диалогтық байланысы қасиеті маңызды; 2) риторика заңдылықтарының әдеби-сыни поэтикаға

әсері; 3) әдебиеттің қоғамдық өмірмен байланысы. Енді осы аспектілерді кеңінен қарастырайық.

1. Шығарманың көркем әдеби құрылымы, оның стилистикалық ерекшеліктері, сыни әдебиеттің көлемі (әдеби тезаурус), көркем әдеби стильдің жеке спецификасы (жазушы сынына қатысты) – осының барлығы сыншыға белсенді түрде әсер етуі мүмкін. Яғни осы аталған аспектілерінің барлығы пәндік-логикалық және эмоционалды-экспрессивті тұрғыдан сыншы мен сынға әсер етеді. Сондықтан көркем әдеби тіл мен метатілдің арақашықтығының сақталуы немесе жақындасуы көркем әдеби стиль үшін әрдайым мәселе болып қала бермек. Әрине, бұл мәселе сыни жүйелерде әртүрлі шешіледі. Модернизм дәуірінде бұл арақашықтық әдейі қысқартылып отырған деседі.

2. Риторика мен ауызекі сөйлеу тіліне ерекше қызығушылық әдеби шығарманың ерекшелігін тереңірек талдаған кезде туындаған. «Риторика» термині классикалық та, заманауи да мағынасында қолданылатыны белгілі. Классикалық мағынасында «риторика» термині «прозалық тіл өнері» болып есептеледі. Және оның «поэтикалық тілдік шеберліктен» айырмашылығы бар. Біздің ойымызша, әдеби сын үшін терминнің классикалық мағынасы үлкен мәнге ие.

Сынның генезисі мен оның функционалдық тарихы риторикамен тығыз байланысты. Риторика тілінде сыни көзқарас бар, сыни пікір айтылады. Себебі шешендік өнердің арқасында автор өзінің сындық көзқарасын әрдайым білдіріп отырады.

3. Біз ӘСМ құрамындағы публицистиканың және публицистикалық ақындық аспектісі ретінде осы аспектіні анықтаймыз.

Публицистика немесе романтика ретінде оны тарихи деп атайды, өйткені ол сын тұрғысынан шығармашылық өмірде белгілі бір дәуірге бағытталған. Ол қазіргі заманға қатысты, суретшіге, қоғамға қатысты және т.б. Әртүрлі әдеби-сыни пікірталастарда ең жанданған өмір пайда болады – «шикі», аморфтық, теориялық емес, көркем де көрсетілмеген әлеуметтік шындықты қалыптастыру көрініс табады.

Әдебиеттанудан гөрі әдебиетпен тығыз байланыстыратын міндеттер бар. Сын әдіснамасы эклектикалық емес, синтетикалық

емес, әдебиеттің интеграциялану қабілетінің кейбір бөлігін сөзсіз береді. Демек, сын-ескерту талдаудың бейімделуін және көркем шындықтан тыс жатқан барлық нәрселерді байланыстырады: сыншылардың жеке тәжірибесі, автобиографиялық фрагменттері, естеліктері, дәуірдің сипаттамасы, әлеуметтік моральдар туралы эссе және т.б. Бұл сынға синтетикалық жанрлық құрылымдарды құру үшін негіз болуы мүмкін. Біз әдеби-танымдық мәтіннің поэтикасын жан-жақты зерттеу қажеттілігіне баса назар аударғымыз келді. Бұл теориялық негіздеме екі ережеге негізделген:

1) ӘСМ-нің жалпы мәтін заңдарына бағынуы; 2) шығармашылық және көркем емес мәтіндер арасындағы шегаралардың мобильділігі. ӘСМ ғылыми және көркем мәтін арасында орналас-тырылуы мүмкін.

Табиғаттың коммуникативті компоненті шешуші болған әдеби сындарды оқығанда, бұл тәсілдерді елемеуге болмайды. Жалпыға бірдей мәтіндік санаттарды ақпараттылық, біріктіру (мәтінаралық сілтемелер), мәтінаралық байланыстар, ізденіс, ретроспектива, субтекст және т.б. сияқты тақырыптарда сыни мәтінді ұйымдастыру қағидаларын сипаттайтын интратстік белгілер мен критерийлерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Негізгі мәселе – жалпы мәтіндік санаттар мен көркем мәтін категорияларының сынға түскенін анықтау. Бұл үрдіс бүгінде философияны зерттеуде пайда болатын жаңа білім өрістері (шегараларда, «дәстүрлі ғылымдар арасындағы бос орындарда») пайда болғаннан кейін, әдебиеттану зерттеуімен таныс болуы тиіс.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Сынның үш негізгі типтеріне теориялық анықтама беріңіз.
2. Әдеби сынның типологиясы жайлы баяндаңыз.
3. Әдеби сынның принциптеріне тоқталыңыз.
4. Әдеби сынның формалары (1960–1990 ж. жазылған сыни мақалалар бойынша) негіздеме жасаңыз.
5. Кәсіби сыншы, жазушы сыншы, ғалым сыншы мақалалар арқылы ерекшеліктері мен ұқсас тұстарын сипаттаңыз.
6. Сын поэтикасындағы анықтамалар бойынша А. Кеңшілікұлының (Ақ жауын. Әдеби сындар. Астана: «Елорда», 2001; Қарлығаш-дәурен. Әдеби-сын, публицистика, эсселер. – Алматы, «Қаламгер Тен», 2003) шығармалар жинағындағы мақалаларға анализ жасаңыз.

1.3. Әдеби сын жанрлары

Әдеби сын көркем шығармаға эстетикалық баға беріп, бейнеленген өмір шындығының көркемдік шындыққа қалайша айналғандығын саралайды, оның мән-маңызын түсіндіреді, әдеби өмірдің бүгінгі ерекшелігін айқындап, бағыт сілтейді. Әдеби сынның әдебиет тарихынан бір айырмашылығы ол бүгінгі шығармаларды талдап, оларға қазіргі кезең талаптары тұрғысынан баға береді. Әдеби шығарманы оқыған адамның ол жөнінде өз пікірі, көзқарасы болады. Әдеби сын – оқушыға тура жол көрсететін ақылшы. Сын көне заманда туғанымен, ол көп уақыт авторлардың көркем шығарманы ұнатуы немесе ұнатпауы дәрежесінен аса алмаған. Әдебиеттің жанрлары жіктеліп, өркен жая бастаған сайын әдеби сынының мақсаты мен міндеті де күшейе түскен.

Әдеби сынның жанрларын жіктеуде бірнеше негіздемеге сүйене отырып бөліп қарастырылады: оның сан сипатты табиғатына қарай, сын жанрларын алдымен көркем-публицистикалық, ақпараттық, аналитикалық деп жіктеуге болады. Сынның жанрларын меңгерген кезде сынның шынайылығын ескере отырып, оның әдебиетпен, әдебиет туралы ғылыммен, публицистика және философиямен өзара әрекеттесу қабілеттілігіне баса назар аударған жөн. Әдетте жанрлар «таза» күйінде кездеспейді. Сыншы алдына қойған мақсатына жету үшін, алдымен қажетті жанрды таңдап, жанр талабы бойынша жазылады. Қарастырылып отырған әдеби объектінің табиғатына қарай публицистикалық қыры басым болуы мүмкін немесе ғылыми тілі. «Әдетте жиі айтылатын «жанрын тапқан» деген сияқты тіркестердің ар жағында шеберлікке қатысты көптеген мәселелер жатыр», – деп тұжырым жасаған Д. Ысқақұлы.

Әдеби-сыни жанрлар келесі әдістемелік принциптерге арқа сүйейді: орнықтылық пен ауытқушылықтың өзара байланысы, сын жанрларының мазмұндық формаларының шарттылығы, жанрлардың өзара әсері. Әртүрлі сын жанрларын бөліп алу критерийлері сын мен әдебиет диалогының сипаты, сыни анализ

объектілерінің өзара байланысы, ұстанымдар мен дәлелдеу жүйелері ескеріле отырып анықталады. «Тігі бойынша» жіктеу «көлбеу бойынша» жіктеумен толықтырылады, яғни көпшілік жанрларға: хат, пайымдама, эссе, диалог, параллель және т.б.

Тарихи даму үрдісінде сынның қалыптастырғыштық функциясы (идеологиялық, коммуникативтік, интерпретациялық, болжамдық) тиісті жанрларды туындатады. Қалыптасқан жанрлар әлдебір иерархия бойынша қарастырылуы мүмкін. Оның «жоғарғы жағын» метажанрлар – теориялық мақалалар, трактаттар, манифестер құрайды. Бұларда көбіне сынның эстетикамен, әдебиет теориясымен жақындығы ұшырасады. Өз кезегінде мұнда жанрлардың екі тобы кездеседі: біріншісі әдебиетке, ал екіншісі сынның өзіне, оның теориялық өзіндік ерекшелігі проблемасына бағытталған. Ал бұлардың ең басым бөлігін сынның әдеби процестің ағымдағы қажеттілігін өтеуге бағытталған жанрлары (рецензия, аннотация, мақала, шолу, т.б.) құрайды.

Сынның көркем жанрлары әдебиеттің тегі (род), түрі (вид) жағынан эссе, пародия, эпиграмма, памфлет, т.б. болып бөлінеді. Сын жанрларын іштей шартты түрде қарасөзбен (рецензия, шолу, эссе, шығармашылық портрет, т.б.) және өлең сөзбен (эпиграмма, пародия) жазылған деп бөлуге келеді. Публицистикалық жанрларға әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шолу, творчестволық портрет, әдеби фельетон, әдеби очерк, әдеби есеп, т.б. жатады. Бұларды тағы да хабар (әдеби хабар, аннотация), талдау (рецензия, мақала, шолу, шығармашылық портрет), әдеби-публицистикалық (әдеби фельетон, әдеби памфлет, әдеби очерк, т.б.) жанрлары деп жіктеуге болады. Бүгінгі әдебиет жайлы жазылған көлемді ғылыми еңбекті «монография» деп атайды.

Рецензия сөзі латын тілінен шыққан «*resensio*», қазақша бағалау, тексеру, қарастыру, зерттеу, пікір білдіру деген мағынаны білдіреді. Әдеби шығарманы сыни тұрғыдан талдап қарастырып бағалайтын, пікір білдіретін әдеби сынның жанры.

Бұл жанрда ақпараттық-танымдық, бағалаушылық бағыт басым болады, сыншы өзінің ұстанымын негіздеп, анализ жасап отырған шығармаға қызықтыру керек. Рецензия жаңа басылым-

ды хабарлау функциясын атқарады және сол туындының мазмұн, стиль ерекшелігі жайлы көзқарас қалыптастырып, шығармаға деген қызығушылық тудырады. Рецензияның – нақтылығы, тиімділігі, шапшаңдығы секілді қасиеттері басшылыққа алынады. Рецензия шығарма жарық көрген күннен бастап жазылады, біраз жылдан кейін сол туындыға жазылған рецензияны көру мүмкін емес. Кәсіпқой сыншы рецензиясында шығарманың идеялық-эстетикалық ерекшелігі ашылып, шығарманың әдеби үдерістері орны айқындалады. Сыншы рецензия жазу барысында оның кімге арналып жазылатындығын, аудиторияның білімін, оқырмандардың қызушылығын да ескеруі маңызды. Яғни объектісіндегі шығарма оқырманды қызықтырса, шығарманың мәні, автор идеясы, көркемдеу тәсілі түсіндіріледі. Оқырман аудиториясы қажет етпеген жағдайда, кітап қысқаша сипатталады. Рецензия белсенділігімен туындының әдеби өмірдегі алғашқы орны анықталады, сыншы-автор-оқырман арасындағы байланыс орналасады. Рецензияның көлемі көздеп отырған объектіге байланысты.

Рецензия түріне қарай әртүрлі негіздеме, сипаттама бойынша жіктеледі, типологиялық топтарға бөлінеді. Әрине, бұл мәселе – даулы, әлі зерттеуді қажет етеді:

– көлемі жағынан: *қысқа және көлемді рецензия*

– талдау барысында бірнеше шығарма пайдаланған жағдайда: *монорецензия* (бір шығарма талданады, бірақ автор кейбір салыстыру үшін басқа шығарма туралы айтуы мүмкін. Бірақ салыстырмалы материалдың көлемі аз болуы керек. Автор әдетте жаңа туындыны оқырманға танымал туындымен салыстырады).

полирецензия (екі немесе одан да көп шығармалар талданады, олар әдетте бір-бірімен салыстырылады және мұндай талдау өте үлкен орын алады. Аудиторияға белгісіз және аз білетін жаңадан жарық көрген туындыларға салыстырмалы талдау жүргізіледі).

– шығарманың жанры сипатындағы рецензия:

этикалық рецензия

драмалық рецензия

лирикалық рецензия

– объект бойынша (өнер тақырыбына байланысты):

музыка рецензиясы

кино рецензиясы

әдеби рецензия

театр рецензиясы т.б.

– рецензия авторының дәрежесіне қарай:

кәсіби рецензия

жазушы рецензиясы

оқырман рецензиясы.

Рецензия жанры жайлы Д. Ысқақұлы: «Әдетте – дейді ол – рецензияның көпшілігі сәтті делінген туындыларға арналады да, сапасыздыққа қарсы күрес жағы әлсіздеу соғып отырған. Әсіресе бүгінгі күн сынында әдебиеттегі кемшілік атаулыға қарсы күрес жағы сын көтермейді. Солай бола тұрса да, әдеби сынымыздың әдеби сауатсыздыққа қарсы қажырлы қайрат көрсете білген үлгілерін көптеп көреміз».

Т. Кәкішұлы «Сын сапары» атты зерттеу еңбегінде: «Октябрь революциясына дейін шыққан өлең жинақтары мен белгілі бір авторлардың шығармаларына назар аударғанда сын элементі бар дәйектеме материалдарға тап боламыз. Оқушы көпшілікке өлеңнің нендей мәні бар, қай уақытта, қандай себеппен жазылғаны, уақиғаның тарихи тегі, шындықтан алынған, алынбағанын айту, өлеңді шығарушы автор өзінің кім екенін аңғартуы, жинаққа алғы, не соңғы сөз жазу сияқты материалдардың бәрін жинақтай айтқанда дәйектеме-сын деп атаған жөн, оны аннотация мен рецензия аралығындағы құбылыс екендігін ескеріп, дәйектеме-сын атау орынды», – деп анықтама берген. Дәйектеме-сынның анықтамасында зерттеушілік қыры басымырақ, аннотациядан гөрі рецензияға жақындау.

Аннотация – «Қазақ тілі энциклопедиясында» аннотацияға мынадай анықтама берген: **Аннотация, аңдатпа** (лат. *annotatio* – *ескерту, аңдату*) – кітаптың, топтама жинақтың, қолжазбаның мазмұнын оқырманға қысқаша баяндау. Ол – кітаптың, мақаланың мазмұнын, саяси-идеялық бағытын, құндылығын түсіндіретін қысқаша сипаттама, алайда бұл жанр туралы да әртүрлі тұжырымдар бар (Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998.

509 б.). Әдебиеттанушы, ғалым Т. Кәкішұлы: «Аннотация белгілі бір шығарманың негізгі мән-маңызын қысқаша түйіндейді», – десе, профессор Д. Ысқақұлы былай деген: «Аннотация – сын жанрының ішіндегі ең шағын көлемдісі, шын мәніндегі әдеби сынның бастау алар бұлағы. Алғаш көрінген түрі десе де болғандай. Аннотация объектісі – бір ғана шығарма, кітап. Мақсаты – кітаптың не туралы екендігімен таныстыру. Әдеби сынның басқа жанрлары сияқты алдына көп міндеттер қоймайды, жоғарыда айтылған бір мақсатты шағын көлемде орындау аннотацияның негізгі жанрлық ерекшелігін айқындайтын өлшем болып табылады», – деп түйіндеген. Академик М. Қаратаев аннотацияны «қысқаша мазмұндама» деп атаған. Профессор Т. Амандосов аннотацияны рецензияның «ең шағын да қысқа түрі», «шығарманы қысқа, тұжырымды баяндап береді», «кеңірек үгіттеуді көздейді», – деп жазады. Жоғарыдағы анықтамаларға сүйенсек, аннотация – әдеби туындылардың құндылығын түсіндіретін, қысқаша мазмұнын сипаттайтын, оқырманға көмекші сын жанры.

Сыни мақала және оның түрлері – мақала – өнер мен өмір арасындағы байланысты сәйкестендіріп талдау, синтездеу, бағалау, түсіндіру сияқты мақсатты алдына қойған сыни еңбектер жиынтығы.

Әдеби сын мақаланың композициялық құрылымының мазмұнында сынның үш негізгі элементі нақты ұстаным ретінде көрінуге тиіс: әдеби маңызды мәселелерді қою, шығарманың көркемдік құндылығына талдау жасау және қоғамда болып жатқан маңызды құбылыстарды оқырманға жеткізе білу. Мақала композициясына қойылатын талап – құрылымның тұтастығы мен бірлігі. Сондай-ақ мақала құрылымында сынның басқа жанрларының элементтерін де кездестіруге болады. Бірақ мақаланы басқа жанрлардан ерекшелендіріп тұратын өзіндік сипаты сол кездегі әдеби үдерістегі және қоғамдық маңызы бар мәселенің жазылуы. Сыншы міндеті – басынан талқыланып отырған тақырыпқа оқырманды тарту, көңілін аударту.

Зерттеушілер мақаланы құрудың мынадай қағидаттарын бөліп көрсетеді: дедуктивті – сыни ойдың қозғалысы жалпы мәсе-

леден әдеби материалға қарай жүреді. Индуктивті – жеке, жалқы бақылаудан жалпы тұжырымға және проблемаға қарай бағытталады. Мақалада бұл екі қағидат та қатар қолданылуы мүмкін.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша сыни мақалалар: *теориялық, полемикалық, проблемалық, мүшелтой, эссе, айтыс, шолу* т.б. деп басылымына, қызметіне, мазмұнына, сипатына, объектісіне қарай бөліп қарастырылған. Жіктеуге қатысты ғалымдардың пікірлері ғылыми негізделмеген. Сондықтан әдеби сыни мақалаларға тоқталғанды жөн көрдік.

Теориялық мақала түрінің басты мақсаты – қазіргі әдеби материалдарға теориялық мәселелер қоя білуінде. Теориялық мақала әдеби сынды әдебиет теориясының проблемаларымен жақындастырады. Әдебиеттану мәселесі қамтылады. Мысалы, әдебиетші-ғалым Б. Майтанов «Психологизм – прозасындағы жаңашыл арна» атты мақаласында психологизмге теориялық тұрғыда сипаттай келе, қазақ көркем шығармаларындағы психологизмнің қызметі қандай деген сауалға жауап берген. Көркем шығармалардағы әлеуметтік-психологиялық талдау сипаттарын жанр, сюжет, стиль принциптерінен туатын портрет, пейзаж, диалог, монолог сияқты құралдарды теориялық тұрғыдан талдау жасап, зерттеген. Әдебиеттанудың қандай дәрежеде даму, қалыптасу және кемелдену сатыларын көрсеткен. Сынның өзіндік типологиялық жанрлары қалыптасқан: әдеби, публицистикалық және әлеуметтік материалды кеңінен тарту, дәйектерінің қисындылығы мен рационалдылығы, стилінде жаратылыстану ғылымдарының дәйектілігінің болуы, әсіресе физиология мен психология ғылымдарының бой көрсетуі маңызды.

Теориялық мақалада, негізінен, сынға дәйектеу тән. Көркем дискурстың да ықпалы елеулі, жиынтық деректерге деген назар күшейеді, дәйек ретінде әралуан философиялық-эстетикалық тұжырымдар қолданылады. Сыншылар қазіргі әдебиеттанудың, философияның, эстетиканың терминологиясын жиі қолданады. Теориялық дискурс эстетикаланады, оған бейнелілік дариды, синкреттік терминдер кеңінен пайдаланылады. Мысалы, 1970–1980 жылдардағы сында бұл кең көрініс тапты.

Проблемалық мақала – зерттеу мақала ретінде де қарастырады. Басты дереккөз эстетикалық, адамгершілік және идеялық өзекті мәселелер. Проблемалық мақаланың авторы шығарманың мазмұнын сипаттауға тырыспайды, ең басты мәселені аспект етіп алып, жан-жақты талқыға салады. Проблемалық мақалалар тақырып аясы, форма, типі жағынан әрқилы болып келеді. Эстетика, әдебиет теориясы, тарихы т.б. тақырып бойынша жазылған еңбектерге проблемалық мақала болуы мүмкін. Проблемалық мақаланың мәтіні, негізінен, сыни зерттеушіліктен гөрі, сыншының нақтылы бір проблема төңірегіндегі көзқарасын дәлелдеуі басым болады. Композициялық құрылымы дедуктивтік модельді ұстанады, яғни идеядан бастау алады да, жалпыдан жекеге қарай талқыланады.

Монографиялық мақала. Мұның рецензиядан айырмашылығы онда шығармаға немесе жазушының шығармашылығына кең әдеби және қоғамдық контексте талдау жасалады. Мақала талдау көлемімен, тиісті дәлелімен, күрделі құрылымымен ерекшеленеді. Арнайы әдіс-тәсілдер қолданылып, терең зерттеу арқылы тиісті ғылыми нәтижеге қол жеткізіледі. Арқаулы ойы, концепциясы мен композициясының біртұтастығы арқылы сыни монография жанрын түзеді.

Мүшелтой мақала аты айтып тұрғандай белгілі бір атаулы күнге орай жазылып, белгілі бір жазушының мәдениет пен руханиятқа сіңірген еңбегіне, қосқан үлесіне арналады. Мұнда, негізінен, тұлғаны мақтау мәніндегі пафос басым болады. Жанрлық стильдік жағынан алғанда мүшелтой мақала эпидейктік сөзге жақын келеді, салтанатты сипатымен ерекшеленеді. Жанрлық ерекшелігі өтіп жатқан шараның бүгінгі күндегі мәні және той иегерінің жетістігіне баға беріледі.

Полемикалық мақала – оның негізгі мәні – басқа осындай сын мақала. Әлбетте, полемикалық сипат кез келген мақалада кездесуі мүмкін болғанымен, бұл ретте полемика автордың өзге сыншының концепциясымен келіспеуі, оны ашық жоққа шығаруы даулы сипат алады.

Тәуелсіздік жылдары қазақ әдебиетінің ахуалы және ұлттық руханияттың түрлі мәселелері тақырыбында полемикалық

сипатта «Қазақ әдебиеті» газетінде қарастырған Ә. Меңдекенің «Әдебиет! Әдебиет? Әдебиет...» (2000. №21.), Ә. Бөпежанова мен Ә. Қодардың «Өнер-өмір, өнер-көркем текст немесе таным тайталастары» (14.07.2000), А. Әлімнің «Модернизм... Постмодернизм... Одан кейін қандай... Изм?!» (21.7.2000), «Жетеудің» «Мен» мен «Ол»-дың арасы» (29.03.2002), М. Мағауиннің «Мен»-нен «Ол»-ға дұғай сәлем» (05.04.2002), М. Шашкина мен Ө. Әбдіраманның «Қаламгер тағдыры – атақ шығаратын алаң емес» (1.03.2002), Х. Әдібаевтың «Жазушы З. Шашкинді өлтірген кім?» (22.02.2002), «Отырар ойраны» шайпауға көнетін шығарма емес» (1.02.2002), С. Дауымовтың «Некрасовшыл сыншының аузын білеміз... Ал, беті қандай?» (21.11.2003), М. Есмағамбетовтің «Әдебиетті Алдамжаровша ревизиялау» (28.11.2003) деген мақалалары жарық көрді.

Әдеби хабар. Сын жанрларының ішіндегі «жасы жағынан да ең үлкені де, көлемі жағынан шағыны да, икемділігінен де шапшаңы да, елгезек «тіл алғышы». Хабар жанрының аты да айтып тұрғандай, басты міндет – жаңа болған әдеби оқиғаны, жаңалықты оқырманға хабардар ету. Баспасөз бетіндегі әдеби пікірлер ең алғаш рет хабар ретінде көрінді десе де болғандай. Мәдени өмірдегі елеулі деп табылған әдеби фактілер оқырманға, ең алдымен, хабар түрінде баспасөз арқылы жетеді. Қандай оқиғаны хабардың объектісі етіп алудың өзінде де сыншылық бағалаушылық сипат бар. Көбіне оқырманға пайдасы бар, ұнамды оқиғалар хабардың объектісіне айналады. Хабардың жаны – жаңалық. Жаңалығы жоқ болса, хабар да жоқ. Алғашқы қазақ баспасөзінде көрінген әдеби сынның мұндай түрін проффессор Т. Кәкішұлы жарнама сын деп атады. Сын жанрларының ішкі түрлері дамып жетілмеген кезеңде талдаудан гөрі насихаттау, үгіттеу басым, түсіндіруден гөрі үндеу, шақыру басым, дәлелдеуден гөрі жалпылама айту басым. Эмоциялық сезінуден гөрі, көңіл білдіру, тілек айту басым болатыны аян. «Жарнама сын» пәлендей көркем шығарманың дүниеге келгендігін хабарлау міндетін атқарады», – деп оның өзіндік сипаттарын көрсетеді. Әдетте хабарға әдеби маңызы бар оқиғалар өзек болады. Баспасөз бетіндегі әдеби

хабарлар жеке түрінде немесе ортақ тақырыппен топтама түрінде көрінеді. Хабар жанрының басты шарты – көлемінің шағын болуы. Басты мақсаты – әдеби маңызы бар деп танылған оқиға жайлы оқырманды уақытылы хабардар ету.

Мақалада әдеби сынның ғылыми публицистикалық сипаты айқын көрінеді. Журналистикалық сыни мақалада шығармаға ақпараттық түсініктемелік сипат басым болады.

Сонымен қатар мақала өзекті мәселеге батыл, толымды пайымдаулар жасауымен, шағын көлемдегі публицистика – журналистиканың аналитикалық жанры. Публицистикалық мақала әлеуметтік, өмірлік жағдайлар мен мәселелерді қарастырып, анализ жасау мақсатына қарай ақпараттық, аналитикалық, көркем-публицистикалық мақалалар – деп журналистика саласындағы ғалымдар бөліп қарастырып жүр.

– Ақпараттық – белгілі ақпаратты жеткізетін түсініктемелік сипаттамадағы мақалалар. Оларға, ақпараттық мақалалар, ақпараттық корреспонденция, ақпараттық есеп, ақпараттық сұхбат, блиц-сауалнама, сұрақ-жауап, репортаждар, некрологтар жатады.

– Аналитикалық мақалаларда пайымдау, анализ және қорытынды міндетті түрде көрініс табады. Оларға аналитикалық есептер, аналитикалық корреспонденция, аналитикалық сұхбат, аналитикалық сауалнама, әңгімелер, комментарийлер, әлеуметтік резюме, анкеталар, мониторингтер, рейтингтер, рецензиялар, журналистикалық зерттеулер, шолулар, БАҚ-ты шолу, болжамдар, эксперименттер, ұсыныстар жатқызылады.

– Көркем-публицистикалық мақалалар. Бұлар – эсселер, очерктер, суреттемелер, фельетондар, памфлеттер және т.б.

Әдеби шолу – бір немесе бірнеше жанрдағы шығармалар жиынтығын қарастырады, белгілі бір кезеңдегі әдеби процесті, оның заңдылықтары мен тенденциясына анализ жасайды. Әдеби өмірдегі көріністі жалпы алып шолу жасайды.

Әдеби ағым тарихи бағытқа қарай өзгеріп отырады. Тарихи тұрғыда әдеби шолу жанрының анализі әдеби дәуір үдерісінің түрлі деңгейдегі мағлұматтарын көрсетеді. Бұл жанрдың

сында пайда болуы – А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, Б. Кенжебаев, С. Мұқанов, Ы. Ысмайлов, Қ. Жұмалиев зерттеулерімен байланысты. Бұл зерттеулер екі принципті біріктіреді: *әдебиеттің жалпы бағытын анықтау мен жеке шығарманы жалпылық тұрғыдан бағалау*. Бірте-бірте әдебиеттік шолу негізіндегі шығарманы бағалаудың негізгі критерийі қалыптасады. Ол критерий – шығарманың негізгі бағытқа сай болуы. Келесі дәуірлерде әдеби шолуларда публицистикалық элементтер көбейе бастады. Яғни әлеуметтілік, еркіндік. Әдебиеттік шолулар қысқарып, ргoros тәріздес шегіністер кездеседі. Бұл шегіністер әдебиет формасының философия мен әлеуметтануға өзгеруі кезінде көрінеді.

М. Әуезов «Әдеби шолудың сынның басқа жанрларынан басты ерекшелігі – шолынып отырған әдеби объектінің шыннайы көрінісін жасау» – деп көрсеткен болатын. Профессор Д. Ысқақұлы сын жанрының ең бір маңызды түрі әдеби шолуға кеңінен тоқталып, саралап берген. Әдеби шолудың негізгі зерттеу объектісі – әдеби өмір де, мақсаты – соны шолып, пікір білдіру. Шолудың негізгі жанрлық белгісі қарастырылып отырған объектінің, яғни әдеби өмірдің, біртұтас панорамасын жасау, сол туралы пікір білдіру болса, осы мақсатқа жету үшін ол сынның басқа жанрларының мүмкіндіктерін еркін пайдаланады. Шолудың ішінде библиографияның, хабардың, аннотацияның, рецензияның, мақаланың, шығармашылық портреттің т.б. элементтері жүре береді. Сыншы айтар ойының бағытына қарай баяндау, толғаныс, суреттеу, талдау, жинақтау секілді тәсілдерді кеңінен қолданады», – деп, сыншы жалпы әдеби шолуға түсінік береді де, олардың құрылымына былай тоқталады: «Әдеби шолудың ішкі анатомиялық құрылымы негізгі үш түрлі құрамдас бөліктерден тұрады. Оның біріншісі – әдеби фактілер, яғни фактілердің жиынтығы. Олар бір-бірімен органикалық байланысты, көркемдік дамуды бейнелей алатын айтылар басты мәселеге тікелей қатысты болуы керек. Екіншіден, шолуда міндетті түрде әдебиеттің фактілеріне негізделген ой айтылу қажет. Үшіншіден, сыншы өз ойын тиімді жеткізудің түрлі жолдарын

таңдайды. Бұл ретте әдеби фактілерге берілген түсініктемелер негізгі роль атқарады».

Шығармашылық портрет – белгілі бір қаламгердің бүкіл шығармашылық болмысына баға беру. Мақсаты – суреткердің тұтастай шығармашылық болмысын көрсету, жеке образын қалыптастыру. Жанрдың көлемі қысқа жазбалардан монографияға дейін ұласуы мүмкін. Шығармашылық портреттің міндетті түрде әдеби, ғылыми сипаттары болады. Шығармашылық портретті баска сын жанрларынан ажырататын басты белгілерінің бірі – негізінен, талдаушылық тәсілдің басым болуы.

Әдеби портреттің жанрлық нұсқаларын қарастыруға болады:

– сыни өмірбаяндық эссе: шығармашылығын жазушы өмірінің өмірбаяндық құрылымына қосу, өмірбаяндық фактілер мен шығармашылық сәттердің қатынасы; әдетте кеңінен қолданылатын құжаттар, хаттар, естеліктер.

– портрет – кез келген жұмысты, жиналған еңбектерді, алдын ала жазушының жұмысын қажет тарихи, әдеби және психологиялық талдауға, оқырманға керекті қабылдауды орнатуға мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан портрет қоғамның, оқырмандардың ірі жазушылардың жеке басына, оның тағдырына, даңқына қызығушылығын, әдебиетке қосқан үлесін көрсетеді. Шығармашылық портрет көбіне қалың оқырманға арналып жазылып, баспасөз бетінде жарияланатындықтан да көркем публицистика түрінде жазылады.

Шығармашылық портрет сынның жанры ретінде қазіргі ғылымда толығымен зерттелмеген. Жанр және түрлері бөлінуі аясындағы мәселелердің жауабы айқындалмаған. Мәселен шығармашылық портреттің поэтикасы, жанрдың белгілері, әдебиеттің мемуарлық-биографиялық, деректі-биографиялық, ғылыми-монографиялық түрлері ретінде толығымен ашылмаған. Осы мәселелер бойынша әдеби сынның теоретигі Д. Ысқақұлы: «Дегенмен де «портреттерге» үңіле қараған адамға байқалатын кейбір іштей жанрлық жіктелістерді көруге болады. Жоғарыда айта кеткеніміздей, портреттік очеркте публицистикалық сипат басым

болып, негізгі жанрлық белгіні құраса, эсседе көркемдік тәсілдер қолданады. Сол сияқты жалпы әдеби портрет пен шығармашылық портреттің де айырмашылықтары бар. Әдеби портреттің ауқымы кең. «Әдеби портретке көркем шығармадағы жеке адамның әдеби бейнесінен бастап, мемуарлық-биографиялық очеркті де, суреткер болмысын аша түсетін қысқа штрихтардан тұратын естелік эссені де, жазушының мінез-құлқының кейбір қырларын көрсететін суреттеме-репортажды да, әдеби-сын мақаланы да жатқызуға болады (В.С. Барахов. Ленинград, 1985). Біздің қарастырғалы отырғанымыз – осылардың соңғы, яғни әдеби сынның нақтылы бір жанр түріндегісі. Сонымен бірге шығармашылық портретке очерктік, эсселік, суреттемелік сипаттар да жат емес. Бұлар қажетіне қарай белгілі мөлшерде ғана пайдаланылады да, шығармашылық портрет жанрының тиімділігін арттыруға қосымша қызмет етеді», – деп көрсетеді. Әрине, шығармашылық портретте мемуарлық және биографиялық материалдар қолданылады, бірақ бұл бұлжымас шарт емес, өйткені сыншыға жазушының шығармашылық тұлғасына, оның қоғамдық және әдеби позициясына өз түсіндірмесін беруі маңызды.

Эссе – француз тілінен «essai» очерк, ағылшын тілінен «essay», «assay» – талпыныс, жазушылық сынама, очерк; латын тілінен «exagium» – ойлау деген ұғымын білдіреді. Эссе жанрының негізгі түрлері: салыстырмалы эссе, пайымдық эссе, көркем-әдеби эссе.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде: эссе – тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, әрі дағдыдан, әдеттен, көне соқпақтардан бөлек, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры.

Әдебиеттегі эссе – соны пікірлерге көбірек мән беріліп, оқырманды ой теңізінде жүздіретін таңдай қақтыратын, өзінше ойлап-сезіну қажеттілігін туғызатын, рухани әлеміңе азық сыйлайтын, дүние құбылыстарын өткір қабылдаумен ерекшеленетін көркем туынды.

Эссенің жанрлық ерекшелігі – оның композициялық құрылымының еркіндік танытуы. Мұнда басқа жанрлар секілді қалып-

ты стандарт байқалмайды. Автор өз ойларын жүйелі, жүйесіз баяндайды. Пікір білдіру бір кітап, жазушы, тақырып, әдеби өмір жайлы нақтылы болуы да, не жалпы әдебиеттің кейбір мәселелері хақындағы үзік-үзік ойлардан тұруы да мүмкін. Кейде естелік түрінде жазылып, жазушының шығармашылығы жайлы пікірлер оның іс-әрекетін көрсету, айтқан сөздерін келтіру арқылы да білдіреді. Кей эсселер әңгіме-естелік түрінде жазылса, енді біреулері қара сөзді лирика, яғни әдебиет жайлы толғаныс болып келеді (Д. Ысқақұлы. Сын жанрлары. – Алматы, 1999. – 230-б.).

Эссе – қазіргі кезеңде өзіндік дара жолмен, рухани оймен, эрудициямен кенеттен жазылатын қайталанбайтын жанр туындысы.

Сыни манифест – сынның табиғаты әдебиеттің көркем-теориялық бағдарының, бағытының қалыптасуымен, болашағына алаңдаумен байланысты. *Манифестте* әдебиеттің болашағы жайлы сөз болады, жаңа ағым мен бағыт жайлы жоспар жасалады. Әдебиетке қатысты туындап отырған теориялық және т.б. қажетті мәселелерді көтереді және жолы көрсетіледі. Өткенге есеп беріледі.

Бұл ретте теориялық мақалалардың бірқатар типологиялық ерекшеліктері мен жанрлық модификациясын көрсетеміз. Олар:

- сыни параллель;
- сыни әңгіме.

Жоғарыда қазақ әдеби сынында қолданылып жүрген негізгі сын жанрларын атап өтуге тырыстық. Әдеби сынның теориясын зерттеуші ғалымдар сын жанрларынан басқа түрлеріне жіктеп көрсеткен. Ғалым Д. Ысқақұлының сын жанрын зерттеу еңбектерінде жоғарыда аталған жанрларға кең көлемде ғалымдардың пікірлеріне сүйене, мысалдар келтіре сипаттаған. Д. Ысқақұлы мақалалар түріне айтыс мақаланы қосады: «*Айтыс мақаланың* басқалардан айырмашылығы – мұнда мәселе өткір қойылады; нақтылы бір мәселе төңірегіндегі пікір барынша дәлелденеді немесе теріске шығарылады. Осы мақсатына жету үшін ғылыми дәлелдік, публицистикалық ұшқырлық, стиль саралығы барынша қолданылады. Өз ойын мірдің оғындай, нысанаға дәл жеткізу үшін сөз мағынасының барынша анықтығын, бояуының қанықтығын, бейнелігін қажет етеді. Пікірін неғұрлым ұтымды жеткі-

зу мақсатымен формалық жағынан жетілген түрде пікірін неғұрлым ұтымды жеткізу мақсатымен формалық жағынан жетілген түрде көрінеді. Айтыс мақалаларының қалыпты стандарты жоқ, әрқайсысы бір-біріне ұқсамайтын пішін танытады. Формалық жағынан келгенде, мұндай мақалалар асқан шеберлікті керек қылады. Сондықтан да айтыс мақаланы кез келген әдебиетші емес, әдетте әдебиеттану ғылымымен толық қаруланған, әдеби өмір тәжірибелерін жақсы білетін, ол туралы қалыптасқан өзіндік көзқарасы бар, өз ойларын жеріне жеткізіп айта білетін сараман сыншылар, ғалымдар, қаламгерлер жаза алады», – деген анықтама береді. *Айтыс мақаланың мәселелері мақаланың полемика, проблемалық түрінде де жазылады. Бірақ айтыс тудырмауы мүмкін.* Айтыс мақала ХХ ғасырдың 20-жылдары және 40-60 жылдары қазақ әдебиет сынының тарихында жиі кездесті. Тәуелсіздік кезең сынының тарихында бұл жанр қайтадан жандана түсті. Қадыр Мырзалиевтің «Жазмыш» (Алматы, 2001), «Иірім» (Алматы, 2004) кітаптарына М. Мағауиннің «Өтірік костюм ішіне...», яғни Қадыр Мырза Әли кейіптеген Илияс Есенберлин» («Жұлдыз», 2004. №6) деген мақаласы жарық көрді. Қ. Мырзалиевтің қарсы мақаласы «Әулие Есенберлиніңе адами Есенберлинді айырбастағым келмейді» («Жас алаш», 19.08.2004) деген тақырыппен жарық көрді. Бұл айтыс жазушы Илияс Есенберлин туралы айтылған естеліктер төңірегінде келтірілген деректерге байланысты болды. Р. Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы деректердің осалдығы, поэтикасы мен көркемдік мәселелері туралы жазылған сыни мақалалар да пікірталас тудырды. Сондай-ақ Ш. Айтматов пен М. Шахановтың «Ғасыр айырығындағы сырласу» атты 2008 жылы жарық көрген диалог-толғамындағы айтылған мәліметтер мен пайымдауларды М. Мағауиннің «Ешкі жетектеген екеу немесе Зор мен Шоң ақыл айтады» («Жұлдыз», 2003. №1), «А.А.» ашуланып жатыр» («Жұлдыз», 2005. №5) мақалаларында тарихқа барлау жасап жоққа шығару мақсатында жазылған сыни еңбек.

Әдеби сынның теориясын зерттеуші орыс ғалымы Л.П. Гросман әдеби портрет, эссе, этюд, мақала трактат, публицистикалық

сын, мақала нұсқау, фельетон, әдеби шолу, рецензия, сыни әңгіме, әдеби хат, сыни диалог, пародия, памфлет, әдеби параллель, академиялық пікір, сыни монография, мақала үн сияқты түрлеріне сипаттама берген (Л.П. Гросман. Жанры литературной критики. 1925). Қазіргі таңда орыс әдеби сынында және әлем әдебиетінде аталған жанрлардың біразы процесте болса, кейбіреулері сирек жазылады.

Әдеби сынның сатиралық жанрлары:

Сатира – өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар. Драматургияда сатира комедия жанрынан көрінсе, көркем прозада сатиралық әңгіме, повесть, романдар жазылады. Сатиралық шығармаларда әсірелеу (гротеск), тұспалдау (аллегория), юмор (достық рәуіштегі күлкі), ирония (жеңіл әжуа), сарказм (ашы мысқыл, кекесін), т.б. бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылады (©adebiportal.kz <https://adebiportal.kz/kz/genres/view/144>). Жалпы «Сатира» грек тілінен аударғанда «қоспа», бұл нақты шындықты көрсету, жетілдіру мақсатында оны сынау деген мағына береді. Т. Қожакеев «Сатира күштілер қаруы» атты еңбегінде: «сатира да, юмор да – сын құралы, сын мен өзара сынның әдеби түрі», – десе, «Сатиралық жанрлар» оқу құралында: «Сонымен, әдеби стира – әдеби сын. Пародия, эпиграмма – әдебиет сынының жауынгер, бетті сарбаздары», – деп жазады. Қазақ әдебиетіндегі сатира жанрларының кейбір түрлерін ауыз әдебиетінен бастау алған.

Журналистика теориясын зерттеушілер сатиралық жанрлардың мынадай түрлері: фельетон, памфлет, эпиграмма, мысал, шарж, карикатура, анекдот т.б. бар екенін айтады. Журналистиканың басқа жанрларынан сатиралық жанрлар: сатира, әзіл, ирония, сарказм, гротеск, гипербола және басқа көркемдік әдістерді қолдануымен ерекшеленеді.

Фельетон – бұл ауқымды сатиралық жанр, үш бастаудың синтезі: публицистикалық дерек нақты, көкейкесті, өзекті ғана емес, сондай-ақ жедел болуы тиіс, сатиралық дерек әзілді мазмұнмен анықталады, оның бағасы сатиралық талдауды қарастырады, сатиралық бейнені жасау, фельетонды сатиралық қысқа жазбамен айырады.

Фельетон. Сатиралық жанрдың бір түрі – фельетон. Фельетон дегеніміз – шағын көлемді, публицистикалық үнді, әсерлі тілді, сын-сықаққа бай, күлкілі жайлары бар әдеби көркем шығарма. Фельетон, негізінен, баспасөз беттерінде жиі көрініс табады. Бірақ, зерттеушілердің айтуынша, фельетон талаптары жоғары, бір сыншының бойынан әрі көркем, әрі публицистикалық ой айту, әрі әдеби тілмен өрнектеп жеткізу қабілеті кездесе бермейтіндіктен бұл жанр өте сирек кездеседі.

Памфлет, қаһарлы сөз (ағылш. pamphlet – парак) – белгілі бір құбылыстарды, беделді саяси және мәдени қайраткерлерді әшкерелеуге арналған өткір сатиралық шығарма, әдеби-публицистикалық жанр. Памфлетте, негізінен, нақтылы бір құбылыстың, қоғамдық-саяси өмірде қандай да бір тұлғаны өткір сатирамен типтік ерекшеліктерін дәл тауып әшкерелейді. Публицистиканың жанры ретінде қара сөзбен ғана емес, өлең түрінде де жазылады. Памфлет белгілі бір құбылыс, оқиға, деректерді, мемлекеттік саяси жүйе мен беделді қоғам қайраткерлерінің ықпалын қысқа негізде сатира үлгісінде де әшкерелейді.

Пародия (фр. *parodie* – өлеңге қарсы өлең) – белгілі бір шығарманы немесе оның авторын, әдеби ағымды, тұтас бір жанрды соған еліктей сынап-сықақтайтын әдебиет, театр, музыка және эстрада жанры. Пародия сын объектісіне, мақсатына қарай юморлық және сатиралық болады. Юморлық пародия жеңіл әзілді, достық әуенде болса, сатиралық пародияның үні, үкімі қатал болады. Қазақ әдебиетінде пародия нышандары халық ақындары шығармасынан, ақындар айтысынан байқалады. Театрда, циркте және эстрадада пародия міндетті түрде пародияланып отырған затты танытуды көздейді. сынның көркем жанры *пародия* «өлеңге қарсы өлең» дегенді білдіреді.

Бұл жанр көбіне поэзиялық шығармаларға арналып, олардың көзге көрінер өрескел мінін сынауға арналады. Сыналып отырған объектінің сыртқы формасын сөз саптау, стиль, бунақ ырғағына дейін сақтай отырып, дәл сондай түрмен оның мазмұнына, не формасына дау айтқан қарсы шығарма жазылады. Автордың сәтсіз жақтарын пародист шебер пайдаланып, бүкіл шығарманы оның өзіне қарсы бағыттайды. Пародияның басқа сын жанрларынан артықшылығы: онда өнер жарыстырудың барлық түрі кездеседі. Пародия-фельетон композициялық құрылымы, мазмұны жағынан бүкіл бір әдеби ағымды, типтік кемшіліктерді әшкерелейді. Пародияның нақтылығы бір шығарма немесе бір кемшілікке негізделеді. Әдеби сынның көркем жанрларының бірі – әдеби пародия.

Эпиграмма – (көне грекше: ἐπίγραμμα – қолтаңба) – белгілі бір адамды, затты, болмыс-құбылысты әзіл тұрғысынан бағалайтын сатиралық поэзияның шағын жанры. Эпиграмма жанры әр кезеңде де қазіргі оқиғаға, автордың көз алдында өтіп жатқан көріністерге арналады. Эпиграмманың тағы бір қасиеті – ол әрқашанда ақынмен замандас тірі адамға арналып жазылатындығы. Ертедегі қазақ айтыскер ақындарының көптеген айтыстарда, әсіресе қыз бен жігіт, бәдік айтыстарында дөрекі әзілге бару, қарсыласын уытты сөздермен кекетіп-мұқату тәсілдері көп кездесетін. Сондай-ақ эпигондар – қысқа жазудың, белгілі ойды емеурінмен, тұспалмен түсіндіру құралы. Эпигондар фактісі мен нысанына қарай нақты және шартты; сынап-мінеу, суреттеу дәрежесіне қарай сатиралық, юморлық және жағымды эпигондар болып бөлінеді. Ал қозғайтын тақырыбына қарай әдеби, саяси және тұрмыстық эпигондарлар болып 3 топқа жіктеледі. Эпигондар алғаш ертедегі Грекияда сентенциялық қысқа өлең түрінде пайда болып, кейін элегия жанрымен бірікті де, элегиялық дистих деген атауға ие болды. Қазақ әдебиетінде эпигонда нышандары халық ақындары, әсіресе айтыс ақындары шығармасында жиі кездеседі. Абай өлеңдерінде эпигондар элементтері мол. Қазақ әдебиетінде эпигондар жанрына А. Тоқмағамбетов, Ө. Тәжібаев, Ш. Смаханұлы, Ж. Әбдірашев, К. Әмірбеков, т.б. сатирик жазу-

шылар қалам тартты («Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. 10-т.).

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Т. Кәкішұлының сын жанрларына қатысты пікірлерін сипаттаңыз және «Сын сапары» монографиясынан жанрға қатысты ойларына конспект жасаңыз.
2. Сатиралық жанрларға дәйектеме мысалдар келтіріңіз.
3. Т. Қожакеевтің «Сатиралық жанрлар» шығармасындағы сатира жанрына қатысты теориялық анықтамаларды Д. Ысқақұлының «Сын жанрлары» оқу құралындағы анықтамалармен салыстырыңыз.
4. Қазіргі сын жанрларының даму ерекшелігіне тоқталыңыз.
5. Қазіргі баспасөзде жиі жазылатын мақала түрлері және нақты мысал келтіріңіз.
6. З. Серікқалиевтың «Сын және жауапкершілік» атты мақаласының атауы бойынша мақала жазыңыз.

II тарау

ӘЛЕМДІК ӘДЕБИ СЫН ТАРИХЫ

Өткен кезеңдегі және қазіргі дәуірдегі көркем сөз байлығының барша нәрін игеру мен зерттеп-зерделеу – адам мен қоғамның тарихи эволюциялық даму жолдарын анықтаудың да басты тәсілдерінің бірі. Көркем әдебиеттің айшықты әлемі күрделі әрі сан-салалы. Оны жасау мен игеру дегеніміз – сөз өнерінің құпиялары мен заңдарын танып-білу деген сөз. Міне, бұл айтылғандарға қол жеткізуде бізге әдебиет теориясы, сыны және тарихы көмекке келеді. Әдебиет туралы ғылымның бұл үш саласы ошақтың үш бұты секілді бір-бірімен тығыз байланысты әрі өзіндік ерекшеліктері бар. Әсіресе әдебиет сынының көркем әдебиеттің өмірлік, гуманистік, қоғамдық, әлеуметтік мән-мазмұнын анықтауда қызметі айрықша. Сынның осы қасиетін орыстың атақты сыншысы А.В. Луначарский «Ол (сын – А.Ж.), әдебиеттің сапында жаңа адам мен жаңа тұрмысты қалыптастыру процесіне белсене, қызу қарқынмен бел шеше кірісуге жұмылдырылғаны күмәнсіз», – деп атап көрсетті.

Бұдан сынның әдеби процесті ғана саралап қоймай, бүкіл қоғам өмірін қамтып, адам баласын жасампаз да толыққанды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға әсер-ықпалы айрықша екендігі аңғарылады. Ал енді сын осы аталған міндеттерін қаншалықты дәрежеде және қандай тәсілдермен атқарды, артық-кем тұстары неде, мұның барлығын да әдебиет сынының тарихы қа-

растырады. Оның әдебиет және қоғамдық тарихпен байланысын айқындап, негізгі кезеңдерін бөледі, дәуір-дәуірге жіктейді. Сондықтан да әдебиет сыны тарихының қалыптасуы барысында әртүрлі ой-пікірлер мен идеялық тенденцияларды, жекелеген сыншы-ғалымдардың өзіндік позициялары мен концептуальды тұжырымдарын жете қарастырып, талдап-таразылаудың қажеттігі ешқандай да талас тудырмайды.

Бұл жерде естен шығаруға болмайтын тағы бір мәселе бар. Егер ұлттық әдебиет сыны тарихының қалыптасу мәселелерін толықтай зерттеп білемін десек, алдымен өзге елдердің әдебиеті сыны тарихын да қарастыра отырып, ондағы жетістіктер мен олқы тұстарды сараптау қажет. Сонда ғана қойылып отырған мәселенің жай-жапсары анықталып, бүге-шігесіне дейін ашылады.

Қазақ әдебиеті сынының тарихы жоғары оқу орындары студенттеріне жеке пән ретінде Т. Кәкішұлының ұйымдастыруымен 70-жылдардың үстінде ғана оқытыла бастаса, орыс әдебиетінде бұл мәселе тым ерте-ақ шешіліп қойған. Мәскеу, Санкт-Петербург университеттерінің филология факультеттерінде орыс тілінде, тіпті шетел әдебиеті сыны тарихы арнаулы пән ретінде оқытылады.

Қазіргі кезде шетел әдебиеті сыны тарихы мынадай бірнеше кезеңге бөлініп қарастырылады:

1. Ортағасырлық Еуропадағы әдебиет сынының антикалық дәуірі.
2. Қайта өрлеу кезеңіндегі әдеби сынның даму барысы (XV–XVIII ғ.).
3. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы әдеби сын (1789–1848).
4. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы әдебиет сыны.
5. Жаңа кезеңдегі АҚШ пен Батыс Еуропа және Шығыс елдеріндегі әдеби сын дамуындағы басты тенденциялар (1917–1970).
6. Қазіргі кезеңдегі АҚШ пен Еуропа және Шығыс Азия елдерінің әдебиет сыны дамуындағы демократиялық бағдарлар (1970–2000).

Көріп отырғанымыздай, бұл дәуірлеу тақырыптарында Еуропа, АҚШ елдеріне көбірек орын берілген де, Шығыс Азия елдерінің әдебиет сыны жайында аз-ақ айтылған. Мұнда тіпті, адамзаттың ақыл-ой қазынасына үлкен үлес қосқан қазақ даласының ұлы ойшылдары – әл-Фарабидің, М. Қашқаридың, Ж. Баласағұнилардың әдеби-сын еңбектері тұрмақ, есімдері де аталмайды. Сондықтан да қазақ ғалымдары да бұл мәселе жайында ойланып, ендігі кезекте әлемдік әдебиет сыны тарихын жазуға өз тарапынан үлес қосуы, өзіндік көзқарастарын білдіруі тиіс. Мұндай өреге көтерілген қазақтың сыншы-ғалымдары жеткілікті деп толық сеніммен айтуға әбден болады.

Сөз өнерін жалпы эстетикалық талғам тұрғысынан байыптау процесі антикалық дүние әдебиетінен басталады. Ол әдеби шеберлік нормалары мен әдеби техника мәселелерін сөз етуден тұрады. Алғашқы кезде мұның бәрі философиялық диалог, көркем шығарма және поэтика мен риторика туралы трактаттардың шапанына орала отырып берілді. Әдеби сын жеке жанрлық түр ретінде комментарийлер мен алғы сөздерде көрініс тауып, алғашқы қадамдарын жасады.

Шетел әдеби сынының тарихын зерттеуші ғалымдар сын тарихын сонау біздің эрамызға дейінгі IV ғасырдан бастайды. Бұл кезенді зерттеуші ғалым Н.Г. Нефедов өзінше дәуірлеп, оның бірінші бөлімін «Ортағасырлық Еуропадағы әдебиет теориясы мен сынының антикалылығы» деп атайды да, соның ішінен бірнеше тараушаны шығарады:

Сөз өнерін зерттеудің алғашқы формалары.

Шешендік сөз теориясының дамуы.

Платон, Сократ, Аристотельдердің әдебиет теориясы мен сыны ойлары.

Әдеби-сыни ой-пікірлердің эллинизм кезеңінде дамуы.

Рим антикалығының әдеби теориясы мен сыны.

Византиядағы әдебиет теориясы мен сыны.

Ортағасырлық Батыс Еуропадағы әдеби-сыни ой-пікірлер.

Көріп отырғанымыздай, шетел әдебиетінде сөз өнерін жалпы эстетикалық талғам тұрғысынан байыптау процесі антикалық дүние әдебиетінен бастау алған. Эстетикалық таным мен

талғам, сыни көзқарастың нышандары сонау біздің эрамызға дейінгі өмір сүрген Сократ, Платон, Аристотель ойларынан көрініс алған.

Еуропа әдебиеті сыни тарихындағы ең бір елеулі кезең – Ренессанс дәуірі. Әдебиет, өнер, мәдениет салаларының қай-қайсысында да болмасын қайта түлеу, қайта өрлеу, өркендеу процестері қарқын алды. Адамзат тарихында үлкен маңызға ие болған классикалық туындылардың жасалуы да осы кезеңнің еншісіне тиеді. Бұған қоса әдебиеттану, сын саласы да қатар дамып, салмақты да салиқалы еңбектер дүниеге келді. Италияндық ақын Данте Алигьеридің «Халықтық тіл туралы» трактаты, Ф. Петрарканың сөз өнері, эстетика туралы ой-пікірлері, Боккачоның антикалық әдебиетті зерттеуге арналған трактаттары, А. Полицианоның әдебиеттегі гуманизм мәселесін қозғаған еңбектері, Л. Костельветроның Аристотель «Поэтикасын» талдаған трактаттары өз маңызын бүгінгі күні де жоғалтпаған.

Осы секілді әдебиет сыни саласындағы жаппай қозғалыс, даму процесі Франция, Германия, Ұлыбритания, Испания, т.б.елдерді де қамтыды. Бұл елдер әлемдік әдебиет тарихына Ю.Ц. Скалигер, Дю Белле, М. Монтень, Рейхлин, Э. Роттерданский, Брант, Ф. Бэкон, Спенсер, Сидни, Марло, Джонсон, Бомонт, У. Шекспир, Лопе де Веги Карпью және т.б. тұлғаларды берді.

XIX ғасыр – шетел әдебиетінің сыни мен теориясының жаңа даму кезеңі. Осы кезеңде әдебиеттану ғылымы қалыптасуға бет алды. Теория мен сын әдебиетте романтизм мен сыншыл реализмнің қанат қағуына жағдай жасап қана қоймай, Еуропа елдеріндегі мәдениеттің өсуіне де ықпал етті.

Бұл кезеңдегі сын мен әдебиеттану өзінің рөлін анықтауға тырысқан. Сын өткенге арқа сүйеп, тарихпен байланысқанын, философияға жақындасқанын осы дәуірдегі сыни пікір мен мақалалардан көреміз.

Әлем елінің әдеби сынында 1848–1917 ж. аралығындағы кезең, реалистік өнердің дамуы және сынның эстетика, психология, социология секілді ғылым салаларымен тығыз байланысып, ғылымилыққа, тарихилыққа айрықша ден қойған кезі болатын.

Сынның полемикалық, публицистік, әлеуметтік мәселе көтеру секілді сипаттары нығайған.

XIX ғасырдың соңында мерзімді баспасөздің шұғыл дамуына орай әдеби сынның бүгінде қолданып жүрген бүкіл жанрлық түрлері айқындалды. Әдебиет тарихын жасау, әр жанрдың өркендеуін бақылау процестері көрінді.

Бұрынғы КСРО құрамындағы елдердің әдебиет сыны тарихының жасалу тәжірибелеріне шолу жасап, өзіміздің қай деңгейден көрінетінімізді біліп алғанның еш артықтығы жоқ. Қайта, ғылыми өреміздің шындығын білуге себепші болар деп ойлаймыз.

Белорус сыны мен әдебиеттану ғылымы қазақ әдеби сыны мен әдебиет тарихымен тұстас 20-жылдары дами бастаған. Осы жылдары әдебиет теориясы мен тарихы зерттеліп, сыни мақалалар, сынға қатысты проблемалар газет-журнал бетінде жарық көрген. 1925–27 ж. «Литература и критика» деген газет шығып тұрған. «Полылея» журналында Янка Купала және Якуб Колостың, сондай-ақ халыққа белгілі, қоғам қызметкерлері А.Г. Червяков, В.Г. Енориннің сыни мақалалары шығып тұрған. Бұл мақалалардан әдебиеттің, өнердің, сынның міндеті мен мақсаттарын көруге болады.

1923 және 1926 жылдары М.И. Горецкогоның «История беларусской литературы», 1928 жылы М.Н. Теотуховичтің «Очерки истории белорусской литературы» деген кітаптары жарық көрді. Бұл еңбектерде сынның тарихына, сол кездегі жағдайларына қысқаша тоқталған. Ал сынның теориясы мен тарихына арналған шығармалар қатарында «Очерки истории белорусской Советской критики 20–30 годов» және «Очерки истории белорусской эстетической мысли и литературной критики» деген кітаптарды атауға болады.

Беларусь сынының туу, қалыптасу, даму тарихын С.И. Карабон Киев феодалдық мемлекетінен бастайды. Ол кезде орыс, украин және белорусь халықтарында ортақ мәдениет және ортақ тіл болған. Осы тілде діни-уағыздық және күнделікті тұрмыстық әдебиет туып, жылнамалар жазылған, аудармалар жасалған. Сыншы Карабон сол кездегі әдебиет ескерткіштерінде сыни

көзқарастар болғанын, оның саяси-әлеуметтік, діни және өнер салаларында байқала бастағанын дәлелдеп көрсетеді.

Енді әдебиет сыны тарихын жасау мәселелерінің шешілу жолдарын салыстырып байқау үшін, түркі халықтарының ішінде қазақ халқымен тарихы мен тағдыры, тілі мен өнері жағынан ұқсастықтары мол өзбек және әзірбайжан елдерінің әдебиет сыны тарихына барлау жасаған тиімді деп санаймыз.

Өзбек әдебиеттануы ғылымында әдебиет сыны тарихын жасау жайы әдебиет тарихын жүйелеуден бастау алады. Бұл бағытта 1961–1962 жылдары «Узбек совет адабиети тарихи очерки», 1967 жылы «Узбек совет адабиети тарихи», 1968–1972 жылдары үш томдық «Узбек совет адабиети тарихи» және бес томдық «Узбек адабиети тарихи» деген көлемді еңбектер жарық көріп, бұлардың ішінде әдебиет сыны тарихы да біршама баяндалған. Осы кітаптардың негізінде сын тарихына байланысты алғашқы еңбектер там-тұмдап жарық көре бастады. Олардың қатарында Х. Екубовтың «Танқид ва адабиетшунослик тарихига бир назар» (Адабиетимизнинг ярим асри. Туплам. 1-китоб. Тошкент, 1967), Б. Назаровтың «Узбек адабий танқидчилиги. Гоявийлик, метод, қахраион» (Тошкент, 1979) кітаптарын, Х. Умуровтың «Узбек адабий танқидида махорат проблемоси» атты кандидаттық диссертациясын атауға болады. Бұл ғылыми еңбектерде өзбек әдебиет сыны тарихы тұтас күйінде алынбай, тек оның әрбір кезеңдері ғылыми талдау нысанына айналған. Тек 1987 жылы А.С. Пушкин атындағы өзбектің тіл және әдебиет институты дайындап шығарған екі томдық «Узбек совет адабий танқиди тарихи» атты фундаментальды кітапта ғана бұл мәселе біршама жүйелі һәм толық қарастырылған. Осы еңбекті жазып шығуға өзбек әдебиетші ғалымдары И. Султанов, М. Юнусов, Т. Расулов, Б. Назаров, П. Қодиров, Ж. Камолов, С. Мелиев, т.б. қатысқан. Олар өзбек әдебиетінің мың жылдық тарихы бар екендігіне тоқталып, оны сонау түркі халықтарының тұтастығы ыдырамай тұрған Тоныкөк, Күлтегін замандарынан бастайды да, әдебиет сынының кәсіби сипатта даму тарихын Қазан революциясымен байланыстыра зерттеп көрсетеді. Атап айтқанда, «Жаңа әдебиет

сыны тарихының ілкі қадамдары» (1917–1932), «Өзбек совет әдебиеті сыны тарихының социалистік реализм эстетикасы аясында даму жолында» (1932–1941), «Ұлы Отан соғысы дәуіріндегі өзбек әдебиеті сыны тарихы» (1941–1945), «Ұлы Отан соғысынан кейінгі өзбек сыншылдығы» (1945–1956), «Қазіргі заманғы өзбек әдебиеті сыны тарихы» (1956–1987) деп бірнеше кезеңге бөліп дәуірлеген. Алайда оларда өзбек әдебиеті сынының ілкі кезеңдерін ауыз әдебиеті үлгілерінен тарту тәжірибесі кездесе қоймайды.

Әзірбайжан әдебиеті сыны тарихын жүйелеп жазушылардың ішінде көзге түсерлік ірі ғалым сыншы – К. Талыбзаде. Ол – өзінің шығармашылық ғұмырының басым көпшілігін әзірбайжан әдебиет сыны тарихын зерттеуге арнаған тұлға. Оның қаламынан туған «XX әср азербайжан тэнгиди» (1966), «Әдеби ирс вэ варисләр» (1974) атты кітаптарында әзірбайжан әдебиеті сыны тарихының бастау-бұлақтарына барлау жасалып, XX ғасыр ішіндегі кәсіби сипатта даму кезеңдеріне талдама сараптаулар берілген.

К. Талыбзаде XX ғасырдағы әзірбайжан әдебиеті сыны халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан эстетикалық-сыни ой-пікірлерінің негізінде дамығандығын нақты деректермен дәлелдеп көрсетті. Оның негізгі тірегі ретінде Орта ғасырларда өмір сүрген Хатиб Табризидің, Баһманиярдың, Мұхаммед Рәфи Дост Мұхаммедұлының поэтикалық кітаптарын, эстетикалық рисаларын атап көрсетті. Олардың ғылыми-шығармашылық мұраларындағы сыншылдық ой-пікірлердің кейінгі әдеби сынның дамуына жасаған ықпалын, дәстүр сабақтастығын зерттеудің қажеттілігін айтып, осы бағыттағы зерттеулерге сараптама жасап берді. Әсіресе әзірбайжан әдебиеті сынының XX ғасырдың басындағы дәуірін зерттеудегі пікірлері ғылыми сипатының тереңдігімен, әдеби-сыни процеске, жүйелі әрі шебер талдау ерекшелігімен айрықшаланады. 1905–1917 жылдардағы әдебиет сын тарихындағы негізгі тенденциялар: демократиялық сын, буржуазиялық сын және марксистік сын деп жүйеленіп, демократиялық сын өз ішінен мынадай тармақтарға бөлінеді:

Әдебиеттің өмірмен арақатынасы.

Әдебиеттің қоғамдық функциясы.

«Жаңа» және «ескі» поэзия проблемалары.

Әдеби мұра мәселелері.

Әзірбайжан театры мен драматургия сынының дамуы.

Әдеби тіл тарихы.

Автор осы мәселелерге егжей-тегжейлі талдау жасайды. Ал кейінгі буржуазиялық және марксистік сын тараулары коммунистік идеология талаптарына сәйкес енгізілгеніне қарамастан, онда ғалым ұлтшылдық бағыттағы қалам қайраткерлерін асыра жамандап, қараламайды. Олардың еңбектеріне әділ баға беруге тырысады. Әдебиет сыны тарихын жасаудағы К. Талыбзаде жолын ары қарай Н. Бабаев, Н. Мәммәдов, Ф. Көчәрли, М. Көпрүлүзаде, т.б. жалғастырды.

Көріп отырғанымыздай, белорус, әзірбайжан, өзбек әдебиеті сыны тарихтарын жүйелеушілер де өз әдебиет сынының тарихын өте әріден бастап, оның туу, қалыптасу, даму, кемелдену кезеңдерін сатылай көрсеткен.

Бұрынғы одақ құрамындағы өзге де елдер әдебиет сыны тарихын жүйелеуде мазмұны жағынан болмаса, сыртқы қалып, формасы, жіктері жағынан ұқсастықтар мол. Олардың бәрі де орыс әдебиеті сыны тарихын жүйелеу тәсілдері мен принциптерін өздеріне үлгі тұтты. Сондықтан да біз олардың әрқайсысына жеке тоқталып жатпай, келесі тараушада қазақ әдебиеті сыны тарихының мәселелері бойынша ой-тұжырымдар ұсынған қазақ ғалымдарының шығармашылығын зерделеуге талпыныс жасамақпыз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Сынның әдебиеттегі және жалпы адамзаттың өркендеуіндегі ролі.
2. Шетел әдебиеті сыны тарихын жасау принциптері мен әдістерін қазақ әдебиеті сыны тарихымен салыстыра қарастырудағы өз тұжырымыңыз.
3. Мына жұмыстардағы қажетті тұстарды көшіріп алыңыз: Груздев И. Критика как труд // Звезда. – 1923. – № 3; Чернышевский Н. Г. Литературная критика. Т. 1. – М.: Художественная литература, 1981; Венгеров С.А. В чем очарование русской литературы XIX века? – СПб., 1912; Бурсов Б.И. Национальное своеобразие русской литературы: – изд. 2-е. – Ленинград, 1967; Берковский Н.Я. О мировом значении русской литературы. – Л., 1975; Купреянова Е.Н., Макогоненко Г.П. Национальное своеобразие русской литературы. Очерки и характеристики. – Л., 1976;

Фридендер Г.М. Национальное своеобразие и мировое значение русского романа // В кн.: История русского романа: В 2-х т-х. – М. – Л., 1964. – Т. 2; Егоров Б.Ф. О мастерстве литературной критики. Жанры, композиция, стиль. – Ленинград: Советский писатель, 1980; Соколов Н.И. О литературной критике и филологическом образовании // Русск. лит. – 1977. – № 1; Луначарский А.В. Собрание сочинений: В 8-и т. – М., 1963; 1967. – Т. 4; Нефедов Н.Т. История зарубежной критики и литературоведения: учеб. пособие для вузов. – М.: Высшая школа, 1988.

4. Осы ғылыми еңбектерде қазақ әдебиеттануы мен әдеби сынында қазірге дейін қарастырылмаған қандай тұстары бүгінгі таңда келелі мәселе деп ойлайсыз?
5. Эпштейн Михаил Наумович. Законы свободного жанра. – Все эссе. В 2 кн. – Екатеринбург: У-Фактория, 2005. – еңбегіне көспек жасаңыз.

III тарау

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫН ТАРИХЫ

3.1. Қазақ әдебиетші-ғалымдарының сын тарихын дәуірлеуге қатысты ойлары

Сын, сын тарихы және оны дәуірлеу мәселелері қазақ ғалымдары тарапынан біршама қарастырылған. Ол, негізінен, қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуге қатысты айтылған. Алайда бұл салада жүйелі зерттеулер мен өз бағыты айқындалған ізденістер бірден көріне қоймады. Бұл – бір жағынан заңды да. Себебі кәсіби сынның қанаты қатайып, қалыптасып, кемелденбей жатып, оның тарихын дәуірлеу мәселесінің көтерілмейтіндігі, көтерілген күнде де нақты шешімін таба алмайтындығы мәлім. Ал қазақ әдеби сынының алғашқы нышандары көне ауыз әдебиетінде көрініс бергенімен, шын мәніндегі сынның жалпы жұртшылыққа жол тартуы мерзімді баспасөзге байланысты болды. Осы кезеңде сынның жанрлық тұрғыдан жіктелу, кәсіби сипатының анықталуы, кәсіби сыншылардың бой көрсету процесі жүріп, шындап қалыптасып дамуға бет бұрды. Көркем әдебиеттің асылы мен жасығын таразылар, адал бағасын берер сыншылар пайда бола бастады.

Бұл орайда ақын-жазушы, қаламгерлеріміздің кәсіби сынның өрісін кеңейтуге қосқан үлесі ерекше. Әрине, мұнда ауыз толты-

рып айтар ардақты есімдер қатарында А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, С. Торайғыров, М. Дулатов, С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Жолдыбаев, Е. Бекенов, Ғ. Тоғжанов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, М. Қаратаев, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов және т.б. сап түзейтіндігі белгілі. Бұлардың әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымының қалыптасуына қосқан үлестері мол. Алайда сол кезеңдегі сынға, сын тарихына қатысты айтылған ой-пікірлердің көпшілігі кеңестік идеология талап-тілегімен жымдаса беріліп жатты. Солай бола тұрса да, олардың ішінде осы кезге дейін де өз маңызын жоймаған құнды ойлар бар. Бұл кезде сын және зерттеу мақалаларда маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай социалистік реализм көбірек сөз болды.

30-жылдары әдебиет сыны саласында аянбай еңбек еткендердің бірі – сыншы Е. Ысмайылов. Ол сол тұстағы әдеби сынның өсуіне кедергі келтіретіндерді айта келіп: «сын өсіп, өркендесін десек, алдымен сыншылдықтың өзіне айрықша маңыз беру керек, сыншылық жұмысты «творчество» деп қарау керек, сыншы кадрларын тәрбиелеп отыру керек, жазушылар арасында сынды күшейту керек, қазақтың мәдениет қызметкерлері сын жұмысына араласуы керек, сын еңбектерін бастыру жұмыстарын өңдеу керек. Міне, сонда ғана сынды барлық жағынан көрсетеміз», – деп ашып жазды. Әдебиет сынын өркендетудің басты бағыты, проблемалық мәселелері баса ескертілген бұл өзекті ойлардан Е. Ысмайыловтың шынайы сыншылдық талантына тән басты сипатын ғана аңғарып қоймаймыз, сонымен бірге сол тұстағы әдеби-сыни процестің жай-күйінен де хабардар боламыз.

Бұл мақалада автор сонымен бірге ұлттық әдебиеттану мәселесіне де ерекше назар аударған. Сыншы классикалық мұраны, әдебиет тарихының көрнекті өкілдерін және тұтастай өнерді, мәдениетті бағалауда сол кезде орын алған басты кемшіліктерден арылу жолдарын көрсетуге талапталды. «Искусство, әдебиетті бағалау ісіндегі дәрежелікке, бас бұзарлыққа, топастыққа, надандық жәйттерге енді жол беріп отыра беру – ол жалпы біздің әдебиет, искусство жөніндегі мәдениетіміздің төмендігін көрсетеді. Шын әдебиетті, шын искусствоны, оның өкілдерін дұрыс,

әдеби бағалай білуіміз керек. Ол үшін бізге ең алдымен әдебиетті, искусствоны танитын эстетикалық сезімдерімізді көтерейік», – деген сындарлы, эстетикалық пікірі әдеби мұраны, оның көрнекті өкілдерін, ұлттық өнерді таза ғылыми сипатта зерттеуге, әдеби-тарихи шындыққа сай объективті бағалауға үндеуімен құнды болмақ.

Қазақстан Жазушылар Одағының 1937 жылы мамыр айында сын туралы арнайы пленумы өтті. М. Қаратаевтың «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» деген баяндамасы жұртшылық назарын аударды. М. Қаратаев баяндамасында қазақ әдеби сынының даму жолдарына тоқталып, оның жетістіктері мен жіберген кемшіліктерін атап көрсетті.

Әдебиет сыны тарихындағы бір белес 1939 жылы маусым айында өткен Қазақстан жазушыларының II съезі болды. Мұнда әдебиетіміздің әр саласы – проза, драматургия, поэзия, сын туралы баяндамалар жасалып, келелі кеңестер ортаға салынды. Жазушы Ғ. Мүсірепов сынның жай-күйі туралы баяндама жасады. Әсіресе Ғ. Мүсіреповтің баяндамасында сынның ғылыми сын, халық сыны, кәсіпқой сын түрлері ажыратылып, арзан қол, таяз, ғылыми негізсіз сындардың залалының аталуы сын тарихына қосылған олжа болды.

Қазақ әдеби сынының түйінді мәселелері кеңінен талқыланған осы съезде сын саласын дамытуға, орын алған олқылықтардан арылуға өрелі талаптар тұрғысынан келудің өзі бұл саланың басты мақсаты мен міндетін айқындау еді.

Отызыншы жылдардағы сынға қатысты пікірлерге тоқталғанда, осы кезеңде тұрпайы социологиялық сынның өрістегендігін, барлық мәселені партиялық, тапшылдық тұрғысынан шешу талабының үстем болғанына көз жеткіземіз. Мысалы, ҚазАПП басшысы М. Қайыпназаров әдеби сын мынандай талап үдесінен шықсын деп табады: «1. Сын диалектика – затшылдық дүние тануынан теріс жайылмасын. 2. Пролетариат жазушыларының шығармаларын сынағанда ол жазушының шыққан тегі, қай жікке жататындығымен сыналсын, шығармасының бағасына, бұқараға социалдық тәрбие бере алуына қарай қаралсын, т.б.».

1934 жылы 12-18 маусымда Алматы қаласында Қазақстан жазушыларының I съезі өтті. I. Қабыловтың «Әдебиетімізге маркстіл ғылыми сын керек» атты баяндамасында: «Сын сыңаржақ, әдебиетте оғаш, мақалаға жазылған мақала сын болды. Әдебиетті сынағанда газеттің мақаласынан ажыратып сынай алмайды. Көркем әдебиеттің өз ерекшелігімен өз мүшесін тексерген сын бола алмай келеді. Оған біздің сыншыларымыздың шарқы жетпеді. Мұстафаны (Қайыпназарұлы) былай қойып, көптен сын жазып келе жатқан Ғаббастың сынауы да сол жадағай, сыңаржақ сын еді. Ғаббас сынында соңғы уақытқа шейін әлгі мен айтқан сыңаржақтық, жікшілдіктің әсері, әдебиетті мақалаша сынайтындық басым еді», – деп айтылған пікірінен сынның дамуына сауатты оқырман қажеттігін, жас сыншыларды тәрбиелеу, әдебиеттің болашағына деген алаңдаушылықты байқаймыз. I. Қабылов баяндамасын: «Біз жаңа сынның бетін жақында бастадық, жіктен, аурудан айтылуы аман, дені сау сауатты сынның басы көріне бастады. Осы съезде барлығында жазылған сындардың көпшілігі-ақ осы сынның жаңа бетін дәлелдейді. Оқушыларымыздың бастап жазған жазушыларға ашық хатында, Сәбиттің жазған жауабында жақсы нысананың белгісі бар. Сәбит: «жіктен аман, дені сау жазушыға көмек болатын сын жаңа басталды» дейді, – деп аяқтап, яғни жазушыларға жол көрсетіп, өсіретін, сыншыларға үлгі боларлық белсенді, білімді сынмен қатар, сынға маркстік ғылым қажет деп, сөзін қорытындылайды.

Осы тұстағы әдебиет сыны тарихын зерттеген ғалым Д. Ысқақұлы мұндай өрескелдіктің орын алуын «отызыншы жылдардағы сында болған бұндай кемшіліктердің түп негізі сын қолданған методологиялық әдіске байланысты еді. 20-жылдары орыс әдебиетінің сынында Плехановтың әсері күшті болды. Бұл кездегі әдеби сын әлеуметтік талдау әдісіне сүйенді. В. Фричениң, П.Н. Сакулиннің еңбектерінде әдебиеттану ғылымындағы негізгі әдіс ретінде әлеуметтік және формальді-әлеуметтік әдіс ұсынылды. 30-жылдардың бас кезіндегі қазақ әдеби сынында да осы әдістің басым болғандығын байқаймыз. Сол кездегі белді сыншы

Ғ. Тоғжанов ішкі түйсікке, яғни Воровскийдің теориясына негізделген «ақын көргенін көргенше, сезгенін сезгенше жырлауы керек» деген тезис ұсынды. Осының бәрі сынның дұрыс ғылым ретінде дамуына нұқсан келтірді», – деп ашық жазды.

Сынның тарихына және бүгінгі мәселелеріне қатысты ойлар «Қазақ әдебиеті» газеті жарық көргеннен кейін молайып, ақын-жазушылар, сыншылар арасындағы пікірталасты қыздырып жіберді. 1939 жылы маусым айында өткен Қазақстан жазушыларының II съезі болды. Осы съезде С. Мұқанов «Проза және сын туралы» баяндамасында сын тарихы және сынның кемшіліктері жайлы: «Қазақ әдебиетінде сын жоқ деген сөзге мен атымен қарсымын. Әдебиеттік сынның басы XIX ғасырдың ортасында Шоқан Уәлихановтың (1835–1865) еңбектерінен басталды. Шоқаннан қалған еңбектер 1904 жылы Петерборда «Шоқан Уәлиханов шығармалары» деген атпен орыс тілінде басылды. Осы шығарманың ішінде қазақ әдебиетінің тарихын зерттеген Шоқанның аса бағалы еңбектері бар. Мәселен, «Едіге батыр» туралы жазған Шоқанның зерттеуі, күні бүгінге шейін ғылымдық қасиетін сақтап келген ғылыми еңбек.

Көркем әдебиет туралы Абай да көп пікір айтқан адам. Әсіресе әдебиет теориясы туралы Абай пікір айтып, Белинский мен Добролюбовтың эстетикалық әдісін қолданған. Әрине, Абайдың көркем әдебиетке, әнге, музыкаға көзқарасы қара сөзбен емес, өлеңмен айтылған. Осы эстетикалық өлеңдерінің ішінде әдебиетке бағыт берген шығармалар толып жатыр.

Әрине, бұл еңбектер сынның басталуы ғана. Олар шын мағынасындағы сын даражасына жеткен еңбектер емес. Шын мағынасындағы әдебиет сыны қазақ әдебиетінде революциясының бер жағында басталды.

Революциядан кейінгі сын біріне-бірі негізінде қайшы екі бағытпен жүрді, біреуі – совет сыны, екіншісі – байшыл-ұлтшылдардың сыны. Байшыл-ұлтшылдар революциядан туған қазақ совет әдебиетін өсірмеуге, жоюға тырысты. Осы арам ниетпен олар қазақ совет әдебиетінің жас кадрларына қарсы аттаныс жасап, әдебиет майданынан оларды қумақ болды. Байшыл-ұлтшылдар

әдебиетке буржуазиялық романтизм әдісін ұсынып, кертартқысы келді, олардың жазушылары сол әдісті қолданды да.

Әдебиет сынының дұрыс жолмен өркендеуіне көп залал істеген национал-фашистер», – деп баяндамасының «Сын туралы» тарауында сынның тарихына біршама тоқталып, басты сол кезеңдегі сынның сегіз кемшілігін атап, ол кемшіліктерді жою жолында көрсетеді.

«Осы жетістік жағымен, қазақ совет әдебиетінің сынында бірнеше басты кемшіліктер бар.

Бірінші – шын мағынасындағы сын жазушының мектебі. XIX ғасырдағы орыстың атақты сыншылары Белинский, Добролюбов, Чернышевскийді сол кездегі орыс жазушылары ұстаз көрген.

Екінші – нағыз сыншы жақсыны «жақсы» деуден, жаманды «жаман» деуден тайынбайды. Бізде бір сыншылар бар: жаманды көруге қырағы-ақ, ал жақсыға келгенде сөзі бұрылып көрмей кетеді.

Үшінші – кейбір сыншылар жеке шығарманы талдап сынамай жалпылап кетеді.

Төртінші – әдебиет сынында тұрпайы социалогизм де жоқ емес.

Бесінші – шығарманы емес, жазушыны сынайтын, біржақты, қыңыр, жікшіл сыннан біз әлі арылып болған жоқпыз.

Алтыншы – бізде коллектив сыны дұрыс жолға қойылған жоқ. Жазған шығармаларын көпшілік алдында оқып, талқылап, кемдігін көпке айттырып, содан кейін түзеп барып баспаға шығармасын беру әдеті қазақ жазушыларында аз, біздің жазушылардың көпшілігі шығармасын ешкімге қолжазба күйінде оқымай, баспаға беріп, кемшілігіне артынан өкініп жүреді.

Жетінші – көпшілік сынының екінші түрі жай оқушылардың сыны. Бұл – әрине, ғылыми сын емес, әйткенмен бұнда зор маңыз бар сын.

Сегізінші – кітап боп басылған, не газет, журналдарда басылған шығармаларға кезінде рецензия жазылмайды. Талай кітаптардың шыққаны газет бетінде көрінбей, магазиннен кітапты сатып алушылар ғана болмаса, былайғы көпшілік ондай кітаптың барын

білмейді де. Рецензия, әрине, ғылыми сын емес» (Баяндаманың толық нұсқасын осы жинақтан оқи аласыз (А.А.Ш.): Әдеби өмір шежіресі / құраст. Ә. Нарымбетов. – Алматы, 2005. – 47-50 б.).

Бұдан кейінгі кезеңдерде де бұл мәселе ұдайы көтеріліп, қазақ әдебиет сынының туу, қалыптасуы туралы ғалым-сыншыларымыз әртүрлі пікірлерді ортаға салған. М. Қаратаев: «Қазақ әдебиетінде сынның белгілі орын алуға ұмтылуы тек кеңес өкіметі тұсында, айналасы осы 10-15 жылдың ішінде. Қазанға дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті заңды нәрсе», – десе, ғалым Е. Ысмайылов: «Біздегі әдебиет сыны мен әдебиет тану ғылымы тек совет дәуірінің жемісі, бұрын сыншылдық, әдебиетшілік дәстүрі мүлде жоқ, тыңнан туып жасалған», – деп тар шеңберден шыр айналып, тереңнен қазбаған. Оған белгілі дәрежеде үстем көзқарас, яғни орыс елінің тарихынан асып түсер, ерте пайда болар құбылыстар болмауы керек дегенді қызыл сөзбен тұмшалаудың салдары себепші болғанын жоққа шығармау керек.

1954 жылы 3-8 қыркүйек күндері Қазақстан жазушыларының III съезінде Ғ. Мұстафин «Қазақ совет әдебиетінің қазіргі жайы және міндеттері» деген тақырыпта баяндама жасады. Баяндамада совет әдебиетінің руханиятқа қосқан үлесі, социалистік реализм тақырыбындағы туындылар сөз болды. Сол жылдардағы әдебиеттің жемісі ретінде М. Әуезовтің «Абай жолы» романының соңғы кітабы, С. Мұқанов және Ғ. Мүсірепов шығармалары аталатын еді. Поэзия мен драматургия жанрларының тақырыптық, көлем ерекшелігі, характер сомдау және жанр мәселесі бойынша жетістіктер мен кемшіліктері де сөз болады. Ә. Тәжібаевтың «Дубай Шубаевич», Ш. Құсайыновтың «Есірткен ерке» драмалары талданып, әдеби сынның пайдалы жақтары С. Қирабаев, А. Нұрқатов мақалаларында: «әдебиетті жақсы түсінерлік мәдениеті барын жаңа да, батыл да, қызықты да ой-пікір айтуға қабілетті екенін танытады», – деп атап көрсетілді.

1959 жылы 9-11 наурыз күндері Қазақстан жазушыларының IV съезінде сын мәселесі бойынша қазақ әдебиетінің дамуы туралы баяндаманы Ғ. Мүсірепов жасады.

«Москвада болған онкүндік кезінде қазақ әдебиетіндегі сынның жәйі сөз болғаны баршамызға мәлім. Дүниежүзілік әдебиеттің М. Горький атындағы институтында өткізілетін талқылауға Москва мен туысқан республикалардың әйгілі ғалымдары мен көрнекті сыншы, әдебиет зерттеушілері қатысты. Шығып сөйлеушілер қазақ әдебиетіндегі әзірге жас сын мен әдебиеттану ғылымының аз жыл ішінде анағұрлым жоғары сатыға көтерілгенін бірауыздан құптады. Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты жуырда бастырған «Қазақ совет әдебиетінің очерктерін» Москва ғалымдары Қазақстанның әдебиеттану ғылымы жолындағы зор табысы деп жоғары бағалады. Методологиялық дұрыс негізге құрылған бұл очерктер басқа республикаларда шыққан осындай очерктердің ірі кемшіліктері ескере жазылып, Қазақстан әдебиетшілерінің өз заманымыздағы совет әдебиеті мәселесіне баса назар аударар білгендіктерін дәлелдеді.

Профессор Есмағамбет Ысмайыловтың қазақ ауыз әдебиетінің нақтылы материалдарын кеңінен қамтыған «Ақындар» атты монографиялық еңбегі Москвада болған кеңесте халық ақындары творчествосының өзгешелігін жете зерттеу жөніндегі ойсыраған олқылықтарды толтырып, бүкілодақтық әдебиеттану ғылымына елеулі олжа салатын ірі еңбек деп бағаланды.

Талқылау кезінде тамаша назар аударып, көрнекті баға алған Мұхаметжан Қаратаевтың «Туған әдебиет туралы ойлар» (орысша «Рожденная Октябрем») деген атпен шыққан сын мақалалар жинағы болды. Қазақ совет әдебиеті туралы көп фактіні қамтып, тиянақты қорытынды шығарған бұл кітаптың пайдалы екендігін айта келіп, сөйлемшілер бұл еңбектің елеулі өзгешелігі – автор кабинетке қамалдан сыншы емес, туған әдебиетіне жаны ашитын белсенді күрескер деп түйді. Бұл кітап туралы Георгий Леомидзе былай дейді: «М. Қаратаевтың бұл еңбегінде тағы бір қуат бар – ол публицистикалық жағы. Қаратаев басқа пікірдегілерге семсерін қынабынан суыра қызу жазады, өз пікірін қорғарда зор сеніммен көтеріле айтысқа түседі. Кітапты оқығанда, маркстік-лениндік әдебиет теориясын қорғағандағы табандылығын, көркемдік жөніндегі талғампаздығы мен се-

зімталдығын көріп, қатты сүйсінесің». Сөйлеушілердің кейбірі қазақ сыншыларының М. Шолоховтың «Тынық Дон» романы мен орыс ақыны Илья Сельвинскийдің шығармалары жөнінде оқушы қызығарлық жақсы мақалалар жазғанына риза болғандарын айтты. Мұхаметжан Қаратаев пен Алексей Брагиннің «Жыр қанатында» атты кітабы көп кісінің назарын аударды. Очеркше жіпке тізілген қызғылықты әдеби материалды оқығанда, Қазақстанның кең-байтақ даласын аралағандай боласың, қазақ әдебиетінің мөлдір ауасын жұтып, жарық сәулесін көргендей сезінесің», – десті олар.

Сондай-ақ талқылау мәжілістерінде қазақ сыншыларының сын-биографиялық еңбектері де сөз болып, Бейсембай Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы, Темірғали Нұртазиннің Сәбит Мұқанов туралы, Айқын Нұрқатовтың Мұхтар Әуезов туралы, Серік Қирабаевтың Ғабиден Мұстафин туралы жазған кітаптары, Тәкен Әлімқұловтың сын мақалаларының жинағы есейген сынның елеулі белгісі деп танылды.

Сын талқылауын қорыта келіп, осы съезімізге қатысып отырған А.Т. Дементьев қазақтың сыншылары мен әдебиетшілерінің зор табыстарына қатты риза болғандығын, бұлар Бүкілодақтық сын мен әдебиеттану ғылымның жуан ортасынан көрнекті орын алуға әбден жарайтындарын атап айтты.

Біздің әдеби сынымызда көп нәрсенің жетіспейтіндігінде, ең алдымен, батылдықтың аздығында ешкімнің дауы бола қоймаса керек. Мұның өзі – ұзақ жылдардың өн бойында сынға қолайлы жағдай туғызу жөнінде қамқорлығымыз аз болғандығының нәтижесі. Біз әлі де болса сын сөзін тыныш тыңдай алмаймыз, ал шығармаларымыздағы кемшіліктерді батылырақ айтса, көп жағдайда дау-далабамен тарқаймыз. Бір кездегі біздің де іскер сыншыларымыздың енді «аш құлақтан тыныш құлақты» іздеп әдебиеттану ғылымының жасыл жағалауына барып қоныс тепкенін де тек қана осы жағдаймен түсіндіруге болады.

Бұдан былай біздің әдеби сынымыз үшін де жаңа дәуір басталғанын әркім-ақ ұқса екен деймін. Сын гөйгөйшіл кәрі жеже емес, біздің әдебиетіміздің медеткер, қамқоршы серігі бо-

луға міндетті. Ынтымақ деген ұранды желеу қылып, әдеби сынымыздың оның дербес ойынан еркін айырып алсақ, бұл да жаман, онда біз оны «достық құшағымызға» қысып тұншықтырып та алуымыз мүмкін. Ендеше, менің қандай ынтымақ жөнінде айтып отырғанымды әркім де ұғады ғой деп сенемін. Көреген де батыл сынның көмегіне ділгер шығарма бізде әлі де көп. Олай болса, көркемдік құны төмен, барып тұрған идеясыз шығармамен бейбіт қатар өмір сүру тәсіліне енді мүлде көнуге болмайды.

Біздің сыншыларымыздың ең басты міндеті де – қазіргі заман тақырыбына жазылған жоғары идеялы, көркем шығармалар үшін белсене, табанды күресу міндеті де осы.

Сын әдебиеттің негізгі бөлігі болғандықтан, әдебиеттің алдыңғы жаңа дәуірі әдеби сын үшін де жаңа дәуір болмақ, оның алдында да бүкіл әдебиеттің алдындағы міндеттер мен мәселелер тұр. Осыған байланысты, меніңше, тағы бір маңызды жәйтті айрықша атап өткен жөн. Бұл кезге дейін біздің сынымыз, ең жақсы дегенде, шығармалардың кемшіліктерін ғана көрсетіп келді, енді ол жақсы шығарманы қалай жазу керек, сәтсіз туындыны қалай жөндеу қажет деген сұраққа да жауап беруге тырысуы керек, мұның өзі біздің сынымыздың теориялық дәрежесіне қойылатын талап болып та табылады. Әдеби сын көркем шығарманың негізгі компоненттерін – оның композициясын, сюжеттің дамуын, геройлардың характерін жасау тәсілдерін, жанрдың өзгешеліктері мен нормативтерін тағы басқаларды қағажу қалдырса, онда ол өзіне қоятын барлық талапқа толық жауап бермейді. Мұндай жағдайда сынның ауытқу себептерін іздестіру керек, яғни ол бір нәрселерден қорғалап, әлденеге қарайлайды, не болмаса оның дәрежесі төмен. Демек, біздің сыншыларымыз жоғары идеялы көркем шығарма жайын ойластырғанда, өздері де әдеби сынның жоғары дәрежесін, оның партиялылығы мен үлкен ролін көп ойлап, кең толғауына міндетті». (Баяндаманың толық нұсқасын осы жинақтан оқи аласыз (А.А.Ш.): Әдеби өмір шежіресі / құраст. Ә. Нарымбетов. – Алматы, 2005. – 95-115 б.).

Ғ. Мүсіреповтың осы баяндамасындағы жалпы әдебиеттің дамуына берген бағасынан, сынға деген шамшыл көзқарасынан қазақ әдебиетіне деген ынтымақтың, талаптың қажеттілігін көрсек, екіншіден, жазушының әдебиеттің болашағына деген алаңдаушылығын байқаймыз. Бұл баяндаманың жас сыншыларға тәлімдік мәні, қазіргі әдебиетімізге зор әсері болды.

Қазақстан жазушыларының 1966 жылы V съезінде Ж. Молдағалиев «Мен сынның әр қайда қорғаушы күш екенін, сын түзелмей мін түзелмейді, сын жоқ жерде мін көп деген сияқты жаттанды шындықтарды қайталап жатпаймын. Сынның да, әдебиетті зерттеудің де маңыз-мақсаты бәрімізге белгілі. «Барлық таяқ бейшара Макарға тиеді» дегендей, сынға да, сыннан да тиіп жатса, оны да заңды демекшімін.

Енді сынның жеке басын сөз етсек, сынаған сынды, мынауың жаман деген сыншыны құшақ жайып қарсы алып жатқан жазушыларды Москвадан да, Қазаннан да, Ташкенттен де кездестіре қойғам жоқ және таяу уақыттың ішінде кездестіре қоям деп үміттену де қиын. Ендеше Алматы олардан бөлініп қайда барсын. Сынаған бойда сынды ұға қал, жақсы көр деудің өзі, жалпы, адам табиғатын түсінбеу, оған жеңіл-желпі қарау сияқты. Үйретілмеген ат бірден тақым тигенде қандай мөңкісе, ә дегенде сынға да солай оскыра қараудың онша сөкеттігі жоқ. Бірақ партиялық принципті, әділ сын өзінің шындығын, дос ниеттілігін танытпай, мойындатпай, үйретпей қоймайды. Ендеше сынымыз білгір болсын, шыншыл болсын, тілектес болсын. Бізде осы жағы жетіспейді», 1981 жылы VIII съезде: «Қазіргі әдебиет сыны мен әдебиет тану ғылымы әдебиет алдында, оқырман алдында көп қарыздар. Әрине, бұнымен біз әдеби сынның жеткен жетістіктерін жоққа шығармаймыз, бірақ бүгінгі күннің биігінен қарасак, оның нақ қазіргі ахуалы ешкімді қанағаттандыра алмайды. Сынның ең үлкен олқылығы – оның теориялық дәрежесінің төмендігінде, осыдан келіп жалтақтыққа, не асыра дәріптеушілікке, не бұра тартушылыққа жол беріледі, оның ұшқырлығы да жетісе бермейді. Баспасөзде көтеріліп жүрген әртүрлі мәселелердің, айтыстардың қарадүрсін болып шығатынын да сынның теория-

лық дәрежесі төмендігінен, жауынгерлік сипатының кемдігінен деп түсіндірер едік. Принципті өткірлік пен батыллықтың орнын бүгінгі роман мен повестің, әңгіменің қандай болуы керек, диалогия мен трилогиялардың қажеті бар ма, поэмада публицистика өтімді ме, әлде эпика өтімді ме деген секілді пайдасыз айтыстар басып кетті. Қазіргі пьесалар, поэмалар, романдар, повестері, әңгімелер туралы осы азусыз айтыстар қыр соңында кітап аттары мен авторларын тізбелеумен, жұртқа белгілі қарапайым шындықтарды қайталаумен шектелді». Осындай еңбектердің нәтижесі өз жемісін берді. Жылымық жылдары жаңаша толғаулар айтыла бастады. Соның нәтижесінде ғалым Т. Кәкішұлы сынның қайнар көзі ауыз әдебиетінде жатқанын айтып, оның қанаттануын Шоқаннан, Ыбырайдан, Абайдан таратқан. «Оянған ойға кең өріс» еңбегінде әдебиет сынының қалыптасып, дамуы баспасөз арқылы жүзеге асатынын дәлелдеп көрсетеді. Өйткені халықтың әлеуметтік жағдайы, көкейтесті мәселелері, арман-тілегі, мұң-мұқтажы халық өмірінің айнасы болып табылатын – баспасөз арқылы көрініс беретінін дәлелдей бастады.

Баспасөз бетінде Абайдың, Шәкәрімнің, Сұлтанмахмұттың, Ахметтің, Мағжанның, Міржақыптың, Сәкеннің, Жүсіпбектің, т.б. шығармалары жарық көруі сыни ой-пікірлердің дамуына түрткі болғаны сөзсіз. Даулы шығармалар жайында айтылған ойлар сынның қалыптасып, өріс алуына ұйтқы болды. Сын әдебиетті өркендету үшін күресе жүріп, өзі бірге өсіп-жетілді.

Қазақ әдебиеті сыны тарихы сөз болған кезде, әлбетте М. Әуезовтің есімі аталмай қалуы мүмкін емес. Ол қазақ көркем әдебиетін әлемдік өреге көтеруімен бірге, сын, әдебиеттану ғылымы саласында да аянбай тер төкті. Ауыз әдебиеті үлгілерін, ақын-жыраулар мұраларын зерттеуге мол үлес қосты. Халықтың асыл қазынасындағы інжу-маржандарын тауып, жылт етер жақсысын жарқырата көрсете білді. Елдің әдеби-мәдени талап-талғам деңгейін таразылап, эстетикалық мұратының сырына бойлады.

М. Әуезов әдебиеттану ғылымы, әдебиет сыны, әдебиет тарихы жайында мынадай ой тұжырымдарын ұсынады: «Қазақ

халқының мәдениет тарихында әдебиеттану ғылымының тарихы әзір қысқа. Бұл – жас ғылым. Ол әдебиеттік сын. «Қазақ әдебиетінің теориясы», «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген салаларға бөлініп, енді ғана дамып келеді. Қазақтағы әдебиеттану ғылымы құралғанда, ол өзінің алғаш туысымен, бүгінгі жеткен сатысымен, барлық бас-аяғын жинағанда – түгелімен, толық мағынасында, социалистік Ұлы Октябрь революциясының жемісі болады. Октябрден бұрынғы қазақ тарихында біз бұл жөнінде «өскен ғылым» дерлік мардымды мұралар алғанымыз жоқ.

Рас, қазақ халқының революциядан бұрынғы әдебиет өрнектерін жинауда және оларды баспасөз жүзінде жариялауда, онан соң ең алғашқы түсініктер беруде көп қызмет еткен орыс ғалымдарының еңбектерін біз ұмытпаймыз. Орыс мектебінен, ұлы мәдениетінен тәрбие алып қазақ ескілігін зерттеген Шоқан, Әбубәкір, Ыбырай сияқты оқымыстылардың еткен еңбегін де бағалаймыз. Бірақ олардың көп жылдар жасаған пайдалы әрекеттері нағыз әдебиет тану ғылымының өзін тудырған жоқты. Олардың тексеру, зерттеулері, бастауыш дәрежеде болса да қалыптанған «әдебиет теориясы», «әдебиет тарихы» барлығы тым құрса орта мектеп құралы есебінде де тарихқа кірген жоқ». /1, 205-б./ Көріп отырғанымыздай, М. Әуезовке де партияның тізесінің қатты батқаны, ғалым-жазушының әр сөзін аңдып айтуы аңғарылады. Жазушы әдебиет саласындағы жетістікті негізінен кеңестік дәуір игіліктерімен тығыз байланыстырады. Бұған қарап арыстарымыздың көкіректері күмбірлесе де, миңгірлеуге мәжбүр еткен сол бір қытымыр кезең екенін аңғарамыз.

Қазақ халқының тарихында өзіндік орны бар сыншыларымыздың бірі – Мұхамеджан Қаратаев. Негізінен, ол әдеби-көркем сын саласында жемісті еңбек еткен. М. Қаратаевтың сыни мақалаларында әдебиет тарихына, теориясына қатысты мәселелер бар. Көптеген еңбектерінде жалпы қазақ әдебиетінің творчестволық дидары мен жай-күйі, асқан асулары, алынбаған шыңдары, қаламгерлеріміздің дәуір, замана алдындағы жауапкершіліктері, уақыт шындығына орай идеялық көркем шығармалар жайлары әңгімеленеді. Сонымен қатар сыншының белгілі бір

автор туралы жазғандарында шығарманы эстетикалық талдаумен қоса, өмірбаяндық әсерлі фактілер бар.

Сыншы М. Қаратаев сын тарихын сөз қылғанымен, оны жүйелеу ісін қолға алмаған. М. Қаратаевтың әдебиет сыны тарихындағы орнын С. Әшімбаев: «М. Қаратаев есіміне қазақ сынының жетістігінің ғана емес, кемшілігінің де едәуір қатысы бар деп ойлаймыз. Қазақ сынының көрнекті өкілі М. Қаратаев сындарындағы өткір полемикалық сипаттың кей тұстардағы аздығы оқушысын бір сәт қынжылтады да. Автор қалам тартқан мәселелердің кейбірі бұрын да сөз болған. Сондықтан солардың қайсыбіріндегі пікірлермен сыншы принципті түрде пікір таластырып отырса, мақаланы қызыға, құныға оқитынынды жасыруға болмайды. Сын – екінші жағынан пікірлер сайысы, пәрменді ойлар тайталасы екені мәлім». Бұл пікірдің ғалым еңбегіне берілген әділ баға екендігіне ешкімнің таласы болмас. Қалай болғанда да қазақ әдебиеттану ғылымында М. Қаратаев – өз орны бар тұлға. Асылы, ғылым тарихында еңбек еткендердің баршасын өз заманының сойылын соқты деп күстаналай берудің орны бола қояр ма екен? Егер мәселеге осы жағынан келсек, әдебиетімізде іліп алуға жарайтын адам таба алуымыз неғайбыл.

Қазақ әдебиеттануы ғылымы саласында өнімді еңбек етіп келе жатқан ғалымдарымыздың бірі – Серік Қирабаев. Ол қазақ әдебиетінің жекелеген тұлғаларының шығармашылық жолын зерттеуге, әдебиет тарихының кеңестік дәуірін жүйелеуге, әдебиет сынының жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктеріне жіті бақылау жасап, баға беруге елеулі үлес қосты. Ғалым әр кез әдебиет сыны тарихына қатысты жарық көрген еңбектерді шөла қарастырып, талдап-таразылап отырды. Мысалы, 80-жылдардың орта шенінде жарық көрген зерттеу кітабында, сол кезеңдегі әдебиет сынының жай-жапсарына былайша тоқталады: «Соңғы жылдар ішінде шыққан бірсыпыра сын-зерттеу кітаптарымыз қазіргі қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік, эстетикалық дамуы туралы ғана мол мәлімет беріп қоймайды, оның көп ұлтты совет әдебиетінің бір бұтағы ретінде дамуының заңдылықтары жайында да ғылыми бағдар ұсынады. Олардың ішінде Т. Кәкішұлының

«Дәуір дидары», М. Қаратаевтың «Көргенім менің көңілдегім», «Ізденіс іздері», С. Әшімбаевтың «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық» және т.б. елеулі еңбектер бар. Бұл кітаптарға кірген тәуір мақалаларда бүгінгі әдебиет процесінің өзіндік өзгешеліктері, жаңалығы совет әдебиетінің даму тарихымен тығыз байланыста берілді. Қазақ прозасының соңғы жылдар ішіндегі елеулі туындыларына талдау жасалады.

Поэзия сыны да табыстарын молайтып келеді. Сын бұл салада ұлттық поэзиямыздың соңғы жылдар ішіндегі табыстарын, жеке сөз шеберлерінің ақындық тәжірибесін жинақтап, қорытуға белсенді қатысуда. Қазақ драматургиясы мен сын жанрының қалыптасу жолын зерттейтін Р. Нұрғалиевтің «Айдын» мен Т. Кәкішұлының «Оңаша отау» атты зерттеулері – қазіргі қазақ сыны мен әдебиеттану ғылымы бірімен-бірі байланысты дамып, әдебиеттің жанрлық, тақырыптық өсуін байсалдылықпен қорыту дәрежесіне көтерілгендігінің айғағы. Ғалым мұнда қазақ әдебиеті сыны саласында ауыз толтырып айтарлық дүниелеріміздің баршылық екендігін орынды атап көрсеткен.

Р. Бердібаевша айтсақ: «Тұрсынбек ғылымға қазақ әдебиеті сыны деген пән қосты. Оны толығырақ ұғатын болсақ, З. Қабдолов: «Әдеби сын саласын профессор Т. Кәкішев бір өзі жеке-дара алып зерттеп, талай архивтердің қоңыржай қоймаларын ақтарып-төңкеріп, одан тапқан құжаттар мен жазбаларды жан-жақты пайдалана келе, қазақ әдеби сынының оқулықтарын жазып шықты».

Енді бізге аздап шегініс жасауға тура келеді. Қазақ әдебиеті сыны тарихына қатысты мәселелерді сөз еткенде, әрине, 60-жылдардағы әдебиетіміздің жай-күйін айтпай кетуге болмайды. Бұл тұста елде аздаған жылымық кезең орнап, жеке басқа табынушылық батыл айыпталып жатты. Әдебиетіміздің алыптары С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіровтердің халқымен қайта қауышып, әдеби мұралары ғылыми айналымға қайта енгізілуі де осы кезеңде жүзеге асты. Сөйтіп, ғылым әлемінде серпіліс туып, әдеби сынның дамуына жол ашты. Сондай-ақ әдебиетімізге бір топ жас сыншы-ғалымдар легі келіп қосылды. Көптеген ұжымдық

еңбектер жарық көрді. Мысалы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институты ғалымдарының қатысуымен шыққан «Дәстүр және жаңашылдық», «Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы», «Көркемдік кілті – шеберлік», «Әдебиеттер туыстығы» сияқты ұжымдық жинақтар, негізінен, қазақ кеңес әдебиеті материалдарын ғылымдық жолмен қорытуға, әдеби-теориялық тұрғыдан жинақтауға арналды. Ондағы шығарманы нақты талдаудың үлгілері, ұлттық әдебиеттер жолын типологиялық салыстырулар, әдеби шеберлік мәселелерін қарастыру принципі біздегі бүгінгі сын үшін жалпы методологиялық жағынан маңызды.

Сынның жүгін көтеріп ат салысқан сыншылар Серік Қирабаев, Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішұлы, Рахманқұл Бердібаев, Зәки Ахметов, Нығымет Ғабдуллин, Шерияздан Елеукенов, Рымғали Нұрғалиев, Зейнолла Серікқалиев, Керімбек Сыздықов, Төкен Ибрагимов, Жұмағали Ысмағұлов, Өтеген Күмісбаев, Бақыт Кәрібаева, Бақыт Сарбалаев, Жұмабек Сайлаубек, Әшірбек Сығай, Серік Негимов, Бекен Ыбырайымов, Жаңғара Дәдебаев, Шәкір Ыбыраев, Бақытжан Майтанов, Құлбек Ергөбеков, Теңізбай Рақымжанов, Әлия Бөпежанова, Тұрсынжан Шапай, Әмірхан Мендеке, Құныпия Алпысбаев, Бауыржан Омаров, Шәріп Амантай, Құлбек Ергөбеков, Бекен Ыбырайымов, Бақыт Сарбалаев, Айгүл Смақова, Гүлжаһан Орда, Гүлзия Пірәлиева, т.б. өз сын кітаптарында әр жылдардағы әдеби процесті қарастыруға арнай отырып, ондағы жанрлардың баюын, тақырыптық өрісінің кеңеюін, көркемдік ізденістердің молаюын талдап көрсетуде білімділік танытты.

Бұлардан басқа өздерінің күнделікті баспасөз бетіндегі сын мақалаларымен әдеби сынымыздың дамуы мен тереңдеуіне ойлы пікір қосып жүрген авторлардың саны да көбейді. Олардың қатарында Ш. Елеукенов, З. Серікқалиев, Х. Садықов, С. Жұмабеков т.б. есімдерін атау орынды. Бұлардың бәрі де қазақ әдебиеттану ғылымының бар саласында жемісті еңбек етіп жүрген сыншы-ғалымдар. Солардың ішінде жарқырай көрінгені – Сағат Әшімбаев. Ол сын саласындағы аз ғана ғұмырының

ішінде қомақты еңбек тындырып кетті. Әдебиет сынына соны серпін, өзгеше тыныс әкелді. Сыншы өзінше бір құбылыс еді. «Парасатқа құштарлық», «Сыншыл ой сипаты», «Шындыққа сүйіспеншілік» деп аталатын еңбектері қазақ әдебиеті сынына үлкен олжа салды. Бұл кітаптарында қазақ әдебиеті сынының міндеттері мен проблемалары көрсетіліп, болашақ бағдарлары айқындалды. Ол алдыңғы толқын – ағаларының, өз тұстас-замандастарының, кейінгі толқын – жас сыншылардың еңбектерін тұтас қарастырып, оларға парасат биігінен әділ баға бере білді. Мысалы, белгілі ғалымдар жайындағы ойын: «Қазіргі әдеби процестің жылма-жылғы бағыт-бағдарын белсенді түрде бақылап жүретін, соған байланысты өз ойларын газет-журнал арқылы ортаға салып отыратын С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Х. Әдібаев, Т. Кәкішев сияқты сыншылардың мақалаларында көпшіліктің көңілін аударып, ойын қозғайтын әдебиеттің әр алуан ортақ мәселелері әр деңгейде сөз болады. Ол мақалаларды оқып отырғанда бүгінгі қазақ сыны эстетикалық мәдениетінің өлшеусіз өскендігін, ой айту, талдау мүмкіндігінің шеңберін кеңейте түскендігін, жанрлық-стильдік ерекшелігін тануға болар еді. Сонымен қатар осы аталған авторлардың соңғы кезде сын майданының алғы шебінен көрініп, әртүрлі қызықты фактілері, танымдық мәліметтері, өзіндік ой, байлам-байыптаулары бар кітаптарымен өз оқушысын табарына сенеміз», – деп сабақтайды /31/.

Әдебиет сыны тарихын оқып зерттеудің қажеттілігін: «жалпы әдеби-көркем сын туралы пікір айту үшін бүкіл әдеби-сыни процестен хабардарлық тым-тым қажеттілік», – деп ашып көрсетсе, оның алдында тұрған міндеттері ретінде: «қазіргі әлемдік және одақтық сынның даму процесінде әдеби-творчестволық портрет, философиялық ойлары басым эстетикалық эссе немесе сын мен әдебиеттану бірлігінен туған, жақсы қабылданып әрі бағаланып жүрген қызғылықты әдебиеттану сияқты сынның қажет те аса маңызды жанрларының дамуы бізде әлі де кешеуілдеп келеді.

Талдау мен ой толғаудың үздік үлгісі болып саналатын концептуалдық сын – жана көзқарастардан туған концепциялық

сынның аздығы да ойландыруға тиістігін», – элеумет алдына тартады. Бұл пікірлердің осы күні де өз құнын жоймағандығы, қайта өзектілігі күн санап артып отырғандығы байқалып отыр.

Сын саласына қатысты елең еткізерлік дүние Ш. Елеукуеновтің «Ақиқат» журналында жарияланған «Сын мен сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғаныс» деп аталатын мақаласы дер едік. Қаншама қайшылықты болса да, алғаш рет сын әдебиеттану ғылымынан бөлініп шығып, өз алдына жеке отау көтеру деген мәселе қойып отыр. Ғалымның ой-пікірін түгел құптамағанмен, сынтанудың өзгешелік сипатын іздестіруде ойланарлық сәттер жоқ емес. Оның ойы былайша тұжырымдалған: «Сын туралы ғылым – әдебиеттану ғылымының құрамдас бөлімі. Ал сол ғылыми сала проблематикасын біз бір ғана методология тұрғысынан қарап келдік. Сынтану негіздері арнайы ғылым ретінде өз алдына жеке отау құруы тиіс.

– Сынтану негіздері немесе сынтану. Мұнда осы ғылым методологиясы мәселелері қаралады.

– Сынтану теориясы. Ғылым объектісі, пәні, құрылым жүйесін теориялық жағынан негіздеу. Әдеби сын типологиясы принциптерін талдау. Сын туралы ғылымның әдебиеттану және басқа ғылыммен байланысын, арақатысын анықтау.

– Сынтану тарихы. Қазақ сыны тарихы. Сын туралы білім тарихы. Сынның туу, даму, әдіс формасының өзгеру жолдары.

– Сынтану поэтикасы. Сын жанры мен түрлері. Тілі, стилистикасы.

Сынтану методологиясы бұл ғылымды тұтас жүйе елегінде қарастырады. Ғылым дегеніміз – жүйелі білім. Сол ғылымды басқа ғылым жүйесімен байланыстыра қарау керек.

Әр құбылыстың теориялық моделі оның стилдік мәнін ашқанда, оның мазмұнының сыртқа тепкен тұрақты белгілерін, жеке типтілік сипатын тапқанда ғана ғылыми жөн түземек. Мұны типологиялық әдіс дейді. Сын туралы ғылым әдебиеттану жүйесіне кіреді. Өзінің жүйесі: 1) сынтану методологиясы; 2) теориясы; 3) тарихы; 4) поэтикасы.

Сынтану ғылымының объектісі нақтылы сын материалдың жинақталған, қорытылған теориялық моделі болып табылады. Бұл модель сыни құбылыстардың мәнін, сынның даму процесіндегі көріністерін жинақтайтын категориялар, ұғымдар, анықтама тұжырымдар жүйесінен тұрады.

Сын – барша ғылым атаулыға тән қасиеттердің бірі. Сынтану ғылымы әдеби-көркем сын құбылыстарын зерттейді.

Сынтану объектісі бұл ғылымның нені зерттейтінін көрсетсе, оның ғылыми мазмұнын, өзгешеліктерін, ғылыми жүйедегі орнын, оның зерттеу пәнін анықтайды. Сынтану пәні объектісіне себепті зерттеу керектігіне жауап беріп, соның заңдылықтарын ашатын тәсілдерді белгілейді.

Сынтанудың жанрлық поэтикасы бір-біріне тығыз байланысты жүйеден тұрады (Әдеби портрет, шолу, сын мақала, рецензия, т.б.).

Сынтану ғылымының ең басты міндеттерінің бірі өзінің негізгі зерттеу объектісі – сын туралы түбегейлі, сындарлы ғылыми анықтама жасау» / 16 /.

Ғалым Ш. Елеукуновтен келтірілген бұл ұзақ үзінді осындай ойлардың соңғы кезде айтыла бастауы ғылымның жаңа өріс іздеуімен қатар ой-пікірлерді оңды-солды айту кезеңінің де туғандығын аңғартады. Сондықтан зерттеу тізгінін шындыққа жанастыра ұстау қажет екендігін де ескеруіміз керек.

«Қоғамдық ой-сана, пікірдің аса бір жүйелі, жинақталған бір көрінісі – әдебиет», – дейді белгілі сыншы Сағат Әшімбаев. Яғни «Әдебиет туралы сөз – қалай дегенде де, уақыт туралы сөз. Әдебиет – қоғамдық ой-сананы танытушы ғана емес, белгілі бір дәрежеде қалыптастырушы да», – деген ой-пікірін ортаға салады. Егер әр уақыттың өзіндік маңызды мәселелері, әр қоғамның өзіндік өзгерістері болады десек, осы сынды жағдаяттар әдебиеттен де көрініс табады. Соның аясында туындайтын үлкенді-кішілі мәселелермен қатар, көркем әдебиеттің туу тарихын, даму заңдылықтарын, қалыптасуын, қазіргі уақытта алатын орнын, қоғамдық сана мен ұлттық танымға ықпалын анықтайтын ғылым саласы әдебиеттану болып табылады.

Әдебиеттану ғылымының әдебиеттің теориясы, әдебиеттің тарихы, әдебиеттің сыны секілді құрамдас негізгі үш саласы бар

екендігі баршамызға мәлім. Десек те, маңызды салаларының бірі болып табылатын әдеби сынның басқа салаларға қарағанда даму деңгейі мен ғылыми тұрғыда саралануы өз деңгейінде деп айту әлі ертерек. Яғни ұлттық көзқарас тұрғысынан қаралып, жүйеленуі, әлемдік әдеби сынның талаптары тұрғысынан зерттелуі кемшіндеу. Әдеби сын – күрделі процесс. Оның мән-мақсаттары мен міндеттерін, қызметі мен жеткен табыстарын білу, саралай алу қыруар еңбек пен мол дайындықты қажет ететіндігі айдан анық.

«Әдеби сын дегеніміз – көркем әдебиет, оның ғылымы мен қоғамдық ғылымдардың, журналистиканың тоғысында пайда болып, күнделікті әдеби өмірді зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, бағалап отыратын, әдеби үдерісте болып жатқан құбылыстарды оқырманның дұрыс түсінуіне көмектесетін, рухани әлем аясында қызмет атқаратын әдеби, ғылыми, публицистикалық, әлеуметтік сипатты шығармашылық түрі; қоғамдық ғылыми сананың бір саласы; көркем әдебиет жайлы дәуір үні», – дейді әдебиет сыншысы Дандай Ысқақұлы.

Әрине, бүгінге дейін бұл бағытта жазылған еңбектер мен әдеби монографиялар жеткілікті. Оны жоққа шығаруға әлбетте болмайды. Өткен ғасырдың басында аталмыш саланың дамуына айрықша үлес қосқан алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтар, жазушы Мұхтар Әуезов пен әдебиетші-ғалым Қажым Жұмалиевтар әдеби сынның бағыт-бағдарын айқындап, мұрат-мақсатын белгілеп берген-тін. Ендігі кезекте аға буынның ізін басқан көптеген әдебиетші-ғалымдар мен сыншы-қаламгерлердің қоғамдағы орны мен шығармашылық бағытын айқындап, сыни еңбектеріне бүгінгі күн тұрғысынан қайта қарап, лайықты бағасын белгілеу міндеті тұр. Әдеби сынның тарихына жеткілікті деңгейде көңіл бөлу арқылы аталмыш саланың мүмкіндіктерін танып-білуге, мән-маңызын ұғуға болатындығын ескерген жөн.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер өткен ғасырдың 60-80 жылдар аралығын әдеби сынмен айналысатын әдебиетші-ғалымдардың бір шоғыры қалыптасып, біршама сүбелі еңбектердің дүниеге келуіне ұйытқы болған қолайлы кезең деп қарауға болады. Сол әдебиетші-ғалымдардың зерттеу еңбектерімен,

тұшымды мақалаларымен, терең пікірлерімен танысқан жұртшылықтың әдеби сын туралы түсініктері қалыптасып үлгерді. Оқырман тек оқырман ретінде ғана емес, сыншы көзімен белгілі бір шығарманың эстетикалық ерекшелігін, көркемдік сапасын, жазылу стилін аңғаратындай жағдайға жетті. Қоғамдық сана мен көркем ойдың дамуы кемелдене түсті. Кітаптың мазмұнымен, оқиғасымен ғана шектеліп қалмай, артықшылықтары мен кемшіліктерін көре білу, аражігін ажыратып, бағалай алу оқырманның әдеби білімі мен түсінігінің белгілі бір деңгейде артқандығын көрсетті. Яғни XX ғасырдың екінші жартысында қазақ әдебиеті зор өрлеу, даму процесін басынан өткерді. Оған тағы бір дәлел қазақ қаламгерлерінің тарихи, мәдени тақырыптарға бұрынғыдан да тереңірек зерттеу жасап, ғасырлар бойы айтылмаған мәселелерді қозғап, халық тарихында елеулі мәні бар оқиғаларға сыни тұрғыдан көзқарас білдіргендігін байқауға болады. Шығармашылық шеберлік те әдеби сынның күн тәртібінен түспеген өзекті тақырыпқа айналды. 1963 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған Б. Наурызбаевтың «Өнер биігі», Х. Әдібаевтың 1966 жылы шыққан «Шеберлік тұғырына үңілгенде», З. Серікқалиевтың 1970 жылы жарияланған «Қалам мәдениеті», Қ. Ысқақұлының «Тек образ хақында» және т.б. көптеген мақалаларда жазушылық өнердің қыр-сырлары кеңінен әңгімеленген. «Қазақ әдебиеті» газеті «Шеберлік туралы әңгімелейміз» айдарымен осындай сыни мақалаларды жиі беріп тұрды.

Бүгінгі күні, яғни қазіргі жаңа ғасыр, ақпараттық технологиялар кезеңінде баспасөз қызметі біршама өзгерістерге ұшырағанын көріп жатырмыз. Біздің алдымызда «Қазіргі сынның ролі қандай?», «Сыншыл ой-пікірлер мен көзқарастарды халыққа жеткізу элементтерінің ерекшеліктері бар ма?», «Әдеби сынның ғаламтор жүйесіне енуі қалай жалғасын табуда?» деген сұрақтар тұр. Аталмыш мәселенің оңтайлы шешімін табуы үшін жүйелі еңбек пен мол ізденісті қажет ететін күрделі үдеріс. Оған қоса, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қоғамның ойы экономика саласындағы түбегейлі өзгерістерге бет бұрып, мәдениет мәселесі кейінгі орынға ығысып кетті. Соның салдарынан сынның

дамуы да біраз уақытқа тоқтап қалды. Қаржылық қиындықтарға байланысты көркем әдебиеттердің де, баспасөздердің де саны да, таралымы да күрт азайды. Дегенмен әдебиеттанушы ғалымдар қазақ әдебиетінің түрлі мәселелеріне арналған кітаптар мен мақалаларды жарыққа шығару мәселесіне барынша зор көңіл бөлуге тырысты. М. Базарбаевтың «Замана тудырған әдебиет» (1997), Р. Бердібаевтың «Эпос мұраты» (1997), С. Қирабаевтың «Әдебиетіміздің ақтандақ беттері» (1995), Ш. Елеуқеновтың «Әдебиет және ұлт тағдыры» (1997), Д. Ысқақұлының «Сын жанрлары» (1999), А. Шәріптің «Қазақ поэзиясы және ұлттық идея» (2000) және С. Қирабаевтың 1998 жылы «Кенес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» еңбегінде кеңес дәуіріндегі әдеби сынның өзекті мәселелері қамтылуы дәлел бола алады. Д. Ысқақұлының 1998 жылы «Сын жанрлары» атты еңбегі жарық көрді. Ж. Смағұлов 1999 жылы «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» деген еңбегін шығарды. С.Б. Жұмағұловтың 2008 жылы «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956–1991ж.)» атты монографиясында XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері жылымық жылдарынан бастап тәуелсіздік кезеңіне дейінгі әдеби құбылыс зерттелген. «Әдеби сын және эстетикалық таным-білік», «Көркемдік үрдіс және әдеби сын», «Әдеби сын табиғаты» тарауларында әдебиеттану салалары бойынша жүргізілген зерттеу сын мақалалардың басым көпшілігі жинақталып тұжырымдалған. 2014 жылы Т. Кәкішұлының «Қазақ әдебиет сынының тарихы» оқулық болып жарияланды.

Ә. Дербісәлиевтің «Тұрандық ойшылдар» (1994), Д. Ысқақұлының «Қазақ рецензиясы» (1994), «Тотқа басқан «тотияйын» (1996), «Қаламгер келбеті» (1996), И. Сапарбаевтың «Айтыс та, мүшәйра да – өнер» (1996), Ш. Елеуқеновтің «Сын мен сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғаныс» (1998), А. Кемелбаеваның «Әдебиет те көз жасы» (2000) және т.б.сыни мақалалар жарияланған. Олардың көпшілігі «Жұлдыз» әдеби журналы, «Жалын» әдеби-көркем журналы, «Қазақ әдебиеті» газеті, «Ақиқат» журналы сынды баспасөз беттерінде жарық көрді.

Жазушы, әдебиетші Д. Амантайдың әдебиет жайлы пайымдауларының де орны өзгеше.

Бүгінгі күні де аталған газет-журналдар сыни тақырыптарға қатысты материалдарды ара-тұра жариялап тұрады. «Жалын» журналының «Бүгінгі сын» айдарында, «Ақиқат» журналының «Өнер сыны» айдарында, «Қазақ әдебиеті» газетінің «Әдеби сын» айдарында және Қазақстан Жазушыларының әдеби-әлеуеттік журналы «Жұлдыз» басылымында да түрлі мәселелерге қатысты сыни ой-пікірлер, мақалалар жарыққа шығып тұрады.

Жақында «Қазақ әдебиеті» газетіне ақын, әдебиет сыншысы Марат Әзімханның «Сын-өнер» атты мақаласы жарияланған болатын. Аталмыш мақаласында ол бүгінгі сыншылардың біршама еңбектеріне талдау жасап, артықшылықтары мен кемшін тұстарын атап өткен. Әдеби сынның бүгінгі уақытта бастапқы мағынасынан сәл өзгеріске ұшырағандығын мойындайды. Егер тоқсаныншы жылдарға дейін жазылған сыни еңбектерде әртүрлі пікірлер мен ойлар мысалға келтіріліп жазылған болса, қазіргі уақытта көпшілігі шығарманы сынап, баға беруден ары шыға алмай отырғандығын айтады. Ал көркем мәтіннің негізін түсіну сыншыдан үлкен білімділікті қажет етеді. Бір сыни мақала жазу үшін бірнеше деректерді талдап, бірнеше кітап оқу керек. Қандай да бір идеяның ұшқындары дер кезінде табылмаса, кейде өзінмен-өзің бір туындыны оқып отырғанда бұрын іздеген ойларың сол кітаптан табылуы әбден мүмкін. Сюжет, мәтін, кейіпкер мінезі бір-біріне ұқсауы мүмкін, айырмашылық тек уақыт пен кеңістікте ғана. Бірақ дегенмен автордың стиліне қарай әрқайсысының табиғаттары бөлек. Автор мақаласында қазіргі мамандардың кейбірінде тілдің шұрайлылығы, шабыттың қызуы, сергектік жетіспейді, соның салдарынан мәтінге деген сезімі салқындау болып келетіндігін дәлелдеп көрсеткен. Ахмет Байтұрсыновтың: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына оның шеберлігі керек, мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған», – деген пікіріне де тоқталып өткен.

Былтырғы жылдың жетістігі ретінде Бекен Ыбырайымның бүгінгі әдеби сынның жағдайы, сыншылардың тағдыр-тауқыметі

сөз болған «Сөзтану әлемінде» атты туындысына жоғары бағасын беріп, одан бөлек баспасөз беттеріне жарияланған Жолдасбек Мәмбетовтің «Ой мен сезімді қатар өрген», Амангелді Кеңшілікұлы «Сын мұраты – тану», Қажыбек Айдарханұлы «Поэзиямыздағы жаңаша ойлау тәсілі», Қажығали Мұхамбетқалиұлының «Сөздің серті мен дерті не дейді?», Дидар Амантайдың «Жұмбақ өнер – шығармашылық өнер», Бағашар Тұрсынбайұлының «Артық мақтау мен жастық кез» атты сыни мақалаларына талдау жасап, өз пікірін білдірген. Әдебиеттанушының: «Әдеби сын жазушының өсуіне еш көмегін тигізе алмауы мүмкін. Бірақ ол әдебиеттің жүйелі дамуын екшеп отыратын барометр екендігін ұмытпағанымыз жөн», – деген пікірі сынның маңызын белгілеуімен құнды.

Қазақ әдеби сыны туралы жазылған тағы бір сүбелі еңбектердің бірі 2011 жылы жарық көрген Д. Ысқақұлының 2 томдық «Қазақ әдеби сынының тарихы» атты туындысы. Бұл еңбекте қазақ әдеби сынының тарихы сонау ескі замандарда пайда болған халықтық эстетикадан бастау алады. Әдеби сынның дамуына баспасөздің пайда болуы, көркем әдебиеттің, қоғамдық ғылымдардың терең зерттелуі айтарлық зор ықпалын тигізді. Дарынды ғалым өзінің жаңа еңбегінде аталмыш мәселелерді қарастырып, қазақ әдеби сынының жүріп өткен жолдарын, тарихын саралай түсті.

Әдебиет пен журналистиканың келелі мәселелерін қозғайтын жанр көркем көсемсөз жайлы еңбектерде баршылық. Көсемсөз – латынша публицистика, мағынасы «қоғамдық» дегенді білдіреді. Яғни бүгінгі күннің саясатымен, философиялық көзқарастарымен байланыстыра өмірдің әлеуметтік, ғылыми, мәдени және басқа құбылыстарын өмірдеректерін негіз ететін әдеби жанр. Осы жанрдың теориялық мәселелері бойынша 2009 жылы зерттеуші К. Камзиннің «Қазақ көсемсөз жанрларының кемелдену үдерісі» атты еңбегі жарық көрді. Ғалым көркем көсемсөзді мынандай топтарға бөліп көрсетеді: «Деректі-бейнелеуші (образды) жанрлар тобы: суреттеме, очерк, фельетон, тұрмыстіршілік оқиғалары, пародия, сатиралық жазбалар, деректі-дү-

ниепайымдық жанрлар тобы, памфлет, рисала (эссе) түрлері, ғылыми мақала түрлеріне бөліп қарастырған. Осы жіктеу бойынша әдебиеттанушы Н. Ақыш «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар» атты ұжымдық монографияда: «Бұл арада теоретик зерттеушінің көсемсөз жанларын ұсақ-түйекке жіліктемей, жалпылай топтастырғаны көрініп тұр», – деген пікірін келтіреді. 2014 жылы басып шыққан аталмыш монографияда тәуелсіздік кезеңнің жемісі. Ұжымдық еңбек тәуелсіздік дәуіріндегі қаламгерлер туындыларының өзіндік ерекшеліктері арқылы қазақ әдебиетіндегі ұлттық және жалпыадамдық парадигманы зерттеуге арналған. Монография поэзиялық, прозалық, драматургиялық, көркем публицистикалық жанрларды негізгі арқау етіп алған. Филология ғылымдарының докторы Н. Ақыш: «Қазақ көркем публицистикасы» тарауында «Көркем көсемсөздің міндеті – қара мақалаға тән мінезбен мәселені маңдайдан ұрып, тоқ етерін айтып салу ғана емес, жекелеген тұлғалардың тағдырлары, өмірде жиі ұшырасатын типтік ситуациялар арқылы оқырманды ойға жетелеу, көркем сөзге тән эстетикалық қуатты пайдалана отырып, танымдық, эстетикалық қабылдауды кеңейту. Демек, көркем публицистиканы өз деңгейінде игеру ең алдымен өзекті проблеманы көре білуімен, оны оқырман алдына сол қалпында көлденең тартуымен шектеліп қалмайды. Уақыт ұсынып отырған ділгір мәселені өз деңгейінде алып шығу үшін белгілі дәрежеде көркем ойлау жүйесін, сөз өнерінің эстетикалық қарымын пайдалана білу арқылы алған тақырыпты шеберлікпен меңгере білу шарт», – деп, осы аталған ұстаным бойынша бірнеше қаламгерлердің көсемсөз жанрына дамуына қосқан біраз шығармаларды талдап өткен.

XX ғасырдың соңғы ширегінде әдеби сынның дамуына біршама еңбектері арқылы үлес қосқан дарынды аға буын өкілдер қатары көбейді. Мәселен, Таласбек Әсемқұлов, Жарасқан Әбдірашев, Асқар Егеубаев, Әлия Бөпежанова, Тұрсын Жұртбаев, Тұрсынжай Шапай, Бақыт Сарбалаев, Құлбек Ергөбек, Бекен Ыбырайымов, Нұрдәулет Ақыш, Айгүл Ысмақова, Амангелді Кеңшілікұлы және т.б.

Ал бүгінгі уақыттағы жас сыншылар қатарына Заңғар Кәрімхан, Бауыржан Сегізбаев, Анар Қабдуллина, Бағашар Тұрсынбай, Елдос Тоқтарбай және т.б. жатқызамыз. Олардың негізгі қозғайтын тақырыптары: қазіргі әдебиеттің және сынның жағдайы, қаламгерлердің еңбектері, қоғамдағы саяси және өзге де өзекті мәселелер.

Белгілі сыншы Сағат Әшімбаев: «Сыншылдық ой құдіреті дегенді, жалпы сынның ой бастаушылық, көш бастаушылық ролін жоққа шығару мүмкін емес. Қай уақытта да сын, сыни көзқарас жоқ жерде тоқырау, рухани құлдырау басталады, сыншыл ой, сыни көзқарас, сын және өзара сын барда қоғамдық ой дамиды, әлеуметтік үлкен өзгерістер болады», – деп жазған болатын.

Расымен де, уақыт өзгергенмен сын өзінің мән-маңызын жойған жоқ. Бүгінгі күні әлемде жүздеген, миллиондаған туындылар, кітап-журналдар жарық көруде. Оның барлығын оқып тауысу да мүмкін емес және бәрін оқу да қажет емес. Сондықтан қазіргі шетсіз де шексіз білім кеңістігінде адасып кетпес үшін де қаламгерлердің, жазушылардың немесе оқырманның сыни ой-пікірлеріне, көзқарастарына жүгінген абзал. Сыни пікірлер – тұлғаның талғамы мен талабына қарай таңдау жасауына да көмек беретін маңызды құрал. Оған қоса зерттеуге тұрарлық қызықты әрі танымдық еңбектер саны ұлғаюда. Аударма кітаптар мен шетелдік жазушылардың еңбектері, өзіміздің еліміздегі ақын-жазушыларымыздың дүниеге әкеліп жатқан том-том шығармалары өз кезегінде әділ сыни пікірлерді қажет ететіндігі анық. Әлемдегі әдеби үдерістен қалыс қалмай, жаһанда болып жатқан өзгерістер мен баспасөз қызметтеріндегі ерекшеліктерді, тіпті кейбір шағын шығармалар мен көзге тұрғысыз кітаптардың қалай қысқа уақытта аты шығып, бестселлерге айналып кетуі жайлы түсінік беретін тұшымды сыни еңбектердің маңызы айрықша екендігін айту керек. Дегенмен сыни пікірлердің көпшілігі қазіргі уақытта баспасөз беттерінен гөрі, онлайн сайт беттеріне жиі жарыққа шығады.

Сонымен қатар бүгінгі күні сыншының атқаратын міндеті, қызметі ауқымы жағынан өсіп келеді. Мамандықты жақсы игер-

ген, әдебиет саласына үлесін қосар сыншы социолог та, психолог та, журналист те болуы керек. Егер XIX–XX ғасырда жарыққа шыққан он-он бес кітаптың барлығымен қаламгерлеріміз танысып, бағасын беруге үлгерген болса, қазіргі жағдай мүлдем өзгеше. Редакция алқасында кәсіби сыншылардың жұмыс істеуі аз кездеседі. Олардың орнын жаңалық, мақала жазатын журналистер басып жатады. Мәселен, соңғы уақытта журналистер әдебиет саласындағы мәселелерді қозғауға жиі кірісетін болды. БАҚ өкілдері оқуға кеңес ететін туындылар тізімін де жасап жатыр. Алайда бұл – тек ақпараттық мағлұматтар ғана. Мұндай жұмыстарды сыншылар емес, тілшілер атқарады. Сыншының қызметі тек кітап зерттеп қана қоюмен шектелмей, жалпы әдебиеттану ғылымын терең шолуға, зерттеуге негізделеді.

«Көркем сын кезеңдік те, мәңгілік те проблемаларды көркем әдебиет арқылы, яғни әдеби процесті бақылай, талдай отырып айта алады. Ал сыншының азаматтық, адамгершілік жауапкершілігі өте жоғары болған жағдайда әдебиетке де, халыққа да тигізер пайдасы зор. Сондықтан да сыншы тек көркем шығарма, сындағы образ, кейіпкер, формалық ізденістер төңірегіндегі пайымдаулармен шектеле алмайды. Қазіргі қазақ сынынан осы сипатты (шығармадағы образ, тартыс, т.б. төңірегіндегі ойлар) көргісі келіп-ақ тұратындардың аз еместігі байқалады. Сыншы, үлкен ұғымдағы сыншы ең алдымен мұраттастар таба алуы, солармен тізе қоса, ой қоса еңбек етуі керек», – деп түйіндейді сыншы Сағат Әшімбаев.

Қорыта келгенде, сынның дамуы тек әлемдік жаңалықтармен, құбылыстармен, өзгерістермен ғана емес, сондай-ақ бүгінгі жалпы медиалық, телеарналық мәселелермен, ғаламтор жүйесінің жұмысымен тығыз байланысты болып тұр. Біздің негізгі міндетіміз – өткен ғасырдан жалғасын тауып келе жатқан әдеби үдерісті бүгінгі жаңа білімді ұштастыра отырып, әдеби сынның жан-жақты дамуына, тереңірек зерттелуіне жаңа мүмкіндіктер туғызу. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, сын мәселесін тиісті жолға қою арқылы қоғамдағы әдеби-мәдени ой-сананың дұрыс қалыптасуына елеулі ықпал етуге болады. Сондай-ақ әдеби

сын арқылы халқымыздың рухани өресін, ой парасатын көтеріп қана қоймай, мол мұрасын, биік мәдениетін өзге ұлттарға кеңірек танытып, насихаттауға да болатындығын ұмытпағанымыз абзал. Әдеби сын – әдебиеттану ғылымының маңызды салаларының бірі. Әдеби сын жалпы баспасөз тарихымен бірге қалыптасып, дамып, бүгінде бүтін бір іргелі ғылыми сала ретінде қарастырылады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Қазақтың сыншы-ғалымдарының әдебиет сыны тарихын дәуірлеуге, жүйелеуге қатысты жазған пікірлері қазіргі қазақ әдебиеті тарихында қалай көрініс тапқан?
2. Сынның көкейкесті мәселелерін қозғаған зерттеу еңбектерді қазіргі заман талабына сай өскелең әдеби-эстетикалық таным тұрғысынан пайымдаңыз.
3. Осы тарауға қатысты мына еңбектерді оқып шығыңыз: Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993; Елеуқенов Ш. Сын және сыншы немесе сынтану ғылымы туралы толғаныс // Ақиқат. – 1998. – № 4.
4. З. Серікқалиев, Б. Майтанов, К. Керейқұлов, Қ. Ергөбеков, А. Нағметов, Т. Мәмесейітов, Б. Майтанов, Б. Ыбырайымов, Т. Шапай, Г. Орда, Д. Амантай - әдеби сыни еңбектерін хронологиялық жағынан қарастыра отырып, олардың эстетикалық-әлеуметтік, әдеби-теориялық мазмұнына сипаттама жасаңыз.
5. Кәсіби сынның, сыншылдық шеберліктің өсу және толысу жолдарын көрсетіңіз.

3.2. Т. Кәкішұлының қазақ әдебиеті сыны тарихын жүйелеудегі орны

Т. Кәкішұлы – қазақ әдебиеті сыны тарихын жүйелеп жазып шыққан тұңғыш сыншы-ғалым. Оның осы жолдағы алғашқы қадамдары мен баспалдақтары жайында алдыңғы тараушада сөз етілді. Т. Кәкішұлының әдебиеттану ғылымының бар саласында бірдей қалам тартып, әсіресе ХХ ғасыр басындағы әдеби-көркем процесті саралауы, сол кезеңнің бақилық болып кеткен жекелеген қалам қайраткерлерінің шығармашылығын зерттеуі, олар туралы архивтік мәліметтер мен тың деректерді ғылыми айналымға енгізу машығы оның әлі түрен тие қоймаған тың сала – әдебиет сы-

ны тарихын жазуға дайындық жасап жатқанын аңғартқандай. Бұл саладағы ізденістері «Сын сапары» монографиясынан басталып, «Оңаша отау», «Кер заманның кереғар ойлары», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» деп аталатын том-том зерттеу еңбектеріне ұласты. Осының арқасында ғана қазақ әдебиет сынының тарихы «оңаша отау» көтеріп, жеке ғылым саласы ретінде қалыптасты. Енді біз зерттеу жұмысы барысында Т. Кәкішұлының аталған ғылыми еңбектерін жекелей де, топтай да қарастыра отырып, ғалымның сыншылдық-эстетикалық көзқарас ерекшеліктерін, өзіндік байымдау мәнерін, сын тарихын жүйелеуге ұстанған позициясы мен концепциясын анықтауға талпыныс жасамақпыз.

Сынның тарихын зерттеу үшін, ең алдымен, сыни материалдарға, сыншы еңбектеріне талдау жасап және оларды тарихи-хронологиялық жүйемен баяндау қажет. Ал енді сол белгілі арнаға түскен зерттеуді, оқулықты жасаған ғалымның ізденістерін көрсету үшін бір жағынан ол жүрген соқпақтарды көрсетіп отыру қиын болып көрінбегенмен, зерттеушінің алдына қойған үлкен мақсатының үдесінен шығу, тап басып жыға тану және оған оқушы қауымның көзін жеткізу, түсінік-танымын белгілі бағытқа бұру, жұрт сенетін оқулық жасау логикасын аңдату, сөйтіп, қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау процесінің ішіне ену кімге болса да оңай бола қоймаса керек. Сондықтан біз шамашарқымызға қарай Т. Кәкішұлының зерттеу, жазу арнасынан көз жазбай, белесті де принципті мәселелерге ең әуелі назар аударуды орынды санадық.

Жасыратыны жоқ, коммунистік идеология тұсында бүкіл сана-сезімімізді жаулап алған еуроцентризмнің әбден қағидаға айналып кеткен тұжырымдарын, әсіресе көшпелі өмір кешкен халықтарда жөндемді мәдениет болмайды, олардың әдебиеттегі жетілмеген, эстетика талаптарынан төмен, егер бірдемеге қолы жетсе тек совет заманында ғана, біздің арқамызда ғана аяғынан тік тұра бастады дейтін көзқарасқа ашық болмағанмен, шет пұшпақтап, белгілі бір мәселе тұсында, болар-болмас қарсылық білдіру, кейде жұқалап сынап қоюдың өзі оңай болмайтын. Оның шет жағасын Т. Кәкішұлы 1961 жылы З.С. Кедрина-

ның «Жанды бұлақтан» деп аталған кітабында қазақ әдебиетінің тарихын жүдеткенін, өз ойымен пішіп, шешкен мәселелерге қарсылық көрсетіп, ептеп сын айтқаны үшін «Социалистік Қазақстан» газеті мен «Простор» журналының бетінде «сыналған» болатын. Ағаларының ақыл етіп айтқандарына шамданбаса да, ғылымда етек жайып кеткен қате көзқарасқа ең болмаса тежеу болар ма екен деген оймен М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми-зерттеудің мемлекеттік жоспарына енген «Қазақ әдебиеті сынының қалыптасу мәселесі» тақырыбын орындауға кіріскен. Зерттеу барысында жат көзқарастың бар сананы әбден жаулап алғанын көрген-білген. Сондықтан да 1971 жылы шыққан «Сын сапары» монографиясын түгелдей, 1994 жылғы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығының «Қазақтың сыни ой-пікірінің оянуы және әдебиет сынының тууы» атты үш тараудан тұратын бірінші бөлімін қазақтың аға буын әдебиетшілері «бізде Қазан төңкерісіне дейін әдебиет сыны болған жоқ» деп айтқан пікірлеріне, «Қазанға дейін бізде сын атаулының болмауы тіпті занды нәрсе» (М. Қаратаев) деген ешбір дәлелсіз тұжырымдалған көзқарастарға белгілі жауап ретінде жазғаны байқалады. Қарсылық білдіру мақсатымен жазылған еңбекті қазып көрсетілген мол деректермен ажарламаса болмайтынын сезген Т. Кәкішұлы түбегейлі зерттеуге берілді де, қазақ әдебиеттану ғылымына жаңалық болып қосылатын қадам жасады. Соның нәтижесінде гуманитарлық жоғары оқу орындарында оқытылатын пәнге, жалпы курсқа айналған «Қазақ әдебиеті сынының тарихын» жасады. Бағдарламасы жасалып, алғашқы жылдары оқу құралы ретінде жарияланды, кейін 2004 жылы оқулық болып шықты. Сынның теориясы және қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары жөнінде докторлық диссертациялар жазылып, сынның белді де беделді өкілдерінің шығармашылығы арнайы зерттеліп жатқанының өзі-ақ біраз жайды аңғартса керек.

Автор оқулық кіріспесінде «Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихи белестерінен үш кезеңді анық байқаймыз. Бірінші кезең – қазақ әдебиет сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған.

Екінші кезең – қазақ әдебиет сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917–1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең – қазақ әдебиет сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938–1985 жылдар аралығы» (3-бет) – деп, сын мен ғылымның басып өткен кезеңдерін белгілейді. Әзірге осы дәуірлеу күнделікті тәжірибеде қолданылып келеді. Ғылым өркендеген сайын бұлайша кезеңге бөлуге белгілі дәрежеде толықтырулар болары сөзсіз екенін сезіп-біліп отырсақ та, қазақ әдебиеті сынының тарихын жасау, жүйелеу мәселесін әзірге осы ой аңғарынан өрбітсек, Т. Кәкішұлының пайымдау бағытынан шығып кетпейміз.

Т. Кәкішұлы «Оңаша отау» мен «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» еңбектеріндегі «Халықтық эстетика» және «Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинау мен зерттеу мәселелері» тараулары арқылы өзін әдебиет тарихшысы ретінде танытып қана қоймай, сонымен бірге фольклористік қырын да көрсетті. Ғалым алғашқылардың бірі болып ауыз әдебиетінің әлеуметтік-эстетикалық нәріне айрықша мән беріп, сын жанрының тууы мен дамуына халықтық эстетиканың тікелей әсері болғанына, яғни халықтық эстетика сыни ойдың бастауы болғанына назар аударды.

Ғалым халықтық эстетикаға тоқталып, халықтық шығармалардың рухы таза, ойы анық, тілі көркем деп есептейді. Сонымен бірге халықтық эстетика сыни ойдың бастауы, яғни халықтың көркемдік түсінік-танымы мен талап-талғамының өресін байкатады деп тұжырымдайды.

«Әдебиет халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан этикет, эстетикасы болса, сын – сол халықтың эстетикасы. Сын – даму, қозғалыс үстіндегі эстетика».

Т. Кәкішұлы: «... әсемдікті танып білу, оны ардақтау, сұлулықтың сырын ашып, ажарсыздық пен келіссіздікті мінеу сияқты эстетикалық түсініктер халық творчествосына, оның ауыз әдебиетіне жат па? Әрине, жоқ. Жазба әдебиетке дейінгі немесе жазба әдебиетпен қатар дамыған, күні бүгінге дейін өркендеп келе жатқан ауыз әдебиетінде оның озық үлгі-өрнектерінде эс-

тетикалық талап-талғамның элементтері молынан кездеседі», – дей келе, қазақ ауыз әдебиетінің барлық жанрларынан халықтық эстетиканы тауып, қазақ халқы қашаннан бері сұлулықты, әдемілікті дәріптегенін, сол сұлулықты сөз өнерімен қастерлегенін көрсетеді.

Сыншы Д. Ысқақұлы: «... сөз өнері мен сын өнері бірге пайда болып, қатар қанат жаяды. Бірінсіз бірі жоқ. Демек, әдебиет сынының түп-төркіні өнер атаулыны тудырған, оны сұлулықтың сырлы бесігіне бөлеп әлдилеген, өркендеткен халықтық эстетикада жатыр», – деп, көркем табиғаттың аясында сұлулықпен суарылып өскен қазақ халқының эстетикалық талғамы да сол өзін қоршаған ортаның, төрт түлікке негізделген тіршілік көздеріне орай қалыптасқанын тұжырымдап, ауыз әдебиетінен халықтық эстетиканы тануы, «Қыз Жібек» жырындағы көштің, «Қобланды батыр» жырындағы Тайбурылдың шабысының суреттелуін көркемдік сұрыпталудың жоғары көрінісі деген зерттеушінің пікіріне сөзсіз келісесіз де, халық мұрасына аса талғампаздықпен қарағанын аңғарасыз.

Ғалым ертегілердегі сұлулықты танытуымен қатар, адамды тәрбиелейтінін айта отырып, Пушкин өз тәрбиешісінің ертегілерін тыңдап өскенін, Б. Момышұлының келіндерінің бесік жырын айта алмайтынына қам жегенін, әрі қарай дамыта түсіп ауыз әдебиетінің көркемдік ықпалына тиісті назар қажеттілігін атап өтеді.

Ауыз әдебиетінің кез келген жанры – ертегі, эпостық жыр, мақал-мәтел, өлең жырлары халыққа үлгі боларлықтай, тәрбиелік маңызы зор шығармалар.

Батырлық, лиро-эпостық, тарихи жырларда сұлулық, әсемдік, көрік пен келбет айрықша ардақталған. Халықтық эстетиканың нышандарын осы жырлардан аңғаруға болады. Бірақ, Т. Кәкішұлы айтқандай, «сынның негізгі мақсаттарының бірі – ажарсыз бен келіссізді мінеу емес, ең алдымен, адамның жан дүниесін, талап-талғамын әсемдік пен сұлулыққа, ізгілікке тәрбиелеу». Бұл жырлардың көркемдік таным-түсінікті, эстетикалық талап-тілекті қалыптастыруда маңызы зор. Онда ерлік пен ездік, адамшылық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, адам бо-

йындағы сан түрлі жағымды және жағымсыз қасиеттер жан-жақты көрсетіледі.

Көрік пен келбеттің, шынайы сұлулық пен табиғи әсемдіктің тамаша үлгісі деп есептелетін «Қыз Жібек» жырындағы көш суретін мысалға алып, оның эстетикалық маңызының оқырман қауымға қандай әсер туғызатындығын өте шеберлікпен талдап көрсеткен.

Айтыс өнері – көпшіліктің сынынан өткен ұшқыр ой мен әсем талғамның туындысы. Онда халықтың эстетикалық көзқарасының шындыққа қатысы суреттеледі. Айтыста әсемдікті көрсететін суреттеулер мен ойлар көп кездеседі. Т. Кәкішұлы айтыс өнері туралы айтылған пікірлерге тоқталып оны ой жарысы, өнер жарысы ретінде танытады. Қазақтың ақындар айтысына тек эстетикалық қана емес, тарихи-этнографиялық тұрғыдан қарап, арнайы зерттеу – қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті проблемасы деген ғалым пікірі осы күні де өзектілігін жойған жоқ. Біржан мен Сара сияқты ақындар айтысының классикалық үлгілері деп есептелетін айтыстарға тоқталып, ондағы эстетикалық талғамды ашуға тырысқан.

Т. Кәкішұлының фольклор эстетикасын қарастырудағы көздеген мақсаты, халықтың өнер тану тұрғысындағы таным-түсінігін аша түсу еді. Халықтық эстетиканың қазақ әдебиеті сынының қалыптасуына қандай дәрежеде әсері болғанына ғалым: «Әдебиеттану ғылымы ауыз әдебиетінің заңдылығын зерттеп, оның әлеуметтік-эстетикалық нәріне айрықша мән беруде. Сын жанрының туу, даму жолдарына назар аударсақ, халықтық эстетиканы сыни ойдың бастауы деп танып, халықтың көркемдік түсініктанімі мен талап-талғамының өресін байқауға болады», – деп тұжырым жасады.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі эстетикалық таным-түсінікті зерттеудің алғашқы қадам екенін және оның қандай әсері барлығын 1971 жылы 17 маусымда Т. Кәкішұлының докторлық диссертация қорғау сәтінде қазақтың атақты ақыны Әбділда Тәжібаев: «Мен соңына дейін ойымды бүкпесіз айтайын. Қазақ драматургиясының туу кезеңдері бойынша жұмыс істеген кезде Т. Кәкішұлының

халықтық эстетикаға арналған тарауын көрсетуге тура келді. Мен оның бірқатар қағидаларын өз еңбегімде пайдаландым. Атап айтсам, 1969 жылы «Жұлдыз» журналында жарияланған «Алтын тамыр» деген мақалада оның жарияланбаған еңбегіне сілтеме жасадым. Міне, біз әдебиетіміздің жанрларын зерттеу барысында бір-бірімізге осылайша көмектестік» (Стенограмма заседания объединенного Ученого Совета по филологическим наукам АН Казахской ССР. 17 июня 1971 г. стр. 23, «Қазақ драматургиясының қалыптасуы»: монография. 1972. 357-б.) деген мойындаудың мәні Т. Кәкішұлының еңбекшілдігін көрсету ғана емес, ғылыми іске жасап жатқан ықпалын аңғартудың бір көрінісі болса керек.

Т. Кәкішұлы қазақтың жазба әдебиеті сынының түп-төркінін көне замандағы түркі ескерткіштерінен, ортағасырлық жазбалардан, қазақ хандығы тұсындағы би-шешендерден, ақын-жыраулардан, қазақ жерінен шыққан ғұламалардың еңбектерінен іздестіреді.

Ғалым Б. Кенжебаев, Ә. Марғұлан, М. Әуезов, М. Жолдасбековтердің көне дәуірдегі туындылардың көркемдік сипатына берген пікірлеріне сүйене отырып, көне үлгілердің халықтың эстетикалық таным-білігін, көркемдік түсінігін қалыптастыруға септігін тигізгенін айтады. Т. Кәкішұлы Қорқыттың қазақ жерін аралап, әр өңірге берген бағаларында сыни көзқарас бар деп тұжырым жасаған. Сонымен қатар әл-Фарабидің өнер жайлы пікірлеріне, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» терең ойларға, Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркіндегі» қанатты сөздерге, Қожа Ахмет Иасауидің «Хикметіндегі» көркем толғаныстарға тоқталып, оларды сыншылдық таным-білімнің қайнар көздері ретінде қарастырған.

Т. Кәкішұлының бұл қарастырған мәселесіне белгілі ғалым Б. Кенжебаев былайша: «... сынның өркендеу жолын зерттеу әдетте әдебиет тарихы мен қоғамдық ой-сана тарихын шолуды қажет етеді. Мұнсыз сыни ойдың ішкі ағыны ашылмайды. Бұл зерттеушіге ең қауіп-қатер, осы арада, дұрыс меже таба алмаса әдеби дамудың кезеңдері мен социологиялық мәселелерді әншейін баяндап қана шығар еді. Автор осы ең қатерлі қауіптен аман-есен

өтіп, қазақтың сыншылық ойының өркендеуін көзге елестетіп отыр.

... Яғни қазақтың сыншылық ойының 1917 жылға дейін туа бастау мәселелеріне арналған бөлімі еш дау тудырмайды. Рас мен осы уақытқа дейін сын кеңес заманында ғана туды деп келген авторлардың бірімін. Диссертация авторы көптеген зерттеулердің, солардың ішінде менің де сын жанрының туа бастағанын көрсететін материалдарды елемегенімізді дұрыс атап көрсетті. Мен бұл пікірге қарсы емеспін. Шынында да, біз әдебиет тарихын зерттеген кезде сынның туа бастағанын дәлелдейтін толып жатқан деректерге назар аудармағанымызды мойындауға тиіспіз. Міне, осы екі мәселенің өзі-ақ доцент Т. Кәкішұлының қазақ әдебиеттану ғылымы үшін зор да құнды еңбек жасағанын көрсетеді», – деп ағынан жарыла пікір білдіреді.

Ғылыми парасатын, сыншылдық, эстетикалық танымын таныту арқылы әдеби сын тарихын жүйелеу, дәуірлеу барысында Т. Кәкішұлы тынымсыз еңбектеніп сыншылдық, ғылыми-зерттеушілік, әдеби теориялық ой-пікірін тереңдей түсуіне бар күшін жұмсады. Әдеби сынның тарихы жүйелі болу үшін, сыншыға қазақ әдебиет сынының тууына, қалыптасуына себепші болған – көркем сөзге эстетикалық талап қойған, оған тиісті баға беріп, насихаттаған ой-пікірлерді жүйелеп талдау қажет болды. Сондықтан да зерттеу барысында өз заманының саяси-әлеуметтік мәселелері жайында толғаған, көркем әдебиет туралы көптеген соны ойлар мен тың пікірлер айтқан Шоқан, Ыбырай, Абай мұраларын басшылыққа алды. Әрине, бұл мәселе Шоқан, Ыбырай, Абай өмірі мен творчествосына, сондай-ақ олар жайлы жазылған еңбектерге терең үңілуді талап еткені сөзсіз.

Т. Кәкішұлы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты еңбегінде: «қазақтың ұлы ағартушы-демократының сыншылық ой-пікірлерін шола баяндаған уақытта үшеуіне тән үш ерекшелік анық бой көрсетеді де, олардың ой-пікіріне арна болған сөз өнерінің үлкен сілемі көрінеді. Қазақтың сыншылық ойының оянып, туа бастау шағында Шоқан, Ыбырай, Абай қоғамдық сананың үш мәнді саласы бойынша ой өрбітті. Шоқан Уәлиханов өзінің әде-

биет жайындағы ойларын ғылыми арнамен, Ыбырай Алтынсарин педагогикалық жүйемен баяндаса, Абай Құнанбаев эстетикалық таныммен тұжырымдап отырды», – деген пікірінен сынның тууына, қалыптасуына қажетті салаларды әңгімелеу қажеттілігі анық аңғарылады.

Шоқанның еңбектеріндегі көркемдік сипаттардың, әдебиет туралы айтқан пікірлерінің молдығына айрықша назар аударып, оның болашақта қалыптасар әдебиеттануға қандай арна дайындап жатқанына мән берген. Шоқан қырғыздың «Манас» жырын бірінші жинаушы, сонымен қатар тұңғыш рет оның қоғамдық-элеуметтік мәніне, көркемдік құнына ғылыми анықтама жасаған ғалым екенін атай отырып, Шоқанның айтқан пікірлері мен тұжырымдарының өзінен-ақ эстетикалық талап-талғамының биік әдебиетші екенін көрсеткен.

Сонымен қатар Т. Кәкішұлы Шоқанның қазақ поэзиясы туралы жазған мақалаларына әдеби-теориялық талдаулар жасаған. Шоқанның «Қазақтың халықтық поэзиясының түрлері туралы» деген зерттеуі арқылы, ғалым-сыншы еңбектегі өлең-жырлардың халыққа қалай әсер ететінін, қай формада сөз болғаны туралы жазғанын айтып, Шоқанның эстетикалық талап-талғамы мен білігінің биік өресін айқындаған. Бұл мақалада Шоқанның қазақ поэзиясының сыртқы көрінісі, ішкі мән-мазмұнын ұйқас, ырғақ жүйесін бес түрге бөле қарастыруын ғылыми табысы деп таныған.

Т. Кәкішұлы Шоқанның «Жыр» мен «Өлең» түрлеріне берген анықтамасына тоқталып, батырлар жырын талдағандағы пікірлерін кейінгі деректер бойынша салыстыра келіп, оларды қостай алмайтынын айтады. «Шоқанның аяғы жеткен өлкелерде жыр дәстүрі Батыстағыдай терең тамыр жая қоймағаны, орта жүзде батырлар жыры онша жырлана бермеген соң, қазақтың басқа өлкесінде де жағдай осылай шығар деп жорамалдауы ықтимал. Сондықтан да «домбыра мен соңғы шыққан өлеңдер қобыз бен жырды мүлдем ығыстырып тастады» деген пікірді тарихи шындық деп қабылдау қиын. Жырдан кейін Шоқан қазақ поэзиясында жиі кездесетін жоқтауға тоқталып, оның кімге, қалай арналатындығын баяндаған. Шоқан жоқтауды «жылау» – надгробная пес-

ня» деп түсіндірме берген. Айғаным мен атастырылған 14 жасар қыздың жоқтауы жыр үлгісімен жырланып адамның жан-жүйесін босататын әсерлі, қайғылы шумақтар екендігін хабарлайды», – деп қайым өлең жөніндегі өз ойын дәлелдейді.

Т. Кәкішұлы Шоқанның қазақ поэзиясының табиғатын зерттеуі, эстетикалық танымға баруы, маңызды тұжырымдар жасауы оның білімді әдебиетші екендігімен бірге сыншылық көзқарасының тереңдігін байқатады деп түйін жасайды. Яғни Шоқанның бұл еңбектерінен қазақтың сыни ойларының қайнар көздерін аңғарады.

Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» «негізінен Ыбырайдың төл шығармаларынан құралып, педагог Ыбырай ақын Ыбырайға, жазушы Ыбырайға айналып қана қоймай, сыншығалым ретінде бой көрсетті. Өзінің төл шығармаларын, ауыз әдебиет үлгілері мен аудармаларды белгілі жүйемен орналастыра білген Ыбырай сыншылық ой мен оқымыстылықтан кенде емес. Міне, осы қасиеттер «Қазақ хрестоматиясын» әдебиеттану ғылымының сонау ХІХ ғасырдағы үлкен көрінісі етті», – деп бағалады.

Ыбырайдың шығармаларындағы педагогикалық мақсатымен бірге көркем сөздің сырын түсініп, эстетикалық талап-талғамының жоғары екенін танытқан. Ы. Алтынсариннің оқу құралдарын жасауда, өзінің мектептерінде қазақ балаларының талаптарына сай қандай кітаптар оқыту жөніндегі пікірі, өзінің оқулығына мысалдарды енгізуге келмейтінін дәлелдеуі, оның озық педагогикалық көзқарасы мен сыни ой-пікірінің бірлігінен туғандығын көрсете білген. Алтынсариннің ненің пайдалы, ненің зиянды екендігін әрқашан сыншылық електен өткізіп отыратындығын Ыбырай хатынан үзінді келтіре отырып дәлелдеген.

«Қазақ хрестоматиясын» жасау кезінде Н. Ильминскийге жолдаған хатында «Мысалдарды (басни) енгізгім келмейді, өйткені қатаң тұрмыста өскен қазақтарға бұдан гөрі мәндірек әңгімелер керек. Мысалдарды қазақ балалары оқығысы келмейтінін, оқыса оған күлетінін, ал олардың ата-аналары балаларымызға сауысқан мен қарға сөйлеседі деген сияқты жоқ нәрсені үйретеді

деп ренжитінін тәжірибемнен білемін. Қазақ балаларына, меніңше, мағыналы әзіл-қалжыңдар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер немесе оларды қызықтыратын, мысалы, жібек құрты көбелектерінің өзгерулері сияқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты әпсаналар тәуірірек болады. Өлең жағын мен мүмкін болғанынша, қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын», – деген пікірінен Ы. Алтынсариннің нағыз психолог екенін, қазақ балаларына білім беру үшін олардың өмір жағдайына сай білімді үйреткісі келгенін аңғартады.

Т. Кәкішұлы өзінің «Сын сапары», «Оңаша отау» монографиялары мен «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығында да Абайтану ғылымына кеңінен тоқталған. Бірінші монографияда «Қазақтың ұлы ағартушы-демократтарының сыншылық ойлары» және «Абай өнері өсер сынға өзек» бөлімдері, екінші «Оңаша отауда» «Абайтанудың алғашқы асулары» бөлімі, оқулықта «Қазақтың ұлы ағартушы-демократтарының сыншылық ойлары» мен «Абайтану асулары» деген көлемді бөлімдерді арнаған. Т. Кәкішұлы Абай творчествосы қазақ әдеби сынының қалыптасуына, дамуына үлкен әсер еткенін танытқан. Абайтану ілімінің қанат жаюы, оны танып білуде және насихаттау мен зерттеудегі ғалым-сыншылардың еңбектері мәнді де салмақты әңгімеленген. Абайдың өмірі мен шығармашылығын тұңғыш танытқан К. Ысқақовтың мақаласына кеңірек тоқталған. К. Ысқақовтың бұл мақаласынан – Абайдың ата-тегі және Абайдың ақындық өнеріне жасаған әсері, әлеуметтік ортасы, кемеңгер ақын творчествосының негізгі идеялық-эстетикалық арнасын көрсетуді мақсат еткенін баяндап, жаңа көркемдік өзегін белгілегенін атап өткен және Абай өмірін тұтастай жазуы тарих үшін бағалы деректер бергенін нақты мысалдармен дәлелдеп көрсеткен.

Т. Кәкішұлы, сондай-ақ М. Әуезов, С. Нұржанов, С. Мұқанов, Е. Ысмаилов, Б. Кенжебаев, І. Жансүгіров, Қ. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, М. Сильченко, Т. Нұртазин, Қ. Мұқаметханов сынды ғалым-сыншылардың еңбектеріне тоқталып, олардың пікірлерінің бағалы тұстарын ерекше атап, сын тарихының желісіне тартып отырған.

Сынды тек эстетикалық құбылыс деп қана ұғуға болмайды. Ол, сонымен қатар қоғам мен заман ыңғайына бейімделеді. Сонықтан оның қоғамдық-әлеуметтік мәні ерекше әрі ой өсіру мен сана-сезім тәрбиелеудің құралы. В.Г. Белинский: «Журнал-газеттің айбары да, беделі де сын екенін ұмытпайық», – деуі де содан. Баспасөз болған жерде сын болатыны мәлім. Ал баспасөздің жарық көруі жазба әдебиеттің тез арада өсіп, дамуына септігін тигізеді. Сондықтан жазба әдебиет болғандықтан оған деген сыни көзқарастың болуы, әрине, әбден мүмкін. Т. Кәкішұлы: «Қазақтың әдеби сынының тууына бір-бірімен іштей байланысып, бір-біріне творчестволық ықпал жасаған үш сала, атап айтқанда, қазақтың жазба әдебиеті, публицистикасы және баспасөзі айрықша әсері еткені аян» дегеніне құлақ асқан орынды. Ғалым баспасөз бетіндегі сыни ой-пікірлерді таныту барысында оқырманға, әсіресе архив деректерінен көп мағлұмат берген. Сондай-ақ бұл ыңғайдағы еңбектерінен батыл ізденісті, мазмұн тереңдігін, ой жаңалығын, өзінше талдау жасау машығын көреміз.

Әдеби сын баспасөз бетінде өмір сүреді. Сондықтан да әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланысты. Қазақ даласында «Түркістан уалаятының газеті» (1870–1882), «Дала уалаятының газеті» (1888–1992) газеттерінің шыға бастауымен бірге олардың беттерінде әдеби ой-пікірлер де көрініс тапты.

Т. Кәкішұлы бұл газеттерде саяси-экономикалық мәселелермен қатар, оқу-ағарту жұмысының жай-күйін, өнер-білімнің пайдасы, орыс ғылымы мен мәдениетінің жетістігі туралы мақалалар жарияланатынын айта отырып, бұл газеттердің халықтың әлеуметтік сана-сезімін оятқанын, сонымен бірге қазақ әдебиет сынының тууына дайындық мектебі болғанын көрсетеді.

Ғалым біраз кітаптарға жазылған мақалалар арқылы сыни ой-пікірдің туа бастағанын аңғартады. «Қисса Қожа Ғафан һәм Садуақас» деген кітапқа жазылған мақалада «Қазақ тілінің тазалығын сақтау, оны бөтен, түсініксіз сөздермен шұбарламау», жайында ой айтылғанын ауыз әдебиет үлгілерін іріктеу, жүйелеу, құндыларын жариялау мәселесіне назар аударулары, оның ішінде сыншылдық ой-пікірге қатысы бар материалдардың болуы, көр-

кемдік сапасы төмендеу болса да, белгілі пікірлер айтылуы сыни ойдың оянуына әсер еткенін нақты көрсетеді.

Т. Кәкішұлының жазғандарынан, әсіресе «Дала уалаятының газетінің» әдебиет пен өнерге, аңыз бен жырға, тарихи шежірелерге байланысты материалдары елдің санасын ояту бағытында үлкен еңбек сіңіргенін байқаймыз.

А. Құрманбаевтың «Қазақ тілі хақында» мақаласындағы қазақ тілінің тазалығын сақтау жайында жариялаған материалдарында Ы. Алтынсарин идеясын дәйекті қорғап, әрі дамытуы, Д. Сұлтанғазиннің қазақ тілі жайында жазған мақалалары сыншылық ойдың өркендегенін байқатуға мәнді дерек бола алатындығын көрсеткен.

«Дала уалаяты газетінде» жарық көрген Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Абай өлеңдері жайлы мақаласына айрықша тоқталған. Ғалым бұл мақала алғаш қазақ әдебиеті тарихында Абайдың атының аталуына себеп болуымен қатар оған көтеріңкі баға берушілердің тұңғышы Мәшһүр Жүсіп Көпеев екенін көрсеткен. Сонымен қатар бұл мақаланы Т. Кәкішұлы әлеуметтік-қоғамдық мәселемен араласып жазылған қазақ әдеби сыны деп те бағалаған. «Оянған ойға кең өріс» тарауынан, сондай-ақ қазақ әдебиет сынының алғашқы газет бетіндегі библиографиялық тұрғысынан берілген материалдарды көреміз. Ғалым олардың кейбіреулерін рецензия дәрежесіне дейін көтерілгенін байқауға болады деп тұжырымдаған.

Т. Кәкішұлы бұл тарау арқылы баспасөздің қазақтың қоғамдық-әлеуметтік ой-пікірін оятып қоймай, оған жол ашып бергенін танытты. Баспасөз бетіндегі материалдар қазақ әдебиет сынының кең арна тауып кетуге мүмкіндігі барын көрсетті деп түйіндейді.

Сонымен, әдеби сын баспасөзге байлаулы жанр, сол арқылы қалыптасып, әдебиеттану ғылымының жеке саласына айналғанын ескерсек, бұл орайда қазақ әдеби сынының туу мен қалыптасуында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің тарихи маңызы ерекше екендігі сөзсіз. Олар жарық көргеннен бастап әдебиетімізге қатысты дүниелерге ерекше назар аударылды. Өлең-жыр,

әңгіме, жолжазба, очерк, сыни-танымдық мақала, портрет, ғұмырнамалық шығармаларға өз бетінен үнемі орын беріп отырды.

Алдыңғы тоқталып кеткен «Дала уәлаятының газеті» мен «Түркістан уәлаятының газеттерінде» ара-тұра әңгіме етіліп, үздік-создық әдебиетке жанасты дүниелер басылып тұрса, енді «Айқап» пен «Қазақ» арқылы бұл мәселелер жүйелі желі тауып, «оянған ойға кең өріс» ашылғанын аңғартамыз.

«Айқап» пен «Қазақ» беттеріндегі мәселелер қазақ әдеби сынының туу, қалыптасу және кемелдену кезеңдеріне ерекше әсері болғанын бізге алғаш рет зерттеп, жүйелеп, түйіндеп беріп отырған – ғалым Т. Кәкішұлы. Бұдан кейін де аталмыш басылымдар бірнеше ғылыми еңбектердің зерттеу объектісіне айналды. Мәселен, Ө. Әбдиманов «Қазақ» газетінің өмірге келу себебін, көтерген мәселелері мен мақсаттарын, А. Байтұрсынов бастаған зиялы азаматтардың ұлттық баспасөз ашу жолындағы күресін жан-жақты қарастырса, Қ. Сақ «Қазақ» газеті бетіндегі саяси-ұлттық мәселелер жөнінде диссертация қорғады. З. Бисенғалиев ХХ ғасыр басындағы проза мәселелерін зерттеу барысында «Айқаптағы» прозаларға тоқталса, Н. Асқаровтың «Айқап» журналындағы саяси-әлеуметтік, әдеби-мәдени мәселелердің көрінісі» деген тақырыпта диссертациясында «Айқап» бетіндегі сыни ой-пікірлер мен зерттеу мақалалар Т. Кәкішұлы зерттеуі негізінде қарастырылып, сондағы ойлар ары қарай дамытыла түскен.

Т. Кәкішұлы «Айқап» бетіндегі сын ескертпелер мен мақалаларды екі салаға бөліп қарастырған: біріншісі – педагогикалық сипаты айқын сыншылық ой-пікірлер; екіншісі – әдебиетке тікелей қатысты жайлардан өрбитін сыни ойлар. Бұлайша екі топқа бөліп, жіктей қарастыруда қисын жоқ емес.

Ғасыр басында қазақ халқының алдына тұрған күрделі мәселе – ұлттың ұйысып, бет-бейнесін айқындауына кепіл болар қазақтың я өлі, я тірі болу мәселесі – оқу білім, ағарту мәселесі екені белгілі. Қай кезеңде де қазақтың бас дұшпаны болған надандықтан арылу тек қана оқу-білім арқылы ғана жүзеге асатындығын ел-жұрт түсінуі тиісті болды және оларды түсінді-

ретін, оң жолға бастайтын зиялылардың төбесі көрініп, баспасөзі қанат жая бастады.

Сондықтан жалпы қазақты оқу-білімге жалаң үндеп қана қоймай, білім алудың кілті – оқу құралдарын жазу, емле мәселесін бір жүйеге түсіру, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес грамматика түзу, оқытудың әдіс-тәсілдерін жасау сияқты керекті жұмыстар да қосыла атқарылып жатты. Мұндай келелі істерге ұйытқы болып, артық-кем тұстарын жіті бақылап, оларды әділ таразыға салып, жолбасшылық көрсетуде «Айқап» қызметі ерекше болғанын ғалым жан-жақты танытқан.

Журналда педагогикалық сипаттағы сын-пікірлердің бір парасы оқу құралдары – әліпбилерге арналды.

«Айқаптың» 1911 жылғы № 4 нөмірінде: «Кітаптар жайынан» деген тақырыпта медресе «Ғалия» шәкірттері бастырып шығарған әліпбиге тоқталған. Шәкірттердің игілікті ісін, оңды бастамаларын қуаттай келіп, шәкірттердің тағы бір ыждағаты бұл «Әліппеден» соң қазақ балалары оқу үшін тағы бір кітап жазып шығармақ екен. Біздің білуімізше, марқұм Торғай облыстық инспекторы болып тұрған Ибраһим Алтынсариннің орыс ғарпімен бастырған «Хрестоматия» деген кітабын орталарынан рұқсат алып, араб ғарпымен қайта бастырған мақұл болар еді. Алтынсарин 10 жылдан артық учитель болып, тәрбие көрген адам болғандықтан оның жазған «Хрестоматиясы» ғылыми-педагогикаға бет бұрмақ. Ашық қазақ тілінде жазылған. Ішінде ғибратлы хикаялар, өлең-жырлар, мақалалар орны-орнымен», – бар деп, тағы біркелелі мәселені көтерді. Мақала авторының Ы. Алтынсариннің оқу кітабының қадір-қасиетін, артықшылықтарын дұрыс бағалай білуінің өзі жан-жақты терең ғылыми көзқарас жемісі екенін Т. Кәкішұлы орынды көрсете білген.

«Қазақ» газеті осы проблемаларды А. Байтұрсыновтың ағартушылық идеясын насихаттаумен қатар, нақты практикалық тұрғыдан шешуге, іске айналдыруға тырысқандығымен дараланады деп көрсетеді «Қазақ» газетінің ұстанған позициясының ерекшелігін аңғартуға тырысқан.

«Айқап» журналы оқу құралдарына, «Әліппе» кітаптарына жарнама сын жариялаумен қатар, қазақ тілінің грамматикасына, емле мәселелеріне де назар аударған.

Ғалым бұл ретте «Айқаптың» қазақ тіл білімінің негізін қалап, оның жеке ғылым саласына айналуына үлес қосқанын, А. Байтұрсыновтың 1912 жылғы «Айқаптың» 4-5 сандарында жарияланған «Жазу тәртібі» мақаласы журнал бетінде ұзақ уақытқа созылған қызу айтысқа өзек болғанын, сөйтіп, бұл мәселе журнал бетінде кең көлемде әңгіме етілгенін тілге тиек еткен. Бұл мәселе жайындағы айтысқа М. Дулатов та қатысып, «Айқапта» жарияланған «Жазу тәртібі» мақаласында А. Байтұрсынов пікірінің дұрыстығын қолдап шықты. Көрсетілген мақалаларды Т. Кәкішұлы егжей-тегжейлі қарастырып ұлт алдына тартылған проблемаларға қазақ зиялыларының көзқарасын, сыни ой шарпысуын көрсеткен.

Қазақтың жазба әдебиетінің даму бағытын белгілеудегі «Айқап» пен «Қазақтың» рөлі мен орнын сөз еткен тұста Т. Кәкішұлы оны бірнеше тарапта қарастырған. Ең алдымен «Айқап» өз бетінде орын алған әдеби шығармаларда тілдің таза, ажарлы болуына айрықша мән беріп, қазақтың ауызша айтылып келген әдеби тілін негіз етті, оның барын дамытты, жоғын толықтырды. Сөйтіп, қоғамдық ахуалға орай қалыптасқан әдеби тіл әр алуандығының белгілі бір жүйеге түсуіне ықпалы болды. Ұлы Абай негізін қалаған жазба әдеби тілімізді өркендетуге қызмет етті деп табады.

Әдебиетке қатысты жайлардан өрбитін сыни ой-пікірлерге жарнама-сын, рецензияларды, әдеби шолуды жатқызады. Ғалым «Айқап» бетінде отызға тарта өлең жинақтары азды-көпті сөз болып, сыни пікір айтылды, О. Қарашевтің «Бала тұлпар», «Өрнек», «Қарлығаш», Ә. Ғалымовтың «Жастық жемістері», Ш. Құдайбердиевтің «Қалқаман-Мамыр», С. Көпеевтің «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржіме», «Қалың мал», М. Тұяқбаев жинап бастырған «Қобланды батыр» жыры тағы басқа шығармаларға әр қилы ой-пікірлер айтылғанын жазады. Жарияланған туындыларды эстетикалық талап-талғам биігінен ақтара қарап, аударма тексеруге келгенде, енді-енді бауыр көтеріп келе жатқан әдеби сынымыз-

дың қауқары жетпей жатқаны да қолбайлау болып отырғанын жасырмайды. Осы олқылықтың орнын толықтыруды «Айқап» журналы өзінің алдына мақсат етіп қойып, сол тұста баспа жүзін көрген шығармалардың барлығына дерлік белгілі дәрежеде ой-пікірін білдіріп отырғанын нақты деректермен дәлелдейді. Осы жинақтарға жазылған мақалалардың, аннотация мен жарнама-сындардың, рецензиялардың пікірі нақты, ойы өткір екенін Т. Кәкішұлы баса көрсеткен. Ғалым сонымен қатар «Қазақ» газетінің қазақ әдебиеті мен мәдениетінің мәселелерін көтеріп, үлкен эстетикалық өреге көтерілгенін айтқан. «Қазақ» газеті бетінде жарнама, аннотация түрлерінен басқа, көлемді, мағыналы рецензиялар, ғибратты ғұмырнамалар, ойлы сын мақалалар, қарымы кең ғылыми зерттеулер кездесетінін жазған.

Басылымдар жекелеген тұлғаларға, оның ішінде тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тілдес елдердің ұлы перзенттеріне арналған ғұмырнамалық құнарлы мақалалар мен мәнді зерттеулер десе де болғандай. Осы бір арнадағы өнімді еңбек журналдың сыни ой-пікірлерін қалыңдата түскенін де атап айтқан жөн. Бұл салада тарихи танымды мақалалар, әсіресе М. Сералин қаламынан көбірек туған. «Маржани», «Ғабдолла Тоқаев», «Жуырда орны толмастай өлім» атты мақаласы И. Гаспринскийдің 1914 жылы 1 қыркүйекте қайтыс болғанына орай оның өміртарихы мен шығармашылық еңбегіне тоқталған.

Журнал осы секілді тұғырлы тұлғаларды насихаттап, өз кеменгерлерімізден алшақтамай, қайта олардың озық ой, құнды пікірлерін жалғастыруға талпынды. Алайда кеңес өкіметі тұсындағы кейбір жалған көзқарастың ызғарынан қорқып, артық сілтеген ғалымдар да болмай қалмады. Өзі айрықша зерттеп, үлгі-өнеге көрсеткен профессор Б. Кенжебаевтың «Айқап» сол кездегі татар мәдениетіне де, татар әдебиеті арқылы шығыс мәдениетіне де иек сүйеді. Ал оның мұнысы үлкен қате болды. Өйткені шығыс мәдениеті ескі, мешеу еді, капитализмнің өркендеуіне байланысты шығыста, Россия мұсылмандары арасында болған діни оянушылық-жәдитшілдік бұл кезде, империализм тұсында, үстем таптардың арандатушылық әрекеттері арқасында ескілікке, керіартпалыққа,

панисламизм, пантюркизмге, түрлі ұлтшылдыққа қарай бет бұрған еді) – деген пікірін осы мәселені тереңірек зерттеген профессор Т. Кәкішұлы дәлелді сөз, уәлі уәжбен басқаша баяндайды. «Россия мұсылмандарына аты мәшһүр болғандарды ауызға алдың деп, оның ішінде пайдалы мәселелеріне назар аудардың деп кінәлау қаншалықты орынды бола қоймақ.

Сондай-ақ жадитизм бұл кезеңде шығысқа ден қойып еді деп, бүкіл шығыстың мәдениеті керітартпашыл еді деудің жөні келе бере ме?» – деп ірі ғалымның жаңсақ басқан қадамын сол қытымыр кездің өзінде жасқанбай ашық айтуы жұртшылық түсінігінің дұрыс бағытқа бұрылуына ықпал еткені сөзсіз.

«Қазақ» газетінің бетінде, түркі тілдес елдердің ұлы перзенттеріне арнаған тарихи танымдық дүниелер М. Дулатовтың қаламынан көбірек туған. «Тоқай», «Ахмет Иасауи», «Абай», «Шоқан» сияқты мақалалары тарихи құндылығымен ерекшеленетінін жазған. А. Байтұрсыновтың «Исмаил Гаспринский» мақаласында ғалымның жалпы түркі үшін еткен еңбегі бағаланса, Ә. Бөкейхановтың Г.Н. Потанин туралы М. Шоқаевтың Әбубәкір Диваев жайында жазған мақалалар таныстыру-таныту мақсатын көздеген. Осы шығармаларға тән қасиет – ел көсегесін көгертуге бар өмірін арнаған халық ұлдарын жұртқа таныстырып, кейінгіге үлгі, болашаққа аманат ету ниетінің басымдығын атап көрсетеді.

Бұл жазылғандардан сыншылдық ой-пікірлер осы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінде жандана түскенін байқатады. Қазақ әдеби сын тарихына қосқан үлесі мол екенін, сын жанрларының қалыптасып, дамуынан-ақ аңғаруға болады.

Баспасөз бетінде қазақ әдеби сынының жарық көруі 1971 жылы жазылған «Сын сапарында» сөз болған. Бірақ бұл еңбекте «Қазақ» газеті жайлы айтылмаса, «Қазақ әдебиеті сынының тарихында» осы олқылықтың орны толтырылып, бұл кітапта газетте жарияланған әдеби пікірлерді таңдауға едәуір орын берілген. А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың Ә. Бөкейхановтың т.б. мақалаларының қазақ әдеби сынының дамуындағы үлкен мектеп, жаңа бағыт, биік белес болғандығы жан-жақты дәлелденген. Алты алаштың туын көтеріп, мұңын мұңдап, жоғын жоқтап

шыққан арыстардың әдеби ой-пікірлері алғаш рет осы еңбекте ғылыми тұрғыдан зерттелгенін көреміз.

Әдеби сынның дамуы көркем әдебиеттің дамуымен тікелей байланысты. ХХ ғасырдың басында қазақтың профессионалды жазба әдебиеті дами бастады. Басылып шығып жатқан жаңа кітаптар жайлы пікір білдірген материалдардың құрылымдық, мазмұндық, мақсаттық ерекшеліктеріне қарай Т. Кәкішұлы алғаш болып дәйектеме сынның қалыптасуын анықтап беруімен қатар, мақала, шолу, әдеби портрет, айтыс мақала, библиографиялық ескертпе, әдеби-ғұмырнамалық очерк түрлерін атағаны белгілі. Бұны кейін Д. Ысқақұлы «Әдеби сынның ғылыми негіздері» атты докторлық диссертациясында аннотация, әдеби хабар, эссе, әдеби фельетон, әдеби пародия, әдеби эпиграмма, монография түрлерімен толықтырды. 1999 жылы шыққан «Сын жанрлары» атты оқу құралында қазақ әдеби сынындағы жанрлар жүйесін зерделеу барысында, сынның жанрлық түрлерін баспасөз тәжірибелеріне сүйене отырып, типологиялық тұрғыдан қарастырған.

Т. Кәкішұлы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің шығармаларына жазылған жарнама-сын, аннотация, дәйектеме сындарға анықтама беріп, айырмашылықтарын көрсеткен. Ғалым жарнама-сын көркем шығарманың дүниеге келгендігін хабарлау міндетін атқаратынын, ал аннотацияның сол шығарманың негізгі мән-маңызын қысқа түйіндейтінін, талдау жасауды мақсат етпейтінін ажыратты. Ал дәйектеме-сын талдау жасамағанмен де, шығарманың оқиғасын, мәнін, жазылу себебін түсіндіріп береді.

Мұндай сын жанрының түрі ХХ ғасыр басындағы шығармаларда жиі кездесетіндіктен, ғалым оны аннотация мен рецензия аралығындағы құбылыс екендігін ескертті.

Т. Кәкішұлы көркем шығармалар мен оның жинақтарына, оқу құралдарына, басқа да кітаптарға жазылған сын материалдар қандай дәрежеде шығарманың мән-мақсатын түсіндіргеніне, эстетикалық өрісіне қарап дәйектеме-сын жанрын үш топқа бөліп қарастырған.

Ғалым дәйектеме-сынның бірінші тобына ағартушылық сипаты бар шығармаларға жазылған мақалаларды жатқызады.

XX ғасыр басындағы жазба әдебиетімізде ең бірінші ағарту проблемасы алға қойылды. Өнер-білім жайлы еңбектер жарық көріп, сыншылық ой елегінен өтіп отырды. Ғалым Ғ. Қарашевтің «Өрнек» атты жинағына жазылған дәйектемеден өнер-білімді насихаттап, оқуды жақтағанынан аңғарылатынын көрсетеді.

Өз шығармасы туралы өзі пікір айтып, түсіндірме (автокритика) жазылған дәйектемелерді екінші топқа жатқызады.

Әдеби-сын элементтері айқын да басым дәйектемелерді үшінші топқа жатқызған.

Т. Кәкішұлының «Сын сапары», «Оңаша отау», «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» атты еңбектерінде қазақ әдеби сынының тарихы байыпталған. «Сын сапары» еңбегінде сынның Қазан төңкерісіне дейінгі туу процесі қарастырылса, «Оңаша отауда» сынның жиырмасыншы жылдардан сексенінші жылдарға дейінгі өсіп, өрлеу кезеңдері, жанрлық қалыптасуы кеңінен тиянақты зерттелгенін көреміз.

Социалистік кезең жаңа сананы, жаңа эстетикалық мұраттарды қалыптастырды. Жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы әдебиетіміз дәуір талабы мен қоғам тілегі қажет еткен мәселелерді шешуде, жаңа ұлттық сананы қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Сондықтан осы кезеңдерден бастап қазақ әдебиетінің тарихы едәуір екшелгені, ғылымнан өзіне тиесілі орын алғаны белгілі. Осы жылдары сыншылардың жеке жанр проблемаларын зерттеулері көзге түседі. Сыншы-ғалым Е. Исмайылов, Б. Кенжебаев, Х. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихын жасаумен шұғылданса, М. Қаратаев, А. Нұрқатов, Б. Сахариев, С. Қирабаев, Х. Әдібаевтар бүгінгі әдебиет проблемаларын зерттеді. Ә. Тәжібаев қазақ лирикасы мен драматургиясының жай-күйін әңгімелесе, З. Қабдолов, З. Ахметов, М. Хасенов жалпы әдебиет теориясы мен оның құрылымына, Р. Бердібаев, М. Дүйсенов дәстүр мен жаңашылдық мәселесін зерттеуге бағыт алған болса, ал сын тарихын түбегейлі зерттеген Т. Кәкішұлы болды. Сын тарихын арнайы тексерген еңбектердің тұңғышы – «Сын сапары» мен «Оңаша отау».

Т. Кәкішұлы «Оңаша отау» еңбегінде әдеби сынның жанрлық қалыптасуын ұлттық әдебиеттің даму арнасымен сабақтастыра қарайды. Сынның тарихына байланысты еңбектерінде әр кезеңге өзек болған, сынға салмақ салған мәселелерге айрықша назар аударады. «Жаңа заман – жаңа эстетикалық мұрат», «Әдеби мұраны игеру мәселелері», «Сын және сыншы» деген үш бөлім – үш жүйелі мәселелерді, қазақ әдеби сынының көп жылдық өрісін анықтайтын қазық іспетті.

Алғашқы бөлімнің ішкі жүйесіне назар аударайық: «Көркемдік дамудың соны принциптері», «Сынның идеялық-эстетикалық проблемалары», «Реализм бе әлде романтизм бе», «Сыншыл реализм дәстүрінің сілемі», «Әдеби ағымдар платформасы» – қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасу жылдарында жаңа бағытты жазушылар мен алаш өкілдері арасында талай тартысқа түсіп, сынның жанрлық өркендеуіне ықпал еткен мәселелер қамтылған. Осы мәселелерді қарастыруда жеткен жетістік пен кеткен кемшілікті ғалым сын жанры, әдеби сын материалдары арқылы қарастырады.

Еңбектің алғы беттерінде Т. Кәкішұлы арнап жатқан жаңа қоғам әдебиетінің міндеттерін саралаған В.И. Лениннің «Пролетарлық мәдениет туралы», «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» сияқты мақалаларының қазақ әдебиеті үшін қаншалықты әсері болғанына назар аударған. Бұл принцип «бірыңғай ағым», «пролеткультшілдер» теориясын әшкерелеуде де, сыншыл реализм, социалистік реализм әдістерінің қалыптасу, нығаю кезеңдерін сөз еткенде де басшылыққа алынып отырған.

Т. Кәкішұлы жаңа заманның, жаңа талаптары бойынша дамыған әдебиетті, компартияның идеологиялық құралына айналған сынды қандай көзқараста танытса да, әдебиет тарихы туралы мол дерек беріп отырған. Сонымен қатар бұл кезеңнің сыни ойдың өріс алуына үлкен әсері, ықпалы болғаны жөніндегі шындықтарды ашып көрсеткен.

Жұрттың бәрі сияқты мәдени мұра жөніндегі көзқарасын («Біз қай мұрадан бас тартамыз», «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Жастар одақтарының міндеттері», «Пролетарлық

мәдениет туралы» және басқа еңбектері) В.И. Лениннің әрбір ұлттық мәдениетте екі түрлі мәдениет элементі болатындығын оны таптық идеология тұрғысынан жазылғанын мән беру шарт деген принциптерін басшылыққа алған заман ыңғайына жығылған кездері де болған. Алайда кейінгі еңбектерінде осындай қатаң идеологияның талабымен әдеби сынымызда олқылықтар орын алғанын жазып, пікірін өзгертті.

Партиялық принцип пен таптық түсінік-талғамның ендеп кетуі Үкімет пен партияның, жазушылар съезінің қаулы-қарарларымен міндеттеліп, жүзеге асып отырды. Мәселен: «Қазақ көркем әдебиетінің социалды міндеттеріне ілесе алмай жүргенінің себебі: алдымен қазақ кеңес жазушыларының көбінде алашордашылық, байшылдық салт-сананың ықпалы әлі күнге дейін күшті, жазушылардың көбі Маркс-Ленин ғылымына шорқақ, бұл жөнінде білімдері жеткілікті емес. Бірқыдыру жазушылардың шығармаларында бай, феодал салт-сананы, жергілікті ұлтшылдық, төңкеріске қарсы троцкизм сарындары бар (Сәкен), қазақ қара шаруаларының артта қалған сарындарына еріп, қара шаруаның өрісі тар көзқарасына ғана ұсақ буржуазиялық санашылдыққа (идеализмге) салынғандық та бар. (Илияс, Бейімбет, Сәбит, Өтебай)» деген 1932 жылы КазАПП-тың съезінде алынған қаулылар кейіннен тіпті молайып, көбейіп кетті. Осыны аңғарған Д. Ысқақов осы қарардың қиратқыш, жазушыларды жасқантқыш күшін мұндай жалпылама сындар ақын-жазушылардың шығармаларын мінеуге ыңғайлы әдіс болғандығын айта келіп, сол кездегі әдеби жағдайды аңғартады: «Сын да тіпті қанағаттанарлықтай емес. Алашордашыл, ұлтшыл және троцкишіл сындардың (Айматұлы, Әуезұлы, «Екеу», Әминен және басқалар) сыры жөнді ашылып, толық әшкереленген жоқ; Садуақасұлы мен оны қолдаушылар, яғни алашорданың Қазақстан партия ұйымы ішіндегі агенттері де жөнді сыналған жоқ. КазАПП-тың басты мүшелерінің қателері толық ашылып әшкереленіп жеткен жоқ», – дегендері сын мәселесіне қатысты деп айтудың өзі қиын. Солай бола тұрса да әдеби және қоғам өмірде осылар көрініс беріп жатты.

Ғалым сынның жазба әдебиетке тән жанр екенін жаза отырып, С. Сейфуллин, М. Жұмабаев М. Әуезов туралы олардың шығармалары жайлы жазылған сыншылдық ой-пікірлерге тоқталып, қазақ сынының өріс алуын көрсеткенде «Еңбек туы», «Шолпан», «Темір қазық», «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан» сияқты газет-журналдардың бетіндегі ешкім елемеген сыни пікірлерді тілге тиек еткен. Т. Кәкішұлы 20-жылдардың екінші жартысында баспасөз беттерінде көркем шығармаларды талдау барысында өрелі ой, өнекті пікір айта алған, қомақты да түйінді тұжырымдар жасаған сыни мақалаларды атап, С. Сейфуллиннің «Асау тұлпар», «Бақыт жолына» және «Қызыл сұңқарлар» шығармаларына, М. Жұмабаев шығармашылығы төңірегіндегі айғай-шуды, М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» мен «Бәйбіше – тоқалына» арналған сыни мақалаларды, сондай-ақ сынның қандай болу керегі жайлы толымды ойларды егжей-тегжейлі талдаған.

Сол кездегі «идеологиялық талаптарға» сай жазылған сындардың өнерпаздық тұрғыдан көтерген бір мәселесі образ жасау проблемасы болды. Оны көбіне жаңа бағыттағы жазушылардың кемшілігі етіп көрсетіп отырды. «Қызыл сұңқарлардағы» адамдардың «бәрінің мінезін жиып келсек, бір Еркебұланнан табылады» деген М. Әуезов пікірін тарамдата баяндаған уақытта, Таутан Арыстанбековтің: «Төңкерісті кім туғызды? Неше кісі туғызды? Әрине, бұл төңкеріс «Гамлет» сықылды не болмаса «от боп жанып» бара жатқан бір кісінің қолынан келмейтін нәрсе. Бұл – қорлық-зорлық көрген еңбекшіл таптың қанын төгіп алған нәрсесі. Сол себепті «Қызыл сұңқарлардың» геройларында түгел көрінген бір адам (законченный цельный тип) жоқ. Мен де айт-амын: рас, жоқ хәм болмасқа тиіс. Тағы айтамын: өзгерісті законченный цельный тип жасамайды, тап, ұйым (коллектив) жасайды. Мінекей, осыған қарағанда, «Қызыл сұңқарлар» қазақ әдебиетінде, тарихта жаңа дәуірді бастады. Ол дәуір ұйымшыл, көпшіл (коллективизм) дәуірі деп аталуы тиіс», – деген өктем тұжырымды Т. Кәкішұлы сол кезеңнің көркемдік танымы дәрежесіндегі пікір деп бағалаған.

Ғалым сын – мұқату құралы емес, эстетикалық таным-білік арнасы екендігін жазып, осы өзекті мәселе жөніндегі Ж. Сыздықовтың: «Әдебиеттің өркендеуіне негіз болмайтын сынды жазу – жаңадан талпынып келе жатқан жас қалам қайраткерлерін адастыру екенінде еш күмән жоқ. Әдебиет – көптің дүниесі, білімнің қазынасы. Әр халық өзінің әдебиетін жалпы пайдалану үшін кіршіксіз сынның елегінен шайқап, сүзгісінен өткізуі керек», – деген пікірін дәйек үшін келтірген.

«Жаңа заман – жаңа эстетикалық мұрат» бөлімінде қазақ әдебиет сынының жанрлық сипаттағы ізденістерін, оның қалыптасуының қалайша жүзеге асқанын, қандай творчестволық қиыншылықтар кездескенін, пролетар әдебиетін өркендету жолындағы күрестерін, тұрпайы социологизмге қалай ұрынды деген жайттарды нақты деректерге сүйене отырып саралайды. Сонымен қатар теориялық тұжырымдарға да тоқталып, ұлттық әдебиеттану ғылымының өркендеу жолындағы сол кездегі әдеби ағымдарға орыс әдебиеті сынының әсерін, түрлі пікірлердің тигізген ықпалын талдап, қорытындылайды. Алашордашылармен баспасөз бетінде күрес жүргізген С. Сейфуллиннің, С. Мұқановтың, Ғ. Ботанов, Ө. Байдилдиннің сын тарихында атқарған шығармашылықтарына тоқталған.

Т. Кәкішұлының бұл еңбектегі біраз пікірлері таптық позицияда жазылғанын қазір құптай беруге болмайды. Оның үстіне әдебиеттің, әдеби сынның жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы қиын кезеңдеріне арналғандықтан 70-80 жылдардағы цензурадан өткізіп, жарыққа шығару оңай болмаған. Сондықтан еңбек «идеологиялық талаптарға» сай болуға мәжбүр болғаны бар. Әдебиеттануымыздың шынайы дамуына жасалған кедергілерге қарамастан, кейбір еңбектерінде ғалым астарлап болса да, өз пікірін білдірген сәттерді кездестіреміз: Мәселен, 1967 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының», бірінші кітабының 3-томы, 24 бетінде Е. Ысмайлов, М. Дүйсенов, Т. Кәкішұлы: «Байшыл ұлтшыл жазушылардың творчестволық жағынан профессионалдық дәрежеде болғанын, оқыған, білімді екенін бүгуге, әрине, болмайды. Олардың шығармалары газет-журналдарда жиі басылып, жеке

кітап болып ел ішіне мол тарап жатты. Сондықтан да идеологиялық майданда олардың салмағы аз болған жоқ», – дегендерінің өзі біраз жайды аңғартса керек.

1972 жылы партияның «Әдеби-көркем сын туралы» арнайы қаулысы қабылданған. Мұнда әдеби сынның басты міндеті – әдебиеттің партиялық принципін қатаң сақтау деп түсіндірілді. Яғни әдеби сын көркем әдебиетке партиялық басшылықты күшейту құралы ретінде қолдануға тиіс. Әдеби сын әдебиет пен өнердің партиялығы мен халықтығы туын жоғары көтеруге міндетті деп көрсетілген.

Солай бола тұрса да, Т. Кәкішұлының «Оңаша отау» монографиясы әдебиеттану ғылымына 20-30 жылдардағы әдеби-саяси өмірдің көп шындығын ашып айтқан елеулі еңбек болып енді. Т. Кәкішұлы соңғы кездегі әдебиет тарихына қатысты асыра сілтеулерге «Ал 1994 жылғы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығында өткен кезеңнің бар шындығы сол қалпында айтылғанын көреміз. Ал соңғы кезде жазған мақалаларында да әзірше тындырып жатқанымыз – кеңесті жамандау, коммунистік идеологияны даттау. Тіпті ауыздығына ие бола алмайтын даңғазашылдар: «совет, кеңес әдебиеті, оның көркемдік әдісі социалистік реализм болды деуге аузы бармайтыны былай тұрсын, естігенде шошып тік тұратын, іргесін алыс салатындар шықты», – деген пікірмен тойтарыс беруде. Әрине, әр кезеңде жасалған әдебиет пен әдебиеттану саласындағылардың барлығын жоққа шығара алмаймыз.

Т. Кәкішұлы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» еңбегінде, бұл мәселеге қайта тоқталып, жаңаша көзқараспен өз ой-пікірін қорытып шыққан. «Оңаша отау» еңбегінде айтуға мүмкіндігі болмаған қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін алысып өткен алашшылдар жайлы шындықтар ашылып, олардың сыншылдық ой-пікірлерді дамытудағы маңызды рөлдері лайықты бағасын алған. Ғалым бұл мәселені «Қазақ сынының жанрлық қалыптасуы және әдебиеттану» деген бөлімде қарастырған. Бөлім іштей бірнеше тараулардан тұрады: «Заман және көркемдік мұрат», «Дарындар сын додасында», «Өркендеу өзегі – көркемдік әдіс», «Көркемдік тәжірибе – қисын негізі», «Ұйымдасудың

қияметі мен қиястығы», «Эстетикалық-социологиялық сын», «Тұсаулы ой толқындары» деген тараушалардың бәрінде де алаш азаматтарының озық ой-пікірлері қатты ескерілген.

Т. Кәкішұлы әдеби сынның қалыптасуын, әдеби жанр ретінде дамуын әдебиетке саяси-әлеуметтік мәселелердің жасаған ықпалымен сабақтастыра қарастырған. Сондай-ақ қазақ сынының қалыптасу дәуірін, оның көтерген, шешкен мәселелерін, шыққан биіктері мен құлдыраған кезеңдерін тарихи деректерді қолдана отырып, шыншылдықпен танытқан.

20-жылдары қауға тиген өрттей дүр ете түскен әдеби айтыстар, кереғар жазылған мақалалар, қағытпалар мен қияс көзқарастар аз болмады. Солардың бәрін естіген зерттеуші: «қазақ сынының сол кездегі басқа жанрдан бір айырмашылығы – шығармашылық-идеялық талас-тартысы мен дау-дамайының молдығы еді», – деп қорытуыма қосылмасқа болмайды.

Т. Кәкішұлы А. Байтұрсыновтың 1922 жылы 8 шілдеде «Еңбекші қазақ» газетінің 29 санында «Қалам қайраткерлерінің жайынан» мақаласына айрықша мән беріп талдаған. 1920 жылы 30 қарашада Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті республикадағы «оқыған қазақтардың тізімін алу, оларды қоғамдық-әлеуметтік және қаламгерлік іске тарту жөнінде арнайы қаулы қабылдаған-ды. Соның нәтижесінде 1921 жылы Қазақстан мемлекеттік баспасы ұйымдастырылды. Оны өркендету мақсатымен «Еңбекші қазақ» пен «Степная правда» газеттерінде 1922 жылы қазақ қаламгерлерін игілікті іске шақырған, міндет-парызын айқындаған үндеу жариялаған. Осы тұста А. Байтұрсынов қазақ жазушыларының съезін шақыру идеясын қолға алғанда үш қана жазушы келіпті. Осыған ренжіген А. Байтұрсынов съезге келмеудің себептеріне тереңірек тоқталғанда негізгі айтпақ ойын былай білдірген: «Қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеу керек. Бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ асып, көңілге ауыр алмау керек.

Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп, теңелуіне керекті ісімізді қолға алайық... Қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп етуі керек. Басқалармен

мәдениеті теңеліп, жарыса-жармаса күн етуге қазақ жеткен күні қазақты қасындағылар қаңсылатуды қояды, қазақ азаматтарының қазақ үшін айрықша қайғыруы, қаны қызуы жоғалады, бауырмалдық сонда өзінен-өзі жоғалады... Қазақты бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң, жем болатыны сөзсіз. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады», – деген батыл сөздері тапшылдар мен коммунистерді шошытқаны, сөйтіп тапшылдардың қай мәселені болса да, әсіресе әдебиетке қатысты мәселені насырға шаптыра баяндауға, жазуға себепші болғанын аңғармау аңғалдық болар еді. Осындайдан ұшыққан айтыс жікшілдікке апарып соқтырды.

Тарих арқылы біз халықтың өткен-кеткенін білеміз. Сол сияқты әдебиеттен халықтың рухани өмірін, жетістіктерімен бірге, кемшіліктерін де танимыз. Қоғамның дамуымен бірге әдебиет те ілгері аттап, көркейе береді. Сол мәдениет пен әдебиеттің жетістіктері мен кемшіліктерін саралап танытатын – сын. Өйткені сын әдебиетпен бірге туады, қалыптасады және дамиды.

Т. Кәкішұлының эстетикалық таным-білігі, ғылыми парасаттылығы арқасында таптық заманда жазылған сыни материалдарды егжей-тегжей зерттеуі арқылы, өзінің берік ұстанған позициясын таныта білді. Әсіресе 20-30 жылдардағы идеологиялық кедергілерге қарамастан сынның жанрлық қалыптасуға бет алған процесін сыншылардың эстетикалық таным-білігінің өсуімен көрсеткен. Ғалым әдеби сындағы мәселелердің қандай бағытта болғанын саралап, сол кезде әдеби процеске араласқан көптеген сыншылардың еңбектерін талдайды.

Қазан төңкерісінен кейін әдеби сынның көтерген проблемалары, жаңадан туып келе жатқан әдебиетімізге орыс әдебиетінің ықпалы қандай дәрежеде болмақ, әдебиеттің болашағы кімдікі, романтизм бағытымен жазған жазушылардың шығармаларына қалай бағалаған орынды, алапигыл дәстүрдегілердің, әдебиет туралы ой-пікірлерін қалай ұғыну керек деген мәселелер күн тәртібіне қойылғанда сынның қалай атой салғанын көреміз.

«Әдебиет қандай болу керек» деген төңіректе Ж. Сәрсенбіұлының, Ә. Байдилдиннің, Ғ. Тоқжановтың «Әдебиет туралы марксистілер не дейді, Жүсіпбек не дейді» деген мақалалары Ж. Аймауытовтың: «Әдебиет – өнер. Азды-көпті еркіндік тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап, сыңаржақ кетпей, Маркс көзімен сынау керек. Маркс көзі – тар емес, кең» деген ойдан Т. Кәкішұлы саяси-әлеуметтік, әдеби-эстетикалық мәселелерге байланыстырып, демократиялық үрдіс рухында тану қажеттігін ескерткен.

С. Мұқановтың «Көркем әдебиет туралы», Ә. Байдилдиннің «Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде», К. Кемеңгеровтің «Көркем әдебиет туралы» Е. Алдаоңғаровтың «Жазушылар мен көркем әдебиет», М. Дәулетбаевтың «Сыншылар мен көркем әдебиет» т.б. мақалаларда қозғалған мәселелерді ғалым бір-бірімен байланыстыра, салыстыра отырып осындай айтыстың нәтижесінде өршіл романтикамен қанаттанған реализм әдеби шығармашылықта біртіндеп орныға бастағанын көрсеткен. Бұған таза теориялық, көркемдік жарыс арқылы емес, сол кезде тапшылдық көзқарасты өршітуді қалаған партия-кеңес көмегінің «шапағы» тигендігін де жасырмайды. Алайда осы баяндаулар мен дәлелдеулер, айтыс-тартыстар қазақтың эстетикалық таным-білігінің өресі жоғары болғандығына айғақ екендігін әрқашан ескертіп отырған.

Т. Кәкішұлы өз еңбектерінде 20-жылдарда сыншыл реализм дәстүрінде жазылған шығармаларға көбірек назар аударып Б. Майлин, Ж. Тілепбергенов, С. Сейфуллин, М. Дәулетбаев шығармаларындағы суреттеу амалдарына, қазақ халқының сенгіштігін пайдаланған іс-әрекеттерді, олжа таппақшы болған пысықтардың көбейгендігін көркемдік әдістің қасиеттері деп көрсеткен.

Бұл мәселе жайлы басқа да қазақ әдебиет зерттеушілері өз пікірлерін білдірген. Солардың алғашқысы болып Б. Кенжебаев «Бұл дәуірдегі қазақ әдебиетінің негізгі әдісі сыншыл реализм болды (1917–1920 жылдар). Бұрынғы осы кездегі демократтық-ағартушылық бағыттағы ақын-жазушылар да асылында сыншыл

реализм әдісімен жазды. Себебі сыншы реализм әдісінің негізгі қасиеті – әшкерелеу, сынау» /2,46-б. / – деп жазса, бұл мәселеге М. Қаратаев шығармаларды талдап отырып, пікірін былай түйген: «Ол кезде өнімді жазған Б. Майлин мен М. Әуезов әңгімелерінің тақырыбы ғана емес, тұтас идеялық көркемдік дәрежесін алсақ, бұл ретте олар бұқарашыл жазушылар жеткен деңгейден асып кете қойған жоқ еді. Ол – сыншыл реализм деңгейі» /3,148-149-б./ – деп қостаған.

Сыншыл реализм дәстүрінің мәселелері сол 60-жылдардың бас кезінде көтерілген проблема еді. 1962 жылы шыққан «Октябрь өркені» монографиясында Т. Кәкішұлы сыншыл реализмнің озық дәстүрі арқылы социалистік реализм принциптеріне ұласу процесін көрсеткен: «Шындығына келгенде, бұл өнерпаздық арна – қазақтың төңкерісшіл әдебиетінің туу, даму барысында мансұқтауға болмайтын құбылыс, өйткені оның көркемдік нақыштары мен озық үлгілері, оқушы жүрегіне жаққан туындылары сыншыл реализм арқылы социалистік реализмнің принциптеріне ұластырған жол».

Т. Кәкішұлы осы мәселе жайлы басқа елдердің зерттеушілерінің пікір-көзқарастарына тоқтала кеткен. Мәселен, Г.И. Ломидзе сыншыл реализм мен социалистік реализм бір мезгілде өмір сүрді дегенді қателік деп тапқан уақытта М. Порхоменко: «кеңес әдебиетінің алғашқы дәуірінде сыншыл реализм мен социалистік реализмнің шығармашылық әдістері қатар өмір сүрді», – деген. Ал эзирбайжан ғалымы Мамед Джафар: «Эзирбайжан кеңес әдебиетінің қалыптасу дәуірінде жетекші творчестволық әдіс ретінде социалистік реализммен қатар, сыншыл реализм де өмір сүрді», – деген тұжырымын, қазіргі кейбір шығармаларда сыншыл реализм дәстүрі кездеседі дегенін Т. Кәкішұлы қостады.

Т. Кәкішұлы сыншыл реализмнің озық дәстүрлерінің біздің қазақ әдебиетінде болғанын айта отырып, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ғ. Қарашев шығармаларын саясатқа байланысты атын атауға болмайтындықтан ғылыми талдап объекті ете алмағанын да кейін өкінішпен атап көрсеткені де бар.

Әдебиеттанудың бар саласында еңбектену ғалым талантына, дарын сипатының даралық қасиетіне байланысты. Бұл өлшем – тек тынымсыз ғылыми ізденісте ғана емес, өз ұлтының әдебиетіне деген сүйіспеншілікті, сөз өнеріне шынайы, шын мағынасында жанашыр бола білуде. Белгілі жазушы Ғ. Мұстафин: «нағыз сынның айқын бір белгісі – әдебиетті сүйу», – деп тұжырым жасаған екен.

Т. Кәкішұлының сыншылдық талантын, қалыптасқан эстетикалық танымын танытқан мәселе Сәкен, Мағжан сынды ақын-жазушыларымыздың дәстүрін қазақ поэзиясында өнерпаздық арнамен зерттеу, көркемдік шеберлікті шыңдау, өлең өрісінің салалық деңгейін арттыру, оны өршіл романтикамен қанаттандыру болды.

Сонымен қатар Т. Кәкішұлы қазақ әдебиеті сынының қалыптасу шағында С. Сейфуллин, М. Әуезов шығармаларымен бірге Мағжан поэзиясына терең бойлап, сөз өнерінің эстетикалық мән-мағынасын айқындап берген. Мағжан творчествосына пікір айтқандар екі бағытта болған. Олардың біреуі тапшылдық көзқарастағылар болса, екінші бағыттағылар әдебиеттің өзіндік ерекшелігін білетін, көркемдік түсінігі жоғары сыншы-жазушылар мен оқырмандар.

Т. Кәкішұлы: «Мағжан – сөз жоқ, ұлы ақын. XX ғасырдағы қазақ поэзиясының классигі. Осыны ел-жұрт білді, таныды, бірақ тапшылдық көзқарасқа әбден бой алдырғандар, әсіресе партия-кеңес жұртшылығы әр сөзден саяси астар іздеумен әуре болды да, төңіректі тұмандатып жіберді», – деп Мағжанның ақындығын жоғары бағалады.

Ғалым Мағжанның шығармашылығын бағалау барысында, біріншіден, Мағжанның дарынды ақын екенін танытса, екіншіден, ақынның поэзиясы сынның қалыптасуына өзек болуын, үшіншіден, Ж. Аймауытовтай классик сыншының қазақ әдебиетіне келуіне себепші болды деп біледі.

1923 жылы Мағжанның өлеңдері Ташкентте Сұлтанбек Қожановтың алғы сөзімен шыққан. Алғы сөзде Мағжанның өлеңдерінің жаңа қалыптасып келе жатқан әдебиетке қызметі зор, қазақ әдебиетінде үлкен орын алатынын жазған. Жинақ шыққаннан

кейін пікір-ойларын жазған көптеген мақалалар жарық көре бастаған.

Н. Төреқұловтың: «Мағжанның өлеңдерінде саясат пен әдебиет аралас. Өлеңдерінде қазақтың шаруашылығына, әдебиетіне, саясатына қарсылық бар. Әдебиет деп қабыл алсақ, коммунистік ниеттен айырыламыз. Ол қазақ ақыны емес, қазақтың тұрмысынан айырылған ақын», – деп жазуын ғалым социологиялық сынға бой ұрудың үлгісі деп табады.

Сол тұстағы мақалаларда: «Мағжан өлеңдерінде көбінесе өткенді көксейді, ескілікті іздейді, ұлтшылдықты жырлайды, өзімшілдік, менмендікті дәріптейді. Мағжан өлеңдерінің сырты әдемі, бірақ сыртқы болуын сыпырып тастасақ, ішіне көз жіберсек, Мағжанның коммунист партиясы мен кеңес өкіметінің негізгі жолына қарсы жерлері бадырайып шыға келеді», – деген пікірлер мол ұшырасады. Осы тапшыл көзқараста жазылған мақалаларға күншығыс халықтарының коммунистік университетінде шығарған қаулыға жауап ретінде Жүсіпбек Аймауытовтың «Мағжанның ақындығы» жайында баяндама жасап, мақала жазған. Т. Кәкішұлы оны «классикалық мақала» деп біледі.

«Мағжан – терең ойдың ақыны емес, нәзік сезімнің тәтті қиялдың ақыны. Ол – кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны. Ел ішінде бай, кедейдің арасындағы қиянатты, теңсіздікті көрмейді. Ұлтты жалпағынан алып қарайды. Сонымен қатар Мағжанның қазақ әдебиетіне кіргізген жаңалығы орыстың символизмін (бейнешілдігін) қазаққа аударды, өлеңді күйге (музыкаға) айналдырды, дыбыстан сурет туғызды, сөзге жан бітірді, жаңа өлшеулер шығарды. Романтизмді күшейтті, ұстартты», – деген Жүсіпбек пікірін ғалым, біріншіден, 20-жылдары осылайша талдай білу қазақтың сыншылығының және эстетикалық таным-білігінің биіктігі болса, екіншіден, Мағжан ақындығын түбегейлі баяндап беруі қазақ сыны тарихында кезең жасаған еңбек деп бағалаған.

Бұл шын мәніндегі сыни-эстетикалық еңбектің екі тұрғыдан, біріншіден, Мағжан ақындығының қыры мен сырын ұғыну, көркемдік әлеміне ену, ақын жанының қалтарыс-бүкпелерін түсіну, керектігін көрсеткен, әлі күнге дейін жалғыз мағжантануда

ғана емес, бүкіл қазақ әдебиеттануында асқар бел болып келе жатқанымен, екіншіден, әдебиет сынының қаншалықты биік көтерілгеніне көрсеткіш, сын тарихында белгілі бір кезең жасаған туынды екендігімен құнды. Теориялық ой-пікірлерін мөлдіреген әсем тілмен, ажарлы орамдармен жеткізуінің өзі үлкен өнер. Барлық тұжырымдарына эстетикалық дәлелдер келтіріп, көздеген мақсатына жетудің өнегелі үлгісі ретінде көрсеткен. Міне осының өзі сын жанрындағы шеберліктің үлгісі екенін ғалым қуана хабарлаған.

Сонымен қатар бір кезде жалпы дүрмекпен Мағжан туралы біржақты ой-пікірлер айтқанын жасырмайды. «Пенделік пиғылдың әсерін жоққа шығармаймыз, бірақ оның шешуші сипаты қоғамдық-әлеуметтік көркемдік себептерге байланысты екенін ұмытпаған абзал», – деп ескертеді. Бұл жерден тағы бір байқайтын мәселе – Т. Кәкішұлы қашанда шындықты іздеп, әділін айтуға тырысатындығы.

А.В. Луначарскийдің: «Кез келген халықтың мәдени тарихында, оның ішінде қоғамдық ой-пікірінің дамуында әдеби сынның маңызы орасан. Әдеби сынның жаңадан пайда болып, әдебиетке жай қосымша ретінде оның түріне, тіліне ғана қатысты әңгіме қозғаған балаң кезінің өзінде де оған мән бермей өтуге болмайды», – деген ойынан, сынның жалпы қоғамдық ой-пікірдің, мәдениеттің өркендеуіндегі ықпалы мен оның тарихын зерттеудің аса қажеттілігі сезіледі.

Сын тарихына үлес қосқан, сынның теориясын зерттеген ғалым Д. Ысқақұлы: «Әдеби сынды дамыту дегенде оның екінші жағын – сынның тарихын зерттеу қажеттілігін де дұрыс ұғынуымыз керек. Сын жүріп өткен жолдардағы аяғын шалыс басқан, шалыс басып барып, түзеп алған жерлері де, нық сеніммен алға ұмтылған кездері де барлық тәжірибелері бүгінгі әдеби сынымыздың дұрыс жолда дамуына қызмет етуі тиіс. Сонда ғана біз бұл салада неғұрлым жоғары жетістіктерге жете аламыз», – деп жазған. Әрине, қазіргі уақытта қазақ әдеби сынының тарихы үлкен жетістіктерге жетті деп айта аламыз. Өйткені қазіргі қазақ әдебиеті сынының өткен кездері зерт-

теліп, ең бастысы Т. Кәкішұлының «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығы жарық көріп, университеттерде міндетті пәнге айналды. Отызыншы жылдары қазақ кеңес әдебиеті қалыптасты десек, бұл процесте сынның атқарған рөлі зор. Осы кездегі әдеби дамуды талдау, жеке шығармаларды бағалау үстінде қазақ әдеби сыны принциптерінің белгілі бір жүйесі орнықты.

Сондай-ақ отызыншы жылдардағы әдебиет сынының қалыптасу, даму барысы бір қалыпта болмады. Бұл кездегі қазақ әдеби сынының бағыты, жеке шығармалар жөнінде пікір айтумен қатар, автордың жеке басын сынау, тіл тигізу, оларға әртүрлі айыптар тағуға құмарлық сияқты мінездер де бой көрсетті. Өйткені әдебиет партия саясатымен бірге дамып отырды. Т. Кәкішұлы сол кездегі әдеби сынның іздену жолындағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерін көрсетуімен қатар, жіберілген кемшіліктерді жоюға бағытталған қадамдарды да аша түскен. Отызыншы жылдардың бас кезінде тұрпайы социологиялық сындар үстемдік құрғаны белгілі. Көркем туындыларға жазылған сыни мақалаларда оның түрі мен мазмұнына идеялық және көркемдік жақтарын бөліп қараушылық етек алды. Шығармаларды жоғары көркемдік-эстетикалық тұрғыдан бағалау жақтары жетісе бермеді. Әдеби сын өз бойындағы кемшіліктерден арылу үшін де күрескенін көреміз.

Т. Кәкішұлы 20-жылдардағы эстетикалық-сыншылық даму кезеңдерінің қаншама қиындықтардан өтуіне қарамастан, қаншама дарындардың қазақ әдеби сынын биікке көтеріп, жанрлық жағын қалыптастырғандарын атап өткен. Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов сынды жазушыларымыздың көркем шығармаларымен қатар сыни пікірлерді кезінде ашық жазғандарын айрықша атап көрсеткен. Сонымен қатар сын мен ғылым саласында өздерінің профессионалдык келбеттерін танытқан А. Байтұрсынов, Ғ. Тоғжанов, Ә. Байдилдин, Ж. Сәрсенбин, К. Кемеңгеров, Х. Жүсіпбеков, Д. Ысқақов, Абдолла Байтасов, Б. Кенжебаев, М. Көшеков, Ә. Маметова, Е. Бекенов сынды қаламгерлерді атап қана өтпей, олардың еңбек-

терінде эстетикалық таным-білік деңгейіне қарай көңіл аударып, сын тарихына қаншалық үлес қосқандарын ашып берді.

Орыс сыншысы Чернышевский «Сын неден туады?» деген сұраққа былай жауап берген екен: «Сын – сынға өзек болуға жарай алатын әдеби шығармаларының шоғырынан туады» /13, 117-б./.

Қазақ әдебиеті мен мәдениеті осы жылдар ішінде елеулі табысқа жетті. Проза саласы, театр мен драматургия өрістеді. Осы жылдары қазақ әдебиетінде білікті, мәдениетті, эстетикалық сауатты сын өріс алғанын байқатты. Әдебиеттің сын саласында қызмет еткен Е. Ысмайлов, М. Қаратаев, Қ. Жұмалиев, Т. Нұртазин, Б. Шалабаев, Қ. Өтепов, Р. Жаманқұлов, Ә. Қоңыратбаев, М. Ғатауллин, Р. Уәлиахметов, Ғ. Тоғжанов, Х. Жүсіпбеков, Б. Кенжебаев, Ә. Маметова сияқты сыншылардың еңбектері, сыни мақалалары арқылы олардың идеялық-эстетикалық нысанасының білімді, өрелі екенін көрсеткен.

Сынның міндеті мен мақсаты жайлы, жеке шығармаларды сынау үшін әдебиет сыны, методологиясы қажет екені туралы сыни мақалалар жазылған. Қ. Өтепов «Сын майданын көтермелеуіміз керек», Б. Кенжебаев «Тағы да әдебиет сыны туралы», Ғ. Тоғжанов «Қазақ әдебиетіндегі сын туралы кейбір өзгешеліктеріміз» және М. Әуезовтің «Сыннан не тілер ем» деген мақалаларынан Т. Кәкішұлы сынның көркемдік таным-талдауы ілгерімен қатар сыншылардың білімдарлығының артқанының нәтижесі екенін танытады.

Ғалым С. Қирабаев: «Отызыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің елеулі табысы – үлкен прозаның өрістеуі. Ж. Аймауытов өмірден кеткенімен, оның дәстүрі әдебиетте жалғасын тауып қалды. Б. Майлиннің «Азамат Азаматич» (1934), І. Жансүгіровтің «Жолдастар» (1935), С. Мұқановтың «Теміртас» (1935), «Ботагөз», М. Дәулетбаевтың «Қызылжар» (1935), С. Ерубаевтың «Менің құрдастарым» (1937), Ғ. Слановтың «Дөң асқан» (1938), Ғ. Мұстафиннің «Өмір не өлім» (1941) романдары қазақ халқы өмірінің әр кезіндегі шындығын кең суреттеп беруімен, жанрдың ішкі ерекшеліктерін меңгеріп, заманның типтік құбылыстарын

жарқын бейнелей алуымен аз уақыттың ішінде-ақ бұл жанрдың болашағын танытты деп жазды.

Т. Кәкішұлы бұл жылдардың творчестволық өресі көп кезеңге үлгі болатынын айта отырып, кейбір шығармаларда дәрекі социологизмнің нышандары кездесетінін байқатады. Нақты сын үлгілеріне дәлелді пікірлер, ойлар айтылған. Бейімбеттің «Майдан», «Қалыс» пьесалары, І. Жансүгіров «Жинақтар туралы», «Ақын Асқар», С. Мұқанов «Әбділданың өлендері», «Тайырдың Балабасы», О. Беков «Еңлік-Кебек», Ә. Тәжібаевтың «Марьям ақын», Б. Кенжебаевтың «Ләйлі-Мәжнүн» т.б. шығармаларға жазылған мақалалардың қыр-сырын ашып, пікір-таластар болғанын айтады.

Т. Кәкішұлы қазақ әдебиеттану ғылымының аз зерттелген саласы – әдебиет сыны тарихын қолға алып, оны тарихи-хронологиялық тұрғыда әдеби процеспен сабақтастыра зерттеуге мол үлес қосты. Соның ішінде кеңестік кезеңдегі сынның жанрлық қалыптасу мәселелеріне айрықша тоқталып, сол тұстағы сынның жеткен биігін көрсетіп берді.

Т. Кәкішұлының зерттеулерінен кеңестік кезеңдегі сынның жай-күйімен бірге, оның жаңа әдебиетпен бірге өсіп, мәдениетіміздің дамуына қандай әсері тигенін байқаймыз. Сондай-ақ ғалым осы кезеңде туып, даму үстіндегі театр, музыка, ғылым т.б. сындарын көрсетуге күш салған.

Сол кезеңдегі сыншылық ой-пікірдің қалыптасуын, дамуын, өсу жолын байқататын зерттеу еңбектер де жарық көрді. Ғ. Мүсірепов «Суреткер парызы» (1970) шығармасында қазақ сынының «бірінші саласы – ғылыми сын, екінші саласы – халық сыны, көпшілік сыны және үшінші саласы сынды кәсіп еткен, арзанқол, әдебиеттің өсуіне жәрдемі тимейтін құр айғай болып келетін» – сындар деп тарамдап таратқан салаларына түсініктеме беріп, қазақ сынының жалпы сипатын аңғартқан.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазан төңкерісі, жаңа өкімет қазақ жеріне үлкен өзгеріс, жаңа талаптармен келген еді. Қоғамдық өмірдегі барлық мәселе таптық тұрғыдан шешілген кезде әдебиет пен сынның алдына партия мақсатын, талаптарын насихаттау

міндеті жүктелген болатын. Яғни әдеби сын партияның идеялық құралы болды. Көркем әдебиеттің бойынан табылуға тиіс құндылықтар ретінде жұмысшы табы, социализм мүдделеріне сәйкес келу сияқты талаптар басты критерий етіп алынып, шығарманың эстетикалық нәрі осы тұрғыдан бағаланды. Осының салдарынан әдеби сында көптеген асыра сілтеушілік орын алған еді. Енді міне, 40-жылдардың соңғы кезеңі Қазақстанда «ұлтшылдықпен» күресу науқанына кез келген.

Міне, осындай Компартия идеологиясы жүргізген қиын кезеңдегі әдеби сынның жай-күйлерін саралауға арналған Т. Кәкішұлының еңбектері әдебиеттің де, сынның да айтулы белесі болған осы кезең туралы тиянақты, ашық талдау, қорытынды жасауға құлшынысты еңбектің бағалы бағыты еді.

Осы кезеңдерде көптеген еңбектер жарық көргенімен солардың көпшілігі солақай сынның қаһарына ұшырап, ұлтшылдық бағыттағы туындылар деп жоққа шығарылды. Б. Кенжебаевтың «Сұлтанмахмұттың ақындығы» атты монографиясына «ұлтшыл» Сұлтанмахмұтты жазды деген кінә тағылса, 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы да осындай ұшқары сынның қармағына ілінді.

М. Дулатов сияқты ақын-жазушылар былай тұрсын, С. Торайғыров, Ш. Бөкеев, Ғ. Қарашев, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбегін жариялауға, зерттеуге тыйым салынып қана қоймай оларды қаралау мақсатындағы мақалалар да баспасөз бетінде қаптап кеткен еді. «Социалистік Қазақстан» газетінде «Көпеев – ұлтшыл, діндар ақын», «Профессор Марғұланның қателері» (М. Аманжолов) сияқты мақалалар жарық көрді. Сонымен қатар ұлтшыл, діндар ақын-жазушылардың есімдері мен шығармалары енген хрестоматия оқулықтар сыналып, аласталды да, олардың орнына «тазартылған» жаңа еңбектер жарық көрді. Мәселен, 1951 жылғы 28 тамыздағы қаулыдан кейін 1953 жылы жарық көрген ХІХ–ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті бойынша 9-класс оқулығында қазақ ақын-жазушыларының орнына орыс ақын-жазушылары ауыстырылып берілді. Шовинизмнің аса бір асқынған осы бір әділетсіздігін Т. Кәкішұлы: «... В.Г. Белинский, Н.Г. Чер-

нышеский, Н.Н. Добролюбовтар қазақ ақын-жазушыларының орнын басты. Тіпті Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Некрасов сияқты ылғи сыншылар қазақ әдебиетінің тарихына тұлға болған ба? деп сұрауға шамамыз болмады. Абаймен достасып кеткен Пушкин мен Лермонтовтардың бөтен әдебиетті бастап шығуының не жөні бар еді, бірақ ондай ой ешкімге келе қойған жоқ...», – деп қынжыла жазды. Бұдан ғалымның осындай тарихи әділетсіздікті, әдебиетіміз тартқан қиянатты көрсете отырып, мұндай келеңсіздіктен сабақ алуға, енді қайталануына жол бермеуге тырысу қажеттігін меңзеу ниетін аңғарамыз.

КОКП XI съезінен кейін жаңа кезең басталып, 60-жылдары сын мен ғылымның едәуір даму үстінде болғаны анық. Әдебиеттің қандай бағытта дамуы жайында ақын-жазушылар айтқан пікірлер, мақалалар жинақталып кітап болып шыға бастады. С. Сейфуллин, Б. Майлин, Ә. Жансүгіров т.б. ақын-жазушылардың ақталуына байланысты, көптеген әдеби-тарихи мәселелер қайта қаралды.

1961–67 жылдары бүкілодақтық әдеби және ғылыми қауым жылы қарсы алып, кеңес әдебиеттануына қосылған үлес деп бағалаған үш томдық «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» жарық көрді. Бұл еңбек сол кезеңдегі әдебиеттану ғылымының қаншалықты өркен жайып өскендігін көрсетеді.

Қаламы ұшталып, ғылыми зерттеу таланты ашылған Т. Кәкішұлы 1960–1968 жылдары М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында кіші және аға ғылыми қызметтерді атқара жүріп, «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі», «Қазақ әдебиеті тарихынан» атты ұжымдық еңбектердің және Мәскеуден шыққан «Көпұлтты совет әдебиеті тарихының» (1970) авторларының бірі болады. Осы уақытқа дейін екінің бірі бара бермеген, барса да аузы батып мандытпаған, әдебиеттану ғылымы үшін маңызды мәселелерге қашан да жаңалыққа жаны құмар ғалым, білегін сыбана кіріседі. Аянбай тер төгіп, табан тірей консервативтік көзқарастармен ымырасыз күресіп жүріп, ол С. Сейфуллин, С. Шәріпов, С. Ерубәев, Е. Бекенов, Ж. Тілепбергенов жинақтарын құрастырып, алғы, соңғы сөздерін жазып бастырып шығарды.

Осы бағыттағы ғылыми ізденістер Т. Кәкішұлын сын тарихын жазуға алып келді.

Т. Кәкішұлы «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығындағы «Тұсаулы ой толқындары» бөлімінде кеңестік кезеңдегі әдеби мұраны жүйелеп көрсетуінің өзі сынның жанрлық сипатының әбден жетіліп, қалыптасқанын көрсетеді.

60-70 жылдары қазақ әдебиеттануы ғылымында жиырмамыншы жылдардағы қазақ әдебиетінің идеялық-шығармашылық мәселелерін Т. Кәкішұлы «Октябрь өркені» (1962) монографиясында арнайы зерттесе, әдебиет жанрлары, өлең құрылысы, әдеби байланыстар, аударманың көркемдік мәні жайында Р. Бердібаев, С. Қирабаев, З. Ахметов, Т. Нұртазин т.б. ғалымдардың зерттеулері жарық көрген. Міне, осы секілді жаңа әдебиеттің идеялық-шығармашылық принциптері қаралған, әдебиеттің басып өткен жолын, ғылыми-сыни ой-пікірін одақтың деңгейіне көтеру қажеттігін аңғартатын теориялық еңбектерді Т. Кәкішұлы жүйелеп таныта білді. Қ. Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», Е. Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1990), Б. Кенжебаевтың «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1955), М. Дүйсеновтің «Әдебиеттегі форма мен мазмұнның бірлігі» (1962), М. Хасеновтің «Ұнамды кейіпкер және типтендіру» (1967), З. Ахметовтің «Қазақ өлең құрылысы» (1964), З. Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері» (1970) еңбектері жарық көрді. Осындай жүйелеу барысында туған әдебиетіміздің арғы-бергі тарихы мен бүгінгі көркемдік тәжірибесін жарқыратып көрсетіп, Т. Кәкішұлы ғалым-сыншылардың келбетінің қалыптасқанын танытады.

Қазіргі кезде кеңестік кезеңді жаппай құстаналау, жоққа шығару тенденциясы қарқын алып отырғанына қарамастан, көркем әдебиетте, сында, әдебиеттану ғылымында қалыптасу, даму процестерінің сол кезеңде жүргендігін, сөзді, нәрлі шығармалар сол тұста дүниеге келгендігін бүтіндей жоққа шығаруға болмайды. Әсіресе 70-80 жылдардың аралығында қазақ әдебиеті сынында едәуір ілгерілеушілік байқалды. Кәсіби, ғалым мыншылар қатары қалыптасты. Көптеген сыни еңбектер, ғылыми монографиялар

жарық көрді. Әдеби процеске баға беруге, таразылауға сыншы, ғалымдармен бірге жазушылар да ат салысты. Міне, осы үрдісті, сын тарихының XX ғасырдың екінші жартысындағы кезеңін Т. Кәкішұлы талдама шолу сипатында қарастырып, бір жүйеге түсірді. Алайда Т. Кәкішұлының осы кезеңдегі талдау барысында жеңілдеу қарпып, қыдырта шолып өте шыққанын айтпауға болмайды. Мысалы, Т. Кәкішұлы Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» кітабын шұқшияып, шығарма авторын жалғыз өз туындысын насихаттап, мадақтайтын жағымпаз сыншылар тобын қалыптастырды деп кіналайды (352-бет). Бірақ олардың атын атап, түсін түстемейді. Біздіңше, ғылымда нақтылық, дәлдік және қисынды ойлау жүйесі үстемдік еткені жөн. Сондықтан да ғалымның Ә. Нұрпейісовтің романына сыншы, әдебиет білгірі ретінде ғылыми-эстетикалық тұрғыдан талдау жасап, оның артықшылығы мен кемшілігіне ғылыми негізделген дәлелді, салмақты тұжырымдар ұсынуы және жалпылама атап өткен «сыншылар тобының» еңбектеріне тоқталуы, оларды зерттеу нысанына айналдырып, уәлі пікір білдіруі қажет еді. Екіншіден, Т. Кәкішұлының жалпы ғылыми зерттеу еңбектеріне тән бір жәйт – ол эмоциялық бояудың, сезім-күй әсерінің молдығы, публицистикалық сарынның басымдығы. Мұның кемшілігі де, артықшылығы да бар. Кемшілігі – публицистикалық стильдің ғылыми еңбектің салмағын жеңілдетіп, маңызын төмендететіндігі, ал артықшылығы – еңбекке шынайылық, тартымдылық қасиет дарытып, жалпы оқырманның қабылдауына жеңілдік туғызатындығында. Сондықтан да Т. Кәкішұлының стилін ғылыми-публицистикалық сөз саптау мәнері ретінде таныған абзал.

Т. Кәкішұлы – қазақ әдеби сынының туу желісін сонау ауыз әдебиеті үлгілері мен көне дәуірінен тартып, даму, қалыптасу барысындағы қилы кезеңдерді бүгінгі сексенінші жылдарға дейін зерттеп, сын тарихын тұтас қамтып, пән ретінде қалыптастырған тұңғыш зерттеуші. Сын тарихына бару жолы «Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары» деген докторлық диссертациясынан басталып, «Сын сапары», оның жалғасы «Оңаша отау» монографиялары негізінде «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» жасалып, жоғары мектеп оқулығына айналуы Т. Кәкішұлы-

ның ғалымдығы мен сыншылдығының әбден қалыптасқанын байқатады.

Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлының қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан еңбегі бүгінгі күн мүддесіне толық қызмет етеді. Әдебиетімізге бар ғұмырын сарп етіп келе жатқан ғалымның еңбегі бір төбе. Әдебиеттің бар саласын жан-жақты зерттеу барысында, соның ішінде қазақ әдебиет сынының тарихын жасауда Т. Кәкішұлының ғылыми еңбектері өзіндік мынадай ерекшеліктермен дараланады:

– архивтік деректерді, соны, тың материалдарды іздеп тауып, соны ұтымды, тиімді пайдаланады;

– өз пікірін жасқанбай батыл айтып, дәйек-дәлелдермен тұжырымдайды;

– ғылыми-эстетикалық танымының биік, теориялық білімінің молдығымен ерекшеленіп, сол таным-түсінігін ғылыми зерттеу барысында сәтті пайдалана білуімен дараланады;

– ғылыми-публицистикалық стильді жетілдіруге тигізген септігі де бар;

– материалдарға классификация жасаудағы шеберлігі – бір төбе.

Т. Кәкішұлының қазақ әдебиеті сынын зерттеу саласындағы еңбектерінің мәні мен маңызын айқындау үшін орыс әдебиеттанудағы осы мәселенің шешілу жайына көз салайық. «Орыс сынының тарихы» атты екі томдық еңбекті жазуға қырықтай ғалым қатысқан. Т. Кәкішұлы қазақ әдеби сынының тарихын тіпті әріден, ауыз әдебиетінен бері қарай тартып, әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы саналатын әдеби сынның тарихын бір өзі зерттеп, жазып шықты. Т. Кәкішұлының бұл еңбегін ғылыми ерлік десе де болғандай.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Т. Кәкішұлының сын тарихын дәуірлеуге және зерттеуге қатысты ұсынған концепциясы жайлы айтып беріңіз.
2. Ғалымның қазақ сыны тарихындағы басты жетістіктері мен негізгі зерттеушілік ерекшеліктерін қазіргі заман талабына сай өскелең эстетикалық таным тұрғысынан ашып көрсетіңіз.

3. Т. Кәкішұлының әдеби мұраны жинап, жариялаудағы қызметі, әдеби-ғылыми еңбектерге сыншылдық-эстетикалық баға беруде ұстанған принциптері мен өзіндік позициясы.
4. Т. Кәкішұлының ұлттық әдебиет ғылымында сынның шағын жанрларына ат қою мәселесіндегі мақсаты.
5. Т. Кәкішұлының Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Білім, 2003. атты ғылыми-зерттеу еңбегін оқыңыз.
6. Т. Кәкішұлының тәуелсіздік кезеңде жарық көрген мақалаларына тақырып бойынша топтама жасаңыз.

IV тарау

ӘДЕБИ СЫНДЫ ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

4.1. Сыни мақалаларды әдебиет сабағында оқытудың тиімділігі

Өнерді терең түсіну, әсем нәзіктікті көркем түрде сезінудің жетілгендігі – бұл керекті шарт, өйткені мұнсыз сын да жоқ! Сын – әдеби шығармашылықтың ерекше түрі. Сын әдебиеттің қозғаушы күші десек те болады. Қазіргі әдеби процесс және оның даму үдерісі жайлы сында не айтылып жатыр, сонымен қатар оның қалай айтылғанының маңызы назардан тыс қалмауы керек. Сондықтан да әдіскерлердің гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға және жоғары мектептерге «Сын көркем шығарманың интерпретациясы ретінде» деген ЖОО эклективті курс енгізгені немесе сыни мақалаларды әдебиет сабағында оқытуды ұсынғаны жөн болар еді. Бұл эклективтік курстың мақсаты – әдеби сын мен публицистиканы сыни тұрғыдан оқыту болмақ. Ол білім алушыларға қазіргі көркем шығарманың көп қырлылығын түсінулеріне жол ашып, оған әр буын өкілдерінің қызығушылық танытуларын ынталандырады. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда шынайы сын ауадай қажет. Өйткені ақпараттар тасқыны үдеп, әр алуан жанрлардағы шығармалар көбейіп, қаражаты

барлар жазғанының бәрін талғаусыз шығарып жатқан тұста, оқырманға жол көрсетер, жөн нұсқар сынның қажеті тіпті артып отыр. Бұл ретте әдеби сынның маңызы да, рөлі де – сөз жоқ, айрықша жоғары. Ол оқырманның көркемдік талғамын ұштауда, шығармалар нөпірінің асылы мен жасығын таразылауда, сөйтіп, көкжасық дүниелердің әдебиет айдынын басып қалмауын қамтамасыз етуде айрықша құдірет танытып, қызмет етпек. Десек те, бүгінгі күні әдеби сынның қауқарсыздық танытып отырғаны, әдеби процесі үздіксіз сүзгіден өткізіп, заманмен қатар жүруде кештеу қалып отырғаны жасырын емес. Мұның себептері де жеткілікті. Мәселе, білікті де шыншыл сыншылардың болмауында емес, керісінше, сыни шығармалардың көбірек оқыла бермеуінде, оны қаржыландыратын, тарататын ұйымдардың ықпалсыздығында болып тұр. Қазақстан Жазушылар одағының жыл сайынғы дәстүрлі әдеби жыл қорытындысын жасап, әдеби шығармашылық процесі таразылайтын алқалы жиынының да пәрменді әдеби талқыға қарағанда, кәдуілгі фомальды қалып алып бара жатқандығы да жасырын емес. Қалай болғанда да сынсыз, сыни талдаусыз оқырман талғамының да, қаламгер қарымының да өспейтіні, биік белестерге қол жеткізбейтіні сөзсіз. Сондықтан да әдебиеттану ғылымының осынау жауынгер де сергек саласының өзіне лайықты орнын белгілеу, тиісінше қанатын кеңінен жаюына ықпал ету шараларын қолға алу әбден керек-ақ. Бұл ретте, Жазушылар одағының «Сын» журналының жұмысын қайта жандандырса, «Қазақ әдебиеті» газетінде сыншылардың еңбектеріне көбірек орын берсе, қазақтың қазіргі көркем әдеби процесінің жай-күйін саралайтын еңбектердің жарық көруіне түрткі болса, құба-құп болар дейміз.

Сонымен қатар жоғарыда айтқанымыздай, гуманитарлық мамандықтар бойынша білім алушыларға сыни мақалалардың әдебиетті шығармашылық тұрғыдан оқытуда зор жемісті мүмкіндік тудыратынын қаперде ұстаған жөн.

Сондай-ақ ұсынылып отырған курс, біріншіден, тәлімгерлерді кітаптардағы сұрқайлық пен іш пыстырарлық сұрықсыздықпен күресуге бейімдесе, екіншіден, сыншылардың да жадағай, көр-

кемдік қуаты әлсіз шығармаларды талғампаздықпен сараптай білуге дағдыландырады.

Туындап отырған қажеттіліктерге тоқталмас бұрын, әдеби сын және оның өзіндік ерекшеліктеріне тоқталайық. Әдебиет бар жерде, көркем сын да бар. Сынның тууы да, қалыптасып дамуы да тікелей көркем әдебиетке байланысты. Өйткені сынның талдау объектісі және материалы – әдебиет. Сын әдебиетті зерттейді, түсіндіреді және бағалайды. Сонымен қатар жазушы мен оқырман арасында дәнекер болады, кейде реті келген жерінде сот орнына да жүріп, үкім шығарады. Сын деген сөздің өзі гректің «критикус», яғни «соттау» деген сөзінен шыққан. Б.з.д. VI ғасырдың өзінде Ксенофон Гомерді кейбір шалағай, ұшқары пікірлері үшін сынаған екен.

Қазақ әдеби сынының туу алғышарттары, қалыптасу жағдайлары, даму ерекшеліктері жайын, бір сөзбен айтқанда, қазақ әдебиеті сыны тарихын жүйелеу, дәуірлеу, белгілі арнаға түсіру мәселесін ғылыми тұрғыда сараптаған көлемді де салмақты еңбектер жарық көрді. Басқа республикаларға қарағанда, Қазақстанда сынтану ілімі еленерлік деңгейге жетіп отыр. Бұл орайда, әлбетте, танымал ғалым, көрнекті әдебиет сыншысы Тұрсынбек Кәкішұлының ғылыми ізденістері мен еңбектерін алдымен атаған ләзім. Олай болуы заңды да. Өйткені ол қазақ әдебиеті сыны тарихы туралы алғашқылардың бірі болып қалам тербеп, сыншыл ойдың туу арналары мен бастау-бұлақтарын ауыз әдебиеті үлгілерінен тартса, оны жәй ғана айтып қоймай ғылыми негізде дәлел-дәйектермен негіздесе, көне заман ғұламаларының ой ұшқындарын, қазақтың ұлы ағартушы-демократ жазушыларының сүбелі пікірлерін, эстетикалық танымдарын пайымдап, сынның одан әрі қалыптасу, даму, толығу, кемелдену сатыларын көрсетіп берді. Қазіргі жағдайда сынның мақсат-міндеттері, жанрлары айқындалып, осы сала бойынша біраз ғылыми еңбектер де жарық көрді. Бұл ретте, қазақ әдеби сынының теориялық негіздерін ғылыми тұрғыда кеңінен зерделеуде ғалым Д. Ысқақұлының орны зор.

Сын тек әдебиеттік мәселелермен ғана шектеліп қалмай, сонымен бірге қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге де еркін ара-

ласады, қоғамдық ой-пікірді қалыптастыруда, жұртшылықтың саяси, діни, көркемдік, эстетикалық, т.б. санасын қалыптастыруға да көп күш салады. Бұл – сынның өзіндік ерекшелігінен туындап отырған құбылыс. Қазақтың белгілі сыншысы С. Әшімбаевтың тілімен айтқанда: «сынның беделі көркемдік-идеялық күресте ғана көрінбейді. Сын қай кезде де қоғамдық-әлеуметтік ойдың жаршысы болған жағдайда ғана өз беделін биік ұстайды. Сыни шығарма қоғамдық-әлеуметтік, философиялық, эстетикалық ойдың шырқау шыңы болған кезде шын мәніндегі өнер шығармасы қатарынан орын алады» [Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: Сын мақалалар, портреттер, эссе. – Алматы: Жазушы, 1993. – 376 б.].

Жалпы сыни мақалалар әдебиетті терең шығармашылық бағытта меңгеруге мүмкіндік береді. Сынның тарихи дамуы барысында оның міндеттерінің ауқымы, талдау тәсілдері мен амалдары, жанрлары, сыни шығармашылық авторлары кеңейді. Әдебиет сынының тарихы бойынша әдебиетке сыни пікір білдірушілердің көпшілігі – жазушылар. XX ғасырдың бірінші жартысында С. Торайғыров, М. Дулатов, С. Сейфуллин, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Е. Бекенов, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов т.б. әдеби сынның қалыптасуына үлестерін қосса, екінші жартысындағы әдебиеттану ғылымы мен сын теориялық тұрғыдан, методологиялық жағынан да тереңдей түсті. Осы кезеңде әдебиеттің кешегісі мен бүгінгіне терең үніліп, шығармаларға талдау жасау, тиісті бағасын беру, болашаққа жол ашу, көркем әдебиет мәніне лайық бағасын алу дамыды. Кәсіпқой сыншылар мен жазушы, ақын сыншылардың түрлі салалар туралы мақалалары жарық көрді. XX ғ. 60-90 жылдары әдебиеттің келесі мәселелері бойынша әдеби сынды дамытқан ақын-жазушылар: Т. Ахтанов, А. Сүлейменов, С. Жүнісов, Ә. Тарази, Ә. Әлімжанов, Қ. Ысқақов, М. Мағауин, Қ. Жұмаділов, Ш. Мұртаза т.б. Тәуелсіздік кезеңде әдеби сынға Ш. Мұртаза, Д. Исабеков, С. Сматаев, Т. Әсемқұлов, Т. Ахметжан, Т. Жұртбаев, Ұ. Есдәулетов, Н. Ақыш, Д. Амантай т.б. жазушылар мен қалам қайраткерлері сынға белсенді араласты. Жазушылардың осылай-

ша сыни шығармашылыққа қызу араласуы, біріншіден, олардың шығармашылық процесті ішінен жақсы білуінен туындап жатса, екіншіден, бұл іске басқа қырынан қарай отырып, тың ұғымдар, тың пайымдамалар жасауларына жол ашты.

Әдеби сын белгілі бір шығарманың құндылығы мен кемшіліктері жөнінде алғашқы пайымдаулар жасайды. Бұл ретте В.Е. Хализев былайша мейлінше нақты көрсете білген: «Сын әдеби шығармалардың маңызды бағалауларының қоғамдық «лабораториясы». Бұл – әдебиеттанушылық білімнің өзіндік тұрғыда «ашытқысы», ынталандырушы бастауы, ғылымның қызғылықты және сиқырлы «арбаушысы»... Таным мұнда әдетте еркін, әлі де ешкім иемденбеген түрде іске асады» [Хализев В.Е. Проблемы теории литературной критики. – М., 1980].

Бұдан байқалатыны – әдеби сынның әдебиеттану ғылымына алғышарт болатындығы. Әдеби сын жасаған түйіндерді әдебиет туралы ғылым әрі қарай дамытып, теориялық тұрғыда тереңдете түседі. Әдеби сынға, негізінен, публицистикалық қасиет тән. Ол көркем туындыны бағалап қана қоймайды, сонымен бірге кезең әдебиетінің күрделі проблемаларын аумағымен көтереді, болашақ даму бағыттарын айқындайды, әдеби бағыттар мен ағымдардың көркемдік-теориялық бағдарламаларын қалыптастыруға қатысады.

Көркем сын – бұл нақты шығарманы идеялық-көркемдік тұрғыда бағалау арқылы жүзеге асқан эстетика. Сын белгілі бір эстетикалық жүйе негізінде қалыптасады және теория мен көркем сынның тұтасуы болып табылады. «Бұл ретте тіпті бағалау теориясының талаптарын барынша қатаң сақтаудың өзі (сын теориясынан кеңірек), егер сыншының немесе эстетиктің талғамы мен көркемдік сезімталдығы болмаса, құндылықты қатесіз пайымдауға кепіл бола бермейді» [Лукьянов Б. Методологические проблемы художественной литературы. – М.: Наука, 1980.], – деген пікірлеріне сүйенер болсақ, сыншы бойынан табылуға тиіс эстетикалық талап-талғам мен танымның шығарма құндылығын таразылауда айрықша маңызды орын иеленетіндігін байыптауға болады.

Сынды кәсіби, жазушы және оқырман сыны деп бөліп қарастырамыз. Заманауи сын – бұл қазіргі әдеби құбылысқа қарата айтылған пікір. Әдеби сын тіпті өткен кезеңдегі әдебиеттің жай-күйін саралай отырып та оны бүгінгі күннің позициясы тұрғысынан пайымдайды. Өйткені қандай да болсын көркемдік қуаты, көтерген жүгі мол елеулі әдеби туынды уақытқа тәуелсіз өткеннің де, бүгіннің де, тіпті келешектің де сұраныстарына жауап бермек. Міне, осынау қасиетті де классикалық туындыны сынның нысанына айналдырады. Әдеби-сыни мақалаларда өз заманының табы бар, басқаша айтқанда, ол сол өз заманындағы әдеби шығарманы танып білудің өресін, деңгейін де көрсетеді. Осы жағынан алғанда сын – көркем шығарманы әлеуметтік-тарихи, тарихи-әдеби контексте қарастыра алуымен маңызды. Бұлай болатыны: сыншылар көптеген жазушылар туралы жазылған мақалаларында оларды классик ретінде емес, өзінің замандастары ретінде қарады. Осынау мақалаларды пайдалану оқушыларды өткен кезеңдегі әдебиеттің «жанды кейіпкерлерімен» ұшырастыру үшін де таптырмас құрал болмақ. Мысалы, М. Әуезовтің «Абай жолы» романына әр кезде жазылған сыни мақалаларды салыстырмалы түрде сабақ барысында өтуге болады. Осы орайда бір шығарма жайында әртүрлі тонда, яғни сынаған не жақтаған, бейтарап әрі талдаған мақалаларды да қарастырған орынды. 1950 жылдардың аяғында «Абай жолы» романының екі кітабы аяқталды. Академик Қ. Сәтбаев «Қазақ өмірінің энциклопедиясы» деп атады. Ғ. Мүсірепов «Абай жолы» – бүгінгі қазақ совет әдебиетінің жаңа белі, бұл – роман» деген үлкен ұғынысқа толық жауап беретін қазақ әдебиетіндегі бірінші, «Абай жолы» шын мағынасындағы европалық озық әдебиеттердің піскен, сыналған үлгісімен жазылған роман деп бағалады және» жарық көрген кезеңді үш түрлі жағдайымен көрсетіп айғақтаған: 1) қазақ совет әдебиеті өсіп, іргесі бекіген кезінде «Абай» – заңды жолмен туған роман. «Абай» жаңа әдебиетіміздің жеткен жерінен басталған да жаңа белге шығып аяқталған... 2) мұнда қазақтың сонша қорлы ауыз әдебиетінің де әсері бар... 3) «Абайды» жазғанда, Мұхтар өзінің ұлттық әдебиетіміздің шеңберінде ғана ойланбаған. Орыс әдебиетінің,

орыс тілінде бар дүниелік әдебиеттің тұлғаларынан қарап жазуға тырысқан. Ұлттық әдебиетіміздің өсу тілегі ер жеткен мәдениетті әдебиеттердің сатысына көтере алсаң ғана шешілетінін қолдан келгенше көздей отырған». Ғ. Мүсірепов «Абайды» «Евгений Онегинге» теңеп, тереңдігі мен ауқымы жағынан одан да асып түсетінін, Мұханның тіл шешендігі әйгілі Цицерон, Демосфендерден кем түспейтінін сүйсіне айтады. Ғ. Мүсіреповтің сөйлеген сөзінде сол тұстағы қазақ әдебиетінің, оның ішінде прозаның хал-ахуалын аңғартатын тың деректер бар. Мысал келтірейік. «Абай» – қазақ совет әдебиетінде «роман» деген үлкен мағынаға толық жауап беретін бірінші роман» (Ғ. Мүсірепов «Суреткер парызы», 1970. 163-б.) деген пікірі романның әдебиеттегі сырын айқындады. Сондай-ақ орысша, қазақша газет-журнал беттерінде «Социалистік Қазақстан» газетінен «үлгі» алған «Казахстанская правда» бүкіл кеңес әдебиетіне абырой әкеліп, қазақ әдебиетін әлемдік сахнаға шығарған Мұхтар Әуезовтың «Абай» романын 1952 жылғы маусымда «По поводу романа М. Ауэзова «Абай» деген атпен берілген редакциялық мақаласында жөнсіз сынға алды. «Біздің бүгінгі бақытты күнімізден гөрі кешегі феодалдық тұрмыс М. Әуезовтің көңіліне көп жақын, оған Құнанбай сияқты шынжыр балақ, шұбар төстер туған бауырындай, сондықтан оларды дәріптеуді өзіне мақсат етіп қойғаны белгілі, осыны көре тұрып, қалайша оған кеңес топырағын бастырып жүреміз деген байбаламдарды жазды».

«Тарихи дәуірді кең қамтып, терең бейнелеуі жағынан да, көркемдік дәрежесінің биіктігімен де «Абай жолы» эпопеясы қазақ әдебиетінің өрісін кеңітті. Әдебиет пен өнердегі көркемдік деген ұғымның мән-мағынасын айқындап, тереңдете түсті деуге болады», – деп Т. Кәкішұлы тұжырымдады. «Абай жолы» эпопеясы дүниежүзі халықтарының 116 тіліне аударылған, дүниежүзіне танылу мәселесін қарастырып, шетел ғалымдары француз жазушысы Луи Арагон, Камерун жазушысы Бенжамен Матип, орыс жазушысы Константин Федин пікірлері мен алған әсерлерін салыстырмалы түрде жинақтап әдебиет сабақтарында пайдалануға болады. Профессор Ж. Дәдебаев

«Абай» атты мақаласында: «Абайдың мұрасының басты мазмұндық арналарының бірі, қазақ халқының дүние-әлем, бақи мен жалған туралы байырғы ұғым-түсініктерімен, дәстүрлі дүниетанымының негізгі категорияларымен тығыз байланысты. Ақын адамгершілік туралы ойларын қайрат, ақыл, әділет, шапқат секілді адам бойындағы асыл қасиеттер негізінде ашады. Абайдың бір өлеңі ғана емес, барша шығармашылық өнеріне тән сапалық мән-мағынаны белгілейтін айрықша бағалы көркемдік-эстетикалық құбылыстардың қатарына жатады», – деп баға береді. Қазіргі таңда Абай мұрасын зерттеу мәселесі тұрғысынан, сыни-зерттеу мақалаларға компаративтік (тарихи салыстырмалы) әдіс қолдану. Осындай мақалалар оқушылардың бір ғана пікірдің жетегінде кетіп қалмай, мәселеге әр қырынан қарауларына жол ашады. Сол секілді, олардың да бұл дискуссияға, әдеби пікір алмасуға қатысып, өзіндік ойларын ортаға салуларын ынталандырады. Өз ойларын дәлелдей білу дағдыларын қалыптастырады.

Көптеген сыни-әдеби мақалаларда көркем шығармаға белгілі бір түсіндірме берілген. Әрбір елеулі шығарма өзіне тән бейнелілігі, көп астарлығы, проблемалылығы, көркемдік қуаты бойынша әртүрлі түсіндірменің пайда болуын ынталандырады. Жазушының көтерген мәселесін, авторлық позициясын қоғам мүшелерінің әртүрлі қабаты түрліше қабылдайды. Я.М. Пархомовский осы мәселеге қатысты: «Сын – осынау оқырмандар қабатының жазарман өкілдері және олар бізге, оқырмандарға автордың айтпақ ойын, идеясын, оның ұстанымының нанымдылығын түсіндірмек болады», – деп жазған еді [Пархомовский Я.М. Беседы о третьем слагаемом. – М., 1990. – С. 57].

Мұнда бір қызық жағдайға ұшырасамыз. Кейде түсіндірме жасау феномені қарапайым қабылдаушының шығарманы кәсіпқой сыншыға қарағанда да терең ұғынатынын көрсетеді. Автордың ұсынғысы келгеніндей емес, автордың түйсік деңгейінде өзі де бейсаналықпен қолданған, айтқысы келген ойларын түйсініп, ашып жататын жағдайлары кездеседі.

Әртүрлі түсіндірмені синхронды және диахронды түрде қатар салыстыру шығарманы замандастардың түсінуіне ауырлық тудырады, оның тереңіне бойлауларын қиындатады, сондай-ақ классикалық шығарманың басқа кезеңдегі оқырмандардың қабылдауында жаңа қырларынан ашылуына да күрделілік алып келеді.

Әдеби-сыни мақалаларды зерттеу әртүрлі репродуктивті (жаңғырушы және шығармашылықпен құбылта әңгімелеу) және продуктивті монологты лебіздерді (оның ішінде әр алуан әдеби-сыни жанрлар – рецензия, эссе, портрет, шолу, проблемалық мақала және т.б. оқыту кезінде) үйретуде негіз бола алады.

Әдебиетті тереңдетіп оқытуды көздейтін гуманитарлық мамандықтарда әдеби-сыни мәтіннің ерекшеліктеріне баса мән беріп, оның поэтикасын игеруге, сыншының жазушының көркемдік әлемін ашудағы құралдары мен тәсілдерін ашуға көбірек көңіл бөлінгені абзал. Сыни материалдар мәтіннің лингвистикалық белгілерін, ғылыми, публицистикалық және көркем стильдер тәсілдерін, әдеби тіл ерекшеліктерін танып білу үшін қосымша материал қызметін атқарады. Әдебиет сабағында сынды пайдалану мәдениетке тұтас, ал әдебиетке жанама тұрғыдан қарай білуді қалыптастырады. Білім алушыларға қазіргі көркем шығарманың көп қырлылығын түсінулеріне жол ашып, оған әр буын өкілдерінің қызығушылық танытуларын ынталандырады.

Әдеби сын – қазіргі әдебиет құбылысына деген кәсіпқой көзқарас, ғылыми саралап-бағалау. Бұл ретте әдебиет тарихына да қазіргі қажеттілікке қарай талдау жасалады. Кез келген көркем шығарма ұрпақ пен халық арасын байланыстыратын аралық буын ретінде болашақ пен өткеннің қажеттілігіне қарай жауап бере алады. Бұл өз кезегінде классикалық туындыларды әдеби сынның нысанасына айналдырады. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің классикалық «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абай бейнесі арқылы XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірін жан-жақты, реалистік тұрғыда көркем сипаттаған шығармасына әр кезеңде жазылған сыни мақалаларға талдау жасауға болады. Жан-жақты зерттеу барысында, әр ғылым сала-

сы (филология, философия, тарих, этнография, экономика, ауыл-шаруашылығы, заң т.б.) өз іздегеніне жауап алады.

Сыни мақала – біріншіден, жазылған уақыттың айнасы, құжаты десек, екіншіден, сол немесе өткен кезең әдебиетінің және әдеби шығармашылықты тану деңгейінің көрінісі. Сыни мақаланы көркем шығарманы зерттеу барысында, шығарманың мәнмәтіні (контекст) арқылы әлеуметтік-тарих, тарих-әдебиет жайлы мағлұмат береді. Студенттерге ертеде жазылған сыни мақалаларды оқыту арқылы әдебиеттің даму сатыларымен танысуларына мүмкіндік ұсынамыз.

Әдебиеттанушылар тарапынан теріс пікірлі сыни мақалаларға талдау жасаудың өзіндік тәжірибесі бар. Сондай-ақ бір шығармалар болады, бастапқы жарық көргенде теріс бағаланады да, кейіннен уақыт өте келе оқырмандардың ықыласына бөленіп, сыншылар әдебиеттің жетістігі ретінде бағалап жатады. Осындай мәселелер көтерілген мақалаларды оқыту, сабақ барысында проблемалық жағдай тудырып, студенттердің ойлау қабілетін арттырады. Сонымен қатар әдебиет сабағында классик жазушылар шығармалары бойынша жазылған мақалаларды талдау студенттерді қызықтырады.

Қорыта келгенде, сын – дүниеге көзқарастың көрінісі, сыни мақала – әдеби үрдістерге шолу және қазіргі әдебиеттің жай-күйін бағалау болып табылады, сын – мәдениетте орныққан құндылықтарға жаңа көзқарас, көркем образдың жалғасы ретінде ұғынылса, әдеби мақалалар – әрбір келер ұрпақ үшін жаңа түсіндірменің қажет етілуімен, философиялық оймен сұхбатқа түсу сұранысымен қабысып жатады [Свирина Н. Способы и содержание интересного урока литературы // Литература. – 2010. – №16. – С. 39].

Сыни мақалаларды әдебиет сабағында оқытуда дайын материалдарды меңгертуден аулақпыз. Оқытудың мақсаты – студенттерді мақаланы талдау және оқытуға қызықтыру, шығармашылық атмосфера тудыру, сондай-ақ көркем шығармаға деген қызығушылығын ояту, сынның мәнін түсініп, салыстырмалы түрде өзіндік пікірін қалыптастыру.

4.2. Сыни мақалалардың тарихи-функциональдық тұрғыда зерттеу мәселелері

Сыни мақалаларды оларды туғызушылардың әрекет еткен кезеңінен тыс (олардың оқырманға, басқа кезеңдегі эстетикалық санаға ықпал ету формаларынан) қарастыру – аз зерттелген тақырып. Өткен кезеңдердегі сыни мақалаларды, қазіргі кезеңдегі эстетикалық таным бойынша талқылау мәселесін орыс әдебиетінде ХХ ғасырдың екінші жартысында көтерген болатын. А.В. Дружинин: «Нағыз сыншы – өз буынының қайраткері, өскелең ұрпаққа арналған бірнеше өсиеттің көзі. Оған ұлы қуат берілген, бірақ бұл қуаттың ғұмыры қысқа. Оның қызмет ету аясы – қазіргі қоғамның ақыл-ойы», – деп жазды (Дружинин А.В. Прекрасное и вечное. – М.: Современник, 1988. – С. 462).

Орыс ғалымы В.Н. Крылов «Орыс әдебиетінің тарихы» атты монографиясында жоғарыда айтылған пікірге тұтастай келіспейтінін айтады. «Орыс әдебиеті тарихында әдеби сынның қоғамдағы мәні туралы басқа да көзқарас бар. Н.В. Гоголь былай деп жазған: «терең талғам мен білімге сүйенген сын, тума дарыннан туған сын кез келген бірегей шығармамен тең дәрежеде: онда талғампаз жазушы көрініс табады. Онда ұғынушыдан да терең жан көрінеді. Таланттың қолынан шыққан сын журнал секілді өмір сүру тезінен өтеді. Әдебиет тарихы үшін мұның маңызы зор» (Гоголь Н.В. Собр. соч.: В 9-и т. Т. 7. – М.: Русская книга, 1994. – С. 451). Жазушының терең ойы зерделеуді қажет етеді».

Ғалымдар пікіріне сүйене отырып, сыни классикалық еңбектерді функциональдық тұрғыдан зерттеу, осындай тәсілдің әдістемелік негіздері туралы мәселесін қою заңды. Өткен кезеңдегі әдеби сынның қызмет етуінің сынның мәні, ерекшелігі мен міндеттері тудырған өзіндік заңдылықтары бар.

В.Н. Крылов белгілі сыншылардың сыни мақаласындағы риторикалық шеберліктің оқырманға деген әсері, көркем шығарманы оқығаннан жоғары болуы мүмкін деп, А.М. Штейнгольдтың сыни мақалалар мен шығарманың әсеріндегі айырмашылығын көрсеткен пікіріне сүйенеді: көркем шығарма мен оның сыни тұр-

ғыдан «қайта жасалған нұсқасының» әсері бір-бірінен алшақ. Оқырманның өнер туындысымен сұхбаты – барынша жеке жанның оңаша мәселесі, мұнда рационалды фактормен салыстырғанда эмоционалды фактордың да маңызы зор. Сыни мақала оқырманның назарын көркем феноменге белгілі бір көзқарас тұрғысынан қарауға бейімдейді (Штейнгольд А.М. *Анатомия литературной критики* (Природа, структура, поэтика). – СПб.: Дм. Буланин. 2003. – С. 6-77).

Сынның басқа кезеңдегі қажеттілігінің маңызды шарты сыншының дарындылығына тәуелді. Бұл сирек кездесетін қасиет. Сондықтан оқырмандардың шығарманы қабылдау сипаты, ең алдымен, мақаланың тұлғалық потенциалына байланысты. Сыни классиканың көлемді мәтіндері осы кезге дейін тек талқылайтын шығармасына қатысты түсіндірме бергендігімен емес, өз бетінше құнды болғандығынан да маңыздылығын жоғалтпауда. Әлемге деген өз көзқарасы, өз тұжырымы, әдеби процестен тыс қоғам өміріне деген тұшымды пікірлері бар сыни мақалалар ғана өміршең болмақ (Крылов В.Н. *Русская литературная критика*. – М., 2016. – С. 192.).

Сыни мақалаларда тарихи функционалды тұрғыдан зерттеу барысында дереккөз топтамасын ұсынған:

1. Сыншылар өз кезеңіндегі сыншылар туралы не жазды (мақалада, хаттарда, күнделіктерде, естеліктерде, т.б.).
2. Сын тарихындағы тәжірибелер, сын және сыншылар жайлы зерттеулер.
3. Жазушылардың сыншылар туралы мақалалары.
4. Сыншы образы:
 - а) көркем және көркем деректі проза жанрларында;
 - б) сыншылардың поэзия жанрындағы образы;
 - в) көркем шығармалардағы интертекстуальдық көрініс.
5. Сынның ерекше интерпретация формасы пародия және автопортрет түрінде қосқан.

6. Сыншы туралы оқырман пікірі – сыни мақалаларды қарастырудағы алты түрлі концепцияны ұсынған. Әрине, студенттерді әр кезең бойынша жазылған сыни мақалаларды салыстырмалы

түрде оқыту, студенттердің интеллектуалдық өмірге деген көзқарасын байытады, әдебиет тарихын меңгеруде проблемалық ойларды қоя біліп, олардың шешімін табуға бейімдейді.

4.3. Сыни мақалалардың дерек көздерін меңгеру жолындағы әдістемелік ұсыныстар

Әдебиет сынының тарихын зерделеу сыни мақалаларды оқып, мұқият талдаудан басталады. Сондай-ақ өз қаламынан туған көркем мәтінге, яғни көркем еңбектерге жазылған сыни мақалаларға «қосалқы» шығармашылық немесе қажет цитаталар мен білімді ой-пікірлер дереккөз ретінде қарамау керек. Көркем шығарма мәтініне тән, әдеби сыни мақаланың, әр жанрына тән құрылым заңдылығы бар. Сыни көзқарасқа, ой-пікірге өзгерсіз қалып дереккөз ретінде қарауға болмайды. Мәселен, XX ғасыр ғалым-сыншылары А. Байтұрсынов немесе М. Әуезовтің сыни пікірлерімен студент келіспеуге құқығы бар, ол олардың позициясын қабылдауға міндетті емес, бірақ классик-сыншыларды білуге тиіс. Сыншы тарапынан айтылған пікірді ой елегінен дұрыс өткізген маңызды. Оның логикалық ойы мен дәлелдемелерін анықтау керек. Әр филолог студент мақаланы талап бойынша талдай алу қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, студент белгілі бір мақаламен жұмыс істеген кезінде оның ойына көбінесе мұны бұрын тарихи-әдеби курстарда өтіп кеткендей әсерде болады. Алайда бұл сынның өзіне тән ерекшеліктерін жете білмеуден туатын алдамшы елес қана. Мұндай олқылықты болдырмас үшін әдеби-сыни мақаланы талдау дағдыларын терең меңгерту қажет.

Көркем шығарманың мәтіні тәріздес сыни мақалалардың жанрлық сипатына тән құрылым заңдылығы болады. Сын мақалалардағы пікір өзгермейтін қағида ретінде қаралмауға тиіс. Дарынды сыншылардың сыни көзқарастары мен пікірлеріне де студенттердің келіспеуі әбден мүмкін. Яғни студенттің өз көзқарасы мен позициясы болғаны дұрыс. Сыншының білдірген

пікірін эмоционалды және интеллектуалдық тұрғыдан бастан кеше отырып, оның логикасына бойлауға, дәлелдерінің дәйектілігіне көз жеткізуге болады. Сыншылардың талдап отырған мақаласын қарастыруға негіз болған критерийлері тұжырымдалған қоғамдық-эстетикалық позициясын анықтау маңызды. Студенттің білімі мақаланың мазмұнын қайталаумен шектелмеуге тиіс, студент талдау барысында оның композициясына, жанрлық ерекшелігіне, көркем шығармадан келтірілген мәтін үзіндісіне өзіндік пікірі және сыншының ойына, келтірілген сілтемелерге баса назар аударғаны жөн.

Мақалаларды зерттеу барысында автордың жазып отырған мәселесін және сұрақтарды тізіп немесе жалпы түсініктеме беру, содан кейін барып сол мәселе бойынша тезис жазылғаны жөн. Конспект жасаудың екінші түрі – мақаланың таза тұсына қысқакысқа, үзік ойларды жазу.

Мақаланы талдау схемасы

Әдеби-сыни мақалаларды талдау барысында белгілі әдістемелік тәсілді ұстанған дұрыс:

1. Мақаланың жарияланған жылы, қандай журнал-газеттерде, сыни мақалалар жинағында жарияланған, бағыты, мақалада қандай қоғамдық оқиғалар мен әдеби жағдайлар көрініс тапқан, әдеби сын тарихындағы орны.

2. Сыншының мақаладағы мақсаты мен міндетін анықтау, тақырыптағы тарихи-әлеуметтік және әдебиеттік мотивтер.

3. Мақаланың концепциясы (*Философиялық, Эстетикалық, Публицистикалық, Тарихи әдебиеттік аспект, Полемикалық аспект*). Мақалалар белгілі бір аспектіде жазылады.

Философиялық аспект – мақалада көркем шығарманың немесе әдебиеттің философиялық тұрғыда онтологиялық мәселелердің қарастырылуы.

Эстетикалық аспект – шығарманың өнерді тану, эстетикалық категориялар мен әдебиеттің байланысы тұрғысынан зерттелуі.

Тарихи-әдебиеттік аспект нақты бір шығарма туралы, жазушы шығармашылығы, әдебиеттің тарихы жайлы зерттеу барысында жауап береді.

Публицистикалық – шығарманы сол кезеңдегі зәру мәселемен байланыстыра пікір жазу.

Полемикалық аспект – сыншының басқа сыншылармен немесе авторлармен арасында туындаған даулы мәселе тұрғысынан жазылған мақалалары арқылы анықталады.

4. Сыншының шеберлігін айқындау – (жанр, композиция, логикалық құрылым, дәйектеу ерекшелігі, стилі, оқырманды қызықтыру тәсілі). Сыншының алдындағы тағы бір мәселе шығарманың басталуы мен аяқталуы, нәтижесі жайлы анықтау. Мақаланың байланысы әрқилы болып келеді. Мәселен басталуы логикалық және эмоционалды, публицистикалық және көркем-эстетикалық болып келуі әбден мүмкін.

Қорыта келгенде, әдеби-сыни мақала мазмұндық тұрғыда формальды компоненттерімен, контекстік байланыстарының кеңдігімен біртұтас талданады. Егер талдау жазбаша жасалған болса, мақалаға деген мұндай тәсіл жүйелік-құрылымдық конспект ретінде қарастырылады. Мына мәселеге назар аударған маңызды: сынның уәжін бағалауда мақалада айтылып отырған әдеби құбылыстар туралы білместен, оның позициясымен келісу немесе келіспеу мүмкін емес. Сыншының философиялық-эстетикалық көзқарастарын, әртүрлі полемикалық аспектілерін түсіну үшін курс бойынша дәрістерге, оқулықтар мен оқу құралдарының тиісті бөлімдеріне және арнайы ғылыми әдебиетке жүгінген жөн, бұл сыншының қызметі туралы, осы мақаланы жазудағы эстетикалық, құлықтық проблемалар туралы толыққанды түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

4.4. ЖОО әдебиет сыны тарихын оқыту материалдары

Бөлім әдебиет сынының тарихын меңгеру барысында студент филологқа көмекші бағыт-құрал ретінде материалдар ұсынылды.

Құрстың мақсаты – қазақ әдеби сынының пайда болу, даму қалыптасу кезеңдерін, әдебиетпен, эстетика, философия, журналистика саласымен байланысын ашу. Сынның әдебиет үдерісіндегі ролін айқындау. Дәріс тақырыбын практикалық сабақтармен ұштасты-

ру. Студентті әдеби туындыларды эстетикалық және әлеуметтік бағалау принциптерімен, әдебиет сыны теориясымен таныстыру.

Әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғару, түсіну, талдау процесімен тікелей байланысты болғандықтан сынның туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет тарихына жанастыра көрсету.

Сыншылық ой-пікірдің өрістеу жолдары тек әдеби құбылыстарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік толғаныстарға іш тартып жататындықтан сын тарихын кең көлемде қарастырып, ел-жұрт түсінігінің, эстетикалық таным-білігінің әрі даралану, әрі жалпылану жай-күйі ескеріледі. Студенттердің таным-білігі осы өреден шықса, онда пәннің ықпалы мәндене түседі, яғни студенттердің сыни-ойлау жүйесі белгілі бір арнаға түсіп, көркемдікті тану қабілеті артта түседі. Сондай-ақ сынның тарихын оқыту бүгінгі әдеби процестегі оның ролін, болып жатқан көркемдік құбылыстарын тани білу, тарихты бүгінгі күннің кәдесіне жарату мақсатында жүргізіледі.

Сондай-ақ сын жанрлары бойынша өз ой-пікірлерін жазбаша жеткізуге дағдырландыру, құзыреттіліктерін арттыру қажет. Пән мазмұнына негізделген мақсаттарға сәйкес студент білуге тиіс:

– пәннің әдебиеттану ғылымы құрылымы және үрдісіндегі орны мен мән-мағынасын түсіну;

– әдебиет сынына тән теориялық білімді және әдебиет үдерісімен байланысын, сындағы негізгі ағымы мен бағытын меңгеру;

– сыни мақалалардың бағалауы мен сыни интерпретацияның тарихи дамуындағы жанрлық және стилистикалық ерекшелігін айқындай білу;

– әр кезеңдегі белгілі сыншылардың негізгі шығармашылығын, қазақ сынындағы негізгі ағымдар мен бағыттарды және эстетикалық, қоғамдық мәселелердің дамуын білу;

– әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғару, түсіну, талдау процесімен тікелей байланысты болғандықтан сынның туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет тарихына жанастыра пайдаланады;

– сыншылық ой-пікірдің өрістеу жолдары тек әдеби құбылыстарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік толғаныстарға іш тартып жататындықтан сын тарихын кең көлемде қарастырады;

– өз бетінше орындаған жұмыстың аяқ алысы, қалам жебеуі ескеріліп, дұрыс та мәнді орындалған жұмыстарды газет-журналдарда жариялау қамы жасалады.

– бүгінгі әдеби процестегі сынның ролін, болып жатқан көркемдік құбылыстарды тани білу;

– көркем, әдеби-сыни шығармалардың мәтінін жаза алу;

– әлемдік әдебиет пен әдеби үдерістің жалпы дауы өрісінде отандық әдебиетті салғастырмалы түрде талдай білу;

– сыншылық ой-пікірдің өрістеу жолдары тек әдеби құбылыстарға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-әлеуметтік толғаныстарға іш тартып жататындықтан сын тарихын кең көлемде қарастыру дағдысына ие болу;

– қазақ әдеби сынының пайда болу, даму, қалыптасу тарихынан хабардар ету, әдебиеттің дамуы сыншыл ой-пікірлердің дамуына қатыстылығын аңғарту дағдысына ие болу.

Оқыту барысында бір ғана оқу құралымен немесе оқулықпен шектелмеген дұрыс. Курс барысында бірнеше оқу құралымен немесе оқулыққа, әлем әдебиетіндегі сын тарихы мен теориясы бойынша зерттелген ғылыми әдебиеттерге сүйеніп, тұтастық бағытта меңгерткен жөн.

4.5. Практикалық сабақтарға арналған тақырыптар нұсқасы

Пәннің практикалық сабақтарда студенттер әр жанрдағы әдеби сыни мақалаларды қарастыруға дағдыланады. Практикалық сабақтардың тақырыптарына сынның аспектілерін меңгеру, әр тақырыптағы монографияларды, жазушылар шығармашылығы мен көркем туындыларды, жазушы-сыншылардың өзіндік ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талдау, сынның теориялық және әдістемелік қырларын үйрену, қарастыру, сынның жанрларына анализ жасалады. Сынның өзіне тән спецификасын түсінуге және әдеби сын мақалаларын талдау дағдыларын меңгеруде жазбаша жұмыстарды орындаудың ролі ерекше.

Әдеби сын

1. Әдеби сын, сын мен әдебиеттану ғылымын сипаттаңыз.
2. Қазақ сыншы-ғалымдарының әдебиет сынының тарихын дәуірлеуге қатысты жазған пікірлерін сараптаңыз.
3. Сынның ұлттық және аймақтық ерекшеліктерін мысалдар арқылы көрсетіңіз.
4. Сыншы кім, оның атқарар міндеті, шығармашылық тұлғасына қойылатын талап анықтама беріңіз.
5. Әдеби сын мен әдебиеттануға ортақ мәселелер тақырыбында теориялық мақала жазыңыз.
6. Сынның үш негізгі типтеріне теориялық анықтама беріңіз.
7. Әдеби сынның типологиясы жайлы баяндаңыз.
8. Әдеби сынның принциптеріне тоқталыңыз.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Қазақ білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013.
2. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана: Фолиант, 2014.
3. Ысқақұлы Д. Сын өнері. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011.
4. Ысқақұлы Д. Сын жанрлары. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2013.
5. Жүсіпова А. Әдеби сын тарихы. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2008.
6. Голубков М. М. История русской литературной критики XX века. – М.: Юрайт, 2016.

Шетел әдебиеті сынының тарихы

1. Кәсіби сынның, сыншылдық шеберліктің өсу және толысу жолдарын көрсетіңіз.
2. Шетел әдебиеті сыны тарихын жасау принциптері мен әдістерін қазақ әдебиеті сыны тарихымен салыстыра қарастырудағы өз тұжырымыңыз.
3. В. Белинскийдің эстетикалық сыни мақалаларының эволюциясына тоқталыңыз.
4. А. Бестужевтің романтикалық әдеби-сыни мақалаларының мәні.
5. А. Добролюбовтың, Н.Г. Чернышевскийдің реалистік сыни мақалалары.
8. Ф. Достоевский, А. Луначарскийдің тарихи сынның дамуына қосқан үлестері.

9. Мына жұмыстардағы қажетті тұстарына анализ жасаңыз және көспектілеу: Груздев И. *Критика как труд* // «Звезда», 1923, – № 3; Чернышевский Н. Г. *Литературная критика. Т. 1.* – М.: Художественная литература. 1981; Венгеров С.А. *В чем очарование русской литературы XIX века?* – СПб, 1912; Бурсов Б.И. *Национальное своеобразие русской литературы.* – Изд. 2-е. – Л., 1967; Берковский Н.Я. *О мировом значении русской литературы.* – Л., 1975; Купреянова Е.Н., Макогоненко Г.П. *Национальное своеобразие русской литературы. Очерки и характеристики.* – Л., 1976; Фридендер Г.М. *Национальное своеобразие и мировое значение русского романа* // В кн.: *История русского романа. В 2-х т-х.* – М. – Л., 1964. – Т. 2; Егоров Б.Ф. *О мастерстве литературной критики. Жанры, композиция, стиль.* – Л.: Советский писатель, 1980; Соколов Н.И. *О литературной критике и филологическом образовании* // *Русск. лит.*, 1977. – № 1; Луначарский А.В. *Собрание сочинений: В 8-и т.* – М., 1963. – 1967. – Т. 4; Нефедов Н.Т. *История зарубежной критики и литературоведения: учеб. пособие для вузов.* – М.: Высшая школа, 1988.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Венгеров С.А. В чем очарование русской литературы XIX века? – СПб., 1912; Бурсов Б.И. Национальное своеобразие русской литературы. – Изд. 2-е. – Л., 1967; Берковский Н.Я. О мировом значении русской литературы. – Л., 1975; Купреянова Е.Н., Макогоненко Г.П. Национальное своеобразие русской литературы. Очерки и характеристики. – Л., 1976; Фридендер Г.М. Национальное своеобразие и мировое значение русского романа // В кн.: *История русского романа: В 2-х т-х.* – М. – Л., 1964. Т. 2.
2. Соколов Н.И. О литературной критике и филологическом образовании // *Русск. лит.*, 1977. – № 1.
3. Егоров Б.Ф. О мастерстве литературной критики. Жанры, композиция, стиль. – Л.: Советский писатель, 1980. – 319 с.
4. Белинский В.Г. Шығармалары / ауд. Б. Шалабаев. – Алматы: Жазушы, 1987. – 352 б.
5. Чернышевский Н.Г. *Литературная критика. Т. 1.* – М.: Художественная литература, 1981.
6. Нефедов Н.Т. *История зарубежной критики и литературоведения: учеб. пособие для вузов.* – М.: Высшая школа, 1988. – 272 с.
7. Недзвецкий В.А., Зыкова Г.В. *Русская литературная критика. XVIII–XX веков.*
8. Голубков М.М. *История русской литературной критики XX века.*

9. Казаркин А.П. История русской литературной критики XX века.
10. Русская литературная критика 70-80 г. XIX века.

Халықтық эстетика

1. Сыншылық ой-пікірдің мол арнасы – халықтық эстетика элементтері халықтың ауыз әдебиетінде мысалдар арқылы дәлелденізі.

2. Орхон-Енисей ескерткіштерінің эпостық сипаты және олардың түрік поэзиясын тудырудағы роліне анықтама беріңіз.

3. Көне дәуірдегі сүбелі ойлар.

4. Алтынорда дәуіріндегі әдебиет.

5. Қазақ хандығы тұсындағы ұлы жыраулар мен ойшылдардың сыни толғамдарының мәні тақырыбында рецензия жазыңыз.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Қоңыратбаев Ә. Сырдың тарихы, мәдени ескерткіштері // Қазақ әдебиет. – 1982. – 17. IX
2. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 170 б.
3. Қыраубаева А. «Қысас Рабғузи», «Мұхаббат-нама» идеялық-көркемдік ерекшеліктері. – Алматы, 1974. – 221 б.
4. Қыраубаева А. Алтын орда әдебиеті туралы // Қазақ тілі мен әдебиеті мәселелері. Аспиранттар мен ізденушілер жинағы / ред. Т. Нұртазин. VII шығуы. – Алматы, 1971. – 190 б.
5. Убайдуллаева Г. «Мұхаббат-наме» ескерткіштерінің текстологиясы (Жәдігерліктің қазақ тіліне қатысты). – Алматы, 2001. – 26 б.
6. Сейтжанов Қ. Алтын Орда дәуірі түркі классикалық поэзиясының көркемдік ерекшеліктері және қазақ әдебиетімен дәстүр сабақтастығы («Мұхаббат-наме», «Хұсрау-Шырын» поэмалары негізінде). – Астана, 2003. – 26 б.
9. Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1989. – 360 б.
11. Көне түркі жазба ескерткіштерінің зерттелуі. – Алматы: Наука, 1983. – 206 б.
13. Оспанұлы Ә. «Ертедегі қазақ әдебиеті» оқулығы қандай болу керек? // Қазақ әдебиеті. – 1984. – 23. XI.
14. Келімбетов Н. Жыраулар поэзиясын сөз етсек // Қазақ әдебиеті. – 1982. – 12. III.
15. Сүйіншіәлиев Х. Лекциялар курсы. – Алматы, 1977. – 68 б.
16. Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. – Алматы: Жазушы, 1977. – 320 б.
17. Марғұлан Ә. Қазақ жазуының тарихынан // Жұлдыз. – 1984. – №8. – 203-206 б.

18. Келімбетов Н. «Бабыр-нама» туралы бірер сөз // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 18. II.
19. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана: Фолиант, 2014.
20. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы, 2001.
21. Тәуелсіздік идеясын жырлайтын қазақ эпостарының қолжазба нұсқалары: сюжеттік ерекшеліктері және зерттеу, сақтау, жариялау мәселелері: монография. – Алматы: ИД CREDOS, 2011. – 324 б.

***Қазақтың ұлы ағартушы-демократтарының сыни ойлары.
Шоқан, Ыбырай, Абайдың эстетикалық көзқарастары***

1. Шоқан – қазақ халқының ғылыми ой-пікірі оянуының қарлығашы еңбектері арқылы көрсетіңіз.
2. Ыбырай – қазақ халқының педагогикалық ой-пікірін жүйелі негізге салған, сыншылық ойға педагогикалық арна дарытқан дарын, өз пікіріңіз арқылы негіздеңіз.
3. Абай Құнанбаев – сыншыл реализм дәстүріндегі жаңа эстетикалық мұратты қалыптастырушы, өз пікіріңіз арқылы негіздеңіз.
4. Сөз өнерінің қадір-қасиетін жаңа сатыға көтерген ұлы ақын өлеңдері арқылы сипаттаңыз.
5. Абай – қазақтың эстетикалық таным-білігінің жаңа нормасын жасаушы тақырыбына ғылыми мақала жазыңыз.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана: Фолиант, 2014.
2. Марғұлан Ә. Шоқан және «Манас». – Алматы: Ғылым, 1973. – 164 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 т. 7-т. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2004; – 8-т. 2004; – 9-т. 2005.
4. Әдеби өмір шежіресі / құраст. Ә. Нарымбетов. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС. – 488 б.
5. Бердібаев Р. Қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері // Әдебиет және искусство. – 1956. – №2. – 92-97 б.
6. Жұртбай Т. Құнанбай (Тарихи және әдеби тұлға). – Алматы: Алаш, 2004. – 400 б.
7. Абай. Энциклопедия / бас. ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, Атамұра, 1995.
8. Марғұлан Ә. Шоқанның жарияланбаған мұралары // Қазақ әдебиеті. – 1981. – 16. X. – 20-б.
9. Алтынсарин Ы. Шариат-ул-ислам / дайындаған А. Сейдімбеков. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 80 б.
10. Мырзахметов М. Ыбырай және Ильминский // Қазақстан мектебі. – 1991. – №9. – 14-18 б.

11. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 320 б.
12. Сарғожин Р. Ш. Уәлиханов еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші // Қазақстан мектебі. – 1986. – №11. – 74-80 б.
13. Абай тағылымы: әдеби-сын мақалалары мен зерттеулер // құраст. Н. Ғабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.
14. Абайтану. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.
15. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 368 б.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ баспасөзінің дамуы

1. Әдебиет тарихы, әдебиет және публицистика арасындағы әдеби сынның феномені айқындап беріңіз.
2. «Айқап» журналындағы әдебиетке қатысты мақалалардың көтерген мәселесіне тоқталыңыз.
3. «Қазақ» газетінде жарық көрген шығармаларға анықтама беріңіз.
4. XX ғасыр басындағы «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882) мақалаларды тақырып бойынша ажыратыңыз.
5. «Дала уалаяты» газетінің (1882-1904) мақалаларды тақырып бойынша сипаттаңыз.
6. Баспасөздің әлеуметтік және сыни ой-пікірді оятудағы рольдері, тарихтағы орнын айқындап беріңіз.
7. Газет, журналдың әдебиет сынын тудырудағы тарихи маңызы тақырыбына әдеби шолу жасаңыз.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. «Қазақ». – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
2. «Қазақстан». – Орал, 2012.
3. «Ұран». – Астана, Жайық. Пресс, 2014.
4. «Сарыарқа». – Алматы: Арыс, 2017.
5. Түркістан уалаятының газеті. – Алматы: Ғылым, 2003. – 602 б.
6. Әбдиманұлы Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1993. – 196 б.
7. Сұбханбердина Ү. «Айқап» бетіндегі хат-хабарлар. – Алматы: Қазмембас, 1961. – 156 б.
8. Кәкішев Т. «Айқап» қалай жабылды? // Жұлдыз. – 1967. – №8.
9. Кулешов В.И. «Отечественные записки» и литература 40 годов XIX века. – М.: Изд-во Моск. ун-та, 1959. – 402 с.
10. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан. – Алматы: Қазмембас, 1950. – 40 б.

11. Кенжебаев Б., Қожакеев Т. Қазақ совет баспасөзі тарихынан. – Алматы. – 1962.
12. Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы: Қазмембас, 1964. – 264 б.
13. Сәтбаева Ш. Алғы сөз // Кітапта: XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Ғылым, 1994. – 312 б.
14. Сатыбекова Г. К. Журнал «Айқап» как источник по истории Казахстана: дисс... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1965.

XX ғасыр басындағы қазақ әдеби сыны

1. А. Байтұрсыновтың әдеби сыни мақалаларына талдау жасаңыз.
2. Ә. Бөкейханов сыни мақалаларының ғылымилығы және тарихшылдығы жайлы сипаттаңыз.
3. Ж. Аймауытұлының Мағжан туралы классикалық мақаласының мәнін сипаттаңыз.
4. С. Сейфуллин сыни мақалаларының қоғамдық ой-пікірде алатын орнына анықтама беріңіз.
5. С. Сейфуллиннің көркем әдебиет туралы және сыни ойларына тоқталыңыз.
6. С. Мұқанов Абайтану ілімінің алғашқы зерттеулері жайлы мақаласын сипаттаңыз.
7. Ғ. Тоғжанұлы «Әдебиет пен сын мәселелері» атты еңбегін сипаттаңыз.
8. М. Қаратаев еңбектерінің сын жанрын тудыруға жасаған ықпалдары жайлы еңбектерін мысалдар арқылы көрсетіңіз.
